

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН
«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ ПӘНІН (10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен
баспаға ұсынылды (2020 жылғы 5 ақпандағы № 1 хаттама)

**Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі»
оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар, –
Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 240 б.**

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұны жаңартылған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері қарастырылып, пәндерді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері көрсетілген. Сонымен қатар, қысқа мерзімді жоспар әзірлеу, критериалды бағалауды ұйымдастыру, қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Қазақстанның білім саласындағы қазіргі реформаларының бірі – білім мазмұнын жаңарту. Білім беру мазмұнын жаңарту республика көлемінде жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге әсер еткен факторлар:

- әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру;
- бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;
- табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- үш тілді толық білетін тұлға қалыптастыру;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту,
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамытуы тиіс», - деп атап көрсеткен болатын [1].

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

- 1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
- 2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;
- 3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетіне бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;
- 4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы өзгерді: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасаймыз. Бұл білім алушының қабылдауы өзгергенін, яғни басымдық авторитарлықтан ынтымақтастықта оқытуға көшкенін білдіреді.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған білім мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең

ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамытуға негізделген.

Пән мазмұны қазақ тілінің грамматикасын жаттанды оқуға емес, функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негізделген. Грамматиканы бөлек қарастырмай, лексикалық тақырыптар аясында әдеби тілдік норма арқылы функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға бағытталған. Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту міндеті жүктеледі. Өйткені, қазіргі кезеңде оқушылардың дұрыс тандау жасай білу, дұрыс шешім қабылдау, қоғам өміріне жасампаздықпен қатысу, қоршаған ортаны объективті түрде көрсету қабілеттері ерекше маңызға ие. Бұл ретте оқушылардың бойында аталған қабілеттерді дамыту коммуникативтік дағдылар шеңберінде жүзеге асырылады.

Нәтижесінде, оқушыларда тек пәндік білім, білік, дағдылар ғана емес, материалдарды жинау және реттеу әдістері, сұрақтарды құрастыру және дереккөздермен жұмыс жасауда проблеманы қоя білу біліктілігі, сәйкестендіру әдістері мен дереккөздерді сыни бағалауы, материалдарды жинақтау және нәтижелерді тексеру сынды кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәні бойынша 10-11-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен (ҚР БҒМ-нің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бекітілген.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұны жаңартылған «Қазақ тілі» пәні (10-11-сыныптарда) оқу бағдарламасының ерекшеліктері талданды.

Пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, тілдік дағдылар арқылы оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары нақты мысалдармен беріледі. Сонымен қатар, жаңартылған білім мазмұны жағдайында критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар мен пән бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің қысқа мерзімді жоспарларының үлгілері ұсынылды.

1 «Қазақ тілі» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері

10-11-сыныптарда оқу процесі «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 5 қыркүйекте № 15605 тіркелген) бекітілген (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) «Жалпы орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген) [2].

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктерді саналы түрде меңгеруі үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасқан. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады. Құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылды, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп

шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы:

❖ егеменді елдің мемлекеттік тілі және басты ұлттық құндылығы ретінде құрмет сезімін тәрбиелеуді;

❖ қазақ тілін ана тілі ретінде тілдік қатынас және таным құралы ретінде оқытуды;

❖ коммуникативтік дағдылар арқылы еркін қарым-қатынасқа түсе білу, қазақ тіліндегі түрлі ақпаратты іздеу, сұрыптау және оны өз мақсатына сай қолдана білу дағдыларын шыңдау

❖ тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді;

❖ тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді;

❖ әсерлі сөйлеудің лексика-грамматикалық тәсілдерін меңгертуді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды және оқушылардың тіл туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Мектеп бітірушілер жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті үш пәннің қатарында «Математикалық сауаттылық», «Оқу сауаттылығынан» емтихан тапсырады.

Оқу сауаттылығы – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсатында жүзеге асыруы үшін пайдалануы бағаланады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының *негізгі ерекшеліктері*:

• қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

1) тыңдалым және айтылым;

- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

• оқу бағдарламасында коммуникативтік әрекеттер мен дағдыларды жүзеге асыратын оқу мақсаттары ұсынылған. Оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған;

• оқу бағдарламасы «спиральді оқыту» тәсіліне негізделіп құрылған. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады;

• дағдылар мен оқу мақсаттары «Блум таксономиясы» негізінде жіктеледі, өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекеті ұйымдастырылады;

• бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұны уақыт талабына сай алынған;

• бағдарлама мазмұны әдебиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты. Лексикалық тақырыптарды меңгерту осы пәндермен тығыз байланыста жүргізіледі;

• бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сын тұрғысынан ойлау, проблемалық сұрақ қою, өздігінен талдау жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді;

• жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша грамматика бөлек қарастырылмай, функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға негізделген.

• оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай оларға қызықты болатын өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған.

«Қазақ тілі» пәні оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған. Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттер мен коммуникативтік дағдыларға негізделген.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.


Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды. Оқу бағдарламалары білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын және нақты пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі бар мектепті бітіргеннен кейінгі нәтижелерін іске асыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады. Оқыту мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық

технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы: «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарына оқушыларды дағдыландырудың негізі болып табылады. Бұл құндылықтар оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.



Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы үш тараудан және үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспардан тұрады.

Бірінші тарауда жалпы ережелер, оқу пәнін зерделеудің мақсаты мен міндеттері берілген.

Екінші тарауда «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі, бөлім мен бөлімшелер және оқу пәнінің 10-11-сыныптардағы базалық мазмұны көрсетілген.

Үшінші тарауда оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының тараулары 1.1-кестеде көрсетілген.

1.1-кесте. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша 2013 жылғы және жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары құрылымының салыстырмалы кестесі

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасы (2013)	Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы (2017)
1. Түсінік хат	1-тарау. Жалпы ережелер
2. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны	2-тарау. «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру
3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі
	<p><i>Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша</i></p> <p>Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар</p>

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, сондай-ақ қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Аталмыш мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану дағдыларын қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркімен қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді оны тілдік заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесін құраушы кіші жүйелерді, тіл бірліктерін және олардың табиғатын танып біледі;

4) тіл бірліктерінің қарым-қатынас құралы болу, ойды білдіру, таным құралы болу, ақпаратты сақтау құралы болу қасиеттерін функционалдық-коммуникативтік бағдарда танып-біледі, соған лайықты машықтар мен дағдыларды қалыптастырады;

5) «Қазақ тілі» пәні бағдарламасы білім алушының тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Қазақ мектебіндегі қазақ тілі пәні қазақ тілінің құрылымы мен жүйесінің заңдылықтарын меңгертуді және қазақ тілін оқушылардың жалпы білім алуының негізгі құралы ретінде, олардың дүниетанымының қалыптасуының басты құралы ретінде оқыту бағытын ұстанады.

Қазақ тілін сапалы меңгерген әрбір оқушы қазақ тілі сабақтарын өз ана тілінің табиғатын танытатын процесс ретінде де, басқа пәндерді сапалы меңгеру құралы ретінде де бағалап, өз бетімен іздене алады. Қазақ тілін оқу пәні ретінде меңгеру процесінде әрбір оқушы қазақ тілін сауаттылықпен өзінің айналасындағы адамдармен күнделікті қарым-қатынас жасау құралы ретінде және қазақ тілін теориялық тұрғыдан терең тани отырып, сол арқылы басқа пәндерді де сапалы меңгерудің оқу-таным құралы ретінде пайдаланудың жоғары деңгейлерін игеруге ұмтылып отырады.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік және қатысымдық-танымдық тұрғыдан оқыту тілдің қоғамдағы маңызды қызметі мен ролін саналы түрде түсінуге, тілдің табиғатын ғылыми таным тұрғысынан түсініп меңгеруге, коммуникактивтік тілдесім әрекетіндегі тіл бірліктерінің функционалдық қасиеттерін саналылықпен қолдануға, әрбір тіл бірлігінің ішкі мағыналық иірімдерін түсініп қолдануға дағдыландырады.

Қазақ тілін пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқу арқылы оқушылар:

✓ Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретіндегі мәртебесіне лайықты қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметін танып-біледі;

✓ қазақ тілінде тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникактивтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді үйренеді;

✓ өзінің ойын ауызша және жазбаша формада сауатты құрауға, ойын сыртқа ауызша және жазбаша шығаруға әдеби тілдің нормаларын саналылықпен қолдана отырып, сөйлеу барысында тіл табысу тәсілдерін игеруге ұмтылады; қазақ тілін оқытудың классикалық тәсілі, негізінен, тілді академиялық тұрғыдан оқытуды көздейді: ол тәсіл қазақ тілінің грамматикалық құрылымын тереңдете түсінуіне, жазба тілді дамытудың тұрақты дағдыларын қалыптастыруға, сөйтіп, аса жоғары сауаттылықты дамытуға бағытталды; ал коммуникактивтік әдіс болса, қолданбалы бағытты ұстанады; бұл бағыт бойынша оқушылардың ауызекі сөйлеу дағдыларын, ойын айшықты етіп беру шеберліктерін қалыптастыру көзделеді; мұның өзі оқушыларда ана тілін жан-жақты танып-білудің жаңа мотивациясын туғызады;

✓ қазақ әдеби тілінің фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, морфологиялық, грамматикалық, стильдік, пунктуациялық нормаларын меңгереді;

✓ тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады; олар адамгершілік құндылықтарды таңдау, оған анализ жасау және бағалау

дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

✓ әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын (газет-журналдар т.б.) сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады;

✓ қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті жазылым, айтылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушыларды қазақ ұлттық тілінің иегері ретінде қазақ тілінде сақталған тілдік жүйе құрылымын, қазақ әдеби тілі нормалары бойынша жазу және сөйлеу ерекшеліктерін, тарихи-мәдени ақпараттарды, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін меңгеріп, тілдік тұлға деңгейіне жетілдіру бағдарын ұстанады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы оқушыларды қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде меңгере отырып, қазақша айтылғанды тыңдап-түсіну, оқу, жазу, сөйлеу, ойын айту дағдыларын еркін қолдануға бағытталады. Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында оқытып-меңгертуде қазақша нормативтік сөйлеу ортасын қалыптастыратын және дамытуға өз үлесін қоса алатын тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақша үлгілі сөйлеу мен жазу – қазақстандық қоғамның құндылық жүйелеріне үлес қосу деп түсінетін деңгейге жеткізуді көздейді [3].

Бағдарлама оқушыларға қазіргі қазақ тілін дамыған жүйе ретінде танытып, оның құрылымын жай ереже түрінде емес, өмірдің түрлі саласындағы атқаратын қызметімен тығыз байланыста меңгертеді.

Бағдарламада оқушылардың қазақ тіліне деген құндылық көзқарасын қалыптастырып, қазақ тілін қазақ халқының болмысын танытушы ерекше феномендік құбылыс ретінде түйсінуге жетелейтін әдіс-тәсілдер жүйесі жүйеленіп беріліп отыр. Қазақша сауатты сөйлеу мен жазу, пікір алысу, мәтін талдау, тыңдай білу мәдениеті негіздерін үйрену, сұхбаттасу әдептерін коммуникативтік дағдылармен тығыз бірлікте қалыптастыру – бағдарламаның өзіндік ерекшелігін танытады.

Бағдарламада қамтылған дидактикалық бірліктер – көркем мәтін мен көркем емес мәтін негізінде сөйлеу, оқу, жазу, тыңдау дағдыларын тілдік бірліктермен тығыз байланыста оқытатын оқу материалдарын қамтиды. Олар оқу және әдістемелік міндеттерге сай болуы тиіс. Атап айтқанда, *ана тілінде сөйлеу мен жазу арқылы өз ойын білдіру, монолог құру мен диалогке қатысу, өзінің ойын, пікірін жеткілікті дәрежеде айта алу мен дәлелдеу, басқа пәндерді оқып-меңгеруі барысында қазақ тілінен үйренген дағдыларын мол етіп қолдану мен қазақша сөйлеу және жазба тілін барлық пәндер бойынша дамыту* деген

дидактикалық талаптарға сай сұрыпталынып, нәтижесінде оқу материалының құрылымдық-мазмұндық болмысы осы бағытты ұстанды [3].

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту функционалдық-мағыналық тұрғыдан меңгертуді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді. Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді.

Коммуникативтік технология жүйесімен қазақ тілін меңгерту арқылы қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктерін түсінеді және қолдану дағдыларын меңгереді. Ондай қызмет ету тетіктері ретінде мыналарды атауға болады:

- тілдің құрал болу қызметі - тілді бір нәрсе туралы ақпарат алу үшін қолданғанда;
- тілдің реттеушілік қызметі - сөйлеуші тілді өз айналасындағы адамдардың мінез-құлқын реттеу үшін қолданғанда;
- тілдің интерактивтік қызметі - сөйлеуші тілді басқа адамдармен өзара байланысу мақсатында қолданғанда;
- тілдің жеке тұлғалық қызметі - сөйлеуші тілді жеке басының ойы мен сезімін білдіру үшін қолданғанда;
- тілдің эвристикалық қызметі - тілді әлемді танып-білу үшін қолданғанда;
- тілдің бейнелік қызметі - тілді қиял әлемін бейнелеу үшін қолданғанда;
- тілдің репрезентативтік қызметі - тілді ақпаратты жеткізу үшін қолданғанда.

Қазақ тілін коммуникативтік технология негізінде оқытуда басты ерекшелік – сөйлеу жағдаяттары мен сөйлеу іс-әрекеттерінен құралатын жеке тұлғаның сөйлеу барысындағы мінез-қылығы.

Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз – оқушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Тілді оқытудың мақсаты – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Бұл терминді алғаш рет этнолингвист Делл Хаймс (Hymes) енгізген болатын. Хаймстің коммуникативтік құзыреттілік теориясы сөйлеушінің нақты бір сөйлеу қауымдастығында өзін түсінгендігін білуі болып табылады. Сонымен қатар Е.А. Быстрова да «Ана тілді меңгеру барысындағы коммуникативтік құзыреттілік дегеніміз әртүрлі саладағы мақсатқа байланысты түрлі қарым-қатынас үлгілеріне дайын болу» деген тұжырым жасайды. Ғалымның пайымдауынша, коммуникативтік құзыреттіліктің негізі сөйлеу әрекеттерінде жатыр. Ал жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеттері негізінде меңгереді. Қазақ тілінің грамматикасын тыңдау және оқу барысында меңгеріп, сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады [4].

Жалпы білім беру бағдарламасы мақсаттарының бірі – түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа

жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы орта құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады.

Коммуникативтік құзіреттілік дегеніміз шынайы диалог, айтыс, келісімдерді, коммуникацияны жүргізу туралы нормалар, ережелер туралы білім жиынтығы. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады [4].

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы осы мәселелердің барлығын дерлік қамтуды көздейді.

Әдіскер-ғалым Қ.Жұбанов еңбектеріндегі тұжырымдарға да зер салсақ, ол ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үңілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төселдіру, оқушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық беріліп отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қиын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырылып жүрген таным процесі – өмірге үңілдіру; проблеманы оқыту – оқушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төселдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің т.б. негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді. Осының өзі де тілші-ғалымның әдістемелік көзқарасы мен жасаған түйіндерінің өміршеңдігін дәлелдейді [3].

Сонымен қатар, бағдарламада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болатын, өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылды. Ұсынылған лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді. Қозғалған тақырыптар туралы ғылыми деректерді оқушылар биология, география, тарих, өнер, физика секілді пәндерден алады. Бұл оқушының пән мен тілді қатар меңгеруіне ықпал етіп, академиялық тілін қалыптастырады. Пәнаралық байланыс орнайды. Ж.Аймауытовтың «Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін» деген пікірі де бағдарламаның ұстанымын растайды.

Кезінде Ж.Аймауытов оқытудың кемшілігі ретінде өмірге қажетсіз, қызықсыз әрі жаттанды «қысыр» білімнің өмірге, тұрмысқа бейімдемейтінін атап өтті. Мұның барлығы оқушыны кітаптан, заманнан алыстатыны да қоса айтқан [3].

«Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» тарауында оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі, пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер мен бөлімшелер және пән бойынша базалық білім мазмұны берілген.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес анықталды. «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі салыстырмалы түрде 1.2-кестеде берілген.

1.2-кесте – Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Пән / Сынып	Қазақ тілі			
	2013 жылғы үлгілік оқу бағдарламасында		Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
10 ЖМБ/ҚГБ	1/2 сағат	34/68 сағат	1/2 сағат	34/68 сағат
11 ЖМБ/ҚГБ	1/2 сағат	34/68 сағат	1/2 сағат	34/68 сағат

1.2-кестеден аңғарғанымыздай, 10-11-сыныптарға арналған білім мазмұны жаңартылған «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген сағат санын 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырып қарасақ, 10-11-сыныптарда сағат сандары еш өзгеріссіз қалған.

Жаңартылған оқу бағдарламасында ең алдымен, оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Құндылықтар:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

Дағдылар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Оқу пәні бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламасын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген.

Оқу бағдарламасы мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін, бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:


1-бөлім. «Тыңдалым және айтылым».

2-бөлім. «Оқылым».

3-бөлім. «Жазылым».


4-бөлім. «Әдеби тіл нормалары».

«Тыңдалым» мен «Оқылым» рецептивті дағдылар, ал «Айтылым» мен «Жазылым» продуктивті дағдылар қатарына жатады.




1-сызба – «Қазақ тілі» оқу бағдарламасының бөлімдері.


Бұдан әрі негізгі бөлімдер дағды немесе тақырып, білім немесе түсінік деңгейіне қарай бөлімшелерге бөлінеді (2-5-сызбалар). Бөлімшелер әр сынып деңгейінде күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарын айқындайды. Оқу мақсаттары әрбір бөлімше бойынша ілгерілеуді білдіріп, мұғалімдердің жоспарлауына және бағалауына, оқушылармен алдағы қадамдары туралы ойларымен бөлісуіне мүмкіндік береді.




2-сызба – Бірінші бөлім



3-сызба – Екінші бөлім



4-сызба – Үшінші бөлім



5-сызба – Төртінші бөлім

1) «Тыңдалым және айтылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- мәтін үзінділері бойынша болжам жасау;
- өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;
- арнайы мәтіндердегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;
- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу;
- мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;
- коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу:
- шешен сөйлеу;
- сөйлеу тілінің лексикалық, фонетикалық-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, орынды қолдану.

2) «Оқылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілердегі мәліметтерді салыстырып талдау;
- таза ғылыми және публицистикалық стильдерді тілдік құралдар арқылы тану;
- әртүрлі стильдегі мәтіндердің жанрлық ерекшеліктерін таба білу;
- публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін дұрыс қолдана білу;
- ресми ісқағаздары тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу;
- көркем әдебиет тілінің сөз бедерін дұрыс қолдана білу;
- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;
- берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;
- БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу.

3) «Жазылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- жоспар түрлерін құру;
- ауызекі сөйлеу стилінде әлеуметтік жағдайларға сай мәтін құрастыру;
- , ресми қарым-қатынас аясында ресми құжат түрлерін жазу: сенімхат, кепілхат, өтінім, тапсырыс, келісімшарт, еңбек шарты, шарт, еңбек келісімі және т.б.мәтіндер құрастыру;
- ғылыми стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, баяндама, мақала, дәріс, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия мәтіндер құрастыру;
- публицистикалық стильдің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып, мақала, репортаж, сұхбат, ақпарат, ақпараттық хабар, очерк, памфлет жазу;
- көркем әдебиет стилінің стильдік және жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып мәтіндер құрастыру;
- әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу;
- өзіндік тұжырым жасау;
- көтерілген мәселе бойынша академиялық тұрғыдан эссе жаза білу;
- әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу;
- жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу;
- ойын дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетудер енгізу, редакциялау.

4) «Әдеби тіл нормаларын сақтау» бөлімі аясындағы бөлімшелер оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді қазіргі орфографиялық нормаға сай жазу;
- сөздерді фонетикалық принцип негізінде жазу;
- сөздерді морфологиялық-фонематикалық принцип негізінде жазу;
- сөздерді тарихи-дәстүрлік принцип негізінде жазу;
- әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
- әлеуметтік-саяси шешендік қатынас аясында сөз әдебі мен сөйлеу мәнерін дұрыс қолдану;
- мәтін нормаларын (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып) сақтап жазу;
- мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту осы төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізеді. Коммуникативті дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Аталған дағдылар туралы ақпараттар Кэмбридж басылымдары «The TKT course» (Cambridge University Press, 2011) және терминдерге анықтама «The TKT

glossary» (UCLES, 2011) кітаптарынан алынды. Бұл кітаптарда айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым туралы негізгі түсініктер мен оны ұйымдастыру жолдары берілген. Әлемдік тәжірибелерді сипаттау барысында қазақ тілінің тілдік ерекшелігі және қолданыстағы терминдері ескерілді.

Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту туралы қазақтың ағартушы-ғалымдары да айтып кеткен. Мәселен, Жүсіпбек Аймауытов былай дейді: *«Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді. Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, содан кейін оқуға, жазуға үйретілсін».*

Сонымен қатар, «Қазақ тілі» пәні бойынша әзірленген оқу бағдарламасына негіз болған маңызды қағидат оқу бағдарламасының спиральділік қағидаты болып табылады.

Спиральді оқу бағдарламасының негізгі ерекшеліктері:

- оқушы мектепте оқыған кезде тақырыпты немесе пәнді бірнеше рет қайталап оқиды;

- әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі;

- жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады.

Спиральді оқу бағдарламасын жақтаушылар оның төмендегідей басымдықтарына назар аударады:

- оқушы пәнді қайталап оқыған сайын ақпарат толықтырылып бекітіліп отырады;

- спиральді оқу бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді;

- оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады.

Оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты көрсетілді.

Ұзақ мерзімді жоспарда пән бойынша базалық мазмұнның, лексика-грамматикалық бөлімнің атаулары, грамматикалық тақырыптар төңірегінде қамтылатын грамматикалық материалдар, сөйлеу әрекетінің түрлері және тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттары тоқсандар бойынша көрсетілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен

тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында күтілетін пәндік нәтижелер әр бөлімдер мен бөлімшелер бойынша анықталған оқу мақсаттары түрінде берілген. Оқу бағдарламасының 3-тарауында «Оқу мақсаттарының жүйесі» деп аталатын оқу пәнінің мазмұнын анықтауға негіз болып табылатын күтілетін нәтижелер құрастырылған. Оқу мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген. Әр сынып сайын оқу мақсаттары қарапайымнан күрделіге қарай өсіп, қайталанып отырады. Сол себептен оқушы бойында дағды қалыптасады. Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі: білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістігінің кепілі болып табылады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Грамматика функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытылады.

Оқу мақсаттарын жүйелі түрде жүзеге асырудың нәтижесінде оқушылардың мәтінді талдау дағдысы қалыптасады. Бұл «грамматика» мүлде оқытылмайды деген сөз емес. Оқушы табиғат пен қоршаған ортаны тануда, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесіп қалатын табиғи құбылыстардың сырын ашуда, ой бөлісуде, пікір алмасуда тілді құрал ретінде пайдаланып, грамматикалық заңдылықтар мен формаларды дұрыс қолдана білуге үйренеді.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламада грамматикалық білім тыс қалған жоқ, грамматика – сөйлеудің де, ойлаудың да негізі. Тек оқушыларға берілу жолы оқушылардың алған білімін өмірде қолдануына дейін жеткізіп, практикалық, функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатын алға қойып отыр.

Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады. Оқушының әдеби тіл нормаларын дұрыс және орынды қолдана білуіне үлкен мән беріледі.

Грамматика «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімінің»:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма бөлімшелерінде қарастырылады [2].

Грамматиканы оқытудың ерешеліктері:

- белгілі бір контекст, коммуникативтік жағдаят негізінде оқытылады;
- грамматикалық ережені білуден гөрі орынды және дұрыс қолдануына мән беріледі;

- мәтіндердің стилі мен жанрына, коммуникативтік жағдаятқа байланысты оқушы грамматикалық бірліктерді дұрыс таңдай алуы тиіс;

- ауызша және жазбаша мәтін құрауда грамматикалық бірліктер мен құрылымдарды түрлендіріп қолдана білуі қажет.

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді.

Грамматиканы функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматикалық бірліктердің функциялары мен формалары тығыз бірлікте қарастырылады.

Бағдарлама мазмұнында оқушылар тілді ғылым ретінде ғана меңгермей, тілдің негізгі функциялары тұрғысынан да таниды. Атап айтқанда:

- ✓ *Коммуникативтік қызмет* - адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы болу;

- ✓ *Ойлаумен байланысты қызметі* – ойлау формасы мен сөйлеу формасының құралы болу;

- ✓ *Танымдық/гносеологиялық қызметі* – тіл арқылы дүниені тану, зерттеу-білу, меңгеру құралы болу;

- ✓ *Номинативтік* – танылған нәрсе, іс-әрекет, құбылысқа атау беру, тілдік аталым беру құралы болу;

- ✓ *Аккумулятивтік* – адамзаттың тарихы, мәдениеті туралы жинақтаушы қызметін атқара білуі;

- ✓ *Эмоционалды-экспрессивтік* – адамның сезімі мен эмоциясын білдіру құралы болуы.

Осы аталған функциялар жаңартылған оқу бағдарламасында ұсынылған оқу мақсаттары, лексикалық тақырыптар, қолданылатын әдіс-тәсілдер арқылы толық қамтылды.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және оны бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

«Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

2 «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «*XXI ғасырда нені оқыту керек?*» және де екіншісі – маңыздылығы жағынан біріншіден еш кем емес: «*Мұғалімдер білім алушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?*». Мұндай сұрақтардың туындауының себебі: қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі мектеп оқушыларына келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеру қажет.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасының әлемдегі өркениет пен ғаламдану процесіндегі мәдениетті игеруі барлық ғылым салаларына қатысты педагог мамандарды сапалы дайындау ісімен тығыз байланысты екенін қоғамдық өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Педагогтің білімі мен мәдениеті, ізденімпаздығы мен шеберлігі, біліктілігі мен беделі – жаңа ұрпақты тәрбиелеудің басты көзі және арнасы болып табылады. Сондықтан болашақ ұрпақ ғылым мен білімнің тұтқасын ұстап отырған ғалымдар мен ұстаздарға ерекше жауапкершілік артады. Жаңа қоғамның болашақ маманы ғылымының қазіргі өзекті мәселелерге сай зерттелуіне, білімнің сапасы мен тиімділігіне, практикалық тәжірибенің нәтижелігіне байланысты қалыптасады және тәрбиеленеді.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беру ұйымдары (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) «білім алу жолдарын білетін», өз бетімен білім алуға ұмтылатын, шешім қабылдауға қабілетті, ынталы, қызығушылығы мен жауапкершілігі жоғары, өзіне сенімді, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Қазақ мектептеріндегі жұмыстың нәрлі, нәтижелі болуы ана тілін оқытуды ұйымдастырудың дәрежесіне, оның дұрыс жолға қойылуына байланысты. Өйткені, ана тілі тек пән ретінде оқытылып қана қоймайды, өзге пәндердің бәрінен де білім беруге және мектептегі бүкіл тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізуге негізгі құрал ретінде қызмет атқарады.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Қазақ сыры мен қыры көп, өз ішінде түрлі-түрлі салаларға бөлінетін күрделі де бай тіл. Мектептегі қазақ тілінің жүйелі сабақтарында фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис және пунктуация, тіл дамыту, тіл мәдениеті сияқты салалар оқу мақсаттарында қарастырылады.

Жалпы қазақ тілінде сөйлеп, жазуды үйрету – қоғамда қазақ тілінің мәртебесін жоғары дәрежеге көтерудің алғы шарты. Сондықтан қазақ тілі қатынас құралы ретінде мектепте жүйелі білім беру арқылы ғана оқушыларды дұрыс сөйлеуге, адамдармен әдепті түрде қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелейді. Бұл тұрғыда қазақ тілін оқыту әдістемесінің атқаратын міндетінің аса зор екенін айта кетуіміз қажет. Оқыту әдістемесі оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда өте қажетті

практикалық міндеттерді іске асырады. Оның басты мақсаты оқыту нәтижесінде оқушыларға қазақ тілінің негізін тиянақты меңгерту болып табылады.

Оқыту әдістемесі өз алдында дербес ғылыми пән ретінде басқа ғылымдармен, яғни лингвистика, психология, логика және педагогика ғылымдарымен өзара байланыста дамып отырады. Ал мұның өзі ұстаздардың жоғарыда аталған ғылым негіздерін жан-жақты терең біліп жете меңгеруін талап етеді. Өйткені мұғалім балалардың білімі мен тәрбие ісіне жауап береді.

Бүгінгі таңда міндетті білім беру, ресурс болып табылатын оқулықтарды пайдалану, ақпараттардың көбеюі мұғалімнің білім берудегі жетекші рөлін жойды. Енді білім негіздерін өз бетінше оқып үйренуге білім алушыны баулу міндеті тұр. Өзінің білім алушысын өздігінше білім алуға үйретпеген мұғалім белгілі бір нәтижеге қол жеткізе алмайды. Шәкіртінің толыққанды дамуына осы тұрғыда тек мұғалім ғана көмектесе алады. Сол себепті білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші өз ісінде қатып қалған қасандық пен жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет.

Бұрын мұғалімдер өз пәнін жақсы білсе, аздаған педагогикалық әдіс-тәсілдерді меңгерсе, білім алушыны өз еркіне бағындырса, өте керемет ұстаз деген пікір қалатын. Қазіргі таңда қоғам мен техниканың ғарыштап дамуына байланысты адамның да сана сезімі өзгерді. «Жаңа оқушылар» деген феномен пайда болды. Олардың мақсаттары да, құндылықтары да, табынатын идеялары бұрынғыдан әлдеқайда өзгерген. Қазіргі білім алушылар – өзінің болашағына тиімділік тұрғысынан қарайтын, іскерлікке бейім, романтик қиялшы емес, көп нәрсеге сене бермейтін жандар. Сондықтан баланы өзінен төмен көретін, көп ақыл айтатын, істен гөрі құрғақ сөзге бейім мұғалімдерді олардың жан-дүниесі қабылдамайды.

Қазіргі білім алушыларға:

- кәсіби шеберлігімен;
- креативті ойлау қабілетімен;
- қатысымдық құзыреттілігімен;
- ақпараттық мәдениетімен;
- жаңашылдық іс-әрекетімен;
- педагогикалық технологияларды шебер меңгеруімен;
- оқытуда ең басты нәрсеге назар аудара білу қабілеттілігімен;
- материалды мазмұндау стилімен;
- оқушылардың өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыта білуімен ерекшеленетін жаңашыл мұғалім қажет[5].

Осыған сәйкес жаңа ғасыр қазақ тілі пәнінің мұғалімдеріне жаңа, жоғары дәрежедегі талаптар қояды.

Әр мұғалімнің педагогикалық ойлау қабілеті ғылыми түрде қалыптасуы тиіс. Мұғалім жеке көзқарасы бар және оны қорғай білетін жігерлі тұлға әрі маман болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар ұстаз еш уақытта жалтақ болмайды. Өз ісін жетік білетін, оны табанды жүргізетін мұғалім ғана нақтылы нәтижеге қол жеткізе алады. Ондай адам жұмыс істеген әр күніне есеп беріп

отырады. Мұғалім педагогтік, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек.

Ұстаз ұйымдастырушылық, құрылымдық, бейімділік, сараптылық қабілеттермен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп-салдарын анықтай түсуге бейім болуы шарт. Соның негізінде күрделі жағдайларда шешім таба алатын дәрежеге жете алатындай болуы керек. Оның адамгершілік, саяси-идеялық ұстанымы жұмысында көрініс тауып, ол ұстанымды бала тәрбиесіне негіз етіп алуы шарт. Оқушы ықпал ету нысанасы емес, ынтымақтаса қызмет ететін тұлғаға айналуы қажет. Демек, бұлардың бәрі мұғалімдерге бұрынғыдан да зор жауапкершілікті, заман ағымына бейімділікті талап етеді.

Қазақ тілін оқытуда жоғары нәтижеге жету жолында мұғалімге лингвистикалық теориялық біліммен қатар, педагогика, психология, физиология, әлеуметтану ілімдерін жетік меңгеру, интерактивті оқыту әдістерін қоладна білу, оқытудың тұлғалық, коммуникативтік, ақпараттық бағытылығы ұстанымын жүзеге асыру міндеттері жүктеледі.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Білім алудың төрт жолы – *білімді игеру, өз бетімен іздену, болмысқа әсер ету, машық-дағдыларын қалыптастыру*. Білім алушының адамға және адами құндылықтарға деген ізілікті қатынастарын қалыптастыру, олардың ішінде сапалық пен тиімділік беретін қырларын танып іріктеу үшін мұғалімге үлкен шеберлік қажет. Қазақ тілін оқытуда мұғалімнің негізгі міндеті – жалпы қабылданған аксиологиялық жүйелер негізінде оқушы тұлғасының құндылық бағдарын қалыптастыру.

Тұлғаның құндылық бағдары төмендегідей кезеңдер арқылы қалыптасады:

- оқушыға рухани құндылық бағдарларын ұсыну;
- тұлғаның рухани құндылық бағдарларын ішкі қабылдауы;
- іс-әрекет пен тәлім-тәртіп, мінез-құлықтарында рухани құндылықтың көрініс табуы;
- тұлғаның рухани құндылықты бағдарларды бекіту және оны өзінің деке тұлғалық қасиеттеріне айналдыруы;
- тұлға қасиеттерінде рухани құндылықты бағдарлардың үнемі іс-әрекетте қайталануы.

Құндылық бағдар – өте күрделі құрылым. Адамның құндылықтарды айыра білуі өз қажеттілігін қанағаттандыру арқылы іске асады. Мұғалім осы жағдайды ескере отыра, оқушыны рухани мәдениетке баулу арқылы оның құндылық бағдарын қалыптастырады.

Қазақ тілі маманы психолог болу шарт. Психолог – қолданбалы психологиялық кәсіптік міндеттердің кең аясын шеше алатын, балалармен жұмыс істеуге маманданған, олардың жеке дамуын жоғары тұлғалық деңгейде көтеру

мақсатында қазақ тілін меңгеру мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесетін маман. Қоғамда, өмірде, өз ортасында лайықты орнына алуға, өз оқу-танымдық әрекетінің жемісін көруге тырысатын оқушыға қазақ тілін жоғары жәрежеде меңгеру үшін көмектесе білу қажет. Бұл жағдайда психолог оқушының өзін-өзі қайта құруға қажеттілік туғызатын жанама басқару стратегиясын пайдалануы керек.

Психофизиологиялық, әлеуметтік, субъектілік түрлі шарттардың әсерінен ересек шақта білім алу әрекетінде қиындық сезініп жүрген оқушыларға қолайлы қатысымдық ахуал тудыру – оқытушы-психологтың басты міндеті.

Бүгінде толыққанды дамуына кепілдік алып отырған қазақ тілін абыроймен оқытып – үйрету, оның қоғамдық беделін көтеру – қазақ тілі мұғалімнің қасиетті борышы, міндеті. Қазақ тілін оқыту жүйесінде мұғалімнің белсенділігі оқушыға қажетті ақпаратты тиімді тәсілдермен жеткізуге, оқу уәждемесі мен сөйлеу әркеті белсенділігін арттыруға, шығармашыл тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағатталады.

Қазақ тілі сабағында мұғалімнің атқаратын қоғамдық қызметі – оқушыға қоғам міндеттеп отырған талаптарға жауап беретіндей белсенді оқу әрекетін қалыптастырып, қатысымдық уәждемелерін, танымдық қажеттіліктерін, қызығушылықтарын арттыру. Қазақ тілін оқыту сабақтарында қалыптасып келе жатқан тілдік тұлғаның өзін-өзі бағалай білуіне және ұжымда өзін ұстай білуіне үйрету үшін мұғалім оларға үнемі көмек көрсетуі тиіс. Әрбір жеке оқушының және ұжымның табысқа жетуі үшін мадақтау мен ескертулерді дер кезінде көрегендікпен айта білу, әр оқушының табысқа жете алатынына сенімділік тудыруда мұғалімнің рөлі зор. Сондықтан сабақта тілдік қатынас жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы үшін оны басқара білуі қажет. Сондай-ақ өз пәні бойынша таным тәсілдерін игеруі және оларды қолдану білігі, сонымен қатар бір пәндегі таным тәсілдерін екінші саладағы таным тәсілдерімен үйлестіре білу қабілеті де қажет. Құндылықтар жүйесі қалыптасқан, көзқарасы тұрақталған, әлемді тану қабілеті жоғары және таныту тәсілдерін әдіснамалық және әдістемелік деңгейде игерген мұғалім ғана танымдық мәдениет иесі болмақ. Сондай толыққанды дәрежеде абыроймен оқытып-үйретіп, қазақ тілі мұғалімінің қасиетті борышын ақтай алады. Себебі мұғалім тілді үйрету арқылы сол тілді қолданушы халықтың ғасырлар бойы жасап келе жатқан мәдениеті мен тарихын, салт – дәстүрін таныту – міндет.

Жалпы адамзаттық құндылықтарды өскелең ұрпақтың ақы-парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші – ұстаз халық педагогокасын, сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты, терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға, өркениетті өмірмен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге падалана білуге халық алдында борышты.

Қазіргі кезде дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағымы көбейді. Білім беру саласында білім алушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі білім алушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады. Сондықтан мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол білім алушыларды

өмірдің әр саласына қатысты кез келген сұрағына жауап бере алатындай деңгейге жеткізуі тиіс. Яғни, мұғалім бүгінгі күн талабына сай жан-жақты дамыған, өмірге реалистік тұрғыдан қарайтын, жан дүниесі сұлу, рухани бай, сезімтал, терең біліммен қаруланған білім алушы тұлғасын сомдауы қажет. Ал ондай мақсатқа жету үшін қажырлы еңбек етумен қатар, ұстаздың қолында үш қаруы болуы керек. Ең бастысы – шәкірттеріне деген шынайы сүйіспеншілігі мен терең ғылыми білімі, екіншісі – сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін, дарытатын әдіс-тәсіл. Осылардың басын біріктіре білген ұстаз жаңа технологияның тиімдісін, ең көрнектісін таңдап, қолданады.

Мектеп оқушыларына білім мен дағды беруде қазақ тілінен өтілетін сабақтардың мәні орасан. Өйткені сабақ оқу ісін ұйымдастырудың негізгі түрі болып табылады. Мұғалімнің жүргізетін жұмыстары сабақ арқылы іске асады. Сабақ беруде мұғалім мынадай мақсат қояды: оқушыларға білім негіздерін түсіндіру, сол білімді бекітіп, талдап есінде қалдыру, алған білімін тексеріп отыру және өздігінен толықтырған білімдерін күнделікті өмір қажетіне пайдалана білу. Мұғалім оқушылардың барлығына қазақ тілі материалдарын толық меңгертуі, қажетті білік, дағдыларды игертуі, сабақтың дамытушы және тәрбиелік қызметін іске асырады. Ол үшін мұғалім материалды баяндау процесінде уақытты үнемді жұмсап, оқушылардың толық түсініп қабылдауына жағдай жасайды. Сонымен бірге мұғалім оқушының білімге деген ықыласы мен қызығушылығын, оқу-танымдық уәждемесін арттырып отыруы тиіс. Оқушылардың белсенділігін арттыруда олардың өз бетінше орындалатын жұмыстарын ұйымдастырып, іздеу, зерттеу іскерлігін дамытып отырған тиімді.

Сабақтың білім мен дағды беру ерекшелігіне қарай, оларды жіктеудің өлшемдеріне мыналарды жатқызуға болады:

а) Сабақта оқушыларға қазақ тілінен теориялық білім негіздері меңгертіледі. Оған өтілетін тақырыптың термині, тілдік материалдың өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтамалары мен ережелері кіреді. Сөйтіп оқушыларға білім көлемі мен білім жүйесі меңгертіледі.

ә) Оқушыларға қазақ тілінен іс жүзінде дағды қалыптастырылады, берілетін білім көлеміне лайықты дағды түрлері жаттықтырылады[6].

Елімізде қазақ тілін оқыту міндеті өзінің көптеген шешімдерін күтеді. Білімнің, оқытудың жаңа салалары мен бағыттары күн санап көптеп пайда болуда. Мұғалім шеберлігі мен оқушылардың білім алу тиімділігінің тек жоғары сапаны қажет етуі – заман талабы. Оқытудың инновациялық технологияларын іске асыру – мұғалімнің саналы және мақсатты түрдегі басқаруы. Бұл үдерістің ұтымды өту шарттары мұғалімнің белсенділігін және шығармашылық рөлін жоғарлату, оның тұлғалық, кәсіби мүмкіндіктерін жаппай жұмылдыру және ұтымды түрде іске асыру, оқушыларды ұжым ішінде және ұжым арқылы оқыту мен тәрбилеу болып табылады.

Қазіргі сабақ туралы көптеген монографиялық еңбектер, жекелеген ғылыми және практикалық сипаттағы мақалалар жарық көрді. Атап айтқанда, Ю.Б.Зотовтың «Қазіргі сабақты ұйымдастыру» (1984), М.Махмутовтың «Қазіргі сабақ» (1985), И.Д.Зверевтің «Қазіргі сабақ: ізденістер, проблемалар, шешімдер», «Сабақ: ол қандай болуы керек?» деген мақалаларын айтуға болады. Жаңашыл-

педагогтар В.Ф.Шаталов, Ш.А.Амонашвили, С.Н.Лысенкова т.б. іс-тәжірибелерінен қазіргі сабақ қандай болуы керек деген сұрақтың жауабын табуға болады.

Сабақ типтері мен түрлерін М.Махмутов («Современный урок», 1985) төмендегіше берген:

а) Жаңа оқу материалын оқып-үйрену сабағы. Бұл типке лекция, баяндау, әңгіме түрінде өтетін сабақтар, кино, диафильм көрсету, теориялық мәліметтер бойынша оқушылардың ізденісі негізінде өткізілетін сабақ түрлері жатқызылады.

ә) Білім, іскерлік пен дағдыны жетілдіру сабағы. Бұған ауызша, жазбаша жаттығу, оқушылардың өз бетімен жұмыстануы, лабораториялық жұмыс, экскурсия сабағы жатады.

б) Білімді жүйелеу, жинақтау сабағы. Бұл сабақтар өткен материалды іштей байланыстыру, қайталау, жүйелеу, қорытындылау мақсатымен жүргізілетін әңгіме, семинар сабағы түрінде өткізіледі.

в) Аралас сабақ. Сабақтың бұл түрі жоғарыда аталған сабақтың бар түрімен тығыз байланысты өткізіледі.

г) Білім, іскерлік пен дағдыны бағалау, бақылау сабағы. Бұл сабақтар кебінесе сұрақ-жауап тәсіліне негізделеді. Қойылатын сұрақ бір ғана оқушыға да немесе бүкіл сыныпқа да арналуы мүмкін. Сұрақ түрлері ауызша да жазбаша да болып келеді. Әрбір практикалық жұмыстар бағамен не сынақ түрімен қорытылады.

М.Махмутов сабақтың әдістемелік құрылысы тұрақты емес, сабақта алға қойылатын мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер әрқашан да ауыспалы сипатта болады деп есептейді де, сабақтың дидактикалық құрылымы оның әр типтері мен түрлеріне үнемі ортақ болады деп көрсетеді.

Ал Б.Т.Панов сабақ типтерін төрт топқа бөледі: Бірінші топқа оқу материалдарын меңгерту барысындағы психологиялық, педагогикалық кезеңдерге сай өткізілетін сабақ түрлерін, жаңа материалды өту сабағын, білім, іскерлік пен дағдыны бекіту сабағын, қайталау, өтілген материалды жүйелеу сабағын, аралас сабақ түрлерін, екінші топқа оқытудың негізгі әдістеріне сай белгіленетін лекция сабақ, семинар сабақ, практикум сабақтарын, үшінші топқа тіл дамыту, мазмұндама мен шығарма жаздыруға үйрету сабақтарын, төртінші топқа көмекшілік сипаттағы сабақтарды яғни, оқушының жазбаша жұмыстарын талдау, бақылау, тексеру сабақтарын жатқызады[6].

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.

Білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуде қазақ тілінен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздерін білгеніміз де жөн.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – білім беру процесінің негізі болып табылады.

Функционалдық сауаттылық сөз тіркесін жеке қарастыратын болсақ, «функция» ұғымы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы, техникалық құрал-жабдықтарды алар болсақ (компьютер, сканер, принтер, т.б), олардың өз функциялары бар. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Кез келген маманның атқаратын белгілі бір функциясы немесе қызметі болады, ол соның дұрыс атқарылуына жауап береді. Айталық, мектеп директорының, оқу ісі немесе тәрбие жөніндегі орынбасарларының әрқайсысының өз функциясы бар және әрқайсысы өз бағыты бойынша жауап береді. Ал, сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені белгілі. Яғни, сауатты деген сөздің түпкі мағынасы оқу, жазу, санау біліктіліктері қалыптасқан, грамматикалық тұрғыда таза, қатесіз жаза, сөйлей, оқи алатын, сондай-ақ дұрыс есептей білетін адам сауатты ретінде танылады. Жалпы «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді.

Сонымен, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Демек, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: «Адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі» [7].

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді. Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім беруді) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға [8].

Орта мектепті бітірушінің мынадай негізгі құзыреттіліктері белгіленген:

Басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті);

Ақпараттық (өзіндік танымдық қызметке қабілеті немесе өмір бойы білім ала білуі);

Коммуникативтік (қазақ, орыс және ағылшын (шет) тілдерінде ауызша, жазбаша және нәтижелі қарым-қатынас жасауға қабілеті);

Әлеуметтік (әлеуметтік өзара іс-қимыл жасауға қабілеті);

Тұлғалық (өзіндік іске асыру, өзін-өзі жетілдіру, өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтау, төзімді болу қабілеті);

Азаматтық (қазақстандық сана-сезім мен мәдени ұқсастық негізінде өзінің отаны үшін жауапкершілікті сезіну қабілеті);

Технологиялық (тиімді пайдалану деңгейінде технологияларды, оның ішінде ғылыми, сандық технологияларды пайдалану қабілеті).

Негізгі құзыреттіліктен басқа жекелеген пәндік салалар шеңберінде пәндік құзыреттілік: оқу пәні шеңберінде меңгерілген ерекше білім, іскерлік, дағды ерекшеленеді.

Негізгі және пәндік құзыреттіліктің білім берудің нәтижесі ретінде нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы және уақыты анықталған болуы қажет[8].

Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс тандай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның өзгермелі әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуға қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады[7].

Қазақ тілін оқытуда білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері білім алушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін төмендегі модельден көруге болады (б-сызба).




б-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың (ФС) белгілері

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген білім алушы дегеніміз мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады.

Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық білім алушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді (7-сызба).



7-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп білім алушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

Қазақ тілін оқыту барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесін де қарастыруды қажет етеді. Білім алушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күшқуаты мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процестегі қызметі ерекше қажет. Ал білім алушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі – баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі – баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тереңдету керек. Өйткені қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан, оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қоғам дамуы барысында балаға әсер ететін ықпалы зор күштер болады. Бала соның негізінде белгілі бір даму жетістіктеріне ие болып қалыптасады. Бірақ оқу-танымдық процесс білім беру мен тәрбиелеуді бір тізгінде ұстайтын болғандықтан, баланың сыртқы және ішкі даму барысындағы тепе-теңдікті бұзып алмау жағына сақ болу керек.

Ол үшін білім алушы тіл туралы алған білімін интериоризациялауы тиіс. Бұл жерде қазақ тілін функционалдық мақсатта оқыту маңызды рөл атқарады. Әрине, білім алушылар тілдің грамматикалық ережелерін есте сақтап, жатқа қайталап айта алады. Осы тілдік құбылыстар туралы білімін коммуникативтік мақсатта еркін пайдалану қабілеті болмайды, кейбір кездері тілдің грамматикасын игермеген білім алушы сабақтан тыс кездерде сол тілде жақсы сөйлей алуы мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу тілдік жағдаяттары арқылы білім алушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. *Баланың дамуға бейім таным күштерін* байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім білім алушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.


Әрине, даму барысы оның физиологиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде білім алушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді.

Абайдың 7-қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте білім алушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек.

Осы кезеңдегі білім алушының қабылдауы, зейіні, қиялдауы туралы мәліметтер алуы қиын болғанымен, ес пен жады, сөйлеу мен ойлау сияқты таным процестерін тану мүмкіндіктері мол.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына берілсе, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әртүрлі білім дәрежесіне айналады.

Білім алушының білім алу және танымдық үдерісі төмендегі суретте көрсетілгендей реттеліп отырады.



Білім алушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Адамның басында осындай іріктегіш, селективтік аспап бар. Егер білім алушы рецепторларына жеткен мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керектігін ғана іріктеп тандап алу – оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

М.Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну [9].

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз – мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда білім алушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Білім алушының зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Қазақ тілінен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл, ең алдымен, білім алушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы білім алушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады[9].

Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны қазақ тілінің жүйесіне және тіл жүйесінен әр сыныптағы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптаудан өткізу талаптарына және білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру заңдылықтарына тығыз байланысты болады.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады.

Білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуде төменде берілген кестені басшылыққа алуға болады.

Қазақ тілі сабақтары

Дәстүрлі сабақтар

1. Жаңа сабақ – әңгімелесу элементі бар сабақ, презентациялы дәріс сабақ, конференция сабақ, саяхат сабақ.

2. Білімді бекіту, білік-дағдыларды қалыптастыру сабағы –практикум, саяхат, лабораториялық жұмыс, іскери ойын, пікірталас сабақ, диспут.

3. Білімді жинақтау және жүйелеу сабағы – семинарлар, конференция, жинақтау сабағы, әңгімелесу сабағы, ізденіс сабақ.

4. Оқушылар білімі мен білік-дағдыларын тексеру, түзеу сабағы – сынақ сабақ, емтихан, тестілеу, бақылау диктанты.

5. Аралас сабақ – практикум, конференция, семинар, бақылау жұмысы

Инновациялық сабақтар

1.Рефлексиялық «Тұйық ая» сабағы

2.Іскери ойындар сабағы

3.Пресс-конференция сабағы

4.Жарыс-сабақ

5.КТБ сабағы

6.Театрландырылған сабақ

7.Кеңес беру сабақтары

8.Компьютерлік сабақтар

9.Шығармашылық сабақтар

10. Аукцион-сабақтар

11. Сынақ-сабақтар

12. Формулалар сабағы

13. Бәйге-сабақтар

14. Ойын сабақтар

15. Қиял-ғажайып сабақ

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, білім алушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: *когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным*. Көрсетілген ұстанымдардың білім алушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді[9].

Қазақ тілінен білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану қажет. Қазақ тілін оқытуда білім алушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін *интернет-технологияны* қазақ тілін оқыту

әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: *блог, уики, покаст, твиттер, ютуб, қыстырма т.б.* Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың *кейс-стади, квест- сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б.* сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелерін [9] қарастыра отырып, пайдалану керек.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі. Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша *тілдік тұлға қалыптастыру* қазақ тілін оқыту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары – меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың білім алушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі – өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш дыбыс делініп, одан буын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз – коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де – коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» леп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты – қазақ тілінің төменде көрсетілген басты қызметтерін теориялық және практикалық тұрғыдан меңгерту, өмірлік жағдаяттарда еркін әрі сауатты қолдануға дағдыландыру.

- Қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.
- Қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.
- Қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.
- Қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.
- Қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы, қызметін меңгерту.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі – қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі.

Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы тым жеткіліксіз. Бұл мәселе тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойламауымыз керек. Қазақ мектебіндегі, қазақы ортадағы қазақтарға да қазақ тілін коммуникативтік бағдарда оқытудың маңызы тіл дәрежесінің биіктігін ойы мен сана биіктігіне теңдестіре алатындай жүйе жасау және тәжірибеде қолдану болып табылады.

«Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі» мен «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі» салалары зерттелуі күн тәртібінде өзектілігімен қойылып келеді. Бұл әдістемелердің әрқайсысында да қазақ тілінің коммуникативтік құзыретті қалыптастыру міндеті басқы орынға қойылып қарастырылуы керек[9].

Бүгінгі күні қазақ тілін оқыту жүйесіндегі сабақ формасы мен түрлерін, әдістерді жетілдіріп отыруға баса назар аударатыны көпшілік назарына тегіс танымал болып келеді.

Қоғамның даму тарихында жас ұрпақты оқытудың ұйымдастыру формасы, әдіс-тәсілдері де өзгеріп тұрады. Оқыту жұмысын ұйымдастырудың тарихында, оның негізінен үш түрлі формасы қалыптасқан: *жеке –дара, топтық және сынып–сабақтық жүйе*.

Алғашқы рет *жекелеп оқыту жүйесі* көне орта ғасырларда пайдаланылды. Мұғалім жеке оқушының орындаған жаттығу жұмыстарын тексеріп, мәтінді оқытып тыңдайтын, қалай оқу керектігін көрсететін, үй тапсырмаларын орындау амалдарын түсіндіретін.

Жаңа дәуірде Англияда оқытудың «*белл-ланкастер*» жүйесі тарады. «Сатылы» немесе «өзара оқыту» түрінің ерекшелігі: бір оқу жылында жас шамалары, білім дәрежелері әртүрлі, құрамы тұрақты емес білім алушыларды жылдың қай мезгілінде болмасын оқуға қабылдап отырған. 200-300 немесе 600-ден астам білім алушыны мұғалім сатылап оқытуды ұйымдастыра отырып, түске

дейін ересектерді оқытса, түстен кейін олар өз кезегінде жасы кіші білім алушыларға өздерінің мұғалімнен алған білімдерін үйретіп отырған.

Америка Құрама Штаттарында ХХ ғ. басында «*дальтон-жоспар*» оқу формасы тұңғыш рет қолданылды. Бұл жүйенің ерекшелігі, оқу жеке дара, әрбір білім алушының өз күшімен, белгілі бір бағдарламаларды бөлшектеп оқытуды ұсынды. Мұндай оқытуды ұйымдастыруда мұғалімнің басшылық рөлі төмен болды.

Кеңес мектебінің алғашқы жылдарында оқу ісінде балалардың бірлесіп атқаратын жұмысы ретінде *бригадалық-зертханалық әдіс* жүйесі ұсынылды. Бұл әдіс бойынша, оқу сыныптары 3-4 топқа бөлінді. Әр топты басқаратын бригадирлер (жақсы оқытындары және ұйымдастыруға қабілетті балалар) белгіленді. Бригадирлер өз тобындағы білім алушылардың орындаған тапсырмаларын жинақтап, мұғалімге бригада атынан жауап берді. Бригадирдің жауабына қарай, бригадаға білім алушылар білімінің бағасы қойылды. Мұндай жағдайда білім алушының жеке басының ерекшелігімен санасушылық болмады. Мұғалім тек консультант есебінде ғана жұмыс атқарды [10].

Оқытудың түрі көп. Соның ішінде *рефлексиялық оқыту* туралы ақпарат бере кетейік. Мұғалімдердің көпшілігі, өздерінің білімдері мен кәсіби дайындықтарына сәйкес, өздерінің жұмыстары туралы толғаныста болатыны шындық, дегенмен бұл жердегі мақсат – үдерісті жарқын бейнелі, жүйелі және басқа адаммен ортақ ету. «*Рефлексиялаушы практик*» деген ұғым философ, психолог және оқу реформаторы Джон Дьюи мен философ, индустриялық және технологиялық зерттеуші Дональд Шонның жұмыстарынан шығып отыр.

Джон Дьюидің «*Біз қалай ойлаймыз?*» (1910) деген кітабы рефлексиялық ойды шешуге жататын мәселелерді зияткерлендіру тұрғысынан қарастыра отырып, идеялар мен болжамдарды дамытып, практикалық жағдаяттардың зерттеулеріне бастама жасап және іске асыра отырып оқытуға ерекше ықпал етті. Үдерістің бұл мағынасы Шонның соңғы еңбектерінде рефлексиялық тәжірибені педагогтердің проблеманы анықтау және жұмыс барысында эксперимент жүргізе отырып шешу әдісі ретінде қарастыратынына байланысты. Шонның «*Рефлексиялаушы практик: кәсіпқойлар іс-әрекетте қалайша ойланады*» (1983) деген кітабының ықпалы күшті болды.

Ғалымның «техникалық ұтымдылық» ұғымын кәсіби білім негізі деп тануды жоққа шығара отырып, кәсіпқойлардың не істейтіндігін түсіну негізіне «*рефлексия*» түсінігін қоюы бұл іске қосқан зор үлесі болып табылады. *Техникалық ұтымдылық* кәсібилікпен салыстырғанда негізгі парадигма бола алмады. Оның «*іс-әрекеттегі толғаныс*» деген ұғымы кейде «*іс барысындағы толғаныс*» ретінде де сипатталады. Бұл біздің тәжірибемізге көзқарасты, біз пайдаланатын эмоциялар мен теорияларды ескеруді қамтиды, соның салдарынан өзгеріп жатқан жағдайға сай әрекет етуге көмектесетін жаңа сезімдер туындайды. Бұл үдерістен кейін «*іс-әрекеттен кейінгі толғаныс*» жүреді. Бұл үдеріс кейінірек, біз жазбаны аяқтап, оны әріптесімізбен немесе тәлімгермен талқылай бастағанда жүзеге асырылады. «*Іс-әрекеттен кейінгі толғаныс*» топта не болып жатқанын, өзіміздің белгілі бір жағдайда неге дәл осындай іс-әрекет жасағанымызды зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз өзіміздің іс-

әрекетіміз бен тәжірибемізге қатысты бірқатар ойлар мен мәселелерді анықтаймыз.

Төмендегі дағдылардың кейбіреуі *рефлексиялық оқыту тұрғысынан* қолданылады:

- проблемаларды мойындап, оларды шешудің тиімді құралдарын іздеу;
- басымдықты белгілеудің маңыздылығын және міндеттерді шешуде олардың басым мәнін түсіну;
- тиісті ақпаратты жинақтау мен сұрыптау;
- нақты және түсінікті сипаттама беру;
- айқындалмаған жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- шешім қабылдап, дәлелдемелерді бағалау үшін нәтижелерді өз бетінше түсіндіру;
- шынайы қорытындылар мен жалпылаулар жасау;
- қол жеткізілген тұжырымдар мен жалпылауларды қуаттау;
- алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету.

Рефлексиялық оқытуға білім алушылардың үйренгендері жайында *сын тұрғысынан ойлауы* кіреді. Бұл олар көрсеткен сын тұрғысынан ойлау жолдары мен дағдыларын зерттеуді, жазып алуды және бағалауды талап етеді. Бұл қабілеттер мен дағдылар оқу үдерісіндегі белгілі бір дәлелдерді талқылап, қарастыруды қажет ететін тапсырмаларды орындау барысында көрініс береді. Бұл арқылы олар, мәселен, саяхатшылар мен көлік туралы біледі, өйткені бұл адамдардың өмір жолын тілге тиек ете отырып, қажеттіліктерді танып-білуге құрылған немесе тарихтағы өзгерістер мен үздіксіз ізденістер туралы біліп, адамның әлеуметтік-экономикалық өміріне әсер ететін қоршаған орта мен технологияның арасындағы қарым-қатынастармен танысу мүмкіндіктеріне ие болады.

Сонымен қатар гуманитарлық ғылым мен социологияның кез келген аспектісін, мысалы, балалық шақ пен отбасы, тамақ, аспаздық ілімі мен тағамдар, киім мен дүкенге бару, бос уақыт пен спорт, музыка мен ойын-сауық сияқты мәселелерді талқылауға болады.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, білім алушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, білім алушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болуы белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек. Сөз жоқ, мұғалімнің кәсіби шеберлігі мен білімінің жан-жақтылығы, деңгейі жоғары болуы бұл ретте үлкен орын алады.

Сын тұрғысынан ойлауға үйрету. «Сын тұрғысынан ойлау» деген сөз тіркесіндегі «сын тұрғысы» деген термин ойдың мәселені немесе проблеманы шешу үдерісіне шоғырлануын білдіреді. Бұл тұрғыдан алғанда *сын* сөзі «мақұлдамау» немесе «теріске шығару» дегенді білдірмейді. Сын тұрғысынан ойлау пайымдау, тұжырым жасау немесе проблеманы шешу үдерісі жүрген жағдайларда, яғни неге сенуге болады, не істеу керек және бұны ойластырылған әрі рефлексиялық тәсілмен қалай істеуге болатындығын анықтау қажет болған жағдайлардың барлығында орын алады.

Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды. Мұғалімдер педагогикалық білімі бар және қосымша оқып, өз біліктілігін арттырушы субъектілер болғандықтан, оларда бұл дағдылар дамыған және іс-тәжірибеде қолданылады деп болжанады.

Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль білім алушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді.

Сын тұрғысынан ойлау дағдыларының негізгі тізбесіне қадағалау, интерпретация, талдау, қорытынды жасау, бағалау, түсіндіру, метатану кіреді.

Сарапшылардың пікірінше, сын тұрғысынан ойлау проблемаларымен белсенді айналысатын адамдар мен топтар:

- қадағалау жолымен алынған деректерге;
- мәнмәтінге;
- барабар шешім қабылдауға арналған тиісті критерийлерге;
- ой-пікір, пайымды қалыптастыру үшін қолданылатын әдістерге;
- алдағы проблемалар мен мәселелерді түсіну үшін қолданылатын теориялық құрылғыларға тиісті көңіл бөледі.
- Сын тұрғысынан ойлау дағдысы мынадай бөлшектерден құрылады:
- проблемаларды анықтап, оларды шешудің шынайы құралдарын айқындау;
- проблемаларды шешудегі басымдықтардың, иерархияның және кезектіліктің маңызын түсіну;
- тиісті ақпаратты жинау;
- белгіленбеген жорамал мен құндылықтарды мойындау;
- тілді түсіну және нақты, анық және түйсіне қолдану;
- дәлелдер мен дәйектерді бағалау, деректерді интерпретациялау;
- тұжырымдар арасындағы логикалық байланыстардың болуын (немесе болмауын) белгілеу;
- шынайы қорытындылар мен шолу жасау;
- жасалған қорытындылар мен шолуларды сараптау;
- алынған тәжірибенің негізінде ұстаным модельдерін түзету;
- күнделікті шынайы өмір тұрғысынан нақты нәрсе (құбылыстар мен т.б.) туралы бара-бар пікір қалыптастыру.
- Бастапқы деңгейде сын тұрғысынан ойлау үдерісі:
- тиісті ақпарат жинауды;

- дәлелдерді сын тұрғысынан талдау мен бағалауды;
- кепілдендірілген шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- ауқымды тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтиды.

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзін-өзі тануға қатысты эмоция да болуы ықтимал).

Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу).

Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну. Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар *белсенді* болады, олар сұрақ қойып, дәлелдерді талдайды, мағынаны анықтау үшін саналы түрде стратегиялар қолданады; олар ауызша, жазбаша, көзбен шолу дәлелдеріне сенімсіздікпен қарай отырып, ештеңеге *сенбейді*, мұндай адамдар жаңашыл идеялар мен келешекке *ашық болады* [11].

Төменде берілген құрылымды өзіңіздің оқытуыңыз бен баланың оқуы жайында сын тұрғысынан ойланып-толғануда да қолдануға болады:

1. Балаларды оқыту үдерісін бақылау нәтижесінде алынған дәлелдемелермен танысыңыз.

2. Тапсырмалар мазмұнын құрайтын оқу мақсатын түсінізіз.

3. Оқу мақсаттары мен ол мақсаттарға жету үшін білім алушылар атқаратын жұмыстардың әдістері мен олардың жетістіктері арасындағы қарым-қатынастарға талдау жасаңыз.

4. Жеке білім алушылардың көрсеткен түрлі деңгейдегі түсініктері мен дағдыларын салыстырыңыз.

5. Барлық сынып көлемінде көрсетілген іс-әрекеттің нәтижесі туралы ойлану үшін өз зерттеулеріңіз бен осы ақпарат көздерін біріктіріп, жинақтаңыз.

6. Балаларға білім беруге қатысты қызметтің шартты түрдегі табысы немесе күйреуі туралы қорытынды жасап, бағалаңыз.

7. Бұл сыни бағалаудан алған түсініктеріңізді келесі тапсырмалар мен жобаларды жоспарлауда пайдаланыңыз.

8. Дәлел келтіріп, тұжырымдамалар мен қорытынды шығару үшін сын тұрғысынан ойлаудың пайдаланылуын негіздеңіз, сондай-ақ мұны қоғамдық ғылымдарды оқыту мен оқуда қалай қолдануға болатынын анықтаңыз.

Дарынды және талантты балаларды оқыту. Барлық мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты бұл - ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе.

Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады. Тәжірибеге жасалған талдау білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда мектеп бүкіл білім алушылар үшін мектеп стандартын күрделендіре отырып, бастауыш буын деңгейінде «*жалпымектептік саясатты*» және орта буын деңгейінде «*кеңейтілген*» мектеп тәсілін құрған жағдайда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатынын көрсетті.

Дарынды және талантты білім алушылар біртекті топ емес, олардың әрқайсысы ерекше қасиетке ие екенін есте ұстау керек. Дегенмен топ жағдайында дарынды және талантты білім алушылар санатын қарастыру кезінде олардың бірқатар ортақ сипаттамаларын көруге болады. Кейбір білім алушылар бірқатар салада ерекше қасиеттерінің бар екендігін көрсете білсе, ал дәл осы кезде басқалары – өзін тек бір ғана салада көрсете алады. Дарынды білім алушылардың көпшілігінде осындай мінез неғұрлым көрініп тұрады әрі қарқынды болуы мүмкін. Дарынды және талантты білім алушыларды әрқашанда мінез-құлқы бойынша бірден табу мүмкін емес, өйткені кейде олардың айрықша қабілеттілігі айқын болмайды. Кейбір білім алушылардың дарындылығы объективті себептердің әсерінен көрінбеуі де мүмкін, болмаса оларда әлі өз қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік болмаған шығар. Ал қалғандары әртүрлі себеппен үлгере алмайтындардың санатына жатқызылып, немесе өз дарындылығын әдейі жасырып жүруі де мүмкін. Енді кейбір дарынды және талантты білім алушылар оқуда қиындық көруі мүмкін, бұл олардың шынайы қабілеттерінің көрінуіне кедергі болады.

Дарынды және талантты білім алушылар кең өрісті қабілетке ие: олардың кейбірі, мәселен, ғылым мен техника саласындағы ерекше қабілетін көрсете алса, кейбіреулері өнерде немесе поэзияда, қоғамдық көшбасшылықта көрінер. Қазіргі уақытта дарынды және талантты білім алушыларды олардың тек жоғары зиятының болуымен ғана анықтамайды. Дарындылық пен таланттың тұжырымдамасына қатысты қағидаттар жүйесіне кең ауқымды жалпы зияткерлік, академиялық қабілеттерді, шығармашылық, көшбасшылық қабілеттерді, жеке мүмкіншіліктері мен өнердегі визуалдық және орындаушылық қабілеттерді жатқызуға болады. Сонымен қатар олар бір салада дарынды болса, басқа салада қиындық көруі мүмкін; олар дамудың бір кезеңінде өте қабілетті болса, келесі кезеңдерде қабілеттерін танытпауы мүмкін. Бұл дарындылық пен қабілеттіліктерді мұғалімдер, ата-аналар, топтың басқа мүшелері немесе балалардың өздері айқындай алады. Балалардың қабілеттіліктерін, біліктілігін, әлеуетті мүмкіндіктерін көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет және де бұл олардың ерте жасында олар үшін өте қиынға соғуы мүмкін.

Макэлпайн мен Рид (1996) дарынды және талантты білім алушылардың мінез-құлықтарының пайдалы тізімін жасап ұсынды. Шындығында, бірде бір дарынды білім алушы келтірілген сипаттамалардың барлығына ие бола бермейді: олар барлығына да ие болуы мүмкін немесе бір санаттағы барлық сипаттамаларға сәйкес болып, бірақ басқасында «ақсауы» мүмкін.

Дарынды және талантты білім алушыларды оқыту сипаттамасы:

- логикалық және сараптамалық ойлау жүйесі дамыған;

- заңдылық пен өзара байланысты тез орнатады;
- ақпараттарды шұғыл өңдейді;
- проблемаларды нақты және дұрыс шешуге ұмтылады;
- түйінді қағидаттарды жеңіл игереді;
- зияткерлік тапсырмаларды ұнатады;
- оқудың жекелеген кезеңдерін аттап өтеді;
- проблемаларды қайта қарауға ұмтылады, идеялар ұсынып, болжамдар жасайды;
- проблемаларды анықтайды және шешеді;
- барлығына талдау жасайды;
- идея ұсынып, дәлелдермен айғақтайды;
- кең ауқымды білімді пайдалана алады;
- пікір айтуда тәуелсіз және «неге», «қалай» деген сұрақтар қойып, жаңалықтар ашуға ұмтылады;

Креативті ойлаудың сипаттамасы:

- ерекше идеяларды табады,
- зияткерлік пайымдауы мен қиялы дамыған;
- ерекше мәтіндер құрайды, жаңалық ойлап шығарады;
- әзілшіл;
- ерекше түсінік қалыптастырады;
- эстетикалық қасиеттерді түсінетінін көрсете біледі;
- болашақты ойлағанды жақсы көреді;
- басқа біреуден ерекше болуға қорықпайды;
- көптеген идеяларды ойлап шығарады;
- жаңа идеяларға сынақ жүргізуге және қателесуге тәуекел етуге дайын;
- ерекше нәрселерді іздейді.

Ынталандыру сипаттамасы:

- жеке жетістіктердің жоғары стандарттарына ұмтылады;
- дербес;
- мақсатқа ұмтылады және жеке мақсаттарын белгілейді;
- міндеттерді шешуде дәйекті;
- табанды және жұмыспен бар ынтасымен шұғылданады;
- өзін-өзі сынауға және бағалауға бейім;
- сенімді;
- өз бетінше жұмыс істегенді жақсы көреді.

Қоғамдық көшбасшылық сипаттамасы:

- қоғамдық жағдайларда бастаманы өзіне алады;
- құрбы-құрдастары құрметтейді;
- басқалармен жылдам тіл табысады;
- қоғамдық жағдайларда көшбасшылық орната алады;
- мақсатқа жету үшін топты жігерлендіру қабілетін көрсетеді;
- топты идеялар мен әдістерді қабылдауға иландырады;
- өзіне сенімді;
- жаңа жағдайларға тез төселеді;
- спорттық іс-шараларда белсенді көшбасшылықты іздейді;

- әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан;
- өзіне жауапкершілік алуға дайын.
- Іс-қимыл жоспарын әзірлеу үшін топ мүшелерінің идеясын қорытады.

Табандылық сипаттамасы:

- өктем пікірлерге кекесінмен қарайды;
- атүсті қабылданған шешімдерге күмән келтіреді;
- мұғалімдер мен ересектерді түсініктеме беруге жетелейді;
- «Ересектер» проблемаларына қызығушылық танытады;
- игерілген дағдыларды қолдана бергенді жақтырмайды;
- күнделікті жаттанды тапсырмалардан тез шаршайды;
- өзінің идеяларын, не қалайтынын және пікірін ашық білдіреді;
- жоғары сынып білім алушыларымен, ересектермен тіл табысады; олардың ортасында жиі болуға тырысады;
- тиянақты, нақты сұрақтар қояды.

Мұндағы «дарынды» және «талантты» деген ұғымдар «дарынды және талантты» деп біріктірілді. Дегенмен кейбір зерттеушілер олардың әртүрлі екендігін алға тартып, оларды саралау қажет деп санайды. Санаттарды саралаған жағдайда дарындылық, бұл зияттың немесе қабілеттің жоғары деңгейімен, ал талант – музыка, өнер, түрлі қолөнер, би немесе спорт және т.б. салалардағы жоғары деңгеймен байланыстырылады. Кейбір зерттеушілер бұл екі ұғымды жеке қараудың маңыздылығын екі санатпен байланыстырады: дарындылық қанша дегенмен, олардың пікірінше, қабілеттілікке (зияткерлік, шығармашылық, әлеуметтік, аффекттілік және т.б.) жатады, ал талант түрлі саладағы айтулы жетістіктер (ғылыми, техникалық, көркем, жеке тұлғалық, спорттық және т.с.с.) болып саналады. Талантты кейде кемеліне жету және ұлы жетістіктермен байланыстырады, бірақ кейде ол көптеген құзыретті субъектілердің аздаған санына ғана тиесілі болып қалады.

Қазіргі уақытта дарынды және таланттыларды жалғыз аспектілік аясында (мысалы, жоғары IQ) қарастырудан бас тартып, көп аспектілік пайдасына қарай ауысу үрдісі қалыптасуда, ол ерекше қабілеттердің кең ауқымын көздейді.

- Қабілет пен қасиетке қатысын анықтайтын мәдени құндылықтар дарындылық пен таланттың кез келген тұжырымдамасының маңызды құрамы болып табылады.

- Бағдарламаның рәсімі мен мазмұнын анықтау мультимәдени келешектің тең дәрежесін қамтуға тиіс.

- Әлеуметтік, эмоционалдық және ынталандыру факторлары дарындылық пен таланттың маңызды аспектілері тұрғысынан қарастырылады.

- Оқуға қызығушылық және тілдік дағды сияқты мінез-құлық сипаттамалары, сондай-ақ абстрактілі ойлау дағдылары, білімнің жоғары деңгейі, білімге құштарлық пен ынта дарынды және талантты білім алушыларды табуда өте пайдалы болмақ.

- Әлеуетті анықтау және оның тиімділігін көрсету анағұрлым маңызды.

- Қабілеттілік әлеуетін іске асыруда білім алушыларға құзырлы көмек көрсету үшін мұғалімдерге бай әрі көп аспектілі тәжірибе қажет.

Ал енді білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуды қарастырып көрейік. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқу туралы ең маңызды ақпарат оқудың танымдық теориясына байланысты шығар. Маргарет Дональдсон сияқты көптеген психологтер мен педагогтер Пиаженің дамыту мен оқудағы «кезеңдік тәсіліне» күмән тудырды, өйткені 1950-ші жылдары Пиаже идеясы әлі кеңінен таралмаған болатын. Неврология саласындағы соңғы зерттеулер көрсеткендей, балалар да ересектердікі сияқты неврологиялық құрылымдарға ие болатыны дәлелденген (Goswami and Bryant, 2010). Госвами мен Брайант ересектер мен балалардың ойлауы арасындағы айырмашылықтар олардағы нейрофизиологиялық өзгерістер тұрғысынан емес, олардың тәжірибелеріндегі алшақтықта екенін түсіндіруге болады деп есептейді. Осы арқылы проблеманы шешу үшін әзірше білім алушылар оқуға «дайын» болғанша күте тұру керек деген қалыптасқан пікірге деген сенімді шайқалтты.

Заманауи ойлау біз білім алушылардың оқу тәжірибесін болжаулы даму кезеңдері аясында шектемеуіміз керек деп санайды. Оның орнына барлық жастағы білім алушылар бай эксперименталдық және әлеуметтік ортамен қамтамасыз етілуге тиіс. Білім алушылар мұғалімдермен және басқа білім алушылармен өзара әрекеттестікте жиі болатын орта олардың ЖАДА-сына (*Жақын арадағы даму аймағы*) сәйкес оқуды қолдауға мүмкіндік береді. Оқудың танымдық теориясы балаларды оқу үдерісінің белсенді қатысушылары деп санайды, сонымен қатар оқу мен дамытуға арналған іс-шаралардың негізгі бөлігіне кішкентай балалар бастама жасауға тиісті деген пікірді ұстанады. Осы теорияны ұстанатын мектептер тиісті орта құра отырып, ерте жасқа арналған оқу бағдарламаларын дайындайды. Мұғалімдер мен ересектер балалармен еркін сөйлеседі, ал оқу бағдарламасына балалар тәжірибесін енгізу арқылы сабақтардың маңызы артқан.

Выготский танымдық қабілетті дамытудағы әлеуметтік өзара әрекеттестіктің маңызын бәрінен бірінші етіп қояды. Зерттеуші Хоу мен Мерсер (2010) бірлескен іс-шаралар ақыл-ой дамуы мен оқуды, сондай-ақ қарым-қатынас жасау дағдыларын арттыратынын көрсетті.

Пиаженің танымдық өзгерістер балалар ересектердің емес, өздерінің құрбы-құдастарының идеяларымен және көзқарастарымен қарсы келіп қалған жағдайда орын алады деген болжамынан бұл құбылыстың бірнеше түсініктемесін көруге болады. Аралас жастағы топтар білім алушыларға анағұрлым жақсы дамыған және нашарлау дамыған құрдастарымен өзара әрекет жасау үшін кең мүмкіндік береді, бұл олардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Хоу мен Мерсер сыныптағы қарым-қатынас сипаты мен онда болып жатқан әлеуметтік үдерістер жетістіктерге себепші болады деп есептейді: бұл ретте мұғалім сыныптағы жалғыз білім көзі емес, көмектесуші адам ретінде барлық білім алушылардың дамуын қолдайды деп көзделеді.

АҚШ-та жүргізілген шағын жинақталған мектеп сыныптарында оқытуды зерделеген зерттеулер мұғалімдерге жас ерекшеліктеріне қарай оқыту мен оқу проблемаларын шешудің жекелеген тәсілдерін ұсынады. Авторлардың пікірі бойынша, бұл мұғалім үшін білім алушылар жеке тұлға болып табылатын

сыныптарда және мұғалімнің кәсіби ойы оқу бағдарламасына емес, білім алушыларды оқыту үдерісіне бағытталған сыныптарда табысты шешімін табуға тиіс. Бұл жағдайда мұғалім әрбір білім алушы үздіксіз, өмір бойы білім алады деп санайды және бұл кезде бар уақытын белгілі жастағы балалар үшін қандай бағдарламаның қолайлы екендігіне жұмсамай, оларға білім алу барысында қолдау көрсетуге тырысады. Аралас жастағы оқуды зерттеу әртүрлі жастағы білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыруда үдерістік тәсілдің қолайлы екендігін көрсетеді.

Бұл мұғалімдердің әрбір білім алушы өзінің даму деңгейіне сәйкес қатыса алатын, барлық балаларды қамтитын ашық тапсырма, тәжірибе мен жоба өткізуін талап етеді. Әртүрлі жастағы табысты сыныптарда мұғалім оқытуды үйлестірушінің рөлін атқарады және «білім беруші» субъекті ретінде әрекет етпейді, қайта оқу үдерісін бағыттайды, толықтырады және қолдайды. Әрбір білім алушының білім алуына көмек көрсету үшін олар білім алушылардың жеке сұраныстарын, дамуы мен мүдделерін білуге тиіс. Яғни *оқу үшін бағалау* әртүрлі жастағыларды табысты оқытудың маңызды құралы болып табылады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен оқуға арналған зерттеулердің негізгі ерекшеліктері олардың оқу сабақтарын балалар үшін қызықты, тартымды және маңызды етуге бағытталуы болып табылады. Мұғалім білім алушылардың не білетінін және қандай жаңа ақпарат қосу керектігін анықтаған жағдайда кіші жастағы балалардың назарын аударуға болатынын атап өткен жөн. Метасананы оқыту жолдарының бірі – өз ойын анық баяндауға үйрету, оны сабақты жоспарлау кезінде және сыныптағы пікірталастар кезінде ескеру болып табылады. Міндет – лексиканы қалыптастыру, біз «Бүгін біз... туралы ойлаймыз», «Бұл сабақ... туралы», «Не туралы ойладық?» деген сауалдарды ойбағдар ретінде ұсына отырып, біздің сабақ беруіміздің сипатын аша түсіп, балаларымыздың өзіндік ойлауы мен түсінігінің кемелденуіне көмектесуге тырысамыз. Пайдаланылған терминдерді түсіндірумен бірге балаларға сол терминдерге өз сөздерімен анықтама беру міндетін де жүктеу керек.

Зерттеулер көрсетіп отырғандай, идея тудыру барысында балалар үшін шығармашылық басты мақсат болуға тиіс. Ересектердің баға бермей, білім алушылардың идеяларын құптауының өзі балаларға көптеген идеяларды өндіруге немесе өзін-өзі бағалаудың келесі кезеңіне ауысуына сеп болады. Балаларда өзін-өзі бағалау қабілеті дамыған сайын идеяларды өндіру және олардың сапалы болуының маңызы арта түседі. Бұл жаста өзін-өзі бағалауға ерекше назар аудару қажет, соған сәйкес балалар өздерінің идея өндіру және оны дәйектеу, сондай-ақ осындай бағалау негізінде өз идеяларын қайта қарау мүмкіндіктерін зерттейді.

Ендігі кезекте қалай оқу керектігін үйрену туралы қарастырайық. Зерттеу көрсетіп отырғандай, оқу – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол білім алушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені. Төменде білім алушының оқуына қажетті және де оларды дамыту үшін мұғалімнің көмегі қажет болатын құзыреттер:

- оқудың қалай жүретінін түсіну, оқудың қолайлы стильдерін назарға алу және өмір бойы өз бетінше оқудың қажеттілігін мойындау және оның әдістерін таңдау;

- ойлануға жүйелі түрде үйрену;
- өзінің шығармашылық таланттарын және оларды барынша жақсы пайдалану жолдарын зерттеу және анықтау;
- оқу үдерісі үшін және өзін-өзі тану әдісі ретінде оқуды жақсы көру;
- тілді, есептеуді жақсы игеру және кеңістіктік ойлау қабілетінің болуы;
- сандық технологиялар саласындағы жоғары құзыреттілік.

Оқыту – мұғалімдердің білім алушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзыреттіліктер білім алу үшін білім алушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Оқу үдерісіне толыққанды қатысу үшін білім алушылар қалай оқу керектігін білулері керек. *«Қалай оқу керектігін үйренудің»* қозғаушы күші *«метатану»* болып табылады. Басқаша айтқанда, оқу бар, бірақ сонымен бірге *оқуды үйрену де* бар. Адамдар ойлауға қабілетті және ойлау туралы ойлануға да қабілетті. Тап осы сияқты *танымдық қабілет* бар да, сол сияқты *танымды тану* да бар.

«Метатануды» индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау қабілеті ретінде сипаттайды. Бейресми түрде, қалай оқу керектігін үйренуді өз бетімен білім алуын ойлау және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдану деуге болады.

Бұл үдерісте мұғалім білім алушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін білім алушылардан қалай оқу керектігін үйрену талап етіледі. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, білім алушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек, соның арқасында білім алушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады.

Негізгі алғышарт мұғалімдердің қолданған әдіс-тәсілдерінің білім алушылардың метатанымдық немесе өздігінен реттелетін оқуын дамытуға ықпал ететіндігі болып табылады. Оқудың элеуметтік-мәдени теориясын дамыту барысында Выготский білім алушының өз бетімен қол жеткізе алмайтын оқу деңгейін ересек немесе «маңызды» (ықпалды) адамның көмегімен қамтамасыз етудегі рөлі туралы жазады; мұндай оқудың элеуметтік көлемі *«Жақын арадағы даму аймағы»* – ЖАДА ретінде анықталды (Vygotsky, 1978). Қолдау көрсететін ересек адам «рефлексиялаушы агент» ретінде жұмыс істей отырып, білім алушының әрекетіне жауап береді және оның оқуының дамуын қамтамасыз етеді. Оқудың дамуы барысында жетекшінің қолдау көрсетуінің түрі мен деңгейі өзгеріп отырады, сонымен бірге түрткі болу, бағытталушылық, дамудың тұжырымдамалық негіздерінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында түрленеді.

Бұл үдерісті Жером Брунер «көпіршелер тұрғызу» деп тауып айтқан. «Көпіршелер тұрғызу» ұғымының метафоралық түрде қолданылуы астарында жетекшінің білім алушыларды біртіндеп тапсырманы аяқтауға «итермелеуінде»

көрініс беретін, үнемі ұлғайып артып отыратын қолдауы деген түсінік жатыр. Жетекшінің білім алушы жетістігіне деген реакциясы да қолдау ретінде қарастырылады. Оқудың дамуы барысында білім алушыға жол көрсету біртіндеп азайтылуы қажет, себебі оқу үдерісін дамыту арқылы оның мәні де айқындала бастайды: оқу тәуелсіз сипат алып, өздігінен реттелетін болады.

Өздігінен реттелетін оқудың үш элементі аса маңызды болып табылады (Perry et al, 2002):

- тапсырмамен жұмыс барысында өздігінен бағытталушылығы;
- білім алушының проблемалар мен мақсаттарды өздігінен айқындауы,
- проблеманы шешу мен мақсатқа жетуге арналған әдіс-тәсілдерді

өздігінен таңдауы.

Таңдалып алынған тапсырмалар өзін-өзі реттеу тәсілдерін жүзеге асыруға ықпал етуі қажет.

Өздігінен реттелу тапсырмаға қызығушылықтың неғұрлым жоғары деңгейіне өтуге ықпал етеді; Перри бастаған зерттеушілер тобы Британ Колумбиясы балабақшасындағы (3 жастағы) балаларға бақылау жүргізудің нәтижесінде бұл іске үлкен үлес қосты. Олар өз бақылауларын мұғалімдерден сұрау алу арқылы толықтыра отырып, балалардың жоспарлау, бақылау, проблемаларды шешу және өзінің оқуын бағалауға белсенді араласу үлгісін жасады. Балаларға таңдау берілді, бұл олардың өз таңдауларын тапсырманың күрделілігімен, өз жұмысын және басқа балалардың жұмысын бағалау жолымен байланысты түсіндіруге мүмкіндік берді. Бақылау жұмыстары балалардың оқу және жазу жұмыстарына қатысты өткізіліп, оқу бағдарламасының өн бойында қолдануға болатын және метатану үдерісі кезінде сөйлеуді дамытуға үлес қосатын тиімді педагогикалық әдіс-тәсілдерді анықтауға көмектесті[12].

Білім алушылардың тәжірибесін пайдалану. Оқу үдерісінің «саналы» болу қажеттілігі туралы тұжырымдар балалардың жеке тәжірибесінің мәдениеті мен құндылығы оқу үдерісінің тиімділігін елеулі түрде айқындайтын маңызды мәнмәтін деп қабылданатындығына негізделген.

Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау. Бағалау арасындағы айырмашылық 1960 жылдардан бастап белгіленген, бірақ, берілген екі терминнің мәні нақты анықталмаған. Бағалаудың екі нысаны да білім беру жүйесіне қажет-ақ. Іс жүзінде бұдан анығырақ айырмашылық жіктеу және есеп беру үшін өткізілетін оқуды бағалау және нақты мақсаты білім алушылардың оқуына ықпал ету болып табылатын *оқу үшін бағалау* арасында жүргізіледі.

Оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған бағалау *қалыптастырушы* немесе *оқу үшін бағалау* (ОҮБ) болып табылады. «Оқу үшін бағалау» дербес тұжырымдама ретінде 1999 жылғы зерттеу нәтижелері туралы мұғалімдерді және әдістеме жасаушыларды ақпараттандыру мақсатымен 1989 жылдан бастап жұмыс жүргізген Ұлыбритания академиктерінен құралған Бағалауды Реформалау Тобының «Оқу үшін бағалау» атты кітабы жарияланғаннан кейін белгілі болды.

Егер бағалау мақсаты баға қою, сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің

функциясы бойынша бұл бағалау *жиынтық бағалау* болып табылады және кейде оны *оқуды бағалау* деп атайды. Жиынтық бағалау білім алушының, мұғалімнің немесе мектептің мәртебесіне немесе болашағына ықпал етуі (яғни, анықтайтын мәнге ие) мүмкін болатын шешімді қабылдау үшін қолданылған жағдайда өлшемдердің сенімділігін қамтамасыз ету керек, бұл ақпараттың мазмұны мен оны қалыптастыру шартын бақылауды белгілейтін арнайы тестілерді қолдану кезінде мүмкін болады.

Бағалаудың мәні. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл жорамал ресми тестілерден және емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау спектріне қатысты.

Бұған қарамастан, бағалау түрлі нысанда болуы мүмкін: бір тест тапсырмалары қолдағы қарындаш пен қағаздың көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- *қадағалау;*
- алынған мәліметтердің *интерпретациясы;*
- бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған *қорытынды.*

а) Қадағалау. Қадағалауды өткізу үшін білім алушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олар қандай қиындықтармен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет.

Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған білім алушыларды *қадағалау* немесе олардың орындаған сынып және үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпаратты алудың ерекше ойластырылған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін. Жазбаша тапсырма немесе тест жоғарыда айтылған мақсаттарды іске асыра алады, бірақ кей жағдайларда дұрыс таңдалған ауызша сұрақтың өзі де тиімді болып шығуы мүмкін. Білім алушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Басқа сөзбен айтқанда, бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі қажет.

ә) Интерпретация қызығушылық тудыратын мәселелерге, мәселен, ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе *критерий* деп атап, оларды оқыту мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Әдетте, бағалау бөлігі ретіндегі қадағалау алдын ала қалыптастырылған өлшемдер бойынша жүргізіледі, бірақ кейде мұғалімдер жоспарланбаған өзара әрекеттесушілікті немесе нәтижелерді бақылайды және өткенді шолу өлшемдерін қолданады. Интерпретацияның көмегімен мінез-құлықты сипаттауға немесе түсіндіруге талпынуға болар; немесе мінез-құлыққа қарап логикалық қорытынды жасауға болады, мысалы, бала айтқан нәрсе оның санамен ойлауының нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты интерпретацияны кейде *логикалық қорытынды* деп атайды.

б) Қорытынды. Мәліметтерді интерпретациялау негізінде *қорытынды* жасалады, ол бағалауды көздейді. Бұл кезеңде бағалау үдерісі ақпараттың қолдану мақсаты мен міндеттеріне сәйкес әртүрлі нысанда жүргізіледі.

Оқуды бағалау немесе жиынтық бағалау. Оқуды бағалаудың мақсаты, керісінше, білім алушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Негізінен, ол тікелей келешек оқытуға үлес қосуға бағытталмаған, оның үстіне маңызды мәні бар тестілеу оқыту үдерісіне кері әсерін тигізуі мүмкін (Assessment Reform Group, 2002b). Оқуды бағалау кезінде бір білім алушының жетістіктерінің белгіленген нормалармен немесе бірдей жастағы білім алушылар тобының қол жеткізген деңгейімен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке *«сәйкес/сәйкес емес»* деген нысанда жасалады.

Оқу үшін бағалау немесе қалыптастырушы бағалау. Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпретация және өлшемдер *оқуды бағалау* кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады. Негізінен, ОҮБ балалар оқыту үдерісінің қандай кезеңінде екенін, әсіресе олардың мықты және әлсіз жақтарының сипаты мен себептері қандай екендігі туралы алынған мәліметтерге басты назар аудартады. Осылайша, ОҮБ қорытындысы бұдан әрі дамыту үшін олардың не істеуі мүмкін екендігіне негізделген.

Бағалауды реформалау тобы оқу үшін бағалауға мынадай анықтама береді:

Оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін білім алушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі.

Берілген анықтаманың маңызды элементтерінің бірі *білім алушылардың деректерді қолдануына* баса назар аударту болып табылады. Бұл жерде мұғалімдер жалғыз бағалаушы тұлға болмайтындығына назар аударылады. Білім алушылар өздерінің сыныптастарын және өздерін бағалауға тартылуы қажет, мұғалімдер бағалауды белсенді жүргізген кезде, бұл үдеріске білім алушылар да белсенді қатысуы керек.

Талпынғандар ғана білім ала алады. Білім алушылар өз білімін арттыру үшін бағалауды үйренуі қажет, сондықтан білім алушыларға өзінің оқуын жақсарту үшін кері байланыс арқылы алынған ақпаратқа сәйкес жұмыс істеу қажет. Бұл олардан түсінушілікті, қызығушылықты және ықыласпен әрекет етуді қажет етеді. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды да, өзекті.

Жиынтық мәліметтерді білім беру құралы ретінде пайдалану. Білім алушылар тобынан жүйелі түрде жиналатын балдар мен деңгейлер әдетте «мәліметтер» деп аталады. Жинақталған жиынтық мәліметтер мұғалімдердің жұмыс үлгісін сәйкестендіруіне және күтілетін деңгейден жоғары немесе төмен дәрежеде жұмыс істейтін топтарға ерекше назар аударуына ықпал етеді. Білім алушылардың білім жетістіктерін бағалау жөніндегі халықаралық бағдарлама (PISA) және ЭЫДҰ сияқты халықаралық зерттеулер қатысушы-елдерден білім алушылар міндетті оқыту курсы аяқтаған соң игерген, қоғам өміріне толыққанды

қатысу үшін қажетті білім мен икемділік қандай дәрежеде екендігі туралы «мәліметтерді» жинақтауға бағытталған. Дегенмен, мұндай «мәліметтердің» жинақтау әдістемесін біліп, келтірілген қорытындыларға қайтадан талдау жүргізу қажет.

Сонымен қатар мектептер алдағы нәтижелерге қалай қол жеткізілгенін біліп, одан кейінгі іс-әрекеттерін жоспарлау үшін де «мәлімет» жинайды. Осылайша, жеке білім алушы деңгейінде жиынтық бағалау жетістіктер деңгейін және білім алушының әрі қарай дамуы үшін мақсат ретінде берілетін кейінгі деңгейлерді анықтау үшін қолданылады. Бірақ, бұдан кейінгі кезеңдерде білім алушыларды қолдауды қамтамасыз ету басты міндет болатын болса, онда балл мен деңгейлерді анықтау үшін ұсынылатын негіздемелер мен өлшемдер міндетті түрде аса мұқият зерделенуге тиіс. Орындалған тапсырманың негізгі аспектілеріне қатысты сапалы ақпарат білім алушылармен кері байланыс үшін қолданылу мүмкін екендігін ұмытпау керек. Мысалы, егер балаға оның белгілі деңгейге жеткендігін айтса, бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл үшін баламен бірлесіп ненің нәтижесінде мұндай баға алғандығын және бағалау өлшемдерін түсіндіріп, талдау жасаса, бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда (сандық түрдегі) жиынтық бағалау басты мәселе емес, сондықтан мұғалім оларға негіз болған мәліметтерге (қадағалау және интерпретация) қайтып оралады. Одан кейін мұғалім бұл мәліметтер білім алушының оқу деңгейін қалай анықтайтындығы туралы, оған қандай деңгейге жету керек және мұны қалай жасау керек екендігі туралы *қалыптастырушы* қорытынды (ауызша түрде) ұсынады.

Бағалау сипатын өзгерту арқылы *оқуды бағалау оқу үшін бағалауға* ауыстырылуы мүмкін. Алайда бұл тікелей оқуға үлес қосатын мәліметтерді алу үшін жоспарланбағандықтан, оқу үшін бағалауды ескере отырып жоспарланған бағалаумен салыстырғанда, бұл бағалау қолданылған мақсат үшін онша сәйкес келмеуі мүмкін. Мұғалім жүргізетін жиынтық бағалауға қарағанда сыртқы тестілер одан да бетер проблемалы болып табылады, себебі мұғалімдерде бұл балдар мен деңгейлерге негіз болған мәліметтерді алуға үнемі мүмкіндік бола бермейді, оның үстіне мұғалім *жиі кездесетін қателер талдауын* қолдана алады.

Диалогтік оқыту. Қазірдің өзінде сыныптағы білім алушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін дәлелдер жеткілікті. Олар:

- білім алушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- білім алушылардың басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын түсінуіне көмектеседі;
- білім алушыларға өз идеяларын дәлелдеуге көмектеседі;
- мұғалімдерге білім алушыларды оқыту барысында олардың білім алушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі.

Көп жағдайда сыныптағы талқылау мұғалімнің басқаруымен тақырып төңірегінде, білім алушының дұрыстап және орнымен нені, қашан және қалай айту қажеттігі сипатында болады. Көптеген сыныптарда білім алушылардың әңгімеге қатысуға құқықтары шамалы. Мәселен, мұғалімге: «Бұл көзқарас

қызықты екен» деп айтады-ау деп білім алушылардан күтуге болмас. Зерттеу көрсетіп отырғандай, мұғалім сұхбатты бақылап, маңызды сұрақ қойып, білім алушылардың жауаптарын қайталап және мадақтап отыратын сыныптағы қалыпты әңгіме стилі білім алушылардың ойлау деңгейлерін де, сөйлеу дағдыларын да дамыта алмайды.

Мерсер (2005) құрдастар тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдеп шыққан. Білім алушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім – білім алушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға тартылады, осылайша, негізделген дәлелдер ұсынып, қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болады.

Тіл – тәжірибені ұжымдық қабылдаудың негізгі құралы. Негізінде, білім алу диалог арқылы беріледі де, білім алушылардың сабақта түрлі жұмыстарды орындау кезінде өзара байланыс пен келісушілікті қабылдау деңгейін білдіретін қызметтің диалогпен қалайша жанасатынына байланысты болады. Мұғаліммен және басқа білім алушылармен әңгімелесу – білім алушының қызмет белсенділігін қамтамасыз ететін және түсінігін дамытатын маңызды құрал. Александер (2008) диалог түрінде оқыту білім алушыларды ынталандыру және дамыту үшін әңгіме күшін қолдануға мүмкіндік береді деп санайды. Александердің пайымдауынша, диалог арқылы мұғалімдер күнделікті ойталқыларда «саламатты» келешек мүмкіндіктерін анықтап, білім алушылардың дамып келе жатқан идеяларымен жұмыс істеуіне және түсінбеушілікті жеңе білулеріне көмектесе алады. Білім алушыларға сыныпта әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілген және кеңейтілген диалогтерге қатысуға мүмкіндік берілгенде, олар өзіндік жеке түсініктерінің өрісін зерттей алады. Бұл мүмкіндіктер олардың тілді білімді құру құралы ретінде қолданудың жаңа тәсілдерін тәжірибеден өткізуге жол ашады.

Александер (2004) оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екіжақты бағытта жүріп, соның негізінде білім алушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс деп тұжырымдайды. Диалог барысында білім алушылар (сонымен қатар олардың мұғалімдері де) келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай, білімді бірлесіп алуда немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестер болып табылады. Бірлесіп ойлау білім алушылармен диалог құру арқылы іске асады, дегенмен оны білім алушылар бірлескен зерттеу барысында да анықтай алады[12].

Мерсердің зерттеуіне сәйкес, әңгімелесу білім алушылардың оқуының ажырамас бөлшегі болып табылады. Ғалым әңгіменің үш түрін ажыратып, сипаттама берген:

- Әңгіме-дебат;
- Кумулятивтік әңгіме;
- Зерттеушілік әңгіме.

Әңгіме-дебат барысында:
1) ой-пікірлерде үлкен алшақтық

Кумулятивтік әңгіме барысында
байқалатын жайлар:

болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
2) ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
3) қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады;
4) Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.

1) айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді;
2) әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылар өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды;
3) идея қайталанатын және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме жүргізілу үстінде:

1) әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
2) әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
3) қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
4) қатысушылар сұрақ қояды және айтқандарын дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме «көрінеді»;
5) топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады (олар келісімге келуі де, келмеуі де мүмкін, ең бастысы – келісімге ұмтылу).

Көптеген талқылаулар, әдетте, әртүрлі әңгіме түрлерінен құралады. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жету аясындағы табысты талқылауларда *әңгіменің зерттеушілік түрі* басымдыққа ие болады.

Зерттеушілік әңгіме. Зерттеу жұмыстарын талдау барысында білім алушылардың білім алуы, тыңдауы және сөйлеуі арасында байланыс бар екені анықталды. Барнс (1976) пен Мерсердің (2000) айтуынша, зерттеушілік әңгіме – мұғалімдердің білім алушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын әңгіменің түрі. Зерттеушілік әңгіме барысында білім алушылар өз сыныптастарымен шағын топтарда жұмыс істейді. Оларда ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша бірлескен түсінік қалыптастырады; идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді; ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады. Басқаша айтқанда, білім алушылар бірге ойланады. Білім алушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда, өз ойларын дауыстап айтады; болжамдар ұсынып, талқылайды. Талқылау кезінде олар «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді.

Осындай сценарий бойынша білім алушылар бір-бірін тыңдап, өз жауаптарын талдайды. Бұлай жұмыс істеген білім алушылардың дәлелдері пікір алмасудың нәтижесі болып шығады. Алайда, бұл әңгіме олар үшін қалыптағы дүние емес, сол себепті де мұғалімдер бірігіп істеген жұмыстың құндылығын түсінулеріне көмектесу керек[12].

Оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Жалпы ақпараттық-коммуникативтік технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс-әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу-тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

Ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы мұғалім білім алушының интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқа да адами келбетінің қалыптастыруына игі әсерін тигізеді.

Ақпараттық технология – ізденімпаздыққа үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген ғасырда ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құзыреттілігін арттырып, пайдалану арқылы ғылымның кез келген саласын жылдам дамытып, одан нақты тиімді нәтиже алуымызға болады.

Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану өте тиімді [13].

«Қазақ тілі» оқу пәнін оқыту процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасалуы қажет.

Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ құрамында түрлі бағдарламалық-техникалық құралдар болады, олар алға қойылған педагогикалық мақсатты шешуге бағытталады. Педагогикалық мақсат қазақ тілін оқытудың белгілі бір саласына байланысты болады және оқушылардың белгілі бір өзара ынтымақтасқан оқу-танымдық әрекетін дамыту көзделеді. Қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын АКТ бірнеше параметрлер бойынша жіктеледі.

Белгілі бір педагогикалық міндеттерді шешуге байланысты қолданылуы:

- қазақ тілінен базалық білім беруді мүмкін ететін құралдар – электрондық оқулықтар мен оқу құралдары, оқыту жүйелері, білімді бақылау мен тексеру жүйелері;

- практикалық тұрғыдан дайындалуға арналған құралдар - электрондық жаттығулар, виртуалды қазақ тілі сабақтары, тілдік тренажерлер;

- қосымша оқу құралдары – электрондық энциклопедиялар, хрестоматиялар, компьютерлік тілдік ойындар, қашықтан оқыту жүйесі.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытында және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың дағдылары арқылы қалыптасады.

Оқушылар жалпы білім беретін негізгі мектеп бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын жетілдіре және бағалай отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады. Бұл «Қазақ тілі» бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- онлайн сабақтар арқылы инновациялық әдістер мен ақпараттық технологияларды қолданады;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, жетілдіреді, зерттейді, бағалайды және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді;

- АКТ арқылы қажетті ақпаратты таңдай алады.

Сондықтан сабақтың оқу мақсатына жету үшін мұғалімге пәнді оқытуды ұйымдастыруда мазмұнға сәйкес әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білу ұсынылады.

Қазақ тілі сабақтарына дайындық жұмыстарын жүргізу

1. Негізгі, базалық лексика-грамматикалық деректерді нақтылап алу;

2. Бұрын өткен сабақтардан тағы қайталауға тиісті материалдарды (негізінен грамматикалық) анықтап алу;

3. Сабақтарда сезімдеріне үйлесімді әсер ететін көрнекілік тәсілін қолданылады және бейнелі көрнекіліктерді, жағдаяттық жаттығуларды, әсіресе, рөлдік ойындарды орындау кезінде оқушылардың тәжірибесі мен қиялы көз алдына елестетумен байланысты дамытылады. Ж.Аймауытов: «Көзге көрсетілмей ұғындырылғанның бәрі мағынасыз бос сықылды». «Көз көрмегеннің бәрі бекер» дейді жұрт. Балаға үйретілген нәрсенің өзі, болмаса, оның тұрпаты көрсетіліп, ұғым беріледі. «Көрнекі оқыту деп осыны айтады» - Соған байланысты жаңа сабақты меңгерту үшін көрнекілік құралдар (слайдтар, диафильмдер, суреттер, карточкалар, сызбалар, модельдер т.б.) дайындап алу қажет;

4. Жаңа сабақта қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық құралдарды (компьютерлер, электронды тақта, веб-проектор, компьютерлік, мультимедиялық оқу, тексеру, ойын, тренжерлық бағдарламалары т.б.) сайлап алу;

5. Өтетін жаңа грамматикалық тақырыпқа байланысты білімді бекіту үшін бірнеше қатысымдық жағдаяттық ойын түрлерін дайындап алу;

6. Берілген әрбір жаттығуды қатысымдық талаптарға сай орындату жолдарын ойластырып алу;

7. Сабақ барысында кездесетін жекеленген дыбыстарды дұрыс айту дағдысын қалыптастыру үшін бірнеше ойындар, өлең немесе ән т.б. дайындап алы;

8. Әрбір оқушыға лайықтап жеке қатысымдық тапсырмаларды сұрыптап алу. Жұптық, топтық тапсырмаларды орындату кезінде оның қатысушы мүшелерін үнемі ауыстырып отыру қажет;

9. Үйге қандай тапсырма беру керектігін (нақты орындайтын жаттығуды, қандай тақырыпта шағын шығарма жазуды) анықтап алу керек. Үйге берілетін тапсырмалар қызықты, әсерлі болуы тиіс. Мысалы, белгісіз өткеншақты оқыған кезде – «Өзің көрген бір түсіңді әңгімелеп бер» немесе шартты райды оқыған

кезде – «Мен бастық болсам, не істер едім?» тақырыптарында шығарма жазып кел т.с.с. тапсырмалар;

10.Сабақтың толық жоспарын жасау, яғни орындалатын жұмыстардың ретін, әрқайсысына қанша уақыт бөлу керек екендігін нақтылап алу. Жоғарыда аталған жұмыстардың түрлері сабақ жоспарын құрайды. Мұғалім әр сабақтың алдында мақсатты түрде аталған жұмыстардың барлығын ниянақты орындап отырса, ол сабақтың қызықты да сапалы өтуіне жағдай жасайды. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа деген ынталары арта береді.

Қазақ тілі сабақтарын жүргізу жолдары

1. Сабақты тым ресмилендірмей, күнделікті қарым-қатынас кезіндегі тәрізді өткізу қажет. Ол негізінен оқытушының сабаққа дайындығына, кәсіби шеберлігіне байланысты жүзеге асады. Топпен жақсы таныс, материалды мүлтіксіз меңгерген оқытушының сабағы неғұрлым қызықты өтеді;

2. Сабақ әрқашанда жоғары көңіл-күймен басталуы керек. Оқытушының сабақтың басында оқушылармен сәлемдесуі, қызу әңгімеге шақыруы оқушылардың көңілін сергітеді, сенімдерін тудырады;

3. Сабақтың жүргізілу ырғағы өте маңызды. Ол жеткілікті дәрежеде жоғары болуы тиіс, алайда, сабақтың басынан аяғына дейін бірдей дәрежеде болмайды. Неғұрлым белсендіру керек екен деп, оқытушының күші сарқылып, тіл үйренушіге тым артық күш түсіріп алудан аулақ болу керек. Ырғақтың баяулауы мен жылдамдауы аралас түрде келіп отыруы қажет. Қызу пікірталастан кейін тыныш грамматикалық ойындар кезектесіп келіп отыруын қадағалаған жөн;

4. Тілдік жағдаятқа байланысты берілген тапсырмалар тіл үйренушіге шынайы өмірдегідей әсер етуі тиіс;

5. Оқушылар тапсырмаларды орындап болған кезде, оқытушы өзінің қорытынды пікірін білдіреді, олардың шамалы жетістіктерінің өзін мақтап, көтермелеп отырады;

6. Сабақ барысында оқытушы оқушылардың белсенділіктерінің төмендеуін, жағымды эмоционалды тонустарының сақталуын қадағалап отыруы қажет. Ал белсенділіктерінің төмендеуі байқалған жағдайда, қысқа үзіліс жариялап немесе ән айтқызып, ойындар ұйымдастырып жіберуі керек;

7. Оқытушы оқушылардың жіберген қателіктерін ептілікпен түзетіп отыруы керек;

8. Оқушылардың үй тапсырмасын орындауларын, тілдік портфельдерін толықтырып отыруларын тексеруді әр сабақтың басында әдетке айналдыру қажет. Себебі, тек қатаң бақылау, тексеру болған жерде ғана сапалы нәтижеге қол жеткізуге болады[6].

Сабақты талдау схемасы(шамамен)

1.Жалпы мағлұматтар: сынып, тақырып, мақсаттар, сабақтың түрі, құрылымы.

2.Сабақтың басталуы (ұйымдастыру кезеңі): формасы, ұзақтығы, тиімділігі.

3.Үй жұмысын тексеру: тапсырманың және оны тексерудің мақсаты. Қалай тексерілді? Кімнің орындамағаны несесе қандай себептермен орындамағаны анықталды ма? Оған мұғалімнің реакциясы. Үй жұмысын тексерудің ұзақтылығы, тиімділігі.

4.Сұрау (фронтальды, дара және т.с.с). Сұрақтар мен тапсырмалардың қойылуы мен мазмұны. Бағалар қалай қойылды? (Кімге? Қандай? Не үшін?). Қойылған бағаның оқушының білім деңгейі мен біліктілігіне сәйкестігі. Мұғалімнің дұрыс және бұрыс жауаптарға әсері.

5. Жаңа материалды оқу (егер жоспарланған болса, онда ол сабақтың ең негізгі түйіні). Оқушылардың алдында сабақтың мақсаты қойылды ма? (Жалпы мұғалім сабақтың мақсатын қойып, оның кезеңдерін оқушылар алдында көрсете алды ма?) Жаңа материалдың мазмұны мен көлемі. Баяндау әдісі. Көрнекі құралдарды қолдану (орындылығы, жеткіліктілігі, сапасы). Тақтадағы және дәптерлердегі жазулар мен суреттер. Оқулық пен жұмыс, оның қажеттілігі мен тиімділігі, сабақтың негізгі маңызды жерін бөліп көрсету.

6. Оқығанды баянды ету. Оның қорытындысы неде? Сұрақтардың, есептердің таңдап алынуы және олардың көлемі (мақсаттылығы), есептермен жұмыс жасау әдісі. Өзіндік жұмыс болды ма? Оның ұйымдастырылуы, мақсаты. Оқушылардың жаңа материалды жете түсіне алғандықтары туралы айту мүмкін бе?

Егер болса, онда ненің меңгерілгенін, ненің қиыншылық туғызғанын және не себептен екенін сипаттау. Оқылған материал бойынша қорытынды жаслды ма?

7. Келесі сабаққа тапсырма. Қашан (дер кезінде ме?) және қалай берілді? Оның мақсаты? Мазмұны және көлемі (саралылығы). Оның орындауға кететін уақыты шамамен бағалау. Оқушылардың тапсырманы түсінгеніне мұғалімнің көзі жетті ме? Тапсырманы орындау сабақтың мазмұны және әдістемесімен қамтамасыз етілді ме? Тапсырманы орындау сабақтың мазмұны және әдістемесімен қамтамасыз етілді ме?

8. Мұғалім сабақты қалай аяқтады? (дер кезінде, ұйымшылдықпен), сабақтың бағасы (қорытынды шығару).

«Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері туралы сөз қозғалатын болса, ең алдымен, «оқытуды ұйымдастыру формасы» ұғымының мәнін ашу қажет.


Оқытуды ұйымдастыру формасы – белгілі бір тәртіп пен режим негізінде жүзеге асырылатын оқыту процесін ұйымдатыру тәсілі, оқыту процесінің міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен білім алушылардың іс-әрекеттерінің сыртқы көрінісі. Ұйымдастыру формасында оқытудың мақсаты, мазмұны мен әдістері бірыңғай жүзеге асады.

Г. Усмановтың «Педагогика» атты оқулығында: «Оқытуды ұйымдастыру формасы дегеніміз – бұл мұғалім мен білім алушылардың оқу әрекетіне қолайлы жағдай жасау үшін арнайы ұйымдастырылған белгілі бір тәртіппен өтілетін жұмыс» деп қарастырылады [14].

Педагогика тарихында ұлы педагогтердің тұжырымдары және оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдері белгілі. Оның дамып, жетілуі қоғамның қажеттілігі мен сұраныстың талап-мүддесіне қатысты (8-сызба). Оқытуды ұйымдастырудың формалары әртүрлі өлшемдер бойынша классификацияланады:

- білім алушылардың санына қарай: *бұқаралық, ұжымдық, топтық, шағын топтық, жекелік;*
- оқу орнына қарай: *мектептік және мектептен тыс формалар;*

- мектептік оқыту формалары: сабақтар, шеберханада, мектеп жанындағы тәжірибе участкісінде, лабораториядағы т.б. жұмыс;
- оқыту уақытының ұзақтығына қарай; сыныптағы сабақ /40 минут/, қосарланған сабақ /80 минут/, әртүрлі ұзақтықтағы сабақтар.



8-сызба. Оқытуды ұйымдастыру формасы

Қазіргі заманда еліміз мектептері тәжірибесінде оқушыларға келелі тәлім-тәрбие берудің бірден-бір формасы да, құралы да – сабақ өз маңызын жойған емес.

Сабақ – оқу процесін ұйымдастырудың ең тиімді формасы. Бұл оқу барысында педагог дәл белгіленген уақыт аралығында оқушылардың тұрақты тобымен (сыныбымен) шәкірттерге игерілуі тиіс пән негіздерін қабылдауына тиімді жағдайлар жасап, қажетті жұмыс түрлерін, құрал-жабдықтары мен әдістерін қолданып, танымдық және басқа да іс-әрекеттерді ұйымдастырады, онымен бірге оқушыларды тәрбиелеп, олардың шығармашыл қабілеттері мен рухани күштерінің көзін ашып, жетілдіріп, дамыта түседі.

Әр сабақ негізгі бірліктерден құралады. Олар – жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, білім, ептілік, дағдыларды тексеру. Бұлардың әрбірі мұғалім мен оқушының қандай да өзіндік сипатына ие іс-әрекетімен ұштасады. Аталған бірліктер сан қилы байланысқа түсіп, сабақ құрылымының, оның кезеңдері арасындағы көптеген сан және сападағы көрініс береді.

Сабақ құрылымы – бұл белгілі біріділікті және өзара қарым-қатынасқа келген дәріс бірліктерінің байланыс тұтастығы. Құрылым әрқашан дидактикалық мақсатқа, оқу материалының мазмұнына, оқушылардың жас айырмашылықтары мен ұжым сипатындағы сынып ерекшеліктеріне тәуелді. Сабақ құрылымының көптүрлілігі сабақ типтерінің де сан алуандығына жол ашады.

Бүгінгі дидактикада сабақ типтерінің жалпылай қабылданған нақты классификациясы жоқ. Мұның басты себебі – сабақта мұғалім мен оқушы арасындағы өзара байланысқа түсетін ықпалдас іс-әрекеттердің алдын ала болжамға келе бермейтін күрделілігі мен көп тараптылығында.

Бүгінгі дидактика сабақ типтерін олардың басты сипатына орай төмендегіше топтастырады:

дидактикалық мақсаттарға байланысты сабақ типтері:

- жаңа білім материалын хабарлау;
- білімді бекіту;
- ептіліктер мен дағдыларды қалыптастырып, бекіту;
- қорытындылау;
- білім, ептілік және дағдыларды тексеру (бақылау) сабағы.

Оқу дәрістерін өткізу тәсілі бойынша сабақ типтері:

- оқу саяхаттары;
- кино-теле-сабақтар;
- өзіндік жұмыс сабақтары және т.б.

Дәріс бірліктерінің басымдылығын негізге алған арнайы сабақ типтері:

- жаңа материалды игеру;
- бекіту;
- қайталау;
- білімді бақылау, тексеру.

Егер арнайы сабақ типтерінің мақсаттары мен жұмыс түрлері не олардың элементтері бір дәрісте тоғысатын болса, ондай сабақты аралас сабақ деп атау қабылданған.

Сабақтан басқа да, оқуды ұйымдастырудың әртүрлі формасы баршылық. 10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формаларына *дәріс, семинар, экскурсия, факультатив, үйірме, үйдегі оқу жұмысы, конференция, т.б.* сабақтарын жатқызуға болады.

Енді осы оқытуды ұйымдастырудың әр формасына жеке тоқталайық.

Дәріс (лат. «lection» - оқу) – педагогика бойынша оқу сабағының классикалық формасы. Оның дидактикалық мақсаты білім алушылардың оқу материалын терең меңгеруі үшін бағыт беретін негізді қалыптастыру болып табылады.

Дәрістің мақсаты – білім алушылардың белсенді зейінін дамыту, оларда ой қозғалысын тудыру.

Дәрістердің негізгі дидактикалық қызметтеріне: *ақпараттық, бағыт-бағдарлық, түсіндірушілік, жүйелеушілік, дамытушылық, эмоционалды-ынталандырушылық* қызметтері жатады.

➤ *Ақпараттық* қызмет ғылымда өз шешімін тапқан немесе әлі де шешіліп жатқан жекелеген даулы мәселелермен, сондай-ақ педагогикалық ғылымдардың соңғы жетістіктерімен таныстырады.

➤ *Бағыт-бағдарлық* қызмет білім алушыларға дәріс кезінде берілген ғылыми еңбектер мен оқу құралдарының мол тандауымен танысуға көмек ретінде беріледі, олар әдебиеттермен танысу арқылы оқу материалын игеру үдерісін жеңілдеті түседі.

➤ *Түсіндірушілік* қызмет білім алушылардың ұғымдар мен түсініктердің ғылыми түсінігін дәлме-дәл түрде меңгеруіне бағытталған.

➤ *Жүйелеушілік* қызмет дәріс барысында берілетін жинақталған түрдегі жаңа білімді береді.

➤ *Дамытушылық* қызмет білім алушылардың ойлау іс-әрекетін ынталандырып, таным үдерістерін белсендендіреді, ерік-жігері мен ынтасын дамыта түседі.

➤ *Эмоционалды-ынталандырушылық* қызмет білім алушылардың оқылатын материалға, тақырыпқа деген қызығушылықтарын қалыптастырумен байланысты.

Құрылымдық жағынан, әдетте, дәріс үш бөлімнен тұрады, олар: *кіріспе*, *негізгі және қорытынды* бөлімдері.

Кіріспе бөлімде тақырып нақтыланады, жоспар мен міндеттер таныстырылады, негізгі және қосымша әдебиеттер көрсетіледі, өтілген материалдармен байланыстар түзіледі, тақырыптың теориялық және практикалық маңызы сипатталады.

Негізгі бөлімде проблема мазмұны ашылып, өзекті идеялар мен ұстанымдар нақтыланады, арасындағы байланыстар, қатынастар көрсетіліп, құбылыстар талданады, қалыптасқан тәжірибе мен ғылыми зерттеулерге баға беріледі, даму болашағы жөнінде жол - жоба анықталады.

Қорытынды бөлім қызметтерінің мәні – мазмұн нақтылы үйретіліп, негізгі теориялық көзқарастар қысқаша қайталанып, жалпыланады, қорытынды ой-сөз жүйесіне келтіріліп, сұрақтарға жауаптар беріледі.

Дәрістің артықшылығы:

1. білім алушының аудиториямен шығармашылық қарым-қатынас жасауы, шығармашылықпен айналысу, эмоционалдық өзара әрекеттесу;

2. білім негіздерін жалпы түрде алудың ең үнемді тәсілі;

3. дұрыс ұғынылып, мұқият тыңдалған жағдайда білім алушының ақыл-ой әрекетін белсендендіреді.

Дәрістің артықшылықтарымен қатар, кейбір дидактикалық кемшіліктері бар, оларды да атап өткен жөн:

1. монологтылығы;

2. оқу материалын игеру деңгейін жедел түрде бақылауды жүзеге асыру мүмкін еместігі;

3. жекелеген амалды іске асыру мүмкіндігінің шектеулі болуы.

Осындай кемшіліктерді жою үшін дәріс берудің жаңа жолдары қарастырылып, дәрістердің төмендегідей түрлері анықталды:

Нұсқау беру дәрісі – оқу материалын меңгеруге қатысты негізгі ережелермен танысу, білім алушылардың бөлім (тақырып) бойынша күрделі тақырыптар мен сұрақтарға назарларын аудару.

Кіріспе дәріс – білім алушыларды жаңа тақырыппен таныстыруға бағыттайтын оқу пәніне байланысты ең алғашқы түсініктерін қалыптастыру.

Ақпарат дәрісі (дәстүрлі) – ғылыми ақпаратты білім алушыларға баяндау және түсіндіру, түсіндірме-көрнекілік әдісімен өткізілетін дәстүрлі оқыту.

Проблемалық дәріс – проблемалық ситуацияларды шешуде әртүрлі көзқарастар салыстырылатын оқыту, білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін, шығармашылық қабілеттерін проблемалық сұрақтар, проблемалық міндеттер қою немесе проблемалық жағдаяттар туғызу арқылы дамыту.

Жалпылау дәрісі – білім алушыларды төмен танымдық деңгейден жоғары деңгейге ауыстыру, оқу материалын меңгерудің тереңдігі мен сипатын анықтау.

Шолу дәрісі – ғылыми білімді жүйелеу, теориялық ережелерді құру.

Визуалды (көру) дәрісі – вербальды-визуалды түрде оқу материалдарын техникалық құралдар немесе аудиобейне техника көмегімен беру.

Бинарлы дәріс – оқу материалын жүйелі, әр аспектіде пәнаралық байланыс тұрғысынан беру.

Алдын-ала жоспарланған қателерімен дәріс – оқу материалының мазмұнына алдын-ала енгізілген қателерді білім алушылар міндетті дәріс барысында белгілеп алып, дәріс соңында атап көрсету.

Пресс-конференция дәрісі – белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың құрастырған сұрақтарының мазмұнына байланысты топтастыра отырып дәріс оқу. Материалды беру тек сұрақтарға жауап беруден тұрмайды, өзара байланысқан тақырыпты ашатын толық дәріс үлгісінде болады. Дәріс соңында мұғалім білім алушылар білімінің көрінісі ретінде сұрақтарды бағалайды [15].

Дәріс сабақтарынан кейінгі кең тараған түрі – *семинар*. Семинар жоғары сыныптарда, өтілген лекциялардағы өзекті мәселені талқылау үшін ұйымдастырылады.

Семинар туралы нақты мәлімет беретін болсақ, бұл латын тілінен енген «seminarium» сөзі, қазақ тіліне «көшет, егу» деп аударылады, білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру формасы болып табылады. Ол бекітуге арналған, сонымен қатар өз бетімен алған білімдерді тексеру мен бағалау тәсілі.

Семинар – меңгеріліп жатқан мәселелер, баяндамалар мен рефераттарды ұжымдық талқылау формасында өтетін оқу дәрісі. Семинарлардың басқа сабақтардан өзгешелігі - білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттері көбіне олардың өзіндік жұмыстары негізінде ұйымдастырылады. Семинар желісінде тұңғыш дерек көздерінен, құжаттардан, қосымша әдебиеттерден, оқудан тыс ізденістер барысында алынған білім алушылардың білімдері тереңдетіледі, жүйеге келтіріледі және бақыланады; дүниетанымдық бағыт-ұстанымдары , бағалау-сұрыптау ой-пікірлері жүйелі бекімге келтіріледі.

Семинар сабақтарының басты мақсаты – білім алушыларға зерттелетін саланың ерекшеліктеріне сәйкес теориялық білімді қолданудың іскерлігі мен дағдыларын меңгеру мүмкіндігін беру. Мұғалім семинар барысында білімді қайталау және бекіту, бақылау, педагогикалық қарым-қатынас орнату сияқты міндеттерді шешеді.

Қазақ тілінен өтілетін семинар-сабақ оқушылар білімін тереңдету мақсатында жүргізіледі. Семинар білім мен білікті және дағдыны толықтыра түседі. Сабақты семинар түрінде жүргізгенде: 1) оқушылардың білігі молаяды; 2) оқығандарының ішінен қажетті объектіні тандап алуға жаттығады; 3) қаралып отырған мәселеге жеке басының көзқарасын білдіреді; 4) өз пікірін емін-еркін баяндап айтып беруге дағдыланады; 5) талқыланып отырған мәселені дұрыс бағалап, дұрыс айту мен дұрыс жазуда жіберілген кемістіктерді ортаға салады. Сонымен бірге семинар сабағына қойылатын мынадай негізгі талаптарды жіті ескерген жөн: семинар-сабақ белгілі бір жоспар негізінде өткізілуі тиіс; семинар сабағының объектісі анық болуы қажет; талқыланатын сұрақтар неғұрлым дәл

болуы абзал. Семинар пікірталас туғызатын дәрежеде өтілуі тиіс; айтылған әдебиеттердің түгел қамтылуы қажет[16].

Семинар-сабағы сұрақ-жауап түрінде өтеді, баяндама тыңдалады, хабарлама жасалады. Семинардың тақырыбы, сұрақтары мен әдебиеттер тізімі білім алушыларға ерте беріледі. Семинарда сұрақтар ретімен талқыланады, білім алушылар өз пікірлерін айтады, тыңдайды, сұрақ қояды, пікір алмастырады. Тақырыпқа байланысты баяндама, реферат дайындауға болады. Ғылыми материалдармен өздік жұмысы жүргізіледі. Семинар-сабағы өздік жұмыстарға баулиды, баяндама жасауға дағдыландырады, қосымша материалдарды іріктеуге үйретеді. Семинар-сабағын тақырыпты қайталаған, қорытындылаған кезде және шолу тақырыптарында өту тиімді.

Семинардың тағы бір түрінде сұрақтарды білім алушылар өзара бөліп алып, баяндама дайындайды. Сабақта баяндамалар тыңдалып, талқыланады. Семинардың ендігі бір түрі сөзжарыста қандай да бір проблема талқыланады. Сөзжарыс білім алушылардың өз көзқарастары мен ұстанымдарын қорғауға үйретеді, өз ойын қисынды баяндауға баулиды[17].

Жүргізу тәсіліне орай семинарлардың бірнеше түрі бар. Олардың ішінде аса кең тарағаны – *семинар-сұхбат*: мұғалімнің қысқа кіріс сөзі және қорытындылауымен жоспарға сәйкес кең әрі ашық сұхбат-әңгімелесу формасында өтеді. Семинарға жоспар сұрақтары бойынша барша білім алушылардың мұқият дайындығы қажет, бұл тақырып бойынша белсенді талқы, пікір-талас ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоспардың әр сұрағы бойынша жеке білім алушылар хабарламалары тыңдалады, соңынан олар басқа білім алушылар тарапынан талқыланады әрі толықтырылады.

Кейде семинар қатысушылары сұрақтарды өзара бөліп алады да, баяндамалар, хабарламалар дайындайды, кейін олар семинар сабағында тыңдалады және талқыланады.

Семинар сабақтары көбінесе өтілген тақырыпқа байланысты негізгі өзекті мәселелерді талқылау, білім алушылардың танымдық ойлау қабілеттерін дамыту, өзіндік шығармашылық белсенділіктерін шыңдау мақсатын көздейді. Тақырып сұрақтарына сай пікір алмасу, өз көзқарастарын дәлелдеу, мұғалімдерге білім алушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергенін, соған орай сенімдері мен түсініктерінің қалыптасқандығын бақылап, тексеріп, бағалап және бағыт-бағдар беріп отыруға мүмкіндік туғызады.

Семинар сабағына әзірлену кезінде білім алушылар тезистер мен баяндамалар жазып, қосымша әдебиеттерді пайдаланады. Ұсынып отырған сұрақтарға қатысты, ондағы бар негізгі ойларды қамтып, конспект құрады. Міне, осындай жұмыстардың нәтижесінде семинар жұмысы оқытуды ұйымдастыруда тиімді форма екенін тәжірибе көрсетуде.

Семинардың тағы бір ерекше түрі – *семинар-сөз-жарыс*. Ол қандай да бір проблеманың шешілу жолдарын айқындау мақсатындағы ұжымдық талқыға арналады. Мұндай семинардың мақсаты – дүниетанымдық бағыт-бағдар бекіту, бағалау пікірлерін қалыптастыру, пікірталас жүргізу ептіліктерін дамыту, өз көзқарастары мен ұстанымдарын қорғауға үйрету, өз ойын қисынды да анық баяндауға баулу.

Кез-келген семинар сабағына мынадай ерекшеліктер тән:

- білім алушылардың семинарға даярлық кезінде оқу проблемаларын өз бетімен шеше алу жолдарын іздестіруі;
- сұрақты өз бетімен меңгеру мүмкіндігі;
- сұрақтар мен проблемаларды қарастырудағы жеке жұмыстар;
- педагогтің бағыт берушілік, түзетушілік көмегі.

10-11-сыныптарда қазақ тілінен өтілетін семинар-сабақтарына қойылатын мынадай негізгі талаптарды ескерген жөн:

- *семинар-сабақ белгілі бір жоспар негізінде өткізілуі тиіс;*
- *объектісі анық болуы қажет;*
- *талқыланатын сұрақтар негұрлым дәл болуы абзал;*
- *пікірталас туғызатын дәрежеде өтілуі тиіс;*
- *айтылған әдебиеттердің түгел оқылуы қажет.*

Сондай-ақ семинар-сабақ өзінің мазмұнына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) *лексика;*
- 2) *фонетика;*
- 3) *морфология;*
- 4) *орфография, орфоэпия және пунктуация;*
- 5) *синтаксис;*
- 6) *тіл ұстарту бойынша өтілетін семинар-сабақтары.*

Семинар-сабақты сапалы өткізудің практикалық мәні үлкен. Жоғары сыныптарда семинарды өткізу мақсатына қарай мынадай негізгі түрлерін атауға болады:

1. *Тапсырылған сұрақтарды талқылау сабағы.*
2. *Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы.*
3. *Эқскурсия әсерлерін талқылау сабағы.*
4. *Мамандармен кездесу сабағы.*

Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы семинардың күрделі түрлеріне жатады. Мұнда білім алушыға белгілі бір тақырыптан арнайы хабарлама немесе баяндама жасау үшін тапсырма беріледі. Талқыланатын материалды білім алушылар оқулықтан және қосымша әдебиетерден оқып, сұрақтар дайындайды. Осы тақырып бойынша жарыссөзге шығуға барынша дайындалады. Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы, көбінесе, өтілетін тақырыптар бойынша жүргізіледі. Бұл семинар сабағын осылай өткізудің тиімді жағы мынада:

- 1) білім алушылардың ізденіп оқу мүмкіндігіне жол ашылады;
- 2) семинардың мұқият өткізілуіне жағдай жасалады;
- 3) мұғалім де, білім алушы да өз уақытын үнемдей алады.

Семинар сабақтарының дәстүрлі ұйымдастырылуының төмендегідей формалары болады:

Топтық форма. Мұғалім тұтас топпен жұмыс істейді. Семинарды ұйымдастырудың мұндай формасы білім алушыларды енжар позицияға қояды, олардың сөйлеу белсенділігі барынша төмен дәрежеде болады. Осылайша, сабақтағы топтық оқыту формасы ұжымда, өндірісте адамдар қарым-

қатынасының тиімді моделіне жатпайды, бүгінгі таңда мамандарды даярлау қажеттігін қанағаттандырмайды.

Дөңгелек үстел. Мұнда ынтымақтастықпен жұмыс жасау және өзара көмекке келу жүзеге асырылады. Әрбір білім алушының интеллектуалдық белсенділікке құқығы бар, семинардың жалпы мақсатына бағытталған, ұжымдық шешім қабылдау және қорытындылар жасауға қатысады. Біріккен жұмыста білім алушы белсенді позицияны иеленеді.

Пікірталас-семинар. Бұл форма курстың теориялық және практикалық проблемалары біріккен жұмыс арқылы талқыланып, шешілетін қатысушылардың диалогтік қарым-қатынасын білдіреді. Нәтижелі пікірталас болуы үшін білім алушылардың дәріс және өздік жұмысы барысында жинақталған жеке білімі қажет.

Зерттеу семинары. Әдетте белгілі бір тақырыптың оқылуы барысында пайдаланылады. Мұнда білім алушылар мұғалімнің ұсынысымен шағын топ құрап, сабақтың тақырыбы бойынша проблемалық сұрақтар тізімін жасайды. 5-15 минут ішінде білім алушылар пікір алмасады, сөз сөйлеуге даярланады. [18].

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың келесі формасы – *экскурсия*.

«Экскурсия» (excursio) латын тілінен аударғанда «серуендеу» деген мағынаны білдіреді. Уикипедияда: «Экскурсия – ғылыми, білім беру, танымдық, мәдени-ағарту, демалу, т.б. мақсаттарда белгілі бір орындарға ұйымдастырылатын ұжымдық сапар немесе жорық» деген түсінік беріледі [19]. Яғни, экскурсия - табиғатта, өндіріс орындарында, мұражайда, т.б. жерлерде өткізілетін сабақ. Оның мақсаты – білім алушылардың сабақта алған теориялық білімдерін практикада жалғастыру, бекіту. Сондықтан оқыту процесінде оның маңызы зор.

Экскурсия алдын-ала дайындықты талап етеді. *Қайда барамыз? Қандай мақсатпен? Экскурсияның тақырыбы мен мақсаты, қауіпсіздік шаралары* білім алушыларға түсіндіріледі. Экскурсия *жоспары* жасалады. Соның негізінде білім алушылар нақтылы заттарды байқап, оларға бақылау жасайды. Оқыту процесін бұлай ұйымдастыру мұғалімнен зор ұйымдастыру жұмысын талап етеді.

Экскурсия бөлімді, тақырыпты зерделегенге дейін және кейін өткізілуі мүмкін. Бірінші жағдайда оның мақсаттарының бірі – пәнге деген қызығушылықты қалыптастыру, екіншісі-білімді жинақтау, оларды жүйелеу, Өмірмен байланыс.

Білім алушыларға экскурсиядан кейін жауап беруге тура келетін және қазақ тілінен тақырыпты жан-жақты қарауға мүмкіндік беретін сұрақтардың тізбесін дайындау пайдалы.

Экскурсия барлық оқу пәндерде, қазақ тілі, тарих, физика, химия, биология, және еңбек сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл білім алушыларды оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Экскурсия сабағын өткізу орнына: мектептің оқу алаңына, табиғат аясына, ауыл шаруашылығына, өндіріске, көрмелерге, музейге бару т.б. нысаналар жатады.

Экскурсия түрінде жақсы өткізілген әрбір сабақ білім алушыларға нақтылы фактілер мен құбылыстарды жақсы оқып-үйренуге, өз түсініктерін кеңейтіп білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

Оқытуды ұйымдастырудың тағы бір формасы – *факультатив*. Факультатив сабақтары дегеніміз – білім алушылардың білімін кеңейту және тереңдету, олардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту мақсатында жүргізілетін сабақтар. Мұндай сабақ білім алушылардың қызығушылығы мен сұранысы негізінде әртүрлі пәндерге сәйкес ұйымдастырылады. Онда білім алушылардың пәнге бейімділігін ескере отырып, ғылым негіздерімен кеңірек таныстырады, кәсіби бағдар береді, кітаппен, анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

Факультатив сабақтың мақсаты – қазақ тілінің нақты бір бөлімі бойынша білімді тереңдету.

Оқыту жұмысын ұйымдастырудың факультатив түрі білім алушылардың сұранысы мен қызығушылығы негізінде әртүрлі пәндерге қатысты ұйымдастырылады. Оның қызметі көпжақты: білім алушыларды ғылымға қатыстыра отырып, олардың дүние танымын тереңдетеді және кеңейтеді; белгілі бір пәнге қатысты танымдық қызығушылықтарын тұрақты қалыптастырады. Білім алушылардың пәнге бейімділігін ескере отыра, факультатив оқуды олардың қалаған мамандықтарына сай психологиялық және практикалық дайындығын арттыру және кәсіби бағдарын қалыптастырудың нәтижелі формасы ретінде қолдануға болады; олар жоғары сынып білім алушыларының еңбекке дайындығына елеулі үлес қосады.

Факультативтік сабақтарды ұйымдастыру барысында келесідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

- Білім алушының ой-өрісі дамиды.
- Ойлау іскерлігі қалыптасады.
- Ақыл-ойы жетіледі.
- Есте сақтау қабілеті артады.
- Қызығушылық қабілеті оянады.
- Тіл, сөйлеу мәдениеті қалыптасады.
- Білім алушы өз бетімен жұмыс жүргізуге дағдыланады.
- Шығармашылықпен жұмыстанады.
- Даму мониторингі айқын көрінеді

Сол сияқты *үйірме жұмыстарының* да «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастыруда алатын орны зор. Үйірме жұмыстары – білім алушылардың белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығын арттыру мақсатында сыныптан тыс өткізілетін жұмыс түрі.

Пәндік үйірме жұмыстары сабаққа қарағанда бағыты, мазмұны, ұйымдастыру тәсілі мен уақыт өлшемі тұрғысынан өзіндік ерекшеліктері бар. Олар білім алушылардың қызығушылығы мен пәндерге бейімділігін дамытуда және тапсырылған жұмыстарды нәтижелі орындауға қолайлы жағдайлар туғызып отырады. Сонымен қатар оқытудың өмір мен байланысын қамтамасыз ету, пәнаралық байланысты нығайтуға ықпалын тигізеді.

Білім алушылардың пәндік үйірме жұмыстары оқыту процесін жандандырып, оның сапасын көтеруге әсер етеді.

Үйірме жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері де бар. Ол білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын жетілдіреді, тапсырмаларды орындауға қолайлы жағдайлар жасайды. Интернеттен қосымша білім алуға бағыттайды. Жаңашыл тұлға ретінде қалыптастырады. Өз ісіне мұқият болуға тәрбиелейді. Шығармашылыққа баулиды. Үйірме жұмыстарын өткізу арқылы білім алушылар:

- *пән бойынша қосымша білім алады;*
- *өз бетінше білімін жетілдіруге ынталанады;*
- *өз ісіне баға бере отырып, мінез-құлқын өзгерте алады;*
- *дағдысы мен біліктілігі артады;*
- *тіл байлығы мен ойлау қабілеті дамиды*

Білім алушылардың қазақ тілінде грамматикаға сай дұрыс, сауатты сөйлеуге, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету үшін, яғни тіл байлығы мен ойлау қабілетін дамыту үшін «Жас актер» драмалық үйірмесін, «Журналистер», «Шешендік өнер» сияқты үйірмелерді ұйымдастыруға болады. Мұндай үйірмелерге бүкіл сыныптың білімі алушылары қатыспаса да, өз еркімен қатысқан 10 шақты білім алушы актерлік өнердің негізімен танысып, телеспектакльдерді көріп, дұрыс сөйлеуге машықтанады. Сондай-ақ олар өздерін сахнада еркін ұстап, сахна мәдениетімен танысып қана қоймай, эстетикалық талғамын да арттыратын болады, эмоционалдық ұялшақтықтан, қысылып-қымтырылудан арылады. Балалар бірлесе жұмыс істеуге үйренеді, мұғалім мен білім алушы арасында мәдениетті қарым-қатынас қалыптасады.

Үйірме жұмыстарының алдына қоятын негізгі талабы:

- үйірмеге белсенді қатысу;
- білім беру, оқыту мен тәрбие берудің өзара байланысы;
- білім алушылардың еркіндігі.

Келесі оқытуды ұйымдастырудың формасының бір түрі – *үйдегі оқу жұмысы*.

Білім алушылардың үйдегі оқу жұмысы – сыныпта өткізілген сабақтардың жалғасы ретінде жүретін, білім алушылардың үйде өз бетімен орындайтын оқу жұмыстары. Бұл жұмыс түрінің тәрбиелік мәні зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында білім алушы ұқыптылыққа, тәртіпке үйренеді, дербестігі артады, жауапкершілігі дамиды. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, білім алушының ақыл- ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады. Үй тапсырмасын дұрыс ұйымдастыру үшін мұғалім белгілі шарттарды ескеруі керек. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай үй жұмысының көлемі де әртүрлі болады[20].

Үйдегі оқу жұмысы білім алушылардың үйде өз беттерінше орындайтын оқу жұмыстары сыныпта өткен сабақтардың жалғасы ретінде саналатындықтан, оны кей жағдайда оқыту процесінің бір компоненті ретінде қарастырады.

Білім алушының үйдегі оқу жұмысын сыныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда олардың алған білімдері терең және берік болады. Оның маңызы оқыту жұмысын ұйымдастырудың сабақтың басқа түрлеріне қарағанда ерекше. Үй жұмысын күнделікті орындау барысында білім

алушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады. Олар өзінің оқу жұмысын жоспарлауға, қажетті оқу материалын жинақтауға дағдыланады, сабақта алған білімдері мен біліктіліктерін өзіндік еңбекте қолдана білуге жаттығады, өзін-өзі бақылау және кітаппен жұмыс істей білу тәсілдерін меңгереді, оқудың әртүрлі амал-тәсілдерін қолдана отырып, өз бетінше баяндама жасауға дайындалады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік меңгеріледі, білім алушының ақыл-ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады.

Білім алушының үйдегі оқу жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мынадай шарттары бар:

1. Үй тапсырмаларын бергенде мұғалім оларды орындаудың қандай тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға болатыны туралы жақсылап нұсқау беруі қажет.

2. Үйге берілетін тапсырмалар білім алушыларды қызықтыратындай болуы және өмірмен, олардың іс-тәжірибелерімен байланысты болғаны жөн.

3. Үй тапсырмасы білім алушының бәріне бірдей бірыңғай мазмұнда емес, мүмкін болған жағдайда бірнеше нұсқада (вариант) болғаны пайдалы.

4. Үй тапсырмасының мазмұны шығармашылық сипатта болғаны жөн.

5. Үйдегі оқу жұмысының табысты болуы, көбінесе сабақта мұғалімнің үй тапсырмасын орындау тәсілін білім алушыларға тыңғылықты етіп түсіндіруіне байланысты.

6. Үй тапсырмасының көлемін белгілеуде мұғалім білім алушылардың жас ерекшеліктері мен таным қабілеттерін ескергені жөн.

7. Үй тапсырмасын тексеру және бағалау барысында мұғалім, оның орындалу сапасына айрықша мән беріп, жетістігі мен кемшілігіне білім алушылардың назарын аударып отырғаны жөн.

8. Мұғалімнің берген бағасы әділетті болса, онда ол білім алушының ынтасын арттырып, үй тапсырмасын тыңғылықты орындап отыруға септігін тигізеді.

9. Мұғалімнің бағалауы білім алушылардың өзін-өзі бағалауын ұштастырып отырса, нәтижесі болады.

Білім алушылардың іскерлігі мен танымдық белсенділігін арттыратын оқытуды ұйымдастыру формасының түрлеріне *конференция* сабақтарын да жатқызамыз.

Конференция туралы сөз қозғайтын болсақ, ол тақырыптың ғылыми деңгейін көтеру мақсатын көздейді. Семинарға ұқсас, тек баяндамалардың саны көбірек болуы керек. Конференцияға бірнеше сыныпты біріктіруге болады. Мұндай сабақтар білім алушыларды пікір айту, айтысу, қосымша материалдардан іздену, сұрақтар қою, қысқа, нақты, дәлелді пікір айтуға, толықтыра білуге дағдыландырады.

Оқу конференциясы – білім арттыру, бекіту және жетілдіруге бағытталған оқу ұйымдастыру формасы. Әдетте, мұндай форма бірнеше топтардың қатысуымен өткізіледі.

Конференция сабағы үлкен, маңызды тақырыпты қорытындылағанда өткізіледі.

Конференция ретінде өткізілетін сабақ түрі кейбір тақырыптарды тереңірек меңгерту, оның ғылыми дәрежесін көтеру мақсатын көздейді. Сол үшін де семинар сабақтарына қарағанда, конференция түрінде өткізілетін оқу жұмысында ұсынылған әдебиеттер мен қосымша құралдардың көлемі кеңірек болады. Оны дайындау және өткізу тәртібі семинар сабағына ұқсас келеді. Бірақ, оқу конференциясында баяндамашылар мен сөйлеушілердің саны көбірек болуы қажет. Сондықтан, оған бірнеше қатар сыныптардың білім алушыларын қатыстыруға болады.

Оқу жұмысын ұйымдастыруда мұғалімнің тағы бір міндеті – білім алушылардың сабақтан тыс кездерінде танымдық әрекетін тереңдету, үлгермеушілікті болдырмау. Сондықтан кейбір білім алушылардың дарын-талаптарын, ғылымға бейімділігін немесе сұранысын сабақ барысында толық қамтамасыз етіп, жағдай жасауға әр кезде мүмкіндік бола бермейді. Ол үшін оларға үйірме мен ғылыми жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы бар.

Қазақ тілі сабақтарында өткізілетін конференция сабақтарын негізгі мазмұнына қарай: *фонетика, лексика, морфология, орфография, орфоэпия, синтаксис, пунктуация және тіл ұстарту* сияқты түрлерге бөлуге болады.

Сондай-ақ бұл сабақ көлеміне қарай екі топқа бөлінеді:

1. Тілдік салалар бойынша өтілетін конференция сабағы.
2. Тілдік тақырыптар бойынша өтілетін конференция сабағы.

Қазақ тілінен өтілетін конференция сабақтарын жопарлы түрде іске асырған жөн. Сондай-ақ сабақты өткізудің дайындық мәселелерін шешіп алу қажет. Қазақ тілі бағдарламасындағы материалдарды сарапқа салып, конференция сабағын тілдің қайсы салаларына, қандай тақырыптарға байланысты өткізу керектігін анықтап алған дұрыс. Мұғалім конференция сабағының тақырыбын бір апта бұрын хабарлап, қазақ тілі кабинетіне «пошта жәшігін» орналастырады. Бұл «пошта жәшігіне» білім алушылар екі түрлі мәселелер төңірегінде сұрақтар жазып, жәшікке тастайды: бірінші — қаралып отырған тақырып жөнінде, екінші — өзін қызықтырған мәселелер жөнінде сұрайды. «Маман» білім алушылар осы сұрақтарды және өзіне қатысты объектілерді зерттеп, оқулық бойынша алған білім мен білігін көмекші құралдар, кітаптар және мерзімді баспасөз материалдармен байытады. Сөйтіп «маман» білім алушылар сабақ өтілетін күні өзіне қойылатын түрлі сұрақтарға жауап беруге дайын болады.

Конференция сабағы басталар кезде сынып тақтасы алдына қатарымен үстелдер қойылады да, «маман» білім алушылар отырады. Сонан кейін бұларға «тілші» оқушылар өздерінің сұрақтарын бере бастайды. Осы өтіліп отырған сабақ процесіне байланысты сұрақтар күні бұрын беріліп, оларға «маман» білім алушылар тарапынан жауаптар әзірленеді «Тілші» білім алушылардың сұрақтары да, «маман» білім алушылардың беретін жауаптары да шәкірттердің дәптерлеріне жазылады.

Конференция сабағының әсерлі болуы үшін қойылатын сұрақтар білім алушыларға қызықты болуы тиіс[21].

Сынақ жұмыстарын жоғары сынып білім алушыларына енгізудегі мақсат – бағдарламадағы теориялық білімдерді күшейту, бекіту және оқыту процесінде

білім алушылардың жоғары белсенділіктерін, жауапкершілігін, дербестігін орнықтыру.

Сынақ жұмыстары өзінің ұйымдастыру ерекшелігіне сай оқу жұмысынан тыс білім алушылардың өздігінен білім алуын жалғастыруға ықпал етеді.

Сынақ жұмысы, ереже бойынша бағдарламаның негізгі бөлімін, тарауын оқып болғаннан кейін жүргізіледі. Мұғалім оның өткізу мерзімін, тақырыптары мен талқыланатын сұрақтарын білім алушыларға алдын ала хабарлайды. Оларға жеке дара тапсырмалар беріп, қосымша әдебиеттерді оқу тапсырылады және қосымша сабақ өткізіледі.

Сынақты ұйымдастыру білім алушылардың жеке жауаптары, бақылау және топтық практикалық–лабораториялық жұмыстары, тақырып бойынша шығарма (эссе) және баяндама жазу түрінде жүргізіледі.

Білім алушылардың оқу жұмысын сәтті ұйымдастыруда оның *өзіндік жұмыстарының* маңызы ерекше.

Бүгінгі таңда білім алушылардың үзіліссіз білім алу міндеттерін жетілдіруге сай мектеп мұғалімдерінен олардың ойлау қабілеттерін дамыту, сонымен қатар өзіндік жұмыстарына қатысты іскерліктері мен дағдысын тәрбиелеу талап етілуде. Ол үшін өзіндік жұмыс білім алушылардың тек үй жұмысын орындау барысында ғана емес, оқыту процесінің өн бойында өз орнын табуы тиіс. Білім алушылардың әртүрлі өзіндік жұмыстары негізінде сабақтың нәтижесін және таным қабілеттерінің белсенділігін арттыруға болады. Білім алушылардың таным белсенділігі – оқуға қажетті білім мен дағдыны меңгеру және оларды өмірде, практикада пайдалана білуге, үйренуге білім алушының істейтін саналы әрекеті.

Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың шарттары мыналар: мұғалімнің нақты тапсырмалар (нұсқаулар) беруі; жұмысты орындаудың және аяқтаудың уақытын белгілеуі; мұғалімнің басқаруымен білім алушылардың дербестігінің мөлшері, олардың жұмысты өз еркімен және қалауымен істеуі; оған әсер ететін мотивтер т.б.

Білім алушылардың өзіндік жұмысы міндетті түрде мұғалімнің басшылығын, сонымен қатар білім алушылардың дербестігін, олардың қызығып өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтер мен психологтер (Р.Г.Лемберг, М.Н.Скаткин, В.А.Занков т.б.) білім алушылардың өзіндік жұмыстарының ерекшелігі – олардың ықыласы және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп санайды.

Алдыңғы қатарлы мектептердің іс-тәжірибелеріне көңіл бөлсек, білім алушылардың өзіндік жұмыстарының сан алуан түрі бар екенін байқаймыз. Мәселен, білім алушылардың сабақ үстінде меңгерген оқу материалдарын пысықтау үшін оқулық не басқа құралдар бойынша жұмыс істеуі, көркем әдебиеттерін, ғылыми және техникалық әдебиеттерді пайдалануы; жаттығу жұмыстарын жазба түрде орындауы, графикалық жаттығу жұмыстарын жүргізуі, түрлі практикалық немесе лабораториялық бақылау жұмыстарын өткізуі (репродукциялы жұмыстар), шығармашылық дағдыларын дамыту мақсатында баяндама, реферат, шығармалар, пікір жазуы және көрнекі құралдар, модельдер, конструкциялық т.б. жұмыс түрлерін жатқызуға болады.

Репродуктивтік типтегі өзіндік жұмыстарын білім алушылар өздерінің меңгерген білімдеріне сүйене отырып орындайды. Шығармашылық (творчестволық) типтегі өзіндік жұмыстарын орындауда білім алушылар өзінің болжау, топшылау, түрлі құбылыстардың арасындағы байланыстарды салыстыра білу қабілетіне сүйене отырып, ой қорытындысын жасап жаңа шешім табады, дәрежеде білім алушылардың бейімділігін айқындап береді.

Білім алушылардың үй жұмыстары мен оқу материалын қайталау кезіндегі өздігінен істейтін жұмыстарының да маңызы ерекше. Бұған қоса көрнекі құралдарын (кәртішкелер, сызбалар, оқу карталары т.б.) пайдалана отырып өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың да пайдасы зор.

Мұғалім білім алушылардың өзіндік жұмыстарын дұрыс ұйымдастыру үшін, алдымен, олардың өзіндік әрекеттерінің негізгі психологиялық ерекшеліктерін білгені жөн.

Білім алушылардың өзіндік әрекетіне тән ерекшеліктері мыналар: білім алушының алдын ала өз әрекетінің жалпы және нақты мақсаты мен міндеттерін анықтау; жоспарға сәйкес амал-тәсілдерді қолдана білу; өз әрекетінің барысын бақылап отыру.

Егер білім алушы өздігінен жұмыс істеуге үйренбесе, оның оқуы жемісті болмайды, ол жиі сәтсіздікке ұшырайды. Мұндай жағдайда білім алушының оқуға деген ынтасы төмендейді, соның салдарынан үлгермеушілер қатарына қосылады.

Сондай-ақ, қазақ тілі сабақтарының нәтижелі өтуі қолданылатын әдістерге де байланысты.

Қазақ тілі әдістемесі – ана тілін ұғынудың заңдылықтарын, тілдің қыры мен сырын балаға үйренудің жолдары мен құралдарын зерттейтін педагогика ғылымының бірі сапалы. Педагогика ғылымының дидактика саласы оқыту ұстанымдарын, оқыту ұйымдастырудың алуан түрлі әдіс-тәсілдерін, білімді игертудің ең тиімді, ұтымды жолдарын, іскерлік пен дағдыны қалыптастырудың амалдарын зерттейді. Сабақ үстінде, тақырыпты меңгерту барысында мұғалім дидактиканың оқыту, білім беру жөніндегі теориялық қағидаларына сүйенеді. ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген әйгілі чех педагогі Ян Амос Коменский дидактикалық саласында еңбек етіп, кейінгі ұрпақты өшпес із қалдырды. Педагогтің «Ұлы дидактика» еңбегінен кейінгі ұрпаққа өнеге болатындай сөздер орын алды. Кейбір педагогтар баланың сезім қабілетін ескермей, оның ақылын дамытуды ғана көздеген. Оқыту мен тәрбиелеудің бұл тәсіліне Я.А.Коменский қарсы болды. Ол әртүрлі сыртқы әсерлерді адамның қабылдауы сезімнен басталатындығын өз еңбегінде айтқан. Оқу – тәрбие жұмысының негізгі әдісі – баяндау мен сөзге құрылған бақылау емес, дидактика заңдарын терең қолданып, жаттықтыру, яғни білімді іскерлік негізінде меңгеріп, оны дағдыға айналдыру. Осы тұрғыда Я.А.Коменский мектепті жаттығу орнына балауының маңызы зор. Ол: «Білімнің негізі зат пен құбылыстың өз табиғатынан алынсын. Ұстаз аз сөйлеп, шәкірт пен үйренетін болсын. Тәртібі жоқ мектеп сусыз диірменге ұқсайды. Білімнің негізінде әдемі зат, көркем текст содан соң талдау, аяғында қорыту тұрады» - деген дидактикалық қағидалары осы күнге дейін өзінің құнын жойған жоқ.

Я.А.Коменскийдің идеясын одан әрі жалғастырған орыс педагогі К.Д.Ушинский ана тілін мектепте оқылатын пәндердің негізгісіне теңеп: «Ана

тілін толық меңгермеген бала тарихты, географияны, жаратылыстану ғылымдарын және математиканы үйренген кезде теореманы немесе математикалық есепті өз сөзімен айтып бере алмайтын күйге ұшырайды. Ана тілі басқа пәндердің бәріне қатысы бар және олардың нәтижелерін өзіне жинастыратын басты, өзекті пән екені енді түсінікті емес пе?»-деген болатын. К.Д.Ушинский оқу материалын меңгеруде әңгіме, салыстыру, пысықтау, бекіту сияқты әдістерді тиімді қолданудың жолдарын көрсетеді.

Дидактика – педагогика ғылымының білім беру және оны оқыту теориясын қарастыратын саласы. Ол білімнің мазмұнын, ғылыми негізін, оқыту әдістерін зерттейді. Нені оқыту керек, қалай оқыту қажет деген сұрақтарды шешіп отырады. Осы мәселелер жөнінде өзінің ұстанымдарын белгілейді.

Қазақ тілін оқыту жөніндегі әдіскер-ғалымдардың еңбектерінде дидактикалық ұстанымдардың бірнеше түрлері қамтылған. Б.Құлмағанбетова дидактикалық ұстанымдардың сегіз түрін, атап айтқанда, оқытудың ғылыми ұстанымын, жүйелілік ұстанымын, саналылық ұстанымын, оқытудың берік, тиянақты болу ұстанымын; теория мен практиканы өмірмен байланыстыру ұстанымын, оқытудың көрнекілік ұстанымын ұсынады.

С.Қазыбаев балаларды тәрбиелеу әрі дамыту, оқу материалын саналы меңгерту, ғылыми дұрыс білім беру, білім, білік, дағды беріктігі, түсініктілік, көрнекілік, оқушылардың оқу еңбегінде көрсеткен белсенділігі мен өздік жұмысы, білімнің жүйелілік және бірізділігі, оқытудың сабақтастығы ұстанымдарын барлығы тоғыз ұстанымның қажеттілігін айтады.

Әдіскердің ұсынған сабақтастылық ұстанымы Б.Құлмағанбетова ұсынған алдын-ала болжау ұстанымына ұқсас. Дегенмен, айырмашылығы да бар. Бұл екі ұстаным да алдыңғы сабақта өтілген материалдың толықтырылатынын ескертеді. Бірақ, алдын-ала болжау – алдыңғы сабақта оқыталатын материалды меңгерудің тиімділігін алдын-ала болжап, бастауыш сыныптарда өтілген тақырыптар жоғары сыныптарда толықтырылып өтілетініне сүйенеді. Ал сабақтастық ұстанымында әр күн, әр тақырып, әр бөлім бір-бірімен сатылып байланысады.

Ә.Исабаев ұстанымдарды ғылыми, жүйелі, көрнекілік, саналылық пен белсенділік, теорияны практикамен байланыстыру, түсінуге жеңіл қолайлылық, оқушылардың психикалық ерекшелігін ескеру ұстанымдары деп топтастырады. Әдіскер ұсынған оқушылардың психикалық ескеру ұстанымы басқа әдіскерлердің еңбектерінде кездеспейді.

А.Әбілқаев оқытудың тоғыз ұстанымын ұсынады. Әдіскер ұсынған жаңа ұстаным-перспективті ұстанымы. Перспективті ұстанымы оқыту тек әрбір сабақтың ғана мақсатын көздемей сол сабақта не оқытылады, қазіргі оқытылып жатқан материалды оқушылар ұққанда, оның келешекте өтілетін материалды меңгеруге қандай көмегі бар дегенді негізге алады.

1.Оқытудың ғылымдық ұстанымы бойынша оқулықтардағы тілдік материалдардың мазмұны тіл білім саласындағы ұғымдар мен олардың құрылымына сәйкес келуі тиіс. Қазақ тілі пәнінің бағдарламалары мен оқулықтары осы ұстанымға сүйеніп жасалады. Оқушыларға қазақ тілінен берілетін білім лингвистикаға байланысты қаралады. Тілдің ең негізгі белгілерін

ұстаз ой елегінен өткізіп, оқушыларға жеткізеді. Тек ғылымға сүйенген пән ғана жаз ұрпақты жан-жақты тәрбиелеуге көмектеседі.

Педагог-әдіскер Ә.Исабаев ғылыми ұстаным төмендегі өлшемдерге сай болуы қажет есептейді: 1. Меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет. 2. Қазақ тілінен берілетін тақырыптардың дәлділігі талап етеледі. 3. Тілдік тақырыптардың өзіндік белгілері сараланып алынғаны абзал. Қазақ тілінен берілетін материалдардың анықтамалары мен ережелері дәл болғаны абзал. Тілдік тақырыптарға байланысты берілетін практикалық дағдылардың да көлемі дәл болғаны жөн.

Демек осы айтылған өлшемдер негізінде жасалуы тиіс. Тақырыпты бұрын берілген білімді еске түсіруден бастаған жөн. Бұл тұста ғылыми ұстанымның жүйелілік ұсыныммен тығыз байланысты екенін есте ұстау қажет.

Тақырыптарды өту барысында сол тақырыпқа байланысты тіл ғылымындағы соңғы жаңалықтарды да енгізіп, айту қажет. Тіл білімінде өзінің шешімін тапқан мәселелер туралы терең мағлұмат беру, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады. Оқушы білім тек оқулық деңгейінде қалып қоймайды. Осы ретте оқытудың ғылыми ұстанымы зор рөл атқарады.

Мұғалім теория мен практика арасында диалектикалық байланысты естен шығармауы керек. Әр тақырыптың тіл жүйесіндегі орнына оқушының көңілін аударту олардың сол білімді саналы игеруіне көмектесумен қатар, танымдық қабілеттерін дамытады.

2. Оқытудың жүйелілік ұстанымы дегеніміз оқу материалдарының логикалық жағынан бір ізбен сатылай құрылу, берілу тәртібі. Білімнің жүйелілік және бірізділігі ұстанамы жаңа материалды түсіндіруде, білім мен дағдыларды бекітуде, тексеруде, үй тапсырмасын беруді және оны тексеріп, еске түсіруде іске асырылады. Бұл ұстаным оқушы меңгеретін білім мен біліктердің жеңілден ауырға, қарапайымнан күрделіге қарай дамытылып отыруын қажет етеді.

3. Оқытудың көрнекілік ұстанымы. Оқушыларға тілдік материалды дәл, анық түсіндіруде іске асырылады. Әрбір сабақта көрнекі құралды ұтымды пайдалана білу-сабақтың сапасын жақсартады. Оқушыны байқағыштыққа, оймен топшылауға жаттықтырады. Көрнекілік оқушының зат, құбылыс, туралы түсінігін нақтылай түседі, бақылау қабілетін жетілдіріп, ақыл-ойын дамытады. Сондықтан мұғалім өзі жасаған үлестірме қағаз, схема, таблица сияқты көрнекі құралдардың сапасына, тазалығына басты назар аударуы қажет. Сабақ барысында таблицаларды, дидактикалық кестелерді, схемаларды, әр түрлі сериялы оқиғаға құрылған суреттерді көптеп қолдану тиімді. Дидактика ілімінде *көрнекілікті* кескінделген және экранды-дыбыстық деп бөлу дәстүрі қалыптасқан. Кескінделген көрнекі оқу құралдарына грамматикалық кесте, сурет, оқиғалы картиналар, схема, үлестірме кеспе қағаздары жатады. Экранды-дыбыстық құралдарға дыбыстық-бейнетаспа; жазулары, фонохрестоматия, күйтабақ, кодоскопқа арналған транспоранттар, компьютерлік сабақтар т.б. жатады.

4. Саналылық пен белсенділік ұстанымы оқушыларға грамматикадан білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілетін дамытып отырады. Тілдің заңдылықтары мен ережелерін оқушылар жаттанды түрде емес, саналы түрде меңгеруі қажет. Демек, мұғалім материалды дәл, айқын түсіндіріп, оқушыларға

материалды өз түсінігі бойынша айтқызып отырғаны орынды. Түрлі жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың ынтасы мен белсенділігін арттырып отыру-оқу үрдісінде нәтижеге жетудің алғы шартының бірі. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану арқылы пікірсайыс ұйымдастыруға болады. Оқушының оқу белсенділігі сабаққа қызығушылығы болған кезде артады. Қызығушылық жағымды мотивтің туындауымен тығыз байланысты. «Мотивация»-уәждеме-белгілі бір іс-әрекетті орындауға қозғау салу, соған итермелеу. Осы тұрғыда оқытудың ең тиімді әдіс-тәсілдерін қолдануға мүмкіндік жасалуы керек. Оқушының оқуға деген белсенділігі артып, жұмысты өздігінен орындауға бейімділігі, қызығушылығы жүзеге асқан кезде ғана, оқушының саналы түрде материалды меңгеруі қалыптасады. Мәселен, «Сөз тіркесі және оған ұқсас тұлғаларды» меңгерту барысында оқушылардың оқу белсенділігі мен қызығушылығын арттырған кезде материалды саналы түрде меңгеру жүзеге асады. Тақырыптың негізгі ерекшеліктерін саналы түрде меңгерген оқушы ғана оны әр уақытта басқа тұлғалардан ажырата алады.

5. Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы оқушылардың теория жүзінде алған білімдерін өмір қажетіне пайдаланулары арқылы іске асады. Оқулықтағы жаттығулар оқушыларға өтілген тақырыптан алған білімдерін жан-жақты танытуға мүмкіндік береді. Тіл дамыту т.б. жұмыстар әдемі сөйлеуге, қатесіз, сауатты жаза білуге үйретеді. Конференцияларда баяндама жасауға, мақала жасуға дағды береді. Мұндай дағды ұзақ, жүйелі жүргізілген жұмыстар арқылы іске асады. Мұғалімдер оқыту ісінде бір жақты кетпей, яғни тілдік материалдарды ғана меңгертумен шектелмей, оқушылардың сол тілдік материалдарды сөйлеулерінде, жазуларында дұрыс таңдап, іріктеп ала білу, орынды қолдану қабілеттерін арттыруға да үздіксіз назар аударып отыруы тиіс. Оқушыларды таза, жақсы сөйлеуге, әрдайым өз сөзін бақылауға әдеттендіру үшін, олардың стилистикалық орашолақты, жауапсыз сөйлеушілікті мұғалімнің кешірмейтінін, ол үшін бағасы төмендейтінін жақсы білулері шарт.

6. Түсініктілік ұстанымы оқу материалына дәл анықталған материалды ендіруді, оқушылар меңгере алатындай ғылыми терминдер мен ұғымдарды пайдалануды көздейді. Жалпы бұл ұстаным, негізінен, оқулықтағы тілдік, практикалық материалдардың тілінің түсініктілігімен тікелей байланысты. Сондай-ақ, оқу материалын меңгертуде мұғалімнің жаңа білімді баяндап, түсіндіруіне де байланысты. Мұғалім тақырыптарды түсіндіргенде, бұл тақырыптың тілдің басқа салаларымен тығыз байланысты екенін естен шығармай, оқушылардың естеріне өткен сабақтардан алған білімдерін түсіреді.

7. Жеңілден ауырға қарай ұстанымы арқылы материалды түсіндіреді. Бірақ бағдарламалық материалды жеңілдетемін деп, оны не ықшамдауға, не үстіртін өтуге болмайды. Бұл ұстанымның нәтижелі болуы мұғалімнің сабақты тартымды, қызықты жеткізуіне байланысты. Оқулықтағы материалдың біртіндеп, сатылы түрде, жүйелі, түсінікті, сапалы болуы мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді.

8. Оқушылардың психикалық дара ерекшеліктерін ескеру ұстанымы.

Оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде олардың психикалық қасиеттері, оқуға бейімділігі мен икемділігі ескеріледі. Мұғалім әрбір сабақтың үстінде оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс

жүргізеді. Сабакты нашар және орта меңгерген оқушыларға жеке тапсырмалар береді. Әрбір баланың темпераментін назарға ала отырып жұмыстар орындатады. Осымен байланысты саралап оқыту жүйесін қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалар арқылы да оқушылардың жеке мүмкіндіктерін ашуға қол жеткізеді.

Қазақ тілін оқытуда көп мән берілмей келген негізгі ұстанымның бірі коммуникативтік (қатысымдық) ұстаным болып табылады. Осы принциптің ескерілмеуінен де оқушылар үшін тіл пәні жалпы ережелер мен қағдаларды меңгертуден аса алмай қалды. Білім берілді де, оны қолдану мәселесі шешімін таппады. Сондықтан да балалардың сөйлеу тілі тежеліп келді. Ерекше табиғи дарынды балалар айтпағанда, оқушылар шешен сөйлеу мен сөйлесуге баулынбағандықтан және шешендік білім мазмұнын анықтаудың басты талабы ретінде көрсетілмегендіктен, олардың байланыстырып сөйлеу, өз ойын жүйелеп айта білу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік аз болды.

Бұл оқулық материалдарының мазмұны мен құрылымына да әсерін тигізіп отырды. Мәселен, оқулықтағы жаттығу-тапсырмалар түгел дерлік тілдік білімді игертіп, бекітуге бағытталды, жаттығулар, негізінен, үзіп-жұлынған жеке сөйлемдерден құрастырылып, олардың құрамында тек теориялық объектінің болуы талап етілді. Бағдарламада да теориялық мәліметтер жалаң айтылып, олардың тілдік қатынастағы мәні мен рөліне жете көңіл бөлінбеді, оқушылар игеруге тиіс білім дейгейіне қойылар талаптарда да тек қана ғылыми-тілдік мағұлматқа назар аударылды. Міне, осы кемшіліктердің орнын толықтыратын бірден-бір ұстаным коммуникативтік ұстаным екі бүгінгі күні дәлелденді.

Тілдік білімге коммуникативтік тұрғыдан келу ғана оқушылардың сөзге деген эстетикалық талғамын тәрбиелеуге де зор ықпалын тигізеді. Эстетикалық қатынастар жүйесін әдеби тілдің ойды білдіруге әр түрлі құралдарының молдығы, оның әуезділігі мен әкені, тілдік бірліктердің экспрессивтік қуаты секілді сапалар енеді. Ал эстетикалық сезім өз тілінің ерекшеліктерін танып-білуден бастап қалыптасады. Коммуникативтік ұстаным оқушының тілдік құзерттілігін шыңдауға да негіз болады. Өйткені, мұнда тіл мен сөйлеудің барлық қырлары танылады, әдеби тілдің ауызша жазбаша түрлері, олардың өзіндік ерекшеліктері, әдеби тіл нормалары жөнінде білім қалыптасады.

Жоғары мектепте қазақ тілі пәнінің мұғалімін даярлау ісі өте күрделі құрылымдық тұтастығымен ерекшеленеді. Негізінде, жоғары білімді маман даярлау ісі қай мамандық бойынша да оңай емесі рас. Әйтсе де болашақ мұғалімдерді даярлау басқа сала мамандарын даярлаудан күрделі ғана емес, сонымен қатар өзіндік қиындығы бар, жауапкершілігі үлкен іс болып есептеледі. Өйткені болашақ мұғалімдерді даярлау оларды мектеп оқушыларымен кәсіби деңгейде жұмыс жасай білуге баулиды. Ал қазақ тілінің мұғалімін даярлау ісі болашақ мұғалімдердің мектеп оқушыларын өмірдің түрлі салаларында ана тілін дұрыс, тиімді пайдалана білуге қабілетті болып шығуын көздейді. Мұндай мақсаттың мейлінші маңызды, өмірлік мәні зор болатын себебі – дүние есігін ашып келген адамзат баласы өзінің өмірі үшін қажетті адамшылық қасиеттердің бәрін ана тілі арқылы табады, ана тілі арқылы қалыптастырады. Адазат қоғамы тарихында адамның өмір тәжірибесі мен ақыл-ойы негізінде жинақталған ақпараттық құндылықтар, білім қоры тіл арқылы сақталады, тіл арқылы игеріледі,

тіл арқылы болашақ ұрпаққа беріледі. Білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін меңгерудің құралы да тіл. Осының бәрі тілдің адамзат өміріндегі маңызы мен мәнінің қаншалықты жоғары екеніне көз жеткізеді. Ана тілі пәнінің мұғалімін даярлау ісінің осындай өзіне ғана тән ерекшелікте рi мен үлкен жауапкершілігі болады. Сондықтан ана тілін оқыту ісіне, ана тілінің мұғалімдерін даярлау ісіне абай болу, оған үлкен жауапкершілікпен қарау – білім беру жүйесіндегі әрбір маманның, әрбір басшының басты міндеті.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімдерін даярлаудың мынадай құрамдас бірнеше саласы бар: а) қазақ тілі пәні бойынша жеткілікті теориялық білім; ә) қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясы; б) қазақ тілі пәнін оқыту әдістемесін іс жүзінде пайдалана білу дағдысы; в) қазақ тілін оқыту құзіреттілігі. Бұлар өзара тығыз байланысты. Бұлардың бірі жоқ жерде басқалары да болмайды. Мысалы, егер студент, болашақ мұғалім қазақ тілінің теориясын білмейтін болса, онда ол қалған салалар бойынша да білімсіз болып қалмақ. Ал егерде ол қазақ тілінің теориясын білгенмен, қазақ тілін оқыту әдістемесінің теориясын білмейтін болса, онда бұл оның әдістемелік ойлауының қалыптаспағандығын көрсетеді. Ал әдістемелік ойлауы қалыптаспаған мұғалім әдістемелік ұғымдардан бейхабар қалады. Әдістемелік ұғымдардан бейхабар адам білім алушыларға сапалы білім бере алмайды. Айналып келгенде, *әдістемелік ойлауы, оқыту әдістемесінен тиісті білімі қалыптаспаған болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі де қалыптаспайды.* Ана тілі пәні мұғалімін даярлау дегеніміз болашақ маманға ана тілі бойынша білім беру ғана емес. Студент жоғары оқу орнында қанша мол білім жинағанмен, сол білімін іс жүзінде пайдалана алмайтын болса, онда оны білімді деп есептеуге болмайды. Пайдаға аспаған білімнен қайыр жоқ. Маман өзінің бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануы, пайдаға жаратуы үшін, оған арнайы құрал керек болады. Ана тілін оқыту әдістемесі маманның өз бойындағы білімді іс жүзінде пайдалануын, пайдаға жаратуын қамтамасыз ететін осы құрал қызметін атқарады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша теориялық білім беру болашақ мұғалімдердің қазақ тілін оқыту үдерісі туралы іргелі ғылымиәдістемелік білім қорының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Екінші жағынан, қазақ тілі пәнінің мұғалімі оқушыларға тиісті білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге қазақ тілі негізінде тәрбие береді. Бұл өте маңызды. Бұл жерде білім беру мен тәрбие берудің өзара сабақтастығын анық түсінудің пайдасы зор. Бүгінде білім беру мекемелерінде білім беру ісі бір бөлек, тәрбие беру ісі бір бөлек жүріп жататыны бар. Бірақ мынаны ескеру керек: білім беру ісі – адам, маман тәрбиелеудің бірден-бір құралы. Білім беру ісінен тыс, білімсіз тәрбие беремін деу – үлкен қателік. Білімсіз беремін деген тәрбие құмға құйған су сияқты болмақ. Тәрбие адамға ізгі білім, игілікті дағды, біліктілік арқылы беріледі. Тәрбие берудің басқа жолы жоқ. Тәрбиесіздік білімсіздіктен шығады. Білімнің жоқтығы – ақылдың жетімсіздігі деген сөз. Қазақ тілінің болашақ мұғалімі осыны есте мықтап ұстауы шарт[19].

Қазақ тілін оқыту әдістерінің жалпы сипаттамасына тоқталатын болсақ, Білім беру әдістеріне педагогика теориясында: «...Білім беру әдістері оқушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және оқушылар

жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын тәсілі»деген анықтама берілген.

Әдіс – белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен оқушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің оқушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, ал тәсіл-әдісті құрайтын элементтер. Оқыту әдісі-оқытудың мақсатын, міндеттерін, шет тілін оқытудың мазмұнын тудыратын және оларға жетудің оқыту кезеңдері мен шарттарына сәйкес тәсілдерін айқындайтын оқытудың бағыты. Әдіс – ілім, зерттеу жолы, көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, уәждемелік қызмет атқарады, сондықтан әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес тиімді қолдана білудің маңызы зор.

«Әдіс» деген сөзге түсінік беретін болсақ, педагогика теориясында: «...Білім беру әдістері білім алушылардың білім мен білігін, олардың практикалық дағдысын қалыптастыру жолындағы мұғалімнің жүргізетін жұмыстарының тәсілі және білім алушылар жүргізетін жұмыстың мұғалімнің басшылығымен орындалатын тәсілі»деген анықтама берілген.

Әдіс – белгіленген оқу мақсатына жету үшін мұғалім мен білім алушы іс-әрекетінің үйлесу тәсілі немесе мұғалімнің білім алушыларды білім және білікпен қаруландыратын құралдары мен тәсілдерінің жиынтығы, ал тәсіл-әдісті құрайтын элементтер.

Оқыту әдісі – оқытудың мақсатын, міндеттерін, тілді оқытудың мазмұнын тудыратын және оларға жетудің оқыту кезеңдері мен шарттарына сәйкес тәсілдерін айқындайтын оқытудың бағыты. Әдіс – ілім, зерттеу жолы, көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі. Оқыту әдістері білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, уәждемелік қызмет атқарады, сондықтан әдістерді сабақтың дидактикалық мақсаттарына сәйкес тиімді қолдана білудің маңызы зор. Дұрыс таңдалған әдіс баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді.

Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін оқытудың қолданбасы»деген еңбегінде әңгіме әдісін қазақ мектебінде алғаш рет қолданды. Ол тіл игертуді грамматикалық ережеден емес, сөзді үйретуден бастады. Ы.Алтынсарин мектебінің балалары жаттауды ерте бастаған. Ұстаздың «Кел,балалар, оқылық!» деген өлеңін жатқа білмеген бала болмаған. Ондағы сөздердің оралымды, рифмге құрылуы, логикалық байланысының болуынан өлеңнің әрбір жолы тілге өзі оралып жатады. Оның әңгімелерінде тарихи материалдар мен салыстыру әдісі көп. Ы.Алтынсарин қоғамды, адам мінезін оқу-білім арқылы ғана түзетуге болады деп сенеді.

Сонымен қатар, қазақ тілі проблемалар мен оларды оқыту үлгілеріне ерекше мән беріп, көп еңбек сіңірген тілші-ғалымдардың ең көрнектісі – Ахмет Байтұрсынов.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің қай саласында болсын өз ізін қалдырған, олулықтар жазған, тілдік проблемалар жөнінде өзіндік пікір айтып қана қоймай, көп жаңалықтар ашқан әйгілі ғалым-тілші. А.Байтұрсыновты ұлт

тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы, негізін салушы деп танысақ, артық айтқандық емес. Көрнекті ғалымдардың қазақ орны туралы жазған мақалалары, шығарған оқулықтары, ұлағат пікірлері мен тағылымдық көзқарастары ұшан – теңіз.

Тіл білімнің әр саласына қатысты нақтылы мәселелерді сөз еткен А.Байтұрсыновтың зерттеу еңбектерін былай қойғанда, «Оқу құралы», «Сауат ашқыш», «Тіл-құрал» сияқты оқулықтарда қолданылатын әдіс-тәсілдердің ерекшелігі – өз алдына арнайы қатыстыруды қажет ететін өзекті мәселе. Кез келген әдіскер мұғалім тілшінің еңбектерін оқу арқылы тілдік материалдарымен танысып қана қоймайды, сонымен қатар оқулықтарда берілген тақырыптарды оқытудың әдістемелерін де үйренеді. Тілшінің оқулықтары оны оқытудың, үйренудің әдістемелік нұсқауларымен жазылып, көрсетілген нақтылы үлгілерімен қатар ұсынылады.

А.Байтұрсынов өзінің «Қай әдісі жақсы?» мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы, оларға тиіс деп айтуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әріпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды».

«Қай әдіс жақсы», «Нұсқаушы», «Баяншы», «Әліппе астары» тәрізді еңбектер қалай оқыту қажеттілігін, оқытудың әдістемелері мен тәсілдерін баяндайды. Жалпы бұл зерттеулердің қай-қайсысы да әдістеме – тәжірибелер туралы кең мағұлмат береді. Ғалым ұсынған әліппи мен оны үйрету әдіс-тәсілдері осы уақытқа дейін өз мәнін жоғалтқан жоқ. Мысалы, А.Байтұрсынов: «Үйрену һәм үйрету ең басында қиын. Балалар оқудың басында қиналмаса, оқудан тауы шағылмай, көңілі қайтып мұқалмайды, оқуға ықыластанып, оқыған сайын қызығады.

Жоғарыда атап кеткен еңбектерін А.Байтұрсынов 1912 ж. мектеп балаларына арнап қазақша «Оқу құралын» жазып шығарғаннан кейін, енді осы оқулықты қалай оқытудың әдістемесін көрсететін «Баяншы» атты әдістемелік еңбегін жарыққа шығарды. Сол сияқты оқулықтарға қосымша әдістемелік құрал болып табылатын «Нұсқаушы» атты кітабы да осындай мақсатты көздеген еңбек. Автор бұл еңбектерін мүмкіндігінше өзі жазған оқулықтармен бірге, сол жылдары қатар жазып, шығарып отыруды мақсат еткен. Өйткені тілші оқу құралдары бар болғанымен, енді сол оқу құралдарының тигізер пайдасы шамалы деп есептеген.

Ғалымның бірқатар еңбектері ана тілін оқытудың тиімді әдістерін қарастырады. Бұл ретте А.Байтұрсыновтың оқыту саналы болу үшін жаңалыққа құштар, ізденімпаз ғалым-тілші екенін көрсетеді. Оның «Ана тілінің әдісі», «Тіл-құрал» атты еңбектері – мектеп оқушылары мен мұғалімдерге қазақ тілінің түбегейлі ерекшеліктерін танытқан, үйреткен басылымдар.

Ғалымның әдістің түрлерін баяндайтын еңбектеріне «Қай әдіс жақсы?» «Жалқылау (айырыңқы) әдіс», «Жалқылаулы-жалпылау әдіс» атты мақалалары жатады.

Тілді үйретуге қатысты А.Байтұрсыновтың ұсынған тиімді тәсілдері мен қағидалары мыналар:

1.Тілдік материалды жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге қарай оқыту керек деген дидактикалық принципті өте тиянақты ұстаған, оны уағыздаған.

2.Кез келген тілді үйретудің «қарыптан», яғни әріптен, әліпбиден бастау қажет.

3.Тілді үйрету ана тілінің сөз, сөйлем жүйесін білгізумен қатар жүруі тиіс.

4.Тілді оқытуда мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мысалдар, өлең-жыр, қызықты әңгімелер маңызды орын алуы қажет.

5.Тіл арқылы сауат ашуда суреттерге көп мән берілуі керек.

6.Оқушыларға арналған материалдар аса түсінікті болуы шарт.

7.Мәтіндер, көрнекілік, иллюстративтік материалдар қазақ баласының, халықтың ұғымына таныс, жақын болуы тиімді.

8.Тілді оқытуда тіл ұстартуға, көркем сөзге де ден қойған дұрыс.

9.Тілді үйрету үшін мұғалім бірнеше әдісті меңгеріп қана қоймай, табанды өзі қажет әдісті тауып, пайдалана білуі керек.

10.Мұғалім балаға білім өз тәжірибесі арқылы жинақтауға жағдай жасап, тілді тез үйренуге қарай үнемі бағыт-бағда сілтеп отыруы қажет.

А.Байтұрсыновтың құнды пікірлері тілдегі әдістеме мәселесіне ғана қатысты айтылып қана қойған жоқ. Сонымен қатар тілдің теориясына, оқу, жазу, сөйлеу жүйесіне байланысты ойлары да, сөйлемнің құрылысы мен ерекшеліктерін тұжырымдайтын көзқарастары да қазіргі тіл білімінде ерекше орын алады.

Қазақтың халық ағартушы қайраткерлерінің бай әдістемелік мұраларын зерттей отырып, олардың қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалап, әдістер жүйесінің одан әрі дамуына зор үлес қосқанына көз жеткіземіз. Ғалым-әдіскерлердің оқу жүйесінде тұрақталған әдіс-тәсілдері қазіргі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ. Олар қазіргі кездегі оқытудың жаңа талаптарына сай дамып, жалғасын тауып, жаңа мазмұндағы әдістердің тууына әсер етуде. Жалпы тілді оқыту мен үйретуде жалаң бір ғана әдісті қолдануға болмайды. Бұл жөнінде К.Жаксылықова: «Қазақ тілін оқыту- көп факторлы және әр жақты құбылыс. Сондықтан тілді оқытудың жалғыз әмбебап бір ғана тірек әдісін қолдану мүмкін емес. Шынтуайтына келгенде жалпы оқытудың ешқандай да бір әмбебап әдісі жоқ және бұл да мүмкін емес екенін тәжірибе дәлелдеп тұр», -деп жазды. Соған байланысты қазақ тілін оқыту әдістемесінде ғалымдарымыз әдістердің тұтастығы, бірлігі, жиынтығы мәселесін көтере бастады. Олар тілді оқытуда бірнеше амал-тәсілдерді аралас қолдану оқу үдерісінің нәтижелілігін арттыруға, білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге ықпал ететіндігін атап көрсетті.

Қазақ тілі мәселелері мен әдістемесіне байланысты зерттеу еңбектер жазып, құнды пікір айтқан педагог-ғалымның бірі –Жүсіпбек Аймауытов. Ж.Аймауытов 1922 жылдан 1924 жылға дейін Қарқаралыда мұғалім болып істейді. 1926-1929 жыл аралығында Шымкенттегі педагогикалық техникумның директор қызметін атқарды. Осы кезеңдегі жұмыс тәжірибелерін ол бірнеше ғылыми мақалалары мен оқу құралдарына арқау еткен.

Қазақ тілін оқыту мәселелеріне қатысты шыққан Ж.Аймауытовтың еңбектерін төмендегідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1.Қазақ тілін сапалы топтарға бөліп оқытуға байланысты жазылған еңбектер.

2.Қазақ тілін әріптен бастап үйрету әдісіне арналған еңбектер.

3.Қазақ тілін жүйелі түрде оқытуға бағытталған еңбектер

Қазақ тілін сапалы оқытуды негіздейтін ғалымның зерттеулеріне мыналарды жатқызған дұрыс: «Тәрбиеге жетекші», орынбаор, Қазмебас,1924ж «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп», 1925 №2) «Тіл туралы» («Еңбекші қазақ», 1928,23 ноябрь) Қазақ тілін дыбыстарын үйрету мәселесіне арналған тілшінің еңбектер «қазақша хат таныту әдісі» («Жаңа мектеп», 1927 №2) «Жаңа әріпті тез үйрету жолы» («Жаңа мектеп», 1929 №4). Сабақты жүйелі оқытуға қатысты ұстаздың жарияланған кітабы «Комплекспен оқыту жолдары», Қызылорда Қаз баспасы 1929, мақаласы «Комплекс жүйемен сабақ беру тәжірибеміз» («Жаңа мектеп , 1925 №3 »)

Ж.Аймауытов қандай мәселені сөз етсе де, қай пәнді (педагогика, дидактика, психология т.б) зертесе де, өз ең маңызды орынға тіл, оның тазалығы мен дұрыс қолданылуы туралы мәселені қойды. Өйткені автордың айтуынша, тіл – адам (бала) өмірінің ең алғашқы баспалдағы. Дүниедегі барлық тірлік ең алдымен тілден көрініс табады.

Бұл мәселелер жөнінде ғалым: « ... әр сабақ, әр пән бір жағынан өзіне тән мақсатын көздесе, екінші жағынан тіл түзетуге, тіл сабағының міндетін атқаруға тырысуы жөн» , - деп атап өте келіп, Ж.аймауытов балаға тілді дұрыс үйрету үшін басты-басты мына қағидаларды есте сақтаған жөн деп есептейі:

1.Балда әуелі затты, нәрсені көру керек.Оны көрген бала сол зат туралы айтады, яғни сөйлейді. Сондықтан тыңдау, сөйлеу процесі алғашқы болады да, оқу, жазу кейінгі болуы қажет.

2.Баланың өз бетімен сөйлеуіне көп мүмкіндік беру керек. Сондықтан материал бала ұғымына сәйкес болып: өмір кітапқа қарай емес, кітаптар өмірге бейімделіп жазылсын.

3.Сөйлек өмірдегі құбылыстарға жақын, жеңілден басылған жөн.

4.Баланың ой қабілеті мен өмірді ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты күшейте келіп, көбінесе ынталандыру қасиетіне еерекше мән берген дұрыс.

Ұстаздың пікірінше, тілді сапалы меңгеру үшін, баланың ынтасын жетілдіру – ең маңызды шарт. Ол ынталандыруға байланысты өз пікірін білдіреді:

1.Алдын ала дайындалған сұрақтар арқылы баланың ынтасын бұру;

2.Баланың ынтасын арттыратын, қызықты мағлұматтарды ғана алу;

3.Баланың ілтипатын қадағалап қоймай, мұғалімнің өзі де материалды бар ынтасымен үйрену;

4.Жаңа материалды баланың бұрыннан білетін материалдарымен ұштастыра білу;

5.Қажетсіз мағлұматтардан сақтану;

6.Оқыту барысында қолданылатын көрнекілікті күшейту;

7.Сабақ оқыту әдіс-тәсілдерін үнемі өзгертіп отыру.

Ж.Аймауытовтың қай көзқарасы болсы осы күнгі тіл үйрету жүйесімен толық сәйкес келеді. Ғалым тілді оқыту жалаң білімге үйрету емес, ол тірі адамның жан дүниесін тану, оны түсіну деп біледі: «Ана тілін үйрену – сөздерді жаттау, олардың жүйесін, өзгеру заңдарын білу ғана емес, тіл үйренумен бірге бала тілдің сансыз көп ұғымдарын, ойларын, сезімдерін, сұлу үлгілерін, ойлау жүйесін, ой пәлсафасын да меңгереді», - деп жазады.

Міржақып Дулатов – қазақ тілінің сауаттылығы, дамуы үшін күрескен, оқу-ағарту мәселелерін жоғары қойған ұлттық тілдің жанашыры, қамқоры. Ол, әсіресе, қазақ мектебіндегі оқу ерекшеліктеріне, тілді оқыту үлгілеріне, жазу ережелері мен оларды қолдану заңдылықтарына аса мән берген.

М.Дулатов жаңаша жазу үлгілеріне қатысты мақалалар жазған, өз пікірін ұсынған. Автордың А.Байтұрсынұлы «Тіл құралы» кітабы туралы айтқан ойлары оның тілдің жанашыры ғана емес, білімді педагог, көреген мұғалім екендігін аңғартады. М.Дулатовтың қазақ тіліне арнап жазған оқу құралдары мен мақалаларының арасынан мыналарды атап өтуге болады: «Кім оқытады?» («Еңбекші қазақ», 1923,27-февр); «Газет тілі онды болсын» («Еңбекші қазақ», 1927,26-февр); «Мектеп-медреселер мәселесі», Қаз., 1913., «Оқшаусөз» («Қазақ», 1916,18-январь); «Үлгісі» («Қазақ», 1914, 9-июль); «Читаю-писаю» («Қазақ», 1916,18-январь); «Жаңа жазу ережелері» Қазақстан, 1923.

Мағжан Жұмабаев – балаларды оқыту проблемаларын жиі көтерген, осы жиі мәселелерге арнап оқулықтар, зерттеу еңбектер, мақалалар жазған көрнекті қазақ қайраткерлерінің бірі. Оның «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» (1921, февраль) атты мақаласы мектептер мен оқу құралдары қандай болу керек деген сауалға жауап іздейді. Автор оқыту ісіне байланысты кедергілердің түрлерін атап айта келіп, болашақ ұрпақтың оқыту мәселесіне ерекше ден қою керек екендігін баса айтады. Оның нақты жолдарын көрсетеді. М.Жұмабаев: «Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», - дейді. М.Жұмабаев «Бастауыш мектепте ана тілі» кітабында бастауыш кластардағы ана тілін оқыту мәселелерін, осыған байланысты әдістемелерді сөз етеді. Автордың басты пікірі мына ойды білдіреді: бастауыш мектеп хат таныту мектебі ғана емес, ол бүкіл болашақта адам меңгеруге тиісті білімнің негізгі және ұлттық ана тілінің базасы болу керек дегенге саяды. М.Жұмабаев еңбектерінде қарастырылатын тілдік және әдістемелік мәселерлер мынадай:

1.Мектеп пен тұрмыстағы құбылыстардың бірі-бірімен тығыз байланысты бола келіп, баланың сөйлеу тіліне әсер етуі.

2.Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту проблемалары.

3.Тіл дамыту мәселелері.

4.Комплекстік оқыту әдісі мен оның ерекшеліктері.

5.Көрнекті материалдармен жұмыс істей білу.

6.Бақылау және емле бойынша жұмыстар жүргізу.

7.Ана тілін оқытуда негіз болатын жұмыстар жүргізу.

8.Жазба тілді жан-жақты меңгеру.

Қазақ тіліне қатысты М.Жұмабаевтың оқулықтары мен мақалалары: «Ана тілі: Бастауыш мектепте», Ташкент, 1923; «Қызыләскер әліппесі!», 1924,

«Сауатты бол». М., 1928, 1929,1930ж., «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» («Бостандық туы» газеті, 1921, ноябрь); «Қазақстандағы оқу жұмысының құрылысы» («Еңбекші қазақ», 1929,12-дек).

Телжан Шонанов әр салада көптеген еңбектер жаза келіп, тіл білімін зерттеуші ғалым, әдіскер, педагог, тарихшы, аударумашы ретінде көрнекті орын алады. Т.Шонанов 1915 жылы ұстаз болып қызмет істейді. Кейін 1922-1937жж аралығында көптеген зерттеу еңбектерін жазды. Т.Шонановтың жазған кітаптары, оқулықтары мектептегі білім беру жүйесіне, әдістемелерге, тіл мәселелеріне арналған.

Ол баланың сауатын ана тілінде ашуға ерекше көңіл болуді талап ете отырып, тілді үйрену алғашқы балалық кезде тиіміді екенін дәлелдейді. Ғалым білімге, оқу-ағарту ісіне ден қоя келіп, ілім тек балалар үшін ғана емес, ересектерге де қажеттілігін ескертеді. Сондықтан бастауыш мектеп оқушыларына арнап «Әліппе», (Алматы, «Қазақстан» баспа,1935), «Жаңа арна» (Қызыл-Орда, 1931), «Жаңалық», (Қызыл-Орда, 1936) кітаптарын жазса, ересек адамдарға арнап «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (Қызыл-Орда, 1930), «Қазақ тілінің оқу құралы» (Алматы,1931) «Учебник казахского языка для взрослых» (Қызыл-Орда, Казиздат, 1936), тәрізді оқу құралдарын шығарды. Осы еңбектерінің әрқайсысы оқу жүйесінің сапалы болуын қадағалай келіп, арнайы мақсаттарды көздейді. Мәселен, «Әліппе» бастауыш мектепке арналған оқулық болса, «Жаңа арна» - білім табалдырығын тұңғыш аттығысы келген балаға бағытталған алғашқы кездегі оқу құралы, «Жаңалық» - колхоз мектептері үшін жазылған әліппе т.б. Автор балалардың қабілетін, жасын ескеріп, шағын әңгімелерді, мақал сөздерді, қызықты аңыздарды саралап береді.

Ғалым-тілшінің еңбектерінің ішінде басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйренуді көздеген кітаптары, оқу құралдары ерекше орын алады. Бұл салаға қатысты жарияланған Т.Шонановтың еңбектері төмендегідей: «Орыстар үшін қазақша әліппе» (Қызыл-Орда, 1934), «Самучитель киргизского языка для русских» (Қызыл-Орда, 1930), «Учебник казахского языка для взрослых» (Қызыл-Орда, 1936). Оқу құралыдарының көпшілігі сол кездегі уақыт талабына сай бірнеше рет басылып шыққан. Мысалы, «Учебник казахского языка для русской школы» бес рет басылым көрген. Оқулық төрт бөлімнен құралған. Оқулықтың алғашқы үш бөлімінде әр түрлі тақырыптағы әңгімелерге,текстерге көп орын берілген. Грамматикалық материалдар соларға жетекші ретінде сұрыпталып, шағындап қосылған.

1922-1931 жылдардың көлемінде қазақ тілін оқыту, үйрену әдістемесіне байланысты көптеген пікірлер мен көзқарастар сол кездегі «Айқап», «Қазақ», «Қазақ тілі», «Мұғалім», «Шора», «Шолпан», «Сана», «Жаңа мектеп», «Еңбекші Қазақ», «Қызыл Қазақстан» сияқты басылымдарда көптеп жарияланды. Мысалы:

Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп»,1925,№2), «Емле, әріп жайынан» («Еңбекші қазақ», 1929,27-март), «Емлені өзгертуге жоба» (Қазақ тілі, 1924,6-февр.)т.б.

Ахмет Байтұрсынов: «Ана тілін қалай оқыту керек» («Жаңа мектеп», 1925, №2), «Емле туралы» («Еңбекші қазақ», 1929, 27-март), «Жоқшыға дерек» («Еңбекші қазақ», 1925, 14-дек.) т.б.

Міржақып Дулатов: «Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз» («Бостандық туы», 1921, 11-ноябрь), «Қазақстандағы оқу жұмысының құрылысы» («Еңбекші қазақ», 1929, 12-дек.).

Шәкәрім Құдайбергенұлы: «Бір мәселе», «Қазақ тілі іске асын деген қаулы туралы», («Еңбекші қазақ», 1929, 19-март).

С.Рахметова қазақ тілін оқыту әдістерін жинақтап, жүйелей келіп, оқу-таным әрекетінің басынан бастап соңғы нәтижесіне жеткенге дейінгі аралықты толық қамтитын негізгі үш топқа бөліп қарастырды:

- 1) Оқу-таным әрекетін ұйымдастыру және оны іске асыру әдістері;
- 2) Оқу-таным әрекетіне түрткі (мотивация) жасау, әсер ету әдістері;
- 3) Оқу-таным әрекеттерінің тиімділігін тексеру әдістері.

Ә.Исабаев: «Әдіс теориялық білім берудің тәсілдерін, соған байланысты практикалық дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соңы практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді. ...Қазақ тілінен білім беру әдістері-білім алушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы», - деп атап көрсетті.

Оқу әдістері білім алушылардың танымдық қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғызуы тиіс, яғни, білім алушылардың ойын дамытады, өз бетінше ізденіп жаңа білімді игеруге ықпал жасайды. Оқыту әдістері ғылыми таным әдістеріне байланысты, өйткені, оқытуда ең бастысы білім алушылардың танымдық іс-әрекеті. Ғылыми танымға қатысты бірсыпыра ережелер білім алушылардың танымдық іс-әрекетінде қолданылатын оқыту әдістерінің ерекшелігін анықтайды. Бұл ережелер: оқыту әдістері практика мен теорияны жақындастырады; оқыту әдістері шындықты тануға әрекет жасайды; идея нақты өмір мәліметтерінен қорытылады. Осы ережелердің бәрі білім алушылар көзқарасының қалыптасуына, таным қабілеттерінің дамуына негіз болады. Оқыту әдісі мақсатқа жетудің саналы түрде қолданылатын тәсілі, ал мақсатқа жету мұғалімнің шеберлігіне, оның оқыту процесін тиімді ұйымдастыра білуіне, білім алушылардың даярлық дәрежесіне, мұғалім мен білім алушылардың белсенділік педагогикалық ынтымақтастығына байланысты. «Оқыту әдісі» және «әдістемелік тәсіл» ұғымдары бір-бірімен тікелей байланысты. Әдістемелік тәсіл оқыту әдісінің элементті (компоненті, құрамды бөлімдер). Мысалы, жеке сөздердерді түсіндіру, суреттерді демонстрациялау т.б «Әдіс» пен «тәсілдің» шекарасы өте жылжымалы, құбылмалы, сондықтан олардың шекарасын анықтау өте қиын. Өйткені, әдіс кейде тәсілге, ал әдістемелік тәсіл оқыту әдісіне айналады. Мысалы:

1. Егер мұғалім баяндау процесінде суреттерді демонстрация арқылы көрсетсе, онда демонстрация әдістемелік тәсілге жатады.

2. Білім алушылар зерттеу негізінде суреттермен танысып, тақырып бойынша нақты білім алса, онда суреттерді демонстрациялау әдіске, ал баяндау тәсілге жатады.

3. Лабораториялық сабақтың мәнін және мағынасын анықтайтын әңгіме әдіс ретінде қолданылады.

4. Егер білім алушылар лабораториялық тапсырманы өз бетінше орындауға кіріссе, ал мұғалім сол дербес жұмыс процесінде тек әңгіме элементтерін қолданса, әңгіме тәсіл ретінде пайдаланылады.

Әдіс және тәсіл педагогикалық ұғым. Олар жеке пәндерді оқытуда қолданылады.

Қазіргі жағдайда білім беру ісін одан әрі жетілдіру мақсатымен оқыту әдістерін бірыңғай жүйеге келтіру басты мәселелердің бірі болып отыр. Бірақ бұл жөнінде ғалымдар арасында бірыңғай көзқарастардың жоқ екені байқалады. Мұның себебін қалай түсіндіруге болады. Мысалы, кейбіреулер оқыту әдістері жіктеудің негізгі етіп білім көзін, екінші біреулер дидактикалық міндеттерді, ал, қайсы біреулер білім алушылардың танымдық іс-әрекетін негізге алады т.б. екіншіден, оқыту әдістері мен тәсілдерінің шекарасы жылжымалы болады деп жоғарыда айтылған. Сондықтан оқыту процесінде кейде әдіс тәсілге, ал тәсіл әдіске ауысып отырады. Үшіншіден, бір әдіс әр түрлі дидактикалық мақсаттарға қызмет етеді. Мысалы, әңгіме әдісі жаңа білімді меңгеру, білімді, іскерлікті дағдыны тексеру, дидактикалық міндеттерін шешуде қолданылады.

Дидактика ілімінде оқыту әдістерін топтауда бірізділік жоқ. Ғалымдар оқыту әдістерін әртүрлі топтастырады. Атап айтқанда, И.А.Каиров, Н.К.Гончаров, Б.П.Есипова, Л.В.Занковтың редакциялауымен жарияланған «Педагогика» оқулығында оқыту әдісінің мынадай 9 түрі бары айтылған:

1. Мұғалімнің баяндауы мен лекциясы;
2. Мұғалімнің білім алушылармен әңгімесі;
3. Мұғалімнің тәжірибелермен оқытылатын затты көрсетуі;
4. Картиналармен, сызықпен жасалынған көрнекі құралды көрсету;
5. Экскурсия;
6. Оқулықтан және басқа да кітаптардан білім алушылардың өздігінен білім алуы;
7. Білім алушылардың өздігінен бақылауы, тапсырманы орындауы, лабораторияда істейтін жұмысы;
8. Жаттығулар;
9. Білім алушылардың білімін тексеру методы: *ауызша, жазбаша және практикада сынау.*

Профессор Е.Я.Голант оқыту әдісінің 8 түрін береді:

1. Ауызша мазмұндау;
2. Әңгіме;
3. Кітапты пайдалану;
4. Көрсету;
5. Экскурсия;
6. Лаборатория жұмыстары;
7. Жазу-сызу жұмыстары;
8. Практикалық жұмыс.

П.А.Зайченко он түрін көрсетеді:

1. Педагогикалық баяндау;
2. түсіндіру;
3. мектеп лекциясы;
4. әңгіме;
5. кітапты пайдалану;
6. байқау;
7. көрсету;
8. лабораторияда сабақ өткізу;
9. экскурсия;
10. жаттығулар орындату әдісі.

И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин оқыту әдісінің бес түрін көрсетеді:

1. Түсіндіру-сипаттау әдісі, әңгіме, лекция, көрсету, оқулықпен жұмыс істеу, жазба жаттығулар.
2. Қайталау-жаттығу, әңгіме, өз сөзімен қайта айту.

3. Проблемалық баяндау әдісі-оқытушының дәлелді түрде баяндауы, экскурсия.
4. Ізденіс түрлері-эвристикалық әңгіме, байқау, жоспар жасау. 5. Зерттеушілік-тәжірибе, байқау, сыныппен жұмыс, құжаттармен жұмыс сурет салу.

Ю.К.Бабанский бірсыпыра Ресей ғалымдарының (Е.Я.Голант, Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, А.Н.Алексюк, М.И.махмутов, С.Г.Шаповаленко т.б.) оқыту әдістері жіктеуіне сүйеніп, оларды үш топқа бөлуді ұсынды.

1. Оқу-танымды іс-әрекетін ұйымдастыру және іске асыру әдістері: сөздік әдістері (әңгіме, әңгімелеу, лекция); көрнекілік әдістері (иллюстрация, демонстрация, оқу теледидары); практикалық әдістер (жазба жаттығулар, лабораториялық, практикалық жұмыстар, тәжірибе және бақылау, білім алушылардың өндірістік бригадаларында, шеберханаларда, еңбек тапсырмасын орындау, оқыту машиналарымен жұмыс, дыбыс жасап шығарушы аппаратурлар т.б.); индуктивті және дедуктивті әдістер; репродуктивті, проблемалы ішінара іздену әдістері, өз бетінше жұмыс істеу әдістері.

2. Оқу-танымдық іс-әрекетінің ынталандыру әдістері білім алушылардың танымдық ықыласын қалыптастыру әдістері; оқудағы жауапкершілікті қалыптастыру әдістері; оқудағы жауапкершілік және міндетті ынталандыру әдістері; оқудың қоғамдық және жеке адамның маңыздылығын түсіндіру, оқыту талаптарын қою, мадақтау, ұялту.

3. Оқу-танымдық іс-әрекетінің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері: ауызша бақылау әдістері; жазбаша бақылау әдістері; лабораториялық бақылау әдістері; машиналы бақылау әдістері; өзін-өзі бақылау әдістері.

Жаңа ғасырдың бастауына дейінгі педагогикалық және жеке пән методикасы саласындағы зерттеулер мен практикалық тәжірибелерді ескере келіп оқытудағы әдістеме мына тұрғыда жүйеленеді:

1. Түсіндірме иллюстративті әдіс
2. Репродуктивті әдіс
3. Проблеманы баяндау әдісі
4. Ішінара іздену немесе эврикалық әдіс
5. Зерттеу әдісі

Кейбір әдістерге тоқталайық.

Әңгімелеу әдісі. Мұғалім оқу материалын бірізділікпен баяндайды. Ол үшін материалды айқын, сенімді етіп бейнелейді. Фактыға негізделген мәліметтер әңгімелеу түрінде сөз етіледі. Әңгімелеуде талдау, жинақтау тәсілдері пайдаланылады. Әдетте, әңгімелеу, бастауыш сыныптарда 10-15, ал жоғары сыныптарда 20-25 минутқа созылады. Әңгімелеу әдісі көбінесе тіл, әдебиет, тарих, география сабақтарында қолданылады. Сабақтың қалған уақытында білім алушылар мұғалімнің басшылығымен әр түрлі жұмыстарды өз бетінше орындайды.

Әңгіме әдісі сабақта сұрақ--жауап формасы түрінде қолданылады. Сондықтан мұғалім алдын-ала жоспар жасап, онда сұрақтардың жүйесін мұқият ойластырады. Бұл білім алушылардың білімін тақырып бойынша логикалық бірізділікпен анықтауды қамтамасыз етеді. Әңгімені осылай өткізу білім алушылардың ойлау белсенділігін арттырады. Оларды басты және өте маңызды мәселелердің мазмұнын, өзара байланысын анықтауға талаптандырады.

Білім алушыларды болжауға бағыттайды, өз ойларын дәлелдеуге мәжбүр етеді. Әңгіме әдісінің барлық процесі өтілген оқу материалын жүйеге келтіруге және жинақтап қорытуға мүмкіндік береді.

Түсіндіру әдісі. Мұғалім оқу материалын баяндауда білім алушылардың белсенділігіне, ынтасына, білім деңгейіне сүйенеді, материалдың мазмұнын дәлелдейді, кейбір ережелердің, ұғымдардың, заңдардың мәнін ашады. Материалды түсіндіруге түрлі құралдарды, есептер шығаруды, жазып алуды кең түрде қолданады, білім алушылар баяндау процесінде мұғалімнің сұрақтарына жауап береді, пайымдайды, дәлелдеуге тырысады. Мұғалім түсіндіру әдісі бойынша білім алушылардың іс-әрекетін басқарудың барлық мүмкіншіліктерін пайдалана білсе, онда білім алушылар жаңа материалды қабылдай отырып, өткен сабақта алған білімін салыстырады, талдайды. Мұғалімнің басты міндеті білім алушылардың танымдық, іс-әрекетінің ішкі процесін сезу, күдікті және қиын мәселелерді күні бұрын болжау, оларды болдырмаудың жолдарын іздестіріп, білім алушыларға көмектесу.

Түсіндірме-иллюстративті әдісті тіл, ақпараттық-рецептивті әдіс деп те атайды, өйткені ол мұғалім мен білім алушының іс-әрекетін бейнелейді.

Практикалық әдіс. Бұл әдіс білім алушылардың әртүрлі іс-әрекеттерінде қолданылады. Практикалық сабақтар мектеп шеберханаларында, оқу-тәжірибе учаскелерінде, білім алушылардың өндірістік бригадаларында, оқу-өндірістік комбинаттарында өткізіледі. Білім алушылар практикалық сабақтарда оқыту машиналары ЭВМ, компьютер арқылы түрлі тапсырмаларды орындайды. Мұғалім ауызекі сөздердің (әңгіме, лекция, түсіндіру), баспа сөзінің (оқулық, қосымша әдебиеттер), көрнекі құралдардың (суреттер, кестелер, кинодиафильмдер, натуралды объектілер), практикалық жұмыстардың (тәжірибе көрсету, станокта жұмыс істеу, есеп шығару, шығарма жазу, аннотация жазу т.б.) көмегімен сабақта балаға білім беруді іске асырады. Сабақ үстінде білім алушылар тыңдайды, көреді, оқиды, бақылайды, сабақ үстінде тапсырманы орындайды.

Репродуктивті әдіс - бұл әдістің негізгі белгісі еске түсіру және мұғалімнің тапсырмасы бойынша іс-әрекетінің тәсілін қайталау болады. Көрсетілген іс-әрекетінің тәсілдерін және білім алушыларға жарияланған білімді бірнеше рет еске түсіру арқылы тапсырмалар жүйесі бойынша мұғалім олардың іс-әрекетін ұйымдастырады. Мұғалім мазмұны әртүрлі тәжірибені орындайды. т.б. Нұсқау тәсілдерін жетілдіру мақсатында жазба нұсқаулар, схемалар пайдаланылады, кинофильмдер көрсетіледі, ал еңбек сабақтарында әртүрлі тренажерлер қолданылады. Бұл әдіс тек қана білім алушылардың іс-әрекеттерін сипаттайды, ал екінші жағынан мұғалімнің іс-әрекетін ұйымдастырушы, талаптандырушы деп қарастыруға болады. Осы әдісті жүзеге асыруда алгоритмдеу үлкен рөл атқарады.

Дедукциялық әдіс дегеніміз – белгілі грамматикалық анықтаманы айтып, соңынан мысал келтіре отырып түсіндіру, яғни жалпыдан жалқыға қарай жүргізіледі.

Индукциялық әдіс бойынша белгілі бір грамматикалық анықтама мысалдарды талдағаннан кейін барып айтылады, яғни жалқыдан жалпыға қарай жүргізіледі. Қазақ тілін зерттеуші әдіскер-ғалымдар оқыту әдістерін төмендегідей саралайды:

Оқыту барысында бұл әдістердің әрқайсысының ерекшеліктерін, оларға тән өзгешеліктерді пәннің және болашақ маманның меңгеретін ғылымына үйлестіре алынған деректер келтіре отырып әңгімелейміз.

Оқыту әдістерін классификациялауда мына мәселелер ескеріледі:

1) Әрбір әдіс оқыту процесі (үрдісі) қойып отырған негізгі ой түйінін терең меңгеруге бағытталған дидактикалық принциптерді шешерліктей болуға тиіс.

2) Ұстаздар мен шәкірттің бірлескен әрекеті таным қабілетін дамытуға және белгілі ой-түсінікті біліп қана қоймай оны өздігінен пайымдай алуға машықтандыруға жаттықтыруы керек.

3) Қолданылатын әдістің қай-қайсысы болсын оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға бағыттталып, шәкірттің ізденіп, әрекеттеніп, еңбектене білуін қамтамасыз етуге тиіс.

Оқытудың негізгі принциптеріне:

- Оқытудың ғылымилық принципі (оқытылатын ғылымның тілі мен қисыны, бүгінгі күн талабына сай ғылымның негізгі теориялары мен ұғымдарын, ғылымның нақты әдістерін, қоғамдық және табиғи құбылыстардың ғылыми-таным әдістерін);

- Оқытудың тарихилық принципі (тарихи даму кезеңдерінің сақталуы);

- Көрнекілік принципі;

- Я.А.Коменский бұл принципті «Дидактиканың алтын ережесі» деп атаған. Көрнекілік принциптің құралдары: нақты объект; көлемді құралдар (модель, макет, муляждар және т.б.); көркем сурет (картиналар, фото суреттер, диафильмдер және т.б.);

- Жеткіліктілік принципі;

- Саналылық, белсенділік принципі;

- Жүйелілік, бірізділік принципі;

- Өмірмен байланыстылық принципі;

- Оқыту заңдары мен заңдылықтарына сәйкес оның принциптері түзіледі.

Олардың бірлікте қарастырылуы мен іске асырылуы оқытудың тиімділігін арттырады және нәтижеге алып келеді.

Х.Арғынов синтаксистен білім алушыларға білім беруде мынадай оқыту әдістерін пайдалануды тиімді деп санайды: *байқау; түсіндіру; әңгіме әдісі*.

Ал Ә.Исабаев болса, қазақ тілінен білім беру әдістерін былайша топтайды:

- Қазақ тілін практикалық жақтан үйрету әдістері (Қазақ тілін әдебиет материалын байланыстырып өту әдісі, түсініксіз сөздерді үйрету әдісі, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету әдісі, ауызша түсіндіру әдісі, ауызша мазмұндау әдісі және мәнерлеп оқу әдісі).

- Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері (*Әңгіме әдісі, түсіндіру әдісі, тәжірибе әдісі, кітапты пайдалану әдісі*).

-Қазақ тілін теориялық және практикалық жақтан үйрету әдістері (*дайындық материалды талдау әдістері, фонетикалық талдау әдістері, морфологиялық талдау әдісі, синтаксистік талдау әдісі, тілдің материалдардың түрін өзгерту құрату әдісі, тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі, орфографиялық талдау әдісі, көшіріп жазу әдісі, диктант жазу әдісі*).

Ә.Исабаев қазақ тілінен білім беру әдістерінің төмендегідей кестесін ұсынады:

Қазақ тілінен білім беру әдістері

Қазақ тілін теориялық-практикалық жақтан үйрету әдістері	Қазақ тілін теориялық жақтан үйрету әдістері	Қазақ тілін теориялық – практикалық жақтан үйрету әдістері
Қазақ тілін әдебиет материалдарымен байланыстырып өту, түсініксіз сөздерді үйрету, диалогтық және монологтық сөйлеуді үйрету, ауызша мазмұндау және мәнерлеп оқу әдістері	Әңгіме, хабарлау, тәжірибе түсіндіру және кітапты пайданлану әдістері	Қазақ тілі бойынша талдау, дайын материалды талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту, мазмұндау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру, орфографиялық талдау, көшіріп жазу және диктант жазу әдістері

З.Бейсембаева мына әдістерді көрсетеді: табиғи әдіс, сұрақ-жауап, сурет әдісі сөйлем мен сөзді толықтыру, мәтінмен жұмыс әдісі.

Ж.Сүлейменова әдістерді жалпы дидактикалық және жеке пәндік деп екі топқа бөліп қарастырады.

Жалпы дидактикалық топқа ауызша хабарлау немесе сөз әдісі (баяндау, түсіндіру, әңгімелеу, пікірталас, дәріс); көрнекілік әдісі (иллюстрациялау, демонстрациялау), бейне әдіс (электрондық оқулық), практикалық әдіс (жаттығу, тәжірибе жасау, экскурсия), кітаппен жұмыс жасау әдісін жатқызады.

Жеке пәндік топқа ана тіліне сүйену немесе салыстыру (еліктеу, аударма, грамматикалық талдау, коммуникативті-ситуативтік, драматизациялау); лингвистикалық сөздіктермен жұмыс (сан әдісі); апроксимация, грамматикалық ойын әдісін жатқызған.

Әдіскер – ғалым К.Назарғалиева оқыту процесіндегі негізгі мақсат – таным-білімді меңгеру және меңгерту, мұғалім мен оқушының әрекеттерінен тұрады, сондықтан оқыту әдістерін саралауға өзге емес, осы қағида басшылыққа алынуға тиіс деп, оқыту әдістерін екі топқа бөліп топтастырады.

-Оқыту әдістері: *ауызша баяндау, информациялық хабарлау, түсіндіріп оқыту, әңгімелеу, демонстрациялау, экскурсия, тексеру, жүйелеу, бағалау.*

-Оқу әдістері: *әңгімелесу, оқулықпен, кітаппен, қосымша материалдармен жұмыс, жоспарлау, тапсырма орындау, бақылау, зерттеу, қайталау, графикалық жұмыс, жаттығу, оқыған материалын баяндау.*

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын инновациялық белсенді әдістер

*Оқу үдерісінің
құрылымдық
мазмұндық буындар*

*Оқытудың инновациялық белсенді әдістер
мазмұнының жалпылама сипаты*

Мақсаты

Мамандыққа баули оқыту;
Кәсіби жағымды уәж тудыру;
Сапалы нәтижеге қол жеткізу;
Шығармашылық белсенді тұлға қалыптастыру;
Тілдік тұлға қалыптастыру;
Ақпараттық, қатысымдық құзыеттерін
қалыптастыру

Оқыту әрекеті

Кеңесші, ақылшы;
Көмекші, ұйымдастырушы;
Бақылаушы, бағалаушы;
Жетекші, сыншы;
Демеуші, жанашыр;
Коммуникативтік тренажер

Үйренуші әрекеті

Белсенді субъект;
Белсенді қатысымға мұқтаж, бейім тілдік тұлға;
Өзін-өзі дамыту;
Шығармашыл, жасампаз тұлға;
Әркет субъектісі;
Өзін-өзі тексеру;
Өзін-өзі басқару

Өзара әркет

Ізгілік;
Ынтымақтастық;
Өзара көмек;
Еркіндік;
Психологиялық микроклимат;
Субъект-субъектілік қарым-қатынас әрекеті
«Компьютер – білім алушы» диалогі

*Оқытуды
ұйымдастыру
формасы*

Интерактивтік дәріс;
Бейне дәріс;
Ақпарат-семинар;
Қатысымдық ойындар;
Жағдаяттық тапсырмалар;
Интерактивті өзара әрекеттер;
Сергіту сәттер

Оқыту әдістері мен

Коммуникативтік (қатысымдық) әдіс;

<i>технологиялары</i>	<p>Жеделдете оқыту әдісі; Сүңги оқыту әдісі; Натуралдық әдістің тиімді элементтері; Суггемтопедиялық әдістің элементтері; Миға шабул; Интерактивті; Проблемалық – зерттеушілік; Пікірталас, Дидактикалық оқу ойындары, Эвристикалық, жобалау Деңгейлік оқыту; Ақпараттық коммуникациялық технологиялар; Модульдік оқыту технологиясы; Дамыта оқыту технологиясы; Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы</p>
<i>Оқу формасы</i>	<p>Жұртық, топтық; Ұжымдық; Тұлға аралық қарым-қатынас</p>
<i>Оқытудың техникалық жағынан қамтамасыз етілуі</i>	<p>Компьютерлер желісі; Мультимедиялық проектор; Интерактивті тақта; Бейне-дыбыстық таспа жазулары; Мультимедиялық оқыту бағдарламалары; Электронды оқу құралдары; Интернет желісі; Электронды білім беру порталы; Электронды оқытушы парағы; Ір-Хелпинг; Электронды кітапхана қоры</p>
<i>Білімді тексеру, бағалу</i>	<p>Үздіксіз тексеру, объективті бағалау; Өзара тексеру, өзіндік тексеру, тест; Білім деңгейін анықтау компьютерлік бағдарламалары; Аралық және қорытынды сынақтарды ұйымдастыруға арналған компьютерлік оқу бағдаламалары</p>
<i>Нәтижесі</i>	<p>Өте жоғары, материалды толық меңгеру. Ақпараттық, қатысымдық, кәсіптік құзыреттердің қалыптасуы</p>

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады.

Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым);

- зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

- жүйелі-әрекеттік тәсіл;

- дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);

- саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту).

- мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;

- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;

- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;

- ойын әдісі;

- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;

- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру;

- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;

- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;

- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

- оқушыларға алдын ала берілетін түрлі стильдегі жазба мәтіндердің үлгісін қолдану (мұғалім алдын ала модельдер мен үлгілер береді);

- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);

- оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

«Оқыту әдісі» ұғымы дидактикалық мақсаттарға сәйкес оқыту процесінде мұғалімнің оқу жұмысы мен оқушылардың танымдық іс-әрекетімен байланыста шешілетін оқу іс-әрекетінің міндеттерімен сипатталады. Демек, оқыту әдістері –

оқыту міндеттерін, яғни дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың біріккен іс-әрекетінің көрінісі болып табылады. Сонымен бірге дидактикада оқыту «тәсілдері» ұғымы кеңінен қолданылады. Тәсіл – әдіс элементі, оның құрамды бөлігі, бір реттік әрекет. Оқыту процесінде әдістер мен тәсілдер әр түрлі құрамда қолданылуы мүмкін [13].

Оқыту әдістері – күрделі, көп жақты, көп салалы құбылыс. Оқыту әдістері арқылы объективтік заңдылықтар, мақсаттар, мазмұн, принциптер, оқыту формалары бейнеленеді. Оқыту әдістері оқу-тәрбие процесінде үйретуші, дамытушы, тәрбиелеуші, ынталандырушы (мотивациялық), бақылаушы және түзетуші қызметтерді атқарады. Әдістер көмегімен оқыту мақсаты жүзеге асырылады, яғни бұл – үйретуші функцияның байқалуы, оқушылардың даму деңгейі мен қарқыны қамтамасыз етілетін – дамыту функциясы, сол сияқты тәрбие нәтижелерінің анықталуы – тәрбиелік функцияның жүзеге асырылуы болып табылады. Әдістер мұғалім үшін оқушыларды оқуға ұмтылдырушы құрал ретінде қолданылады, ал кейде танымдық іс-әрекетті ынталандыру қызметін атқарады [9].

Оқытуды ұйымдастыру әдісі - білімді игеру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған мұғалім мен оқушының бірліктегі іс-әрекеттік қимыл-тәсілдері. Оқу мақсаты жолындағы ұстаздың оқыту жұмысы мен шәкірттің оқып-үйрену әрекеттерінің өзара байланыстылығы осы оқу әдісінен көрінеді. Қандай болмасын оқыту әдісі, - дейді И.Я.Лернер, - оқушылардың білім мазмұнын игеруін, сөйтіп оқыту мақсатына жетуді қамтамасыз етерлік олардың танымдық, әрі практикалық әрекетін ұйымдастыратын белгілі нысанға бағытталған мұғалім әрекетінің жүйесі болып табылады.

Оқыту – жеке адамның қалыптасуының, ақыл-ойы мен жалпы білімін дамытудың маңызды құралы. Ол белгілі бір жүйеде және жоспар бойынша, мұғалімнің басшылығымен, нақты мақсатқа бағытталған процесс болып табылады. Пән бойынша оқыту процесінде білім алушылар білімнің жиынтығын меңгереді және сол саламен тығыз байланысты білік пен дағды қалыптасып дамиды [15].

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытуда сөйлеу әрекетінің дағдыларына қарай төмендегідей әдістер қолданылуда:

Тыңдалым/айтылым

- АКТ қолдану әдісі,
- Кейс-стади әдісі;
- Сұрақ-жауап әдісі;
- Фишбоун, Джигсо әдісі;
- Дебат әдісі;
- «Миға шабуыл» әдісі

Оқылым

- Белгілеп оқу;
- Зерттеп оқу;
- «Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі;

- «Пікірлер алаңы»;
- «Блум түймедағы»;
- графикалық органайзерлер;
- Скимминг.

Жазылым

- «Миға шабуыл»;
- «Менталды карта»;
- «Журналист сұрақтары»
- Графикалық органайзер (эссе);
- Дербес пікір жазу;
- «Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі;
- Сызбаға түсіру.

Келесі кезекте осы әдістерге жеке тоқталып өтейік.

АКТ қолдану әдістері. Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық – коммуникациялық технология әдістерін пайдалану өте тиімді. Себебі АКТ-ны қолдану нәтижесінде білім алушылардың өз бетімен ізденісі, қызығушылығы, белсенділігі, сенімділігі артады. Сонымен қатар сабақтағы уақыт тиімді пайдаланылады, тақырып толық қамтылады, білім алушылармен кері байланыс орнатып, тақырыпты меңгеру нәтижесі анықталады, сыныптағы білім алушылардың барлығының білімін бір уақытта тексеріп, олардың әр сабаққа деген ынтасын арттыруға болады, білім алушылардың пәнге қызығушылығын арттырады, білім алушы өз білімін бағалап, қатесін таба алады, білім алушы өзі тапсырма (тест, сөзжұмбақ), презентация құрастыра алады, ынтасы төмен білім алушылармен жұмыс жасалады (сабақ барысында қамтылмаған білім алушы қалмайды), көрнекі бейне, анимация, әуен білім алушылардың зейінін арттырады. Аталған әдіс интерактивті тақта, мультимедия, интернет кеңістігі, электронды оқулық құралдары арқылы жүзеге асырылады.

Интерактивті тақта – топтағы оқушылардың барлығын оқыту үшін құнды құрал. Бұл мұғалім жаңа материалды өте қызықты және қарқынды етіп түсіндіруге көмектесетін көзге көрінетін құнды құрал. Оның ақпаратты түрлі мультимедиялық ресурстар көмегі арқылы танысуға мүмкіндігі зор. Ол сызбаларды түсіндіруді жеңілдетіп, қиын мәселелерді шешуге көмектесе алады. Мұғалімдер өздерінің жаңа ойларын, идеяларын әсерлі, тартымды етіп көрсету үшін осы тақтаны қолданса мақсаттарына жетеді. Бұл тақтада мұғалімдермен жаңа материалдарды бірігіп талдауға мүмкіндігі зор

Интерактивті тақта топтағы барлық оқушылардың басты назарына айналады. Ал егер де керекті материалдардың барлығы алдын ала дайындалып, түсінуге оңай болса, сабақтың жақсы қарқынды өтуін қамтамасыз етеді.

Электронды оқулықтар оқушының білім сапасын бақылау жүйесін өзгертуге мүмкіндік жасайды. Дәстүрлі оқытуда әр оқушы мұғалім тарапынан бақылау өте жиі болмай қалуы да кездеседі, ал электронды оқулықтың көмегімен оқыту үрдісінің әр кезеңін бақылай алады. Тіпті кейде тапсырманың дұрыс орындалуын ғана қадағалап қоймай, қате орындаған жағдайда оқулықтың тарауына, керекті

тақырыбына немесе қажет ақпаратқа сілтемелер беріп отырады. Бұл оқушы үшін, біріншіден үлкен көмек, жеңілдіктер туғызса, екіншіден, сол материалды автоматты түрде бақылап, әділ бағасын беруге, оқушыға қажетіне қарай кеңес беруге, сол жайында барынша мәлімет алуға мүмкіндік жасайды[24].

Кейс-стади әдісі - мұғалімнің креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды.

Кейс-стади (ағыл. case – жағдай, жағдаят, мәселе, study – зерттеу) – нақты жағдаятты (шынайы өмірден алынған немесе шындыққа жанасатын ойдан құрастырылған мәселе) шешуге негізделген проблемалық-жағдаяттық талдау арқылы зерттеу әдісі.

Кейс-стади әдісі ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап қолданылған. Кейс әдісін нақты мәселеге, оқиғаға талдау жасау әдісі деп айтуға болады.

Топ білім алушылары бірлесіп, ұсынылған мәтіндегі болған жағдаймен танысып, талдайды, практикалық шешім шығарады. Әрбір топ сабақ соңында өз ойларын ортаға салады, сабақтың соңында тапсырманы қорытындылайды.

Кейстерде кездейсоқ жағдай, түйінді мәселе, шынайы өмірден алынған оқиғалар қарастырылады.

Кейс-стади - бұл нақты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын. Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылар топтық сұрақ-жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды, оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді.

Кейс-стадиді қолдану:

- жүйелі, корреляциялық, факторлық, статистикалық және тағы басқа талдау біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік береді;

- білім алушылармен қосымша тапсырмалар жасау нұсқаларын жобалайды;

- «ми шабуылы» пікірталасын өткізу, ғылыми дауласу, негізгі және әр жақты шешім бойынша дебаттар дайындалып өткізіледі деп жобалайды.

Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылардың дайын білімді меңгеруі емес оны өндіруге, яғни теориялық білімін практикалық міндеттерді шешуге қолдану дағдыларын дамыту және мұғаліммен білім алушылардың ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс жасауына басты назар аударылады.

Кейс-стади оқушылардың бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастырады, әртүрлі өмірлік проблемаларды талдау және оларды шешу қабілетін, ақпаратпен жұмыс істеу дағдысын дамытады, оқушы мен мұғалімнің бірлесе шығармашылықпен айналысу дағдыларын қалыптастыруға негізделеді.

Сұрақ-жауап әдісі тіл үйретуде тиімді де қолайлы әдістердің бірі. Бұл әдіс барлық сыныптарда қолданылады. Жоғары сыныптарда сұрақтары күрделенеді.

Сұрақ қою әдісін қолданғанда сұрақты үнемі мұғалім қоймай, білім алушылардың өздеріне де қойғызып, алмасып отырған тиімді.

Бұл әдісті қолдану барысында сұрақтың

Фишбоун әдісін жапон ғалымы Каору Исикава ұсынған болатын. Бұл әдіс ақпаратты графикалық техника жолымен ұсыну арқылы қандай да бір құбылысты талдау барысында проблемаларды көрнекі түрде анықтап алуға, оның себептері мен фактілерін анықтауға, қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Балықтың

қаңқасын құрастыруда оқушылар топпен немесе жұппен жұмыс істеуге, себеп-салдар байланыстарды визуализациялауға, әртүрлі факторларды маңыздылығына қарай топтауға, сыни ойлауға және шынайы құбылыстарды бағалауға үйренеді.

Балық қаңқасы кез келген ситуацияның шешімін табуға, жаңа идеяларды дамытуға, ойлау үдерісін шапшаңдатуға септігін тигізеді. Нәтижесінде оқушылар өз ойларын тез, әрі нақты етіп жинақтауға дағдыланады.

«Фишбоун» құрастырудың ережесі бойынша, ол алдын ала немесе оқушылардың қатысуымен құрастырылады. Заманауи технологиялар көмегімен оны түрлі түстермен тартымды етіп А3 форматында даярлаған жөн. Сызбаны құрастырудың екі жолы бар: көлденең түрде балық қаңқасының пішініне сәйкес (горизонтальды), бұл пішін бастауыш сынып оқушылары үшін қолайлы; тігінен (вертикальды) пішінде, бұл жоғары сынып оқушылары үшін ауқымды ақпараттарды сыйғызу мақсатында қолданылады.

Мұғалім алдын ала ақ қағазға балық қаңқасының суретін салып, басына тақырып жазады. Денесінің жоғарғы жағындағы сызбаларына сұрақтары, төменгі жағындағы сызбаларына жауаптары жазылады. Балық қабырғасының саны жетіден кем болмауы керек, түйінді ой құйрығына жазылады. Қосымша сұрақ туындайтын болса үстінгі және астынғы қабыршақтарға жазады.

Балық қаңқасы негізгі 4 блоктан тұрады:

- басы - сұрақ немесе проблема;
- үстінгі қабырға сүйектері - проблеманың немесе құбылыстың себептері мен негізгі ұғымдары;
- астынғы қабырға сүйектері - дәйектер;
- құйрық - қорытынды немесе тұжырым.

«Фишбоун» әдісінің тиімділігі – берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.

Джигсо әдісі. Бұл тәсіл негізінде білім алушы жаңа тақырыпты өз бетінше ұғынады, меңгере алады; Меңгерілген ақпаратты басқа топ мүшелеріне түсіндікті етіп жеткізеді; Мәтінмен өз бетінше жұмыс жасау дағдысы дамиды; Жаңа ақпаратпен жұмыс жасау барысында ынтасы артады; Белгілеу, тұжырымдау және мәтінге сұрақ қоя біледі; Басқаларды естиді және тыңдай біледі; Ақпаратты қысқа да, нұсқа жазбаша бере алады; Өзінің және топ мүшелерінің білім алуына жауапкершілікпен қарайды; Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Джигсо әдісі бойынша білім алушылар 4 адамнан тұратын топтарға бөлінеді. Мұғалім оларды сыныптың тепе-теңдігін сақтай отырып, жынысына, қабілетіне, қарым-қатынастарына қарап бөледі. Оқуға ұсынылатын материалдың тақырыбы талқыланады. Әр топқа 4 логикалық бөлікке бөлінген мәтіндер беріледі. Топтар мәтінмен танысып, сол мәтін бойынша басқа топқа барып ақпарат береді, яғни түсіндіреді. Осылайша топ мүшелері бірін-бірі оқытуға, сол арқылы ойлауға үйретеді.

Джиксо әдісі мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін өте тиімді. Білім алушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды.

Дебат әдісі тұлғааралық қарым– қатынасқа негізделе отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге, сапалы білім алудың алғышарттары болып табылатын таным белсенділігі мен ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

«Дебат» сөзіне түсінік беретін болсақ, бұл сөз бізге Франциядан келген. Мағынасы жағынан екі қарама-қарсы көзқараста айтусу дегенді білдіреді. Яғни, «дебат» сөзі француздың *debats* – талқылау деген сөзінен шыққан, қандай да бір жиылыста, мәжілісте пікірталасу, жарыссөз, айтыс деген түсінік береді. Ал пікірсайыс дегеніміз – белгілі тақырып көлемінде арнайы ережелермен шектелген сөз жарыстыру, білім таластыру өнері.

Пікірсайыс мұғалім мен білім алушылар арасында, білім алушы мен білім алушы арасында, білім алушылар топтарының арасында болуы мүмкін.

Пікірсайыс немесе пікірталасты қазақ тілі сабақтарында не үшін өткіземіз? Пікірсайыс арқылы білімалушылардың шешен сөйлеу дағдылары жетілдіріледі, сондай-ақ талқыланып жатқан мәселені түсіне отырып, талқы үстіндегі мәселеге сын көзбен қарауға, фактілерді зерттеуге, болжауға, баға беруге, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын жүйелеп басқаларға дәлелдеуге үйренеді.

«Миға шабуыл» әдісін 1941 жылы А.Ф.Осборн ұсынған болатын. Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған бұл әдіс адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатын көздеген еді.

Бұл әдістің негізгі міндеттері:

- мүмкіндігінше көп идеяларды жинақтау;
- ғылыми немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
- білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамыту;
- ынтымақтастықты дамыту.

Миға шабуыл – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге келгендерін негіздеп жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақыт көлемінде орындалуы шарт.

Қойылған проблеманы оқушылардың шығармашылық белсенділігіне сүйене отырып шешуге бағытталған, оқушыларға проблеманы шешуге жауап нұсқасын таңдауға еркіндік беріліп, оны шешудің неғұрлым көп жолдарын көрсетуге негізделген. Кейін ең жақсы идеялар, шешімдер таңдалынып алынады. Берілген сұраққа әр оқушы жауап бере алады. Маңыздысы – айтылған көзқарасқа баға қоймау керек, барлық жауап қабылданады және әр пікір тақтаға немесе қағазға жазылғаны дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері тиіс[25].

Жоғары сыныптарда білім беру мәселесінде «Менталды карта» әдісін пайдалану тиімді. Аталған әдістің артықшылығы ақпаратпен жұмыс жасау кезінде мәтіндегі негізгі идеяларды есте сақтауды жеңілдететін сызба түрінде көрсету жолы. Ортасына басты идея орналастырылады, ал одан кілт сөздері бар тармақтар шығарылады; Нәтижесінде ерекше және жарқыраған шырмауық тәріздес сызбалар шығады. Ол жақсы есте сақталады; Бұл әдісті жүргізуде арнайы «XMind» бағдарламасын қолдануға болады. «XMind» бағдарламасын пайдалана отырып,

мәтінмен жасалынған жұмысқа қысқаша тоқталсақ, бұл тәсілді, басқаша ойды, әңгімені жазып алу техникасы деп атауға болады.

«Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі. Мұғалім білім алушыларға сұрақ немесе тапсырма береді. Әр білім алушы ойланып, жеке жауап жазады. Содан кейін білім алушы жұбымен жазғанын 3 – 4 минут талқылайды, пікірлеседі. Өздерінің ең үздік деген жауаптарын біріктіреді. Әрбір жұп өз пікірлерін бүкіл сыныпқа жариялайды.

Бұл әдіс жеке және топтық жұмысты үйлестіруге, жаңа жауаптар табуға мүмкіндік береді. Білім алушылар берілген тақырыпты дұрыс түсінетініне көз жеткізе алады.

«Блум түймедағы» алты түрлі сауалдан құралады: қарапайым, анықтаушы, тәжірибелік, интерпритациялық, шығармашылық, бағалау.

1) *Қарапайым сұрақтар* – нақты деректерді еске түсіріп, жауап беру үшін қойылады.

2) *Анықтаушы сұрақтар* – алған ақпаратты анықтау үшін бағытталған «яғни сенің ойыңша, бұл...», «мен сені дұрыс түсінемін, онда...».

3) *Тәжірибелік сұрақтар* – «Сіз қалай орындар едіңіз?» «Егер Сіз кейіпкер болсаңыз, не істер едіңіз?».

4) *Интерпритациялық сұрақтар (түсіндіруші)* – белгілі бір мәселелерді шешу барысында жаңа идеяларға итермелеуі мүмкін және түсініксіз іс-әрекеттердің себебін анықтауға көмектеседі (неліктен?) «Неге?», «Не үшін?».

5) *Шығармашылық сұрақтар* – «Қалай ойлайсыз, оқиға әрі қарай қалай өрбуі мүмкін?» «Осылай болса, қайтер еді?».

6) *Бағалау сұрақтары (салыстыру)*– ойлаудың эмоционалды жағын арттыру үшін бағытталған. «Сіз қалай ойлайсыз?».

Мұндай әдіс арқылы білім алушылар ізденеді, ойланады, кез келген мәнмәтінге байланысты дәлелдерді сыни тұрғыдан талдауға, өз түйіндері мен пікірлерін, ойларын жүйелі жеткізуге үйренеді.

Графикалық органайзер – сабақтың бейне жоспары. Графикалық органайзерлерді пайдаланудың нәтижесі – тақырыптың тұтастығын, қисындылығын, ықшамдылығын, көрнекілігін қамтамасыз етеді, білім алушылардың білімін тиянақтайды, алған білімін оңай еске түсіруге көмектеседі.

Графикалық органайзер – бұл идеялар мен ойды графика түрінде ұсыну. Визуалдар, яғни, ақпаратты визуалды жақсы есте сақтайтын адамдарға ақпаратты ажырату үшін өте пайдалы. Олар түрлі идеялар мен ойлар арасында байланыс орнатуға көмектеседі.

Графикалық органайзерлерді қолданудың тиімділігі:

- жүргізілген жұмыс нәтижеге бағытталады;
- білім алушылардың сабаққа қызығушылығы артады;
- мұғалім мен білім алушы шығармашылықпен жұмыс жасайды;
- білім алушылардың өздігінен білім алуына, ізденуіне жағдай жасалады;
- сабақ кезінде мұғалім уақытты ұтымды пайдаланады;
- білім алушылардың өзара пікір алмасуына мүмкіндік туады;
- қиын мәтіннен негізгісін тауып алуға, көмектеседі;
- теорияның негізгі түйінін таба білуге, оны дәлелдеуге үйретеді;

- дағдыны сақтауды қалыптастырады.

Скимминг әдісі – мәтінді жалпы мазмұнына қарай жылдам анықтау.

Скимминг ағылшын тілінен енген сөз, «кілегейді алу» деген мағынаны білдіреді. Бұл әдісті жоғары сыныптарда көлемді мәтіндерді оқу барысында пайдалану өте тиімді.

Осы әдіс арқылы мәтінді оқу ерекшелігі:

- Өтілетін сабақтың тек тақырыбын ғана оқу (тақырыпты тез түсінудің ең жеңіл жолы);

- Тақырыптың алғашқы сөйлемін немесе кіріспе сөйлемін ғана оқу;

- Тақырыпта қарастырылатын әр әр сұрақ жауабының бірінші немесе соңғы сөйлемдерін ғана оқып шығу;

- Тақырыптан тез арада ұқсас сөздерді табу. Мысалы, шарт, тараптар, шарттың мазмұны, демалыс уақыты, жұмыс уақыты. Сол сөздер арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбы жөнінде не айтылатынын анықтауға болады;

- Тақырыптан кәсіптік, ерекшеленген сөздерді табу. Мысалы, тарап, заң, кодекс, түнгі уақыт[26].

«*SWOT – талдау*» әдісі. Оқушының бір мәселе бойынша ойлау, талдау, салыстыру қабілетін дамыту. Өз пікірін ашық айту. Сабақты қорытындылау барысында және кері байланыс беруге қолданылады. Бұл әдісті қолдану барысында мәселенің жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріледі, мүмкіндіктері бағаланып, қауіп-қатерлері туралы нақты дәлелдер келтіріледі.

«*Эссе*» немесе «*Еркін әңгіме*» әдісі. Оқыған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасау. Оқыған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасай алады. Проблема бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай алады. Шығармашыл тұрғыдан ойлана алады. Таным әрекеті үдерісінде қарым-қатынаста шеберлігі артады. Оқылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. Мәліметті әр оқушы өз ойымен 10-15 сөйлемен қағаз бетіне түсіреді. Эссе жазар алдында міндетті түрде нақты критерийлер беріледі. Соңынан сол критерийге сәйкес екендігі туралы кері байланыс жасауға болады.

«*Ақылдың алты ойлау қалпағы*» әдісі. Оқушының сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Мәселені барынша мұқият талқылап, оқушының жалпы ойлау қызметін жетілдіру үшін ойдың/сананың түрлі аспектілерін жандандыру мақсатында қолдану. Ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады. Алты қалпақтың әрқайсысы ойлаудың түрлі элементтерін, аспектілерін білдіреді. Оқушыларға қалпақ беріледі (рас қалпақ немесе ойдан шығарылған), олардан мәселені талқылау барысында барлық ой операцияларын (ойлану, талдау т.б.) осы қалпақтың түсіне сәйкес келетін шекте жүргізу сұралады. Сынып топтарға бөлініп, бір топқа бір түсті қалпақ беріледі. Мұғалім әңгімені жүргізеді, бағыттайды.

«*Зерттеп оқу*» әдісі. Бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтінді тез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін пайдалануға болады. Мысалы: мәтінді

оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпарат іздейтіндерін анықтап алулары керек. Олар қандай тірек сөздердің мәтіндегі сол ақпаратты меңзейтініне назар аударуы тиіс. Оқушылар тірек сөздерді іздей отырып, мәтінді жылдам оқып шығады. Оларды тапқан жағдайда, өздерінің іздегені осы ақпарат па екенін тексеру үшін оқушылар тиісті бөлімді оқып шығады.

«Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі. Оқушылар олардың тақырып бойынша білімдерін түйіндейтін бір сөйлем жазады. Сөйлемдер кім, не, қашан, неліктен, қалай, қай жерде және т.б. сөздерден тұруы мүмкін. Содан кейін сөйлемдерді сыныптастар бағалай алады, немесе көшіріп жазады, т.б.

Сөйлеу дағдылары мен әдістер бойынша оқу мақсаттарын таңдап алу үлгісі.

10-сынып

11-сынып

ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ:

«ПОПС формуласы»


(Позиция **Объяснение** **Пример** **Суждение**)

- Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,....»
- Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
- Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын....»
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру

11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу

«Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі:



ОҚЫЛЫМ

10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу

11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру

ЖАЗЫЛЫМ

Графикалық органайзерлер

Графикалық органайзер: «Балық қаңқасы» диаграммасы



10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)

11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу

Жоғары сыныптарда білім беру әдістерінің енді бірінде «Синквейн (бес жолды өлең)» әдісін де пайдалануға болады. Француздар синквейн деген өлеңді ойлап тапқан (француз тілінде бес санын білдіреді). Кейбіреулердің айтуынша, еркін аудармада бұл сөз «бес шабыт» деген мағына береді екен.

Синквейн жай өлең емес, белгілі бір ережелерге сәйкес жазылған өлең. Бұл тәсілді мәтін мазмұнымен таныс болған соң, білім алушылардың тақырыпқа қатысты түсінігін тексеру, көзқарасын білдіру және ойын түйіндеу үшін қолдануға болады.

Синквейн ережесі:

- Бірінші жолы тақырыпқа қатысты ұғым әдетте зат есім (қоғам).
- Екінші жолы осы зат есімді айқындайтын және білім алушының ол туралы түсінігін сипаттайтын екі сын есім (әділ, рухани).
- Үшінші жолы ұғымның әрекетін, ықпалын өзгерісін көрсететін үш етістік (дамыды, өркендеді, көркейді).
- Төртінші білім алушының ұғымға немесе оқиғаға қатысты көзқарасын білдіретін төрт сөзден тұратын сөйлем (қоғам әділ, рухани дамыды, өркендеді, көркейді).
- Бесінші жолы адамның осы ұғымға қатысты сезімдерін ассоциацияларын көрсететін зат есім, әдетте бірінші сөздің синонимі (көпшілік).

Жоғары сыныптарда білім беруде «Фактілер мен пікірлерді» де орынды пайдалануға болады. Ақпаратпен жұмыс жасау барысында тыңдаушылар фактілер мен пікірлерді ажырата алуы маңызды.

Факті – ол шынайы оқиға, құбылыс. Өмірде болған, болып жатқан нәрсе. Фактілердің екі түрі бар. Ғылыми және күнделікті. Ғылыми фактілер – әрдайым көптеген бақылаулар мен эксперименттер, тәжірибиелерге негізделіп, жалпыланған білімнің қорытындысы болып табылады. Ал күнделікті фактілер адамның қоршаған ортаны қабылдау нәтижесі. Кез келген фактінің жалған не шындық екенін тексеруге болады. Жоғары сыныптарда білім беруде білім алушылар өз ойын жеткізуде схема-карта әдісін пайдалана отырып, фактілер мен пікірлерін алғашында сызба картаға сызып, одан әрі тірек сөздерді қолдану арқылы сөйлем құрап, өз ойларын жеткізуге де дағдыланады.

Тыңдаушылар өз пікірлерін ортаға сала отырып, сол пікірді айтуға талаптанады. Ал пікір дегеніміз – бір нәрсе туралы пайым. Мәселеге, құбылысқа немесе оқиғаға қатысты жеке көзқарас, бағалау ақпараты. Пікір – субъективті,

факт – объективті. Пікір шынайы болуы үшін фактілерге сүйену қажет және оның шынайылығының негіздемесі болуы керек.

Жоғары сыныптарда білім беруде «*PRES тәсілін*» де қолдануға болады. Мәселен, мәтінді оқып болған соң, білім алушы аталған әдіс негізінде өз ойын білдіреді. Позиция: «Менің ойымша...», немесе «Мен деп санаймын» деген құрылымдарды қолданып мәселеге қатысты өз пікірін айтып, көзқарасын түсіндіреді. Негіздеу: «Өйткені.....» деген сөзден басталатын сөйлем құрылымын пайдаланып, өз ұстанымының неге негізделгенін түсіндіреді. Мысыл келтіру: ойын «мысалы, ...» сөзімен жалғастырып, өз көзқарасын қолдайтын мәліметтер, фактілер мен дәлелдемелер келтіреді. Қорытынды: ойын «сонымен, сондықтан, сөйтіп..», «мен деп санаймын» сөйлемімен жалғастырып, өз пікірін жинақтап, қалай әрекет жасау керектігі туралы қорытындыға келеді.

Сонымен қатар «*TTCK*» (тұжырым, талдау, синтез, кілт)» әдісін де орынды қолдануға болады. «*TTCK*» деген не? Мәтінді талқылауға, оқуға және жазуға бағыттауға көмектесетін он сұрақтан тұратын жиынтық.

Сондай-ақ, тілді оқытуда «*ИНСЕРТ*» әдісін де тиімді пайдаланған орынды. Ағылшынша дыбыстық шартты белгі. Толық аудармасы – интербелсенді жазу жүйесі, тиімді оқу және ойлану», тиімді оқу мен ойлауға арналған жазудың интербелсенді жүйесі. Бұл тәсіл білім алушыке оқыған мәтін бойынша өз түсінігін реттеуге, бақылауға мүмкіндік береді.

Мәтінмен жұмыс жасағанда «Мәтінмен жұмыстың төрт ресурс әдісінің» Ұсынылып отырған әдіс артықшылықтары: Тыңдаушының мәтінмен жеке жұмыс жасауына мүмкіндік береді; Мәтіннен алған білімін өзбетінше бағалай алады; Мәтінмен өмірді байланыстыруына мүмкіндігі бар сыни ойлауын дамытады.

«*Пікір алмасу*» (*Showdown*). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ дайындайды. Әрбір сұрақты стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтарды оқиды, топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады.

«*Терминдер конверті*» әдісі. Ортаға өз қалауларымен 10 білім алушы шығады. Мұғалімнің қолындағы 10 конвертті алып, әрқайсысы ішіндегі 10 терминді сыныптастарына түсіндіру керек. Терминнің өзін айтпайды. Тек сол жайлы айтады. Сыныптастар қандай термин екенін табу керек. Бұл емтиханға дайындыққа жақсы көмектеседі[25].

Сонымен қатар, 10-11-сыныптарда жоғарыда айтылып өткен «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» келесідей әдістеріне қолдануға болады.

1.«*Дәлелденген эссе*» әдісі - белгілі бір тақырып бойынша екі оқушы шығып, пікірталас өткізеді (тақырып жайында шолу жасап, оқушы пікірін тыңдап болып, таңдауларын жасағаннан кейін мұғалім немесе оқушы өзі пікір білдіруі керек. Бірі сол берілген тақырып бойынша теріс пікір (яғни жақтамайды, немесе келіспейді) айтса, ал екіншісі тура пікірде (яғни жақтайды, немесе келісетінін білдіреді) болады. Бұл білім алушылар тоқтамастан, өз ойларын білдіріп, қарсыласына жауап қайтарып отыруы тиіс.

2. *INSERT- әдісі «Түртіп алу жүйесі»* - мәтінмен жұмыс кезінде орындаған жөн. Бұл әдісті пайдалану үшін мәтіннің талдануға ыңғайлы, баланың түсінігіне лайық, жете меңгере алатындай бірнеше мәліметтері болуы керек. Білім алушы мәтінді оқу кезінде бірнеше белгілер қойып отырады. Бұл әдіс оқығанын саналы түсінуге, өз ойын басшылыққа алуға, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндерімен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

«!» - білемін

«-» - келіспеймін

«+» - мен үшін жаңа

«?» - таң қалдым, сұрақ туды

Оқып, белгілеп болғаннан кейін оқушы жеке отырып кестені мәліметтермен жоғарыдағы үлгі бойынша толтырады. Артынан жұппен, топпен талқылау өткізеді.

3. «*Эссе» «Ой толғаныс»* әдісі - берілген тақырыпқа немесе тақырып атынан шағын әңгіме жазу, ЭССЕ– тақырыпқа сай оқушы өз ойын қорыта және жинақтай отырып, ой-толғанысын жазады. Оқушы өз бетімен жеке жұмыс жүргізеді. Эссені 5-10 минут ішінде тоқтамай жазады. Мұғалім де отырып жазуына болады. Бұл әдісте оқушы бала өз ойын еркін жеткізе білетін болады. Шығармашылықпен жұмыс істеп, сөздік қоры дамиды. Өмірде кездесетін жағдайларға, оқиғаларға саналы, ойлы қарауға үйренеді.

4. «*Кластер»* немесе «*Топтастыру»*, «*Жинақтау әдісі»* - ойды жинақтау, ми қыртысында сәулеленген ойларды топтастыру, ассоциациялау. Бұл стратегия топпен де жұппен де орындала береді. Сабақтың әр кезеңіне де қолайлы. Бұл тәсілдің авторы американдық Гудлат. Стратегияның мәні оқу материалын график түрінде жүйелеу, яғни мәтіннің маңызды бөлігін бөліп, график түрінде белгілі бір тәртіппен шоқ тәрізді орналастыру.

а) жұпта талқылау

ә) топта ой бөлісу

б) Ортақ пікірлерін плакатқа маркермен жазып, тақтаға іліп қойып түсіндіру немесе қысқаша ойларын айту.

5. «*T кестесі»* әдісі - мақсаты: қарама – қарсы нәрселерді сөздерді тере білу. Бұл жұмыста салыстыру, салыстыра отырып топтастыру сияқты процестер жүзеге асады. Оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтау қабілеттерін дамытады. *T кестесін* тақырыпты ашарда пайдаланылса, жаңа материалды түсінуге дайындық болады. Бұл стратегия жұпта, топта, жеке де орындала береді. Іс – тәжірибеде үй тапсырмасына да беріліп жүр. Кіші жас оқушыларына кескін, сурет түрінде орындауға болады.

6. «*Авторға хат»* әдісі - авторға хат, өз ойларын жазу.

7. «*Блум таксаномиясы»* әдісі - Блум таксаномиясы, сұрақтар стратегиясы - Блум сұрақтарды екіге бөледі. Олар жалпақ және жіңішке сұрақтар. Сұрақтар тізімі алдын ала жасалуы тиіс. Алдымен жіңішке сұрақтар, содан кейін жалпақ сұрақтар кетеді. Жіңішке сұрақтар - еске түсіруге арналған сұрақтар, жауабы нақты цифрмен немесе ия, жоқ деген жауап алынатын сұрақтар. Жалпақ сұрақтар

– сұрақтың жауабына толық әрі түсіндіре отырып жауап беріледі. Жауапты мәтіннен алуға болады. Бұл сұрақ түріне жауапты фразамен немесе нақыл сөзбен, мақал – мәтелмен беруге болады. Жалпақ сұрақтарды екінші деңгейдегі сұрақтар дейді. Сұрақтың бұл түріне сөзбен ғана емес басқа формаларда жауап беруге болады.

8. *Конверт-сұрақ*. 2-3 сұрақ жазып, конвертке салыңыз (оқу мақсатына қарай). Әрбір оқушыда өзінікі болатындай етіп, бірнеше конверт дайындаңыз. Әрқайсысына екі минут беріңіз: оқушы стикерде атын және жауабын жазады; екі минут өткен соң конверт келесі оқушыға беріледі, осылай бұл 2-3 сұраққа барлығы жауап бергенше жүре береді. Стикерлерді жинап, бірнеше жауапты дауыстап оқыңыз (аттарын атамастан); сынып белгілі бір сұрақтың қаншалықты дұрыс болғанын талқылайды

9. *9-ромб*. Қатысушыларға айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі. Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды кәртішкелерін орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

10. *Тыңдайтын үшбұрыштар*. Оқушылар үш адамнан тұратын топта бірлесіп жұмыс істейді: *Спикер* мұғалімнің нұсқаулығы бойынша тақырыпты түсіндіреді (немесе проблема туралы өз ойымен бөліседі).

Интервьюер мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды.

Хатшы үдерісті бақылайды және «спикерге» де, «интервьюерге» де кері байланыс береді.

(Рөлдерді анықтау үшін «Бірге ойланамыз» тәсілі қолданылуы мүмкін – рөлдермен ауысуға болады (қазір немесе кешіректеу)[27].

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасын іске асыруда қолданылатын тәсілдер:

- Құндылықтарға бағдарланған тәсіл
- Зерттеушілік тәсіл
- Тұлғаға бағдарланған тәсіл;
- Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл;
- Саралап оқыту тәсілі;
- Коммуникативтік тәсіл;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- Проблемалық оқыту тәсілі;
- Дамыта оқыту тәсілі;
- Дербес оқыту тәсілі;
- Ойын арқылы оқыту тәсілі.

1. *Құндылықтарға бағдарланған тәсіл* – қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабаларымыздың әдебиеті, мәдениеті мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың

мүмкіндіктерін көздейді.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Құндылықтарды іске асыру құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті әрекет етуі үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда көрініс табады.

Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі бөлісетін белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттері мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталандырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін көтермелейді.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу белгіленді.

2. *Зерттеушілік тәсіл* негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу іске асырылады.

Зерттеушілік тәсіл:

- оқу процесінің барлық кезеңдеріне ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан практикада қолдануға дейін);

- шығармашылық-ізденіс қызметтерін оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастыруды жобалайды.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. *Тұлғаға бағдарланған тәсіл* – дамыта оқыту моделіне жатады, сабақтағы мұғалім мен оқушының субъект-субъектілі қатынастарын, оқушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, оқушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып таланттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. «Қазақ тілі» пәні

бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағытталған тәсіл оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін, өзіндік көзқарасы мен пікірін ескеруді көздейді.

Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оның жеке психикалық және дене бітімі ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мінез-құлық уәждерінің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып білім алушыны тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу болып табылады.

4. *Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл* – білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатынын білдіреді, бұл деректер мен басқа да ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды білдіреді. Оқушылар проблемалық сұрақтарды бірлесіп талқылау, рөлдік ойындар мен белсенді оқыту формаларында белсенділік танытып, қатысады. Оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, сондықтан ол оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсілдің негізгі мазмұнында білім алушының білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауы жатыр, бұл өз кезегінде оның білімінің, біліктерінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді.

Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» сияқты категорияларға топтастырылған.

Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл өз бетінше ізденуді, түсіндіруді, талдауды, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты тарату мен бағалауды, графикалық мәліметтер мен басқа үйретуші ресурстарды қолданады.

5. *Саралап оқыту тәсілі* – әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін олардың жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін ескеруді көздейді.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.


Тілді оқытуда саралауды жүзеге асырудың әдіс тәсілдері: оқыту материалының көлемі; күрделілік деңгейі, шығармашылық деңгейі, оқушылардың өздігінен жұмыс жасай алу деңгейіне байланысты және оқушыларға қажетті қолдаушылықтың сипатына қарай іске асырылады.

Тілді саралап оқыту – мұғалім мен оқушының ынтымақтастығын, тілді оқыту үдерісінің диалогтік сипатта, әрекеттік-шығармашылық сипатта өтуін, оқушының жеке тұлғасының дамып, қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс.

Саралап оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың оқу және танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі басты назарда болуы керек. Оқушылардың даму, жетілу, өсу, қалыптасу үдерістеріне қолдау танытып, олардың тұлғалық қасиеттері мен қабілеттерін тілді оқыту арқылы шешу жолдарын ұстану керек. Дидактикалық

әдістер мен құралдар жүйесін осы мақсатқа бейімдеп қолдану керек.

Саралап оқыту әдісі оқушының табысқа жетуінде, пәнге деген қызығушылығын арттыруда, жаңа білімдер алуға құлшыныс тудыруда айтарлықтай нәтиже береді. Саралап оқытудың әдістері 9-сызбада көрсетілген.



9-сызба. Саралау әдістері

Саралап оқыту – бір материалды барлық білім алушыларға әртүрлі оқыту тәсілдерін қолданып оқыту дегенді білдіреді. Мұнда білім алушы ойлау деңгейін іс-әрекетпен байланыстыра отырып, өнімді нәтижеге жетеді.

Жұмыс құралдары:

- Видео
- Эссе
- Комикс
- Плакат
- Веб-парақша
- Хат жазу
- Көрме
- Репортаж
- Жазбаша есеп
- Карта
- Демонстрация
- Фоторепортаж
- Брошюра
- PowerPoint таныстырлымы
- Сызба

6. *Құзыреттілік тәсіл.*

Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді жобалайды.

7. Коммуникативтік тәсіл дегеніміз ақпаратты тарату мен жариялауда, білім, білік және дағдылармен алмасуда екіден асатын адамдардың сөйлеу арқылы атқарылатын әрекеттесу процесі. Коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы байланыс орнату қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады.

Коммуникативті тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу процесінде қатынасу икемділігін қалыптастыратын тапсырмаларды және шынайы қатынас жағдайларына сай жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыстарды) кіріктіру керек.

8. Интегративтік тәсіл.

Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс)

Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркемөнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

9. Ойын арқылы оқыту.

Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;
- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

10. Жобалау тәсілі. Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-

әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

11. *Дамыта оқыту тәсілі.* Дамыта оқытудың мақсаты білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз, сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқуы арқылы білім алуға қол жеткізуі.

Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидаттарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, пікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды оқыту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауға, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған.

12. *Модульдік оқыту тәсілі.* Модульдік оқыту – оқу ақпаратын блокты – модуль негізінде беру арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Оқу мазмұны ақпаратты блоктарда беріледі де меңгеру мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен икемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

13. *Проблемалық оқыту тәсілі.* Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады.

Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға мүмкіндік береді.

14. *Дербес оқыту тәсілі.* Дербес оқу – оқу-тәрбие процесін дараландыруға, білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеріп оқыту мен тәрбиелеуге, өзіндік танымдық іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға, өзіндік білімін көтеруге дайын

болуы мен қажетсінуіне, білім алушылардың ұйымшылдығын, дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бәрі бірдей ортақ қарқынды жұмыс жасау арқылы барлық сыныпқа арналған тапсырманы білім алушының өзіндік орындау іс-әрекетін көрсетеді.

Білім, білік, дағдыларын жетілдіруде және қалыптастыруда өтілген материалды бекітуге дербес оқытуды тиімді пайдалануға болады. Дербес оқытуды тиімді пайдаланғанда әрбір білім алушының белсенді оқу әрекеті қамтамасыз етіледі. Ол әрбір білім алушының жеке қарқынды жұмыс істеуіне; білімде кеткен ақтаңдақтарды жоюға, саралап оқуға, әрбір білім алушының жұмысын жандандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дербес оқыту білім алушының өзіндік бақылауын күшейтеді, өздігінен білім алуының негізі болып табылады.

Оқушы белгілі мәліметті қабылдаушы ғана емес, сонымен бірге терең ой иесі. Ол дербес ойланып, дәлелдер келтіруіне сабақ барысында түрлі әдістер арқылы қолайлы жағдай жасауға тырысамын. Айталық, «Атаулар көмегімен болжау жасау», «Елеспен жетелеу», стратегиялары оқушының шығармашылық қабілетін ұштауға өте тиімді. «Ой қозғау», «Болжау» әдістерін оқушының ой ұшқырлығын бақылауда, стандартты емес шешім жасауда тиімді пайдалану жөн. Қазіргі оқушыларды кең ауқымды көркем шығарманы оқытуға баулу оңай іс емес. Бұл жолдағы қиындықты шешуге «ЖИГСО» әдісі көп көмегін тигізеді. Оқушы өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарап, басқа топ мүшелеріне түсіндіру үшін сурет те салады, сахналық көрініс те қояды, сабақтың осы кезеңі оқушыларды бей-жай қалдырмайды.

Оқушылардың ойлау деңгейіне сай әр сабақта сұрақ қою үшін Б.Блумның сұрақ қою өлшемін пайдаланамын. Сұрақтар қарапайымнан терең ойлауға дейін жалғасады. Мұндағы мақсат – оқушы ойын ең төменгі деңгейден терең ойлауға дейін жеткізу. Топтық тапсырмалар сыныпта ынтымақтастықты қарым-қатынас орнатуға, шығармашылықпен жұмыс жасауға, тақырыпты өмірмен байланыстыруға мүмкіндік туғызады[28].

Сонымен, сабаққа қажетті оқыту әдістері мен тәсілдерін, дидактикалық оқу материалдарын және жаттығу түрлерін дұрыс таңдап, сабақта бейімділікпен қолдана білу үшін ұстаз білім алушылардың, ең алдымен, психологиялық, ұғымдылық, яғни сабақты қабылдау ерекшеліктерімен тікелей санасуы, сонымен қоса, логикалық талаптарға да баса көңіл бөлуі қажет.

Белсенді оқыту әдістерін таңдау бірқатар факторларға тәуелді екенін көреміз. Белгілі бір дәрежеде ол оқушылардың санымен анықталады. Көптеген оқыту әдістерін шағын топтарда пайдалану ұсынылады. Бірақ әдістерді таңдау, бірінші кезекте, сабақтың дидактикалық мақсатымен анықталады[29].

Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыда оқыту

Жаңартылған мазмұндағы «Қазақ тілі» оқу пәні бірқатар мынадай маңызды міндеттерді жүзеге асырады:

1) қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік дағдыларды (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдануды қалыптастырады;

2) білім алушылардың қазақ тілін күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым-қатынас құралынан енді құбылыс ретіндегі заңдылықтар негізінде танып-білу дағдыларын қалыптастырады;

3) қазақ тілі жүйесінің құрылымын, тілдік бірліктерді және олардың табиғатын танып-біледі;

4) тіл сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығын, сөз байлығын, басқалармен еркін қарым-қатынасқа түсу қабілетін дамытуды және білім алушының ойлау қабілеті мен танымдық дағдыларын жетілдіруді көздейді.

Ал әдеби тіл нормаларына келетін болсақ, бұрынғы бағдарламада «тізбектелген» қағидат бойынша ұсынылса, жаңартылған бағдарламада ол «спиральділік» қағидаты бойынша ұсынылған және әдеби тіл нормаларының барлық қажетті тілдік ұғымдарын толық қамтиды. Мұның артықшылығы неде?

Біріншіден, әдеби тіл нормалары бойынша тілдік категориялар қарапайымнан күрделіге қарай ұсынылды. Екіншіден, білім алушыға тіл білімі жүйесі бойынша алған білімін сыныптан-сыныпқа дамытып, оны үнемі қайталап отыруға мүмкіндік береді. Ал грамматикалық бірліктер мен ұғымдар коммуникативтік аспектіде оқытылады. Яғни тілдік білім лексикалық тақырып аясында әртүрлі стильдегі мәтіндер (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негізінде меңгертіледі.

Грамматиканы қалай оқытамыз?

Грамматикалық бірлікті түсіндіру не қайталату барысында арнайы коммуникативтік жағдаят ұсынған дұрыс. Ол мәтін не сергіту тапсырмасы түрінде болуы мүмкін. Әдетте грамматикалық бірліктердің жұмсалудың, білдіріп тұрған мағынасын сұрақтар арқылы білім алушылардың өздеріне анықтатуға болады. Мұғалім ұсынылған грамматикалық ұғымның формасы мен ережесін таныстырады. Практикалық тапсырмалар арқылы дұрыс қолдана білуге үйретеді. Яғни грамматиканы коммуникативтік мәнмәтінде оқыту үшін қағидатқа сүйенеді: Мағына-Форма-Жұмсалуды. Білім алушы мәтін, контекст арқылы мағынасымен танысады, кейін ережелер арқылы формасымен танысады және сабақ соңында оны орынды жұмсай білуге үйренеді.

Ал грамматикалық ұғымды бекітуге және қайталатуға арналған практикалық тапсырмалар түрлері әдетте қысқа әрі тез орындауға мүмкіндік беретіндей болып келеді. Олар: сөйлемдегі бос орынға қажетті сөзді қою, жалғауларды дұрыс жалғау, орны ауысқан сөздерден сөйлем құрау, жабық тест, т.б.

Білім алушыларды рецептивті (тыңдалым, оқылым) дағдыдан продуктивті (айтылым, жазылым) дағдыға дайындау үшін арнайы сөз тіркестерін, сөйлем үлгілерін, модельдерін ұсынып, білім алушылармен ауызша қайталату тапсырмаларын ұйымдастырған абзал. Мысалы, сабақта «Ұлт» сөзіне назар аудара отырып, оның мағынасын түсіндіруге сөз жасамдық және тіркесімдік ерекшелігіне тоқталып кетуге болады.

- 1) Ұлт – ұлттық, ұлтаралық, ұлтжанды;
- 2) Ұлт – ұлттар, ұлттың, т.б.;
- 3) Ұлт өкілі, ұлттар достастығы, ұлтаралық келісім, ұлтжанды азамат.

Білім алушылар ұсынылған тіркестерге байналысты сөйлемдер құрастырады. Айтылым кезінде осы тіркестерді орынды әрі дұрыс қолданғаны бағаланады.

Мысалы «Күн астындағы Күнекей қыз» ертегісін алар болсақ:

1. Зат есімдер: күн, киік, мүйіз, шаһар, т.б.
2. Сын есім: алтын, күміс, шұбар, т.б.
3. Мезгіл үстеу: бұрынғы өткен заманда, ертеңіне, т.б.
4. Мекен үстеу: ар жағында, таудың бауырынан, т.б.

Осы мысалда ертегі арқылы әртүрлі сөз таптарына жататын сөздерді үйретуге болады. Сол себепті жаңа сөздерді үйреткен кезде тақтаның бұрышына жазып қойған дұрыс және жаңа сөздің тұсына қай сөз табына жататынын, қандай сұраққа жауап беретіндерін жазу қажет. Сол кезде білім алушы сөздерді не үшін және қалай қолданатынын түсінетін болады.

Мәтіндер арқылы осындай сөйлем үлгілерін білім алушыларға алдын ала ұсыну, олардың грамматикалық қателіктерді аз жасауына септігін тигізеді. Сонымен қатар, сабақ барысында қатемен жұмыс жүргізуге мүмкіндік болмаған жағдайда келесі сабақты белгілі бір грамматикалық категорияға арнап өткізуге болады. Бір сабақта барлық грамматикалық қателердің түрін қамту мүмкін емес. Сол себепті бір сабақта бір мәселеге назар аударып, оны жоюдың жолдарын, есте сақтау тапсырмаларын ұсынған дұрыс. Алайда белгілі бір коммуникативтік мәнмәтін сақталуы керек.

Оқыту процесінде мұғалім білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін әр сынып үшін ұсынылған оқу мақсаттарын басшылыққа алады. Ұсынылған оқу мақсаттары бойынша дағдыны қалыптастырудың кезеңдерін жоспарлайды, лексикалық тақырыптар аясында материалдарды іріктеп, білім алушының тәжірибеде өздігінен білім алуына, ізденуіне мүмкіндік береді. Тіпті бір сынып бойынша оқу мақсаттарының әр лексикалық тақырыпта қайталанып ұсынылуы, белгілі бір дағдыны жетік меңгертуге жағдай туғызады. Тілдік категориялар үнемі сөйлеу әрекетінің түрлерімен астастырыла ұсынылады.

Мысалы, тыңдалым-грамматика-айтылым, оқылым-грамматика-жазылым, оқылым-грамматика-айтылым т.б.

Сонымен қатар, бір тарау барысында білім алушының қажеттілігіне сай ұзақ мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарының орнын ауыстыруға, қайта қолдануға болады. Егер белгілі бір тарауда қандай да бір дағды жеткіліксіз қалыптасса, өтілген тараудың оқу мақсаттарын қосымша мақсат ретінде қолдануға болады.

3 «Қазақ тілі» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және критериялды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Қазақ тілі» пәнінен 5-9-сыныптарға арналған оқу бағдарламасының мазмұны пәндер бойынша формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуге негіз болатын ұзақ мерзімді жоспарда берілген.

Оқу жоспары ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді мақсаттарды жоспарлау үшін әзірленеді.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын бөлімдер, тілдік дағдылар бойынша күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде нақты берілген.

Ұзақ мерзімді жоспарларда: білім беруді дамытудың жалпы принциптері (оны дамыту тұжырымдамасы); дамытудың басты бағыты және бағдарламалары; көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шаралардың мазмұны мен жүзеге асыру бірізділігі көрсетіледі. Ұзақ мерзімді жоспар бір оқу жылына арналған оқу мақсаттарын қамтиды. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр тарауда қамтылуы тиіс оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

Ұзақ мерзімді жоспарда пән бойынша базалық мазмұнның, лексика-грамматикалық бөлімнің атаулары, грамматикалық тақырыптар төңірегінде қамтылатын грамматикалық материалдар, сөйлеу әрекетінің түрлері және тақырыптарға сәйкес оқыту мақсаттары тоқсандар бойынша көрсетілген. Мысалы, 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы 1-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.4-кестеде, 11-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы 4-тоқсанның ұзақ мерзімді жоспары 1.5-кестеде көрсетілген.

3.1-кесте – 10-сыныпқа (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті	Кітаби тіл. Сөйлеу тілі	Тыңдалым және айтылым	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
		Оқылым	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу,

			сілтеме жасау жолдарын білу
		Жазылым	10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі); 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау
		Әдеби тіл нормалары	10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті	Сөз құрамы мен сөз байлығы. Сөйлеу стильдеріндегі тілдік оралымдар және олардың қолданысы	Тыңдалым және айтылым	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау
		Оқылым	10.2.3.1 көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу
		Жазылым	10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе)
		Әдеби тіл нормалары	10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

3.2-кесте – 11-сыныпқа (қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы) арналған «Қазақ тілі» үлгілік оқу бағдарламасындағы Ұзақ мерзімді жоспардан үзінді

Лексика-грамматикалық бөлім	Грамматикалық материал	Сөйлеу әрекетінің түрлері	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан			
1. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі.	Ойталқы (диспут). Ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктері	Тыңдалым және айтылым	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-

Шешендік сөздер			қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау
		Оқылым	11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; 11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу
		Жазылым	11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 11.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау)
		Әдеби тіл нормалары	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
2. Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер	Ой көкпар (дебат). Публицистикалық стильдің тілдік ерекшеліктері	Тыңдалым және айтылым	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру
		Оқылым	11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау
		Жазылым	11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды

			қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу
		Әдеби тіл нормалары	11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу

3.1-3.2-кестелерден көріп отырғанымыздай, 10-11-сыныптарда бір тоқсанда екі бөлімнен қарастырылады. Мұндай бөлу оқу пәнінің базалық мазмұнына байланысты. Сондай-ақ ұзақ мерзімді жоспарда оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік беретін лексикалық тақырыптармен қатар грамматикалық тақырыптар да берілген. Келесі бағанда грамматикалық тақырыптардың айналасында қарастырылатын грамматикалық материалдар ұсынылды және ол «Әдеби тілі нормалары» (ӘТН) деген атаумен тілдік дағдылармен қатар грамматика функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытылады. Келесі бағандарда тілдің төрт түрлі дағдысы мен әдеби тіл нормаларының оқу мақсаттары әр тоқсанға бөлініп берілген. Тілдік дағдыларды меңгертуге арналған оқу мақсаттары әр тоқсанда екіден, ал «әдеби тіл нормаларын» меңгертуге бір-бір мақсаттан берілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында әр тарауды игеруге арналған сағат саны көрсетілмеген. Тоқсандағы бөлімдер мен бөлімдер ішіндегі тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылған. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс. Ең бастысы бір тоқсанда көрсетілген материал сол тоқсанда игерілуі керек.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Тиісті тоқсанның аясында тараулар мен тақырыптарды игеруге бөлінетін сағат санын анықтау мұғалімдердің еркіне қалдырылған.

Орта мерзімді оқу жоспары жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тіліндегі) пәнінің оқу бағдарламасына қосымша берілген ұзақ мерзімді жоспарды басшылыққа ала отырып, республиканың барлық жалпы білім беретін мектептеріне арналып әзірленген (smk.edu.kz).

Пән мазмұнын игерту үшін мұғалім оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарын өтуі тиіс. Орта мерзімді оқу жоспары мұғалімге лексикалық тақырыптар негізінде, оқушы игеруге тиіс оқу дағдыларын дамыту жолдарын ұсынып, белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек беруді көздейді.

Орта мерзімді оқу жоспары оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, алған білімін өмірдің кез келген саласында тиімді қолдана білуіне ықпал етеді.

Пәнді оқытуға аптасына 2 сағаттан, жылына 68 сағат (жаратылыстану-математикалық бағытта аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағат) бөлінген.

Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес орта мерзімді жоспардағы 9 бөлімде

төмендегі лексикалық тақырыптар қамтылған:

1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті
2. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті
3. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Тілдік жүйе және норма
4. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі. Тілдік жүйе және норма
5. Білім. Ғылым. Инновация. Тілдік жүйе және норма
6. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль
7. Сәулет өнері. Стильдік ерекшеліктер
8. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер. Пунктуация
9. Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Пунктуация

Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді. Қазақ тілін тыңдау және оқу барысында меңгеріп, оны сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады.

«Қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасы осы мәселелердің барлығын дерлік қамтуды көздейді және коммуникативтік жағдаяттарды жүзеге асыру үшін өмірдің әртүрлі саласы бойынша лексикалық тақырыптарды ұсынады. Атап айтқанда әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек, тарихи-мәдени, саяси, экономикалық тақырыптар. Мысалы, 10-сыныпта *«Тіл және алаш идеясы»*, *«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет»*, *«Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі»*, *«Сәулет өнері»*, т.б. Бұндай тақырыптар оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді, белгілі бір тақырыптар аясында оқушылардың сөздік қорын байыта отырып, сөздердің мағынасын түсінуге, оларды мақсатқа сай орынды қолдануды жүзеге асырады. Бұл оқушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді. Қозғалған тақырыптар туралы ғылыми деректерді оқушылар әдебиет, тарих, өнер, физика секілді пәндерден алады. Бұл оқушының пән мен тілді қатар меңгеруіне ықпал етіп, академиялық тілін қалыптастырады.

Ж. Аймауытовтың *«Басқа пәндерден тіл оқыту айырым болмасын, қайта өзге пәндер тіл үйренуге керек етсін»* деген пікірі де бағдарламаның ұстанымын растайды. Кезінде Ж.Аймауытов оқытудың кемшілігі ретінде өмірге қажетсіз, қызықсыз әрі жаттанды «қысыр» білімнің өмірге, тұрмысқа бейімдемейтінін атап өтті. Мұның барлығы оқушыны кітаптан, заманнан алыстатынын да қоса айтқан. Ағартушы-педагог білім беру жүйесіне мынадай талаптар қояды:

«Мектеп бағдарламасында алған сабақ тақырыптары баланың ортасы, айналасына қатысты. Мысал келтірсек:

1. Мектеп, бала, үй іші (3 жұма).

2. Күзгі жаратылыс (3-4 жұма)

3. Мектеп және үй ішінің күзгі жұмысы (3-4 жұма) [31].

Бұл тақырыптардың сол кезеңдегі балалардың тұрмыс-тіршілігіне, жас ерекшеліктеріне тікелей қатысы бар екені айдан анық. Бұдан қандай тұжырым жасауға болады? Яғни оқу бағдарламасы баланың болашағына тікелей қатысы бар біліммен сусындатып, өмір сүру деңгейінің жоғарылауына септігі тиетін, баланың өз бетімен шешім қабылдауына мүмкіндік беретін дағдыларын қамтамасыз етуі керек дегенді білдіреді.

«Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп түйіндеген Ж. Аймауытов өзінің зерттеулерінде пәндердің бірімен-бірі байланыспайтынын, жазылса үйлеспейтін, үйлеспек тұрсын біріне-бірі қайшы кеп, бірінің шын дегенін, бірі «өтірік мансұқ» деп отыратынын да көрсеткен.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі – тәжірибе. Жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады», – деген Әлихан Бөкейханұлының тұжырымы оқу үдерісінде кеңінен қолдау тауып отыр. Оқушының белсенді оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы білім алуына, талдау, салыстыру, анықтау, жүйелеу дағдыларының қалыптасуына, әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасай білуіне, өзгелерді тыңдау, өз ойы мен көзқарасын жеткізе білуге, өзгенің пікірін тыңдауға, сыни тұрғыдан ойлау және бағалауға жан-жақты мүмкіндік жасалып отыр. Оқыту үдерісінде оқушының өмірлік тәжірибесіне сүйеніп, күнделікті өмірде кездесетін құбылыстар мен жағдаяттарды талдауға, сол арқылы өмірге бейімделуіне бағыт-бағдар беріледі.

Сондай-ақ лексикалық тақырыптар бойынша да «спиральділік» қағидаты сақталған. Мысалы, 10-сыныпта «Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі», 11-сыныпта «Еңбек нарығы және сұраныс», 10-сыныпта «Сәулет өнері», 11-сыныпта «Әлемді өзгерткен өнертабыстары» тақырыптары қарапайымнан күрделіге қарай дамып отырады.

Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

10-сыныптың орта мерзімді жоспарындағы лексикалық тақырыптарды меңгерту «Ғылымға кіріспе», «Бейнелеу өнері», «Дене шынықтыру», «Технология», «Өзін-өзі тану», «Қазақстан тарихы» пәндерімен тығыз байланыста жүргізіледі. Пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде басқа пән мұғалімдерімен бірлесіп, командалық сабақ жоспарларын әзірлеуге болады. Сондай-ақ, осы пәндермен кіріктірілген сабақ жоспарын құрып жүргізуіне болады. Мұғалім қазақ тілін басқа пәндермен тығыз байланыста оқыту арқылы оқушының академиялық сөйлеу және жазба тілін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болады. Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықтатылуы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынады.

Орта мерзімді жоспарда оқушылар меңгеруге тиісті грамматикалық тақырыптар көрсетілген:

- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;
- сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану;
- белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу;
- сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу;
- сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу.

Қазақ тілін қазақ мектебінде ана тілі ретінде дәстүрлі оқытуда грамматиканы «тіл формасынан тіл мазмұнына қарай жүрумен» оқытып келсе, грамматиканы функционалдық оқытуда «тіл бірлігінің қызметінен оның формасына қарай жүру» логикасына қарай өзгерді.

Бір жағынан, нақты мәнмәтінде, мәтінде қандай грамматикалық құралдар қатысып тұрғанын көрсету мақсаты көзделінсе, екінші жағынан, грамматикалық тәсілдер тобы арқылы берілетін семантикалық функцияларды талдау мен жинақтау көзделеді.

Грамматиканы функционалдық тұрғыдан оқытуда грамматикалық бірліктердің функциялары мен формалары тығыз бірлікте қарастырылады.

Грамматиканың формалды жағы – грамматикалық бірліктердің таптарға жіктелуі, категорияларға бөлінуі арқылы танылады.

Енді осы грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалдық грамматиканың міндеті болып табылады. Сөйтіп грамматикалық дағдыларды қалыптастыру бірізділігі оның білдіретін мағыналық қызметімен тығыз байланыста жүргізілуі керек. Ондай мүмкіндіктер мәтіндерді қолдана отырып оқытуда молынан табылады.

Қазақ тілін оқытудың жаңа басым бағыттары: функционалдық, мәтінге негізделген, коммуникативтік әрекет.

Сондықтан қазақ тілі сабақтарының заманауи талаптары: тіл бірліктерінің мәтінқұраушы және көркем-мәнерлі функцияларын таныту негізінде құрылған жаңа білім мазмұны, грамматиканы функционалдық негізде оқытудағы мәтіннің білім көзі ретіндегі маңызды орны, қазақ тілі мен қазақша сөйлеу және жазба тілінің тұтастықта танылуын көздейтін жаттығулар жүйесі.

Жаңартылған бағдарлама мазмұны бойынша оқушылар тілді сөйлеу әрекеті негізінде меңгереді. Қазақ тілін тыңдау және оқу барысында меңгеріп, оны сөйлеу және жазу барысында дұрыс қолдануға үйренеді. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады. Сондықтан да қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді тиімді және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар, жағдаяттар тудырылуы керек. Мұндай тілдік жағдаяттар тек қана коммуникативтік жаттығулар арқылы жүзеге асырылады. Жаттығуларда оқушылар түрлі оқу жағдаяттарына түсіріліп, тілді саналы түрде игере алады.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 2013 жылғы оқу бағдарламасында күтілетін нәтижелер (білім, білік, дағды) тек оқытылатын грамматикалық білімдерге сәйкес

нақтыланған. Олар білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ретінде оқу бағдарламасының соңында берілген. Бұл тәсіл оқушылардың пәнді меңгеру деңгейін шынайы бағалауға мүмкіндік бермейді.

Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде 10-11-сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.

Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым).

Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында коммуникативтік әрекеттің барлық түрін бір деңгейде қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді. Мұғалім орта мерзімді жоспарда ұсынылған лексикалық тақырыпқа бөлінген оқу мақсаттарының орын тәртібін сабақ түрі мен әдістерінің қажеттілігіне қарай өзгерте алады.

Оқу мақсаттарының жүйесі бірізді, жеңілден күрделіге қарай «спиральділік» қағидаты сақталып жасалған және сыныптан сыныпқа қарай күрделеніп, толығып отырады. Мысалы, «Қазақ тілі» оқу пәнінің «Тыңдалым және айтылым» бөліміндегі «Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау» бөлімшесінің оқу мақсаттары (5-9-сыныптар) спиральділік қағидаты бойынша 3.3-кестеде берілді.

3.3-кесте – «Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау» бөлімшесінің оқу мақсаттары

2. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау
---------------------------------------	---	---

Кестеден көріп отырғанымыздай, «Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру» бөлімшесінің оқу мақсаттары ұзақ мерзімді жоспарда сыныптар бойынша «шиыршық» принципі сақталып берілген.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытудың әдіс-тәсілдері

Орта мерзімді жоспарда оқушылардың оқу және ойлау белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдер ұсынылады. Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы

тиіс.

Тыңдалымға арналған сабақ құрылымы:

• *Тыңдалым алдындағы тапсырма:* тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.

• *Тыңдалым тапсырмасы:* әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.

• *Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:* тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады.

Оқылымға арналаған сабақ құрылымы:

• *Оқылым алдындағы тапсырма:* мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

• *Оқылым тапсырмасы:* әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

• *Оқылымнан кейінгі тапсырма:* мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу. Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б.

Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы.

Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Солардың ең бастылары - продуктивті жазылым және жазылым үдерісі.

Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен,

лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді.

Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

Орта мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарын жүзеге асыруда ұсынылған әдіс-тәсілдермен қатар мұғалім өзі тиімді деп тапқан басқа әдіс-тәсілдерді де қолдана алады.

Оқушыларға 10-11-сынып аралығында оқу кезінде өз үлгерімдерін көруге көмек көрсетумен қатар, қазақ тілі сабағын жоспарлаудың тағы бір маңызды аспектісі оқушыларға анағұрлым зиялы және неғұрлым тәжірибелі болуға көмектесетін әртүрлі педагогикалық тәсілдерді таңдау болып табылады. Тіпті оқушылардың өзіне деген сенімі соншалықты артпаған күннің өзінде де, сіз жай ғана сырттан бақылаушы болмай, оқуға «ынталандырушы» болуыңыз маңызды екенін ұмытпаған жөн.

Кез келген мұғалімнің алдында тұрған басты міндеттердің бірі оқығысы келмейтін оқушыны оқу үдерісіне қатысатындай етіп қызықтырып, қолдау көрсету болып табылады. Әдетте балалар мектепте жақсы оқиды, алайда кейбіреулері оқуға деген уәжі мен қызығушылығын жоғалтып жатады. Оқушылар білімге өз еркімен ынталанып, өздігінен уәжделуге тиіс. Бұған оқуды мүмкіндігінше белсенді, күрделі, қызықты және маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады.

Ересек білім алушылар өздерінің жаңа білімдері мен дағдыларын іс жүзінде өз тәжірибесінде қолдануға болатынын көргенде оқуға деген ынтасы артады. Сондықтан олар шынайы өмірден алынған жағдаяттарға негізделген өздерінің күнделікті тәжірибесімен байланысты тапсырмаларды ұнатады.

Мұғалімдер төменде аталған бірқатар маңызды мәселелерді ескерсе, оқушыларының уәжін арттыруда тиімділікке қол жеткізеді:

• оқушылардың қызығушылықтарымен, қажеттіліктерімен және ұмтылыстарымен ұштасып жататын, соларға бағытталған жаттығуларды әзірлеу және қолдану;

• оқушылар инновацияға ұмтылады. Оқыту мен оқудың жаңа әдістерін қолдану, мұғалім мен оқушылардың арасындағы байланысты нығайту, жағымды оқу ортасын құру, оқушыға толыққанды кері байланыс беру;

• көтермелеу – ең жақсы уәждеуші фактор болып табылады;

• сабақтың мазмұнын түрлендіріп отыру, оқушының өздігінен жұмыс жасауына жағдай туғызу.

Ішкі уәжді сақтау үшін, тіпті оны арттыру үшін пайдалануға болатын бірқатар педагогикалық әдістер бар. Қазақ тілінің мұғалімдері:

• сабақты белсенді оқуға ықпал ететін және ынталандыратындай қызықты әрі тартымды етіп құру;

• оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін жас ерекшеліктеріне сай ресурстарды пайдалану;

• әртүрлі белсенді оқу тәсілдерін пайдалану үшін сабақ мазмұнын өзгерту (мысалы, оқушылар тақтадан көшіріп немесе мұғалім айтқанын жазуға уақыт кетірмеу үшін);

• оқушылар өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерінің оған қанша күш жұмсағанына байланысты екенін түсіндіре алатындай болу үшін оқушыларды дербестікке ынталандыру;

• жағымды кері байланыс ұсыну, оқушылардың өзіне беретін бағасын көтеріп, олардың алдағы уақытта нәтижені жетілдіре алатынына сенім ұялату мақсатында жекелеген оқушыларға арнап оқуды жетілдіруге бағытталған арнайы мақсат қою;

• оқушыларды жаңа оқу мен оқыту әдістерімен эксперимент жасауға тарту (бұл мұғалімдер мен оқушылар арасындағы өзара байланысты жақсартады, нәтижелі кері байланыс орнатып, жағымды оқу ортасын құруға мүмкіндік береді).

Оқушыларды ынталандыруға арналған осы ұсынылған әдістер тізімінде қандай да бір мадақтау немесе жазалау ескерілмеген жөн. Әдетте, сыртқы уәж «оқу керек» деген талаппен байланыстырылады. Оқушыларды мұндай жолмен уәждеу стратегияларын пайдалануға сақтықпен қараған жөн, себебі олар ішкі уәжді төмендетуі мүмкін. Атап айтқанда, оқушыларда төмендегідей сезім тудыруы мүмкін марапаттардан (әсіресе, мақтаудан), жаза немесе кері байланыстан аулақ болған дұрыс:

• тапсырманы орындауға өзін қабілетсіз сезіну;

• тапсырманы аяғына дейін орындаудың қажеті жоқ деп сезіну;

• тапсырманы орындау үшін аз ғана әрекет етіп, шектеулі күш-жігер жұмсаса жеткілікті деп сезіну;

• оған аз тапсырма берілді деп сезіну.

Бастапқы ішкі уәж төмен болған жағдайда сыртқы марапат пайдалы болуы мүмкін. Егер оқушыдан жоғары нәтиже күтіп, олардың өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдаланған дұрыс. Оқушының ішкі уәжін арттыруға ықпал ету керек. Мысалы, оның жеке қызығушылықтары, тақырыпқа қызығушылық, жеке мақсаттарға жету және т.б.

Оқушының оқуға құлқының болмауы негізінен мұғалімнің оның уәжін оята алмауының кесірінен болады. Мұғалім қызметінің аса маңызды қыры – оқушылар уәждеделген бе, жоқ па дегенді анықтауға көмектесетін факторларды түсінуі. Төмендегі кестеде уәжді арттыратын және керісінше, уәжді төмендететін факторлар берілген (2.1-кесте).

3.4-кесте – уәжді арттыратын және уәжді төмендететін факторлар

Уәжді арттыратын факторлар	Уәжді төмендететін факторлар
түрлі оқыту мен оқу әдістерін пайдаланатын белсенді мұғалім	негізінен өзі сөйлейтін немесе лекция оқитын мұғалім
көп оқушыны қамтитын белсенді тапсырмалар	аз ғана оқушы қатысатын немесе мүлде қатыспайтын тапсырмалар
белгілі бір мағынасы бар және бұның алдында өткен тақырыппен байланысты жаттығулар	күңгірт, түсініксіз және бұның алдында өткен тақырыппен байланыспайтын жаттығулар
сабақтағы жаттығулардың күрделілігі тиісті деңгейде және барлық оқушылар орындай алатын етіп сараланған	сабақтағы жаттығулар сараланбаған және басында орындау тым қиын немесе жоғары қабілетті оқушылардың қабілеттері ескерілмейді
оқыту мен оқудың сан алуан әдістері қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжау мүмкін емес	оқыту мен оқу әдістерінің аз ғана түрі қолданылады – сабақтың қандай болатынын күні бұрын болжап білуге болады
оқушыларға «ойлануға» уақыт бере отырып, сабақ қарқынын өзгерту	сабақтың қарқыны өте жылдам/баяу және оқушыларға «ойлануға» уақыт берілмейді
әр оқушыға жеке қолдау көрсету	оқушылар мұғалімнен көмек күтеді
көп мақтау және мұғалімнің дене қимылдарын, ымды тиімді қолдануы	мақтау айтылмайды және мұғалім дене қимылдарын, ымды тиімді қолданбайды
оқушылар сабақ мақсатын және олардан не күтілетінін біледі	оқушылар сабақ мақсаты мен олардан не күтілетінінен хабарсыз

Оқыту мен оқу жеке-дара екі іс-шара емес, бір үдерістің өзара тығыз байланысты екі элементі екенін білген маңызды. Мұғалімдер алдындағы оқушылардың сабақты қалай оқитынын жақсы түсініп, өздерінің оқыту тәжірибесін жақсарта түссе, балаларды тиімді оқуға жетелеу қабілеті де арта түспек. Оқушыларға зерттеу жүргізу арқылы олардың үлгеріміне ықпал ететін әдіс-тәсілдер ретінде мынадай стратегиялар анықталды:

- белсенді оқу – оқушылар тапсырмаларды орындап, дағдыларды қолдана біледі;
- кері байланыс – оқу барысындағы пікірталас, бұл оқушының өз пікірін білдіруін көздейді және сыныптастар арасында немесе мұғалім мен оқушылар арасында жүреді;

- сенімін нығайту – оқушының өзіне деген, өз күшіне деген сенімін нығайту үшін мадақтауды пайдалану;

- оқыту сапасы – көптеген саралаушы жаттығуларды жоспарлау және оны іске асыру.

Сабақтың тиімді өтуіндегі мұғалімнің рөлі:

- барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ортасын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, ойшыл, жаңаға ұмтылатын және іске немқұрайды қарамайтын оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын жақсарту мақсатында тиісті шара қабылдап, лайықты жаттығуларды қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсатына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдарды, ресурстарды және құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, жеке жұмыс түрлерін құру және уақыт жағынан басқаруға;

- оқушылары мақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде, мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушыларды бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Қысқа мерзімді жоспар әзірлеу

Қалыптастырушы бағалау мүмкіндіктері қарастырылған орта мерзімді жоспар бойынша мұғалім әрбір жеке сабақтың жоспарын дайындайды.

Сабақты жоспарлауды бастағанда мұғалім бұл сабақтың мақсаты қандай болатынын шешеді. Сабақтың мақсаты оқу бағдарламасында қарастырылған оқу мақсатына сәйкес келуі керек, бірақ оқу мақсаттарының барлық тармақтарын қамтымауы мүмкін. Мысалы, «Қазақ тілі» пәні бойынша 10-сыныптағы «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет» бөлімі бойынша оқу мақсаттарының бірі: Ж5.1 *«оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)»*. Бұл оқу мақсаты бірнеше сабаққа негіз болуы, ал сабақ мақсаты әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ мақсатын тұжырымдау барысында олар оқушылардың сабақ соңында не істей алуы керектігі тұрғысынан белгілі бір нәтижелерді сипаттауы керек екенін есте ұстау керек. Бұл:

- сабақта мұғалімнің не істейтініне емес, оқушылардың немен айналысатынына назар аударуға;

- сабақты жоспарлауды жеңілдетуге;

- оқуды бағалауды жеңілдетуге;

- оқыту мен оқуды бағамдауды жеңілдетуге көмектеседі.

Сабақ мақсатын анықтаған соң, мұғалім осы мақсатқа қол жеткізу үшін сабақты қалай жоспарлау керек екендігін шешеді. Сабақ мақсатына жету үшін мұғалім бірқатар белсенді оқу тәсілдерін қолдана алады. Дәстүрлі дидактикалық оқыту әдістерінде жекелеген оқушының тұлғалық дербестігіне, ұмтылысы мен уәждеріне, мүдделері мен дағдыларына, оқу ерекшеліктеріне жеткілікті дәрежеде мән беріле бермеді.

Оқыту мен оқудың заманауи әдістері оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру арқылы оқу үдерісін ұйымдастыруға аса мән береді және бұл бағыттағы мұғалімнің табыстылығы оқушылардың оқу үлгеріміне оң әсерін тигізеді. Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін, сонымен қатар, оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақты барынша тиімді жоспарлауы керек. Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлесім табуы шарт. Сындарлы оқыту тәсілдері оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді (Hattie, 2011).

Мысал ретінде алынған 10-сыныптағы «Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет» бөлімі бойынша оқу мақсаттарының бірі: Ж5. *«Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу»* коммуникативтік дағдысы аясындағы оқу мақсаттарының бірі Ж 5.1 *«Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)»* деген оқу мақсаттарына байланысты мұғалім барынша белсенді сабақ жоспарын әзірлей алады:

- мұғалім оқушыларға «Әлем жаңалықтары» тақырыбында оқылым не тыңдалым мәтінін ұсынады;

- мәтінді оқушылар жеке оқып шығады немесе барлығы бірлесе тыңдайды;

- оқушылар өздері оқыған не тыңдаған мәтіннен негізгі ақпаратты іріктейді;

- жеке жұмыс істеп, негізгі ақпаратты түртіп жазады, сосын жұпта және топта салыстырады;

- жұмыстың соңғы нәтижесін сынып алдында талқылай отырып, негізгі ақпаратты анықтап алады;

- тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазып шығады;

- оқушыларға қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу тапсырылады.

Барынша тиімді оқуды жоспарлау үшін төмендегідей бірқатар мәселелерді ескерген жөн:

1) Сабақта көптеген жаттығу түрлерін жоспарлауға тырысу қажет. Бір сабақта мұғалім төрт, бес немесе одан да көп жаттығу түрлерін қамти алады. Аз уақыт алатын, айталық, 10 минуттық жаттығу дайындауға болады. Әдетте оқушының назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұра алмайтынын естен шығармау керек.

2) Мұғалім сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыруды ұмытпауы керек. Жаттығуды әртүрлі тәсілмен түсіндіруге дайын болуы қажет. Мысалы, оқушылар бастапқыда жаттығуды бүкіл сынып орындап, кейіннен жұптасып оның орындалуын шыңдай алады. Бұл оқушыларға жаңа жаттығуға біртіндеп көше отырып, тапсырманы түсінуге көмектеседі, өткен сабақта алған білімдерін бекітіп, оқушыларға іс жүзінде бірнеше дағдыны қатарынан шыңдауға мүмкіндік береді.

3) Сыныппен өзара әрекеттестік стилін өзгертіп отыру қажет. Мұғалім сабақ барысында өзінің қанша сөйлейтіні туралы ойлануы қажет. Егер мұғалім тым көп сөйлесе, оқушылардың пікірталастырып, бір-бірінен үйренуіне уақыт аз қалады. Оқушыларға сұрақ қойып, жауаптары бойынша сыныптың нені

түсінгенін/түсінбегенін бағдарлаған дұрыс. Сабақта жеке, жұптық, топтық немесе бүкіл сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану тиімді болады.

Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. Мысалы, тыңдалым/айтылым, оқылым/жазылым. Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында барлық төрт дағдыны қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді.

Сабақ барысында коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс. Оқылым мен жазылым дағдысын жүзеге асыру да дәл осы сипатта ұйымдастырылады. Қысқа мерзімді жоспарлау мұғалімнің сабақты тиімді құрылымдауына көмектеседі. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекетті мұқият іріктейді. Әр сабақтан кейін мұғалім оқушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабақты талдап, *рефлексия* жасайды.

Үлгі ретінде жоғарыда аталған қағидаттарға сәйкес 10-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспардың «Тіл және алаш идеясы» бөліміне қысқа мерзімді жоспар құруда төмендегі мәліметтерді ескеру ұсынылады.

ҚМЖ құруда спиральділік ұстанымына негізделіп құрылған оқу бағдарламасын, оқу жоспары мен ҚБ арналған тапсырмалар жинағы басшылыққа алынады. Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты: *«5.Ж4 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)»*. Оқу мақсатына сәйкес оқушының алдыңғы және кейінгі білімдерін ескере отырып, сабақтың мақсатын SMART форматында құру. Барлық оқушы көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады.

Көпшілігі: мәтіннің мазмұнын түсініп, эссе жазуда қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолдана алады.

Кейбірі: эссе жазуда мәтіндегі негізгі ақпаратты және клишелер мен лексикалық құрылымдарды жүйелі қолданып, өз ойын дәлелдеп жазады.

Осы мақсаттарға жету үшін бағалау критерийлерін оқушымен бірлесе отырып құру ұсынылады:

- өз ойын дәлелдеп эссе жаза алады;

- негізгі ақпаратты және қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды сақтап, өз ойын дәлелдеп эссе жазады.

Эссе жазуда оқылым материалдары бойынша орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық ережелерді сақтауын тілдік мақсат етіп алуға болады.

Жазылымға дайындық ретінде мұғалім оқушыларға Н.Ә. Назарбаевтың «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауынан

үзінді ұсынуына болады. Оқушылар мәтінді оқып, көтерілген мәселені жұпта талқылайды.

Төмендегі тапсырмаларды орындайды.

1-тапсырма.

Алаш қайраткерлері қандай негізгі мәселелерді көтерді, мәтіннен анықтап айтыңыз.

2-тапсырма. Шеңбер бойымен талқыла. Мұғалім оқушыларды шеңбер бойымен отырғызып, талқылауды ұйымдастырады.

Алаш қайраткерлері сөз еткен жоғарыдағы мәселер бүгін қандай деңгейде?

Олардың бағдарламасындағы ұсыныстарды бүгінгі күнмен салыстырып көріңіз.

Алаш зиялыларының көздеген мақсаты бүгінде жүзеге асты ма?

Жазылым тапсырмасы. Елбасының «Тарих толқынында» кітабынан үзіндідегі деректер мен ойларды қолданып, «Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан!» тақырыбында келісу-келіспеу эссесін жазыңыз.

Эссеге төмендегідей дескрипторлар құрастыруды ұсынуға болады:

- эссе жазады;
- құрылымын сақтайды;
- келісу/келіспеу себептерін дәлелдейді;
- мәтіндегі ақпараттарды, ойларды пайдаланып жазады;
- қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып жазады.

Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:

- жеке көзқарастың көрінісі;
- фактілі дәлелдер (аргументтер);
- теориялық негіздеме;
- терминдерді қолдану;
- цитаталар келтіру;
- әртүрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықтың сақталынуы;
- салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- сауаттылық (пунктуациялық, орфографиялық)

Жиі кездесетін қателіктер:

1. Проблема ашылмайды;
2. Автордың жеке позициясы көрінбейді;
3. Теоретикалық негіздемесі жоқ;
4. Терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
5. Тым қарапайым өмірдің мысалдары көп;
6. Ауызекі сөздер, диалект, сленг, жаргон сөздер;
7. Келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы;
8. Қорытындылау, түйін шығару деген жоқ;
9. Логиканың болмауы.

Эссенің жазылу құрылымы:

1. Кіріспе. Тақырыптың негізгі мәні мен негіздемесі тезис түрінде көрсетіледі;

2. Тақырыпты дамыту: тақырыпқа сәйкес бар біліміңізбен: теория, фактілер, идея, ақпараттар, паралелдеу, аналогия, ассоциация, теңеу, сұрақтар қою, т.б. қолданып, дәлелдейсіз (аргументация).

Сабақтың өн бойында «қазақстандық патриотизм», «азаматтық жауапкершілік», «өмір бойы білім алу» құндылықтарына баулу көзделеді. Тақырып қажеттілігіне қарай жазылым дағдысын негіз етіп, оқылым, тыңдалым, айтылым дағдысын жанама түрде қолдануға болады. Оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасау тапсырылады, бұл жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, түртіп жаздырту, негізгі ақпаратты іріктеу, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекеті ұйымдастырылады. Бұл оқушыларды жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады.

Сабақта оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгере алуына еркіндік беру, ізгілендіру ұстанымдары арқылы жүзеге асыру көзделеді. Оқушының жеке траекториясын ескере отырып, сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып, сабақ мақсатына жетелейтін белсенді әдіс-тәсілдерді нәтижеге бағыттап тиімді қолдануға болады. Оқушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс тауып, барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылады. Сабақтың бастапқы кезеңінде уәж туындату, оқушыны сабаққа ынталандыру және жаңа тақырыпты жариялау мақсатында оқушыларға түрлі түсті конверттер үлестіру арқылы топқа бөліп, конверттегі ребус, жұмбақтарды шешу арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылады.

Жазылым алдында оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін «Құндылық пирамидасына» адам бойына жақсы мінез қалыптастыру үшін қажетті құндылықтарды ретімен орналастыру ұсынылады. Жазылым кезінде жинақы мәтін жазуға дайындық ретінде «Танысу үшін оқу және сканерлеу» әдісі анағұрлым тиімді болады. Мәтінмен танысқаннан соң қажет деп тапқандары алдында құрастырылған «Құндылықтар пирамидасына» қайта оралып, түзетулер енгізеді. «Жылқы сұлбасы» әдісі арқылы жинақы мәтін жазуда басшылыққа алынатын негізгі ақпараттарды, тірек сөздер мен қорытындыны анықтайды.

Оқу мақсатын жүзеге асыру мақсатында жинақы мәтін жазғызып, топта оқытып, үздігін «Ыстық орындық» әдісі арқылы ортаға шығарып оқытуға болады. Сабақ барысында әрбір оқушының өзінің және сыныптастарының әрекетіне эмоциялық қолдау көрсетіліп отырады. Мәтіннен алған білімін қолданып, «Детальдарын қосу» әдісі арқылы оқушылар білімдерін толықтырса, жазылымнан кейінгі тапсырмада алған білімін «Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі арқылы жинақтайды. Сабақ соңында «Парасатты диалог» арқылы кері байланыс жасалады. Сабақ барысында бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, сабақтың мақсатын оқушылардың есіне салып отыру ұсынылады.

Бала қай кезде де өзі жасаған істен қанағат, ләззат алатыны белгілі. Сондықтан ойлау деңгейі әртүрлі оқушылар үшін әр тапсырмаға саралау

жұмыстарын дайындау қажет. Құндылықтар тізбегін құрастыруда тәртіп, ақыл, мейірімділік т.б. сөздер салынған қорапша ұсынуға болады.

Мәтінді түсініп оқу кезінде ойлауға жетелеу сұрақтары бар топшама, ал жинақы мәтін жазуда үздік шыққан топтың «Жылқы сұлбасын» таныстыруға болады. Ойлау деңгейі жоғары оқушыларға мәтін негізінде берілген сөйлемдердің дұрыс, бұрыстығын анықтау жұмысын беруге болады.

Саралап оқытуды ұйымдастырудың негізгі шарты күрделілігі, танымдық деңгейі, мұғалім тарапынан берілетін көмектің сипаты жағынан ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану болып табылады. Саралап оқытуды ұйымдастыруда оқушылардың оқу және танымдық деңгейлерінің әртүрлілігі басты назарда болады.

Баланың уәжін, сенімін қалыптастыру үшін бағалау критерийлеріне сәйкес әр тапсырмаға дескрипторлар құрастырылады. Бағалау оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік беріледі. Сыныпта белсенділік танытқан оқушыларға қолдау көрсетіліп отырады. Сабақ соңындағы кері байланыс оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді.

Ж. Аймауытұлы 1929 жылы жазған «Комплекспен оқыту жолдары» атты еңбегінде «Балалардың білгені, тапқан-таянғаны өмірге жанасып, жарыққа шығып отырып, барлық жұмысты балалардың белсене, құлшына өздері істеуі шарт. Өзі еңбектеніп, өзі бейнеттеніп тапқан білім берік болады. Өмірінше ұмытпайды», - деген болатын. Демек, жаңартылған білім мазмұнына сай құрылған әр сабақ оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге жол ашады. Қазіргі заманда табысқа жету үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, проблеманы шешу, қарым-қатынас жасау және бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды меңгеруге ықпал етеді.

Сабақ жоспарын әзірлеу – сабақтың әдістемелік сценарийін жасау — мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес таланттылықты қажет етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзіндік рөлі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы тиіс. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» — «екеу» — «үшеу» — «төртеу» — бесеу немесе «топ» — «команда» — «сынып» — «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс [32].

«Қазақ тілі» пәні бойынша сабақты жоспарлау келесі реттілікпен іске асырылады:

1) Сабақты жоспарлауда оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес сабақтың оқу мақсаттары мен күтілетін нәтиже басшылыққа алынады.

2) Оқу мақсатына жетуді бағалауға мүмкіндік беретін құралдары (критерийлер, дискрипторлар, деңгейлер және т.б.) құрастырылады.

3) Сабақта оқу мақсатына жетуді қамтамасыз ететіндей іс-әрекеттер оқыту әдістері мен бағалауға сәйкес жоспарланады.

Күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер:

- сабақты ұйымдастырғанда оқу бағдарламасы мен оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттарын басшылыққа алуы қажет;

- сабақтың мақсатын анық тұжырымдау, яғни нақты, өлшемді, қолжетімді, шынайы мақсаттар қою;

- орта мерзімді жоспарда көрсетілген барлық іс-әрекеттерді, әдістемелік кеңестерді, ресурстарды мұқият зерделеу;

- сынып ерекшелігін ескере отырып, оқу мақсаттарының ретін, оларға бөлінетін сағат сандарын анықтау;

- білім алушылардың уәжін арттыратын тапсырмалар ұсыну;

- іс-әрекеттер мен тапсырмаларды сынып деңгейіне қарай толықтырып отыру;

- берілетін тапсырмалардың ерекшелігіне қарай тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау;

- формативті бағалаудың тиімді түрлері мен әдістерін қолдану.

Мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады [33].

Қысқа мерзімді жоспарды құрған кезде мұғалім төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаттары арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамытылып, жетілдіріліп отырады және тарау аяқталған соң сол дағдылар бойынша бағаланады;

мұғалім сынып ерекшелігін ескере отырып, бір тарау барысында оқу мақсаттарының ретін, оларға ұсынылатын сағат санын өзі таңдап жоспарлай алады және мектеп журналына белгілі бір тарау бойынша ұсынылған тақырыпшаларды жазған дұрыс;

бір сабаққа таңдалатын оқу мақсатының саны 1-3 аралығында болуы қажет, үштен артық мақсат таңдалса, оқушыға қиындық тудырады және оны жүзеге асыру мүмкін болмайды;

қалыптастырушы және жиынтық бағалау оқу мақсаттарында көрсетілген дағдылар бойынша жүзеге асады;

күрделі деп танылған оқу мақсаттарын мұғалім сабақ мақсатына қарай бейімдейді және бірнеше бөлікке бөліп, бірнеше сабаққа жоспарлай алады;

бір сабақта сөйлеу әрекетінің бір немесе екі түрі ғана таңдалады. Егер сөйлеу әрекетінің екі түрін таңдаған кезде рецептивтіден (тыңдалым, оқылым) продуктивті дағдыға шығып отыруы қажет. Яғни оқушы тыңдаған не оқыған материал негізінде ауызша/жазбаша тапсырмалар орындауы қажет;

тыңдалым және оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында мәтін кезеңдерін (мәтіналды кезең, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтінсоңы кезеңі) қатаң сақтау қажет;

жазылым және айтылым дағдыларын қалыптастыру барысында оқушыларға тақырып бойынша үлгі мәтіндер берілуі керек;

айтылым (диалог, монолог, полемика), жазылым (хат, хабарлама, мақала, т.б.);

грамматика коммуникативтік контексте оқытылады, яғни грамматика теориясынан гөрі оның функционалдығына, оқушылардың тілдік бірліктерді ауызша және жазбаша түрде орынды қолдана білуіне аса мән беріледі;

лексикалық тақырыптар бойынша материал таңдау барысында қазақ тілі пәні мұғалімінің басты міндеті оқушының сол тақырып бойынша тілдік қорын байыту, тақырып бойынша ақпараттар бере отырып, шынайы өмірмен байланыс орнату, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқушылардың академиялық сөздерді орынды қолдана білуіне ықпал ету;

сабақ жоспарына қалыптастырушы бағалауды енгізу.

Сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың деңгейі мен қажеттілігіне сай әдеби тіл нормаларын қалыптастыруға назар аударған дұрыс. Тілдік бірліктер мен құрылымдарды, яғни грамматиканы оқыту коммуникативтік контекст негізінде жүзеге асырылуы керек. Яғни мұғалім тіл туралы білім қалыптастырудан гөрі тілдік қолданыс, грамматиканың функционалдығына назар аударуы тиіс.

Сабақтың негізгі бөліміне арналған оқу мақсаттарын алдын ала анықтау қажет. Оқу пәні аясында оқушылардың сөздік қорын қалыптастырып, пән бойынша лексика мен терминдерді дұрыс қолдануды үйрету. Жеке оқушыға/жұпқа/ топқа қойылатын сұрақтың нақты болуын ескеру; сабақта пайдаланатын көрнекі құралдар (ресурстар, материалдар) үнемі қолжетімді болуы, әрі дұрыс әзірлеу ұсынылады.

Сонымен қатар, алдыңғы сабақпен немесе басқа сабақтармен пәнаралық байланыс жасау; алдын ала жоспарланған сұрақтардың көмегімен оқушыларды белсенді түрде сабаққа ынталандыру; оқыту тәсілдерінің бірі ретінде оқушылардың қателерін тауып, дұрыс түсінбеген жерлерін анықтап түзету оқушыларды тапсырмаларды жүйелі орындауына бағыттайды.

Топтық жұмыс ұйымдастыру барысында оқушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды, жаттығуларды, ресурстарды және саралау әдісін тиімді пайдалану қажет. Жұппен немесе жеке жұмыс істеу барысында сыныптағы оқушыларға өзара байланысты (ұқсас) тапсырмалар, жаттығулар немесе проблемалық сұрақтарды беруді; оқушылардың арасындағы әріптестікті және жүргізген талқылауларын ынталандыруды ескерген орынды.

Бүкіл сыныппен талқылау барысында оқушылардан өзінің орындаған тапсырмасын түсіндіруге дағдыландыру қажет. Сонымен қатар оқушыларға сабақта келтірілген мысалдардан ортақ қорытынды шығаруға көмектесу; меңгерілген дағдылар мен идеялардың көмегімен шешімі табылмай жүрген проблемаларды талқылау; өзге жұмыспен байланыстыру және келесі орындалатын шараларды талқылау ұсынылады.

Қалыптастырушы бағалау – оқушылардың оқу жетістіктерінің дамуы мен өсуіне әсер ететін сабақ барысындағы негізгі үдеріс. Ол күнделікті сабақта орын алады және оқушыға да, мұғалім үшін де маңызды.

Сонымен жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің пән бойынша әзірлеген сабақ үлгілері осы әдістемелік ұсынымдаманың соңында (қосымша)

берілді.

Критериалды бағалау жүйесі

Қазіргі заманның талабы – шығармашылықпен өз бетінше жұмыс істейтін, өзгермелі өмірде бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, құзіретті тұлға тәрбиелеу.

Құзыреттілік тәсіл жағдайында оқу жетістіктерін бағалау – жеке, өте маңызды әдістемелік проблема. Ғалымдардың пікірінше, адамның бойында өз іс-әрекеті мен оның нәтижелерін өздігінен бағалай алу қалыптасса, дәл сол уақытта ол құзыретті болып табылады. Мұндай мүмкіндік сабақта білім алушыларды критериалды бағалау кезінде пайда болады.

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында *критериалды бағалау жүйесіне* көшу қарастырылған.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды.

Критериалды бағалау білім алушылардың өз әрекетін бақылау және бағалай білу, функционалдық сауаттылығын және кең спектрлі дағдыларын қалыптастырудағы оқыту процесінде туындайтын қиындықтардың себептерін анықтау және жоя білу қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету, оқытудағы алға басуын көрсету, оқыту нәтижесі бойынша ата-аналарын хабардар ету мақсатында әрбір сабақта бағалау элементтерін қолдану ұсынылады.

Мұндай бағалау жүйесі балаларды оқуда табысқа жетуге ынталандырады, білімдегі кемшіліктерді анықтауға және олардың жетістіктерін көрнекі түрде көрсетуге бағыттайды. Білім алушы мен мұғалім жеке және бірлесіп одан әрі даму үшін алдағы іс-әрекеттердің жоспарын әзірлей алады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларын дамыту дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Әрбір сабақ оқу мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау технологиясы білім алушылардың жетістіктерін оқу материалын қалай игергенін, практикалық дағды қалай қалыптасқанын анықтауға мүмкіндік беретін, нақты анықталған, алдын ала танылған критерийлермен салыстыруға негізделген.

Әрбір білім алушы дайындығының жалпы деңгейіндегі өзгерістерді де, бұрынғы жетістіктерімен салыстырғанда оның жетістіктерінің динамикасын да атап өту маңызды.

Мұғалімге мақсатқа бағытталған белсенділікті, бастамашылықты, мақсатқа жетудегі дербестікті, таңдау жасай білуді, рефлексияға қабілеттілікті, жауапкершілікті ұстану маңызды.

Бағалау жүйесі мұғалім мен ата-аналар арасындағы тығыз байланысты қолдауды және ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізуді қарастырады. Білім алушылардың ата-аналарына жаңа бағалау жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптері түсіндіріледі, ата-аналарға арналған практикалық тренинг немесе мастер-класс өткізіледі.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу және дүниетанымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін нақты анықталған, бір-біріне сәйкес келетін білімнің мазмұны мен мақсаты, сонымен қатар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін алдын ала анықталған критерийлер.

Критериалды бағалау, ол – білім алушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Мұғалім бағалауды мұғалімдерге, ата-аналар мен білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік-құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес өткізуі тиіс:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы;

– «2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

– Жаңартылған білім беру мазмұны аясында орта мектептерге арналған критериалды бағалауды құжаттандыру және рәсімдеу бойынша нұсқаулық.

Критериалды бағалаудың қызметтері:

- оқытушылық;
- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр білім алушының дайындық деңгейін анықтау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және білім алушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;

- білім алушының дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;

- оқу бағдарламасын меңгерудегі бар кемшіліктерін жоюға білім алушыларды ынталандыру;
- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;
- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;
- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, білім алушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Критериалды бағалау жүйесіне көшудің *негізгі мақсаты* сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекеттесуге, өздігінен білім алуға және дамуға дайын, алдын ала белгілі және нақты критерийлер бойынша объективті бағалау болып табылады.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді [34].

Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылып отыр. Әрбір бөлімшелерге дәйекті түрде енгізілген оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау барысында білім алушылар:

- өздерінің танымдық және ойлау қабілеттерінің деңгейін арттыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану;
- жаңа білімді меңгеру барысында табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсіну;
- сын тұрғысынан ойлау, өз ойын еркін айту, білімін көпшілік алдында көрсету (ұсыну), өзін-өзі және сыныптастарын бағалау арқылы кері байланыс орнату;
- өздігінен жаңа білім алу, оқу әрекетін ұйымдастыру, мақсат қою, жоспарлау, өзін-өзі бақылау және өз әрекетінің нәтижесін бағалау, өз әрекетінің болуы мүмкін нәтижелерін алдын-ала болжау дағдыларын меңгереді;
- бастапқы фактілер мен болжамдарды, теориялық модельдер мен нақты нысандарды түсіндіру үшін, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну;
- белгілі фактілерді түсіндіру және ұсынылған болжамды эксперименттік жолмен тексеру, процестер мен құбылыстардың теориялық модельдерін әзірлеу үшін болжамдар мысалында ыңғайлы оқу әрекетін меңгеру;
- қабылдау, өңдеу және ақпаратты сөз, образдық, белгілік түрлерде беру, алынған ақпаратты қойылған мақсатқа сәйкес талдау және қайта өңдеу дағдыларын қалыптастыру;
- оқыған мәтіннің негізгі мазмұнын белгілеу, қойылған сұраққа мәтіннен жауап табу және мәтіннің мазмұнын баяндау;

– танымдық мақсаттарды жүзеге асыру үшін ақпараттың жаңа технологияларын, өз бетінше іздеу, талдау және іріктеп алу үшін түрлі ақпарат көздерін пайдалану;

– монологтік және диалогтік сөйлеуді дамыту, өз ойын жеткізу және сұхбаттасушысын тыңдай білу білігі, оның көзқарасын түсіну, басқа адамның ойларын қабылдау мүмкіндігі;

– ерекше жағдаяттарда қажет болатын әрекет түрлерін, проблемаларды шешу әдістерін және эвристикалық әдістерді меңгеру;

– әлеуметтік түрлі рөлдерді орындау арқылы топта жұмыс істеу білігін қалыптастыру, оқыту және өз көзқарасын және пікірін қорғау, пікірталас жүргізу мүмкіндігіне ие болады.

Мұғалім критериалды бағалау жүйесін қолдану үшін сыныптағы білім алушылардың дайындық деңгейін және ерекшеліктерін ескере отырып, пәннің оқу мақсаттарына сәйкес «білу және түсіну», «қолдану», «сыни ойлау және зерттеу», «коммуникация және рефлексия» және т.б. критерийлері бойынша дескрипторлар әзірлеуі тиіс. Әр критерий оқушының тапсырманы орындауын жүйелі бағалауға мүмкіндік беретін дескрипторлардан тұрады, сонымен қатар білім алушылар осы дескрипторларға сүйене отырып өз жұмысының нәтижесін бағалай алады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту мақсаттарымен жоспарланған, қол жеткізген нәтижелері дәрежесіне сай алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі (өте жақсы орындалған жұмыс түрінде) эталонымен салыстырылады. Не нәрсеге үйретеді, соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрсетілімі.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға болатындай түрде пайдалану, білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету және олардың оқудағы алға жылжуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқу нәтижелері туралы ақпаратты беріп отыру ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі алдымен білім алушыларды табысты оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарын анықтауға және олардың өсуін көрнекі түрде көрсетіп отыруға бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұны аясында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі *қалыптастырушы бағалау мен жиынтық бағалаудан* тұрады.

Қалыптастырушы бағалау мұғалім тарапынан тоқсан бойы жүйелі өткізіліп отыратын оқу процесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, формативті бағалау кезінде оқушылардың өз қателігін түзетуге мүмкіндік беріледі. Бұл оқушылардың мүмкіндігін анықтауға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, уақытында оқу процесін түзетуге жағдай жасайды.

Халықаралық тәжірибеде қалыптастырушы бағалау барынша маңызды рөл атқарады және жалпы білім алушылардың қажеттіліктеріне қарай оқу мен

оқытуды бейімдеу үшін қолданылатын бағалаудың түрі ретінде анықталады [12].

Сондай-ақ, түрлі әдебиеттерді талдау барысында қалыптастырушы бағалаудың құрылымдық элементтерінің сипаты, қолдану жағдайы мен қарастырылатын мақсаттарына қатысты бірнеше рет өзгеріп отыруы мүмкін деп те түсіндіріледі (3.1-кесте).

3.1-кесте. Қалыптастырушы бағалаудың құрылымы

ЭЫДҰ/ Білім беру және инновация аясындағы зерттеулерге қатысты Орталықтың халықаралық конференциясы (2008)	Сыныпта мәдени орта құру <ul style="list-style-type: none">• Оқу мақсаттарын тұжырымдау• Білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытудың әр түрлі әдістерін қолдану• Білім алушылардың материалдарды түсінгенін бағалайтын түрлі тәсілдерді қолдану• Анықталған қажеттіліктерге қарай оқу үдерісін бейімдеу және білім алушыларға кері байланыс беру• Білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді қатыстыру
Блэк және Уильям (2009)	<ul style="list-style-type: none">• Оқу нәтижесінің айғақтары ретінде пайдаланылатын тапсырмалар мен сұрақтарды қолдану, сыныпта тиімді талқылау жұмысын жүргізу• Білім алушыны дамытуға бағытталған кері байланысты ұсыну• Бағалау критерийлері мен күтілетін нәтижелерді түсіндіру• Білім алушыларды өз білімдерін өздері құрастырушы ретінде қалыптасуына мүмкіндік беру• Білім алушыларды өзара оқыту ресурстары мен дереккөздері ретінде қолдану
Кларк (2013)	<ul style="list-style-type: none">• Оқу мәдениетін дамыту• Білім алушыларды жоспарлау кезеңіне қатыстыру• Белгілі оқу мақсаттарына қарай білім алушылармен бірге бағалау критерийлерін түрлендіру• Сабақта талқылау және пікірсайыстарды қолдану• Білім алушылардан, сыныптастарынан және мұғалімінен тиімді кері байланыс алуға мүмкіндік беру


Осылайша, ұсынылған қалыптастырушы бағалаудың құрылымынан жалпы мынадай элементтерді атап көрсетуге болады: білім алушыларды бағалау үдерісіне белсенді қатыстыру, білім алушылардың қабілеттеріне қарай оқытуды бейімдеу, сапалы және сындарлы (конструктивті) кері байланыс беру. Яғни, қалыптастырушы бағалау – көптеген өзара байланыстағы элементтер арқылы оқу мен бағалауды кіріктіруге мүмкіндік беретін мұғалімнің тәжірибесі.

Оқу бағдарламасындағы бөлімнің әрқайсысындағы оқу мақсаттары, күтілетін нәтижелері қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын анықтайды. Сонымен бірге қалыптастырушы бағалау үдерісі стандартталмайды, яғни әр мұғалім өз бетінше қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесі арқылы анықтай алады, оның нәтижесіне қатысты жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу мақсаттарындағы жетістіктеріне мониторинг өткізу үшін және сабақта сараланған жұмысты одан әрі тізіп қою, соның ішінде орындалған үй жұмысының қорытындысы және педагогтің жазбаша түріндегі (дәптерлеріне немесе күнделіктеріне) немесе ауызша ұсыныстарына мониторинг өткізу үшін жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалау бұл – бағалаудан кейін оқушының нәтижесі мұғалімге оқыту әдісін түзету үшін немесе оқушыға өз оқуын түзету үшін қажет болатын жоспарланған процес ретінде сипатталады.

Қалыптастырушы бағалау рәсімдері 10-сызбада көрсетілген.



10-сызба – Қалыптастырушы бағалау рәсімдері

Қалыптастырушы бағалаудың тәжірибелік мазмұнын оқу бағдарламасындағы бөлімдердің оқу мақсаттары, яғни күтілетін нәтижелері анықтайды. Пәнді оқытуда қалыптастырушы бағалау процесі келесі кезеңдер арқылы іске асырылады:

- қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау;
- қалыптастырушы бағалау әдістерін таңдау;
- қалыптастырушы бағалау нәтижелерін талдау;
- кері байланыс беру.

Қалыптастырушы бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Қалыптастырушы бағалау үдерісін білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес және тиімді жоспарлау үшін мұғалімге оның формасын, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтау мүмкіндігі беріледі. Мұғалім оқу үдерісіне және қалыптастырушы бағалауға оқу бағдарламасына сәйкес барлық оқу мақсаттарын енгізуі қажет. Сол үшін мұғалімге көмек ретінде оқу мақсаттары бойынша бағалау критерийлері, дескрипторлары бар тапсырмалар үлгілері берілген қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы дайындалды. Қалыптастырушы бағалаудың жинақтары сабақты жоспарлау кезінде тапсырмаларды іріктеу үшін дереккөздері ретінде қолданылады және басып шығару талап етілмейді. Қалыптастырушы бағалаудың тапсырмаларын өз бетінше құрастыру үшін мұғалімге:

- оқу бағдарламасымен, оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру ұсынылады.

Қалыптастырушы бағалау теориясына сәйкес (Уильям, 2007) үдеріске қатысушыларды есепке ала отырып, үш позицияны ұйымдастыру қарастырылады: мұғалімнің бағалауы, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.

Мұғалімнің бағалауы

Аталған нұсқаулықта берілгендердің көбісі мұғалімнің бағалау үдерісінің сипатын көрсетеді. Сондықтан берілген ұсыныстарды мұғалімнің қаншалықты түсінетіні, бейімдеуі, қолдануы, жетілдіруі олардың қалыптастырушы бағалауды өз тәжірибесінде тиімді қолдана алуына байланысты.

Өзін-өзі бағалау

Мектепте білім алушылардың дағдыларды бойға сіңіруі және өзін-өзі бағалау тәжірибесі жинақталуы қажет. Білім алушылардың өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру кезінде негізгі назарды өзін-өзі реттеуіне, өз бетінше білім алуына ынталандыруға аудару керек.

Білім алушылардың өзін-өзі бағалауы оқу үдерісінде өзінің күшті және әлсіз тұстарына өзі талдау жасай алуына мүмкіндік береді. Білім алушыларды не білетініне, қандай дағдыларды меңгергеніне объективті қарауына, өз кемшіліктерін және нәтижесінде неге қол жеткізгісі келетінін анықтауға үйрету маңызды. Алайда, білім алушының өзін-өзі бағалауы тым жоғары немесе өте төмен болатын жағдайлар да кездеседі. Бұл сабақта өзін-өзі бағалауды өткізудің жалпы оңтайлы әсерін төмендетеді. Мұндай білім алушыларға мұғалім барынша объективті түрде көмек бергені дұрыс. Мысалы, мұғалім жетекші сұрақтарды қолдануына болады (3.2-кесте).

3.2-кесте. Өзін-өзі бағалауға қатысты сұрақтардың мысалы

Өзін-өзі бағалауды өткізу мақсаты	Сұрақтар
Өз оқуына болжам жасау	Сіздің оқуыңыздың күшті/әлсіз жақтары қандай?
	Өз жетістігіңізді/ нәтижеңізді/ ілгерілеуіңізді сіз қалай бағалайсыз?
Өз оқуына жауапты болу	Сабақта оқу/күтілетін нәтижеге жету үшін сіз не істедіңіз?
	Қалай ойлайсыз, сіздің бағаңыз әділ ме?
Білімі мен дағдысындағы кемшіліктерді анықтау	Берілген тапсырмалардың барлығын орындадыңыз ба? Егер жоқ болса, неге орындамадыңыз?
	Тапсырманы орындау кезінде ең қиын болған тұсы қайсы?
Келешектегі оқуы үшін нақты мақсатты анықтау	Жұмысты жетілдіру үшін сіз не істер едіңіз?

	Күтілетін нәтижеге жету үшін сіздің не істеуіңіз қажет?
Өз оқуындағы өзгерістерді қадағалау	Бұрын білмегендеріңіздің ішінен қазір нелерді білесіз?

Бұдан басқа, өзін-өзі бағалау кезінде мұғалім білім алушыларға дәлелдер келтіру, өзін-өзі бағалау нәтижелерін талқылау, дескрипторларды қолдану, үздік жұмыс үлгілерін көрсету және т.б. арқылы да көмек беруіне болады.

Өзара бағалау

Өзара бағалау тиімді қалыптастырушы бағалау өткізуге қатысты көптеген мүмкіндіктерді ұсынады. Ол білім алушылардың бір-біріне көмектесуіне, өз жұмысын жетілдіруіне бағытталған. Бұдан басқа өзара бағалау тек кері байланыс алатын білім алушыларға ғана емес, сонымен қатар кері байланыс беруші білім алушыға да пайдалы.

Д.Уильям (2015) кері байланыс беруші және сыныптасының жұмысын зерделеуші білім алушылар өз нәтижелерін келешекте айтарлықтай жақсартатынын атап көрсетеді. Бұл арқылы олар бағалау критерийлерін терең түсініп, қолдана бастайды, сондай-ақ, «жақсы» жұмыстың қандай болатыны туралы ұғымы пайда болады. Сондықтан ұйымдарда критерийлер мен бағалау тапсырмаларын құрастыруда, білім алушылардың жұмыстарының үлгісін таныстыруда өзара бағалауға көбірек назар аударады.

Өзара бағалау салыстыру, аргумент келтіру, коммуникация, дәлелдер іздеу, сыни ойлау сияқты белгілі дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Білім алушылардың жауапкершілігін, ынтасын, қызығушылығын арттыруда өзара бағалаудың мүмкіндігі ерекше. Білім алушылар кеңесші және сарапшы рөлінде сөйлеуге мүмкіндік ала отырып, өз түсініктерін сыныптастарының түсінігімен салыстыра алады. Мұның барлығы өзара бағалау қалыптастырушы бағалаудың маңызды компоненті екенін көрсетеді.

Білім алушылардың өзара бағалау үдерісінде мұғалімнің рөлін атап өту қажет. Мұғалім білім алушылардың өзара бағалау мақсатын түсінетініне, сыныптағы мәдениетті сақтап, дамытатынына, өзара бағалауда нақты болжалды ұсынатынына көз жеткізуі керек. Мұғалімнің өзара бағалау үдерісінде жетекшілік жасауы, нұсқау беруі ғана емес, мүмкін болатын салдарларды қадағалауы да маңызды. Мұнда өзара бағалау білім алушылардың нәтижелерін жетілдіруге мүмкіндік бере ме, олардың арасындағы өзара бағалауды арттыра ма және т.б. сұрақтар қойылуы қажет.

Бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктеріне бағалау жүргізуге негіз болатын белгі ретінде сипатталады. Сондықтан пән бойынша формативті бағалау тапсырмаларын құрастыруда бағалау критерийлерінің оқу мақсаттарына сәйкестігін анықтау маңызды болып табылады.

Критерийлер оқытудың әрбір мақсатына әзірленеді және оқушылар нені білуі, түсінуі, қолдануы және әр кезеңде қалай талдау, жинақтау және бағалай білуі тиіс екендігін көрсетеді.

Мұғалім білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлерін өзі таңдап, әзірлей алады.

Бұл ретте жетістіктерді бағалау үшін қажетті (негізгі) нәтижені барлық сынып білім алушылары көрсете алатындай критерийлерді таңдау қажет. Басқа критерийлер барлық белгілі бір мерзімге қосымша ретінде қабылданады. Бірқатар білім алушыларды қосымша критерийлермен бағалауға болады, бірақ барлық 100% білім алушылардың әрі қарай оқуда табысқа жетуі үшін негізгі базалық критерийлерге сәйкес нәтижелерін ғана көрсету жеткілікті.

Әр жұмысты әртүрлі критерийлермен бағалауға болады, бірақ білім алушы алдымен бір критерийдің призмасы арқылы нәтижесін көруді, содан кейін бірнешеуін көруді үйренуі маңызды. Тапсырманы орындауға дайындық барысында мұғалім білім алушылардан: «Біз қандай дағдыларды, қандай ережені тексереміз?»,- деп сұрайды. Солай критерийлер қалыптасады.

Білім алушылар оқу тапсырмаларын бірнеше критерийдің призмасы арқылы көруге, бірнеше критериймен өзін бағалауды үйренеді.

Тапсырманы орындай отырып білім алушы іс-әрекетінің өзін-өзі бақылау және қалыптасқан критерийлер бойынша өзін сауатты бағалауы жүзеге асырылады.

Диктант, шығарма, бақылау жұмысы, эссе жазуға дайындық кезінде білім алушылар тұжырымдалған критерийлерді басшылыққа алады. Критерийлерге негізделген нәтижелердің бағасы мұғалімнің объективті болуына, білім алушыға орындаған тапсырмалар деңгейін болжауға, қателердің себептерін анықтап, ескертуге мүмкіндік береді.

Мұғалім мен білім алушылардың оқу қызметінің нәтижелеріне жақсы баға бергені маңызды. Ал білім алушылардың қателерін әрі қарай жетістіктерге, білім беру мақсаттарына қол жеткізуге пайдалану қажет.

Төменде «Қазақ тілі» пәнінің ерекшеліктерін ескере отырып бағалау критерийлері келтірілген.

3.3-кесте – «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері (Қазақ тілі, 10-11-сынып)

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері

Оқу бағдарламасы на сілтеме	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейі	Бағалау критерийлері
1-тоқсан			
1. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық- саяси) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге	Білу Түсіну Түсіну Талдау Білу Түсіну	Ұсынылған ақпаратқа өзіндік тұжырым жасайды; Қорытынды жасайды Ғылыми-көпшілік стильді танып біледі Мәтіндегі негізгі ойды

	<p>стиль элементтері); 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу 10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі) 10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу</p>	<p>Жинақтау Бағалау Талдау Қолдану</p>	<p>анықтайды Өз ойын дәлелдеп эссе жазады Сөйлеуде интонацияны дұрыс қолданады Мәтін жазуда орфографиялық норманы сақтайды</p>
--	---	--	--

2-тоқсан

<p>2. Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті</p>	<p>10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау 10.2.3.1 көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау 10.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу</p>	<p>Талдау Қолдану Түсіну Талдау Талдау Талдау Қолдану Жинақтау Бағалау</p>	<p>Ұсынылған ақпаратқа өзіндік тұжырым жасайды; Тілдік оралымдарды талдайды Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады; бағалайды Мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Мәтіндерді салыстыра отырып, талдап жазады Мәтіндерге стильдік түзетулер жасайды, редакциялайды</p>
--	--	--	---

3-тоқсан

<p>3. Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Тілдік жүйе және норма</p>	<p>10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа</p>	<p>Талдау Қолдану Қолдану</p>	<p>Ақпаратты талқылайды; Тілдік оралымдарды талдайды Көпшілік алдында сөйлеу әдебін</p>
---	--	--	--

	<p>сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу;</p> <p>10.2.3.1 көпшілікке арналған интервью құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу;</p> <p>10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау</p> <p>10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу;</p> <p>10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу;</p> <p>10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу</p>	<p>Білу Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>сақтайды, дұрыс сөйлейді</p> <p>Интервью құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады</p> <p>Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, интервью жазады</p> <p>Өлең, хат, әңгіме, шығарма жазуды көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады</p> <p>Жазба жұмыстарында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды</p>
<p>4. Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма</p>	<p>10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;</p> <p>10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау</p> <p>10.2.3.1 көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау</p> <p>10.3.3.1 қажетті клишелер мен</p>	<p>Талдау Қолдану</p> <p>Түсіну Талдау</p> <p>Талдау Қолдану</p> <p>Талдау</p>	<p>Ақпаратты талқылайды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Мәтін бойынша сұрақтар құрастырады</p> <p>Очерктің құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тілдік ерекшелігін салыстырады</p> <p>Мәтін бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p>

	лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу 10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	Қолдану Жинақтау Бағалау Қолдану	Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, нұсқаулық жазады Жазба жұмыстарында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды
--	--	---	--

4-тоқсан

5. Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.3.1 көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу; 10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 10.3.1.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу; 10.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу 10.4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін	Талдау Жинақтау Қолдану Білу Талдау Қолдану Жинақтау Қолдану Бағалау Қолдану Бағалау Жинақтау Қолдану	Ұсынылған ақпаратқа өзіндік тұжырым жасайды; Ақпаратты талқылайды; тілдік оралымдарды талдайды Көпшілік алдында дұрыс сөйлейді Мақаланың құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдайды Әртүрлі еңбектерден деректер жинайды, сілтеме жасайды Мәтін бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, мақала жазады Жазба жұмыстарында сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды
--	---	---	---

	қолдана білу		
--	--------------	--	--

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейі	Бағалау критерийлері
1-тоқсан			
1. Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру 10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері); 10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі); 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау; 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	Білу Түсіну Талдау Түсіну Қолдану Жинақтау, Бағалау Қолдану Бағалау	Мәтінге болжам жасайды Мәтіннен негізгі ойды анықтайды Ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді танып біледі Ақпаратты анықтайды, сілтеме жасайды; Сөздерді түрлендіріп қолданады; өз ойын дәлелдеп эссе жазады Жазба жұмыстарына логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды Мәтінді орфографиялық нормаға сай жазады
2. Әлем жаңалықтары: өнер және мәдениет. Сөз мәдениеті	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау; 10.2.1.1 әртүрлі графикалық	Түсіну Талдау Білу Түсіну Талдау	Мәтіндердегі тілдік оралымдарды талдайды Ақпараттағы астарлы ойды анықтайды Мәліметтерді талдайды, негізгі үрдістерді

	<p>мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>10.2.3.1 көпшілікке арналған дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу;</p> <p>10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу);</p> <p>10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе);</p> <p>10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу</p>	<p>Түсіну</p> <p>Білу</p> <p>Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Бағалау</p>	<p>анықтайды</p> <p>Дәрістің құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Оқылым стратегияларын жүйелі қолданады</p> <p>Сөздерді түрлендіріп қолданады;</p> <p>Өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p> <p>Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады</p>
--	---	---	---

2-тоқсан

<p>3. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Тілдік жүйе және норма</p>	<p>10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау;</p> <p>10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау</p> <p>10.2.3.1 көпшілікке арналған интервьюдің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу;</p> <p>10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу</p> <p>10.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану</p>	<p>Талдау</p> <p>Жинақтау</p> <p>Бағалау</p> <p>Білу</p> <p>Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Қолдану</p> <p>Бағалау</p>	<p>Мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады және бағалайды</p> <p>Интервьюдің құрылымы жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, интервью жазады</p> <p>Өлең, хат, әңгіме, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады</p>
<p>4. Экономикалық</p>	<p>10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі</p>	<p>Талдау</p>	<p>Мәтіндердегі терминдер мен</p>

<p>интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі. Тілдік жүйе және норма</p>	<p>(мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.3.1 көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью, нұсқаулық жазу; 10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу</p>	<p>Қолдану</p> <p>Талдау Жинақтау</p> <p>Қолдану Бағалау</p> <p>Талдау Қолдану</p> <p>Бағалау</p>	<p>ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Көпшілік алдында дұрыс сөйлейді</p> <p>Мақаланың құрылымы жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, интервью жазады</p> <p>Мәтіннің маңызды тұстарын талдап жазады</p> <p>Жазба жұмысына логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды Сөздерді дұрыс қолданады</p>
--	--	---	---

3-тоқсан

<p>5. Білім. Ғылым. Инновация. Тілдік жүйе және норма</p>	<p>10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау; 10.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастыру және бағалау 10.2.3.1 көпшілікке арналған очерктің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 10.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды</p>	<p>Түсіну Қолдану</p> <p>Жинақтау Бағалау</p> <p>Талдау</p> <p>Қолдану</p>	<p>Ақпараттағы астарлы ойды анықтайды</p> <p>Мәтін негізінде сұрақтар құрастырады және бағалайды Дәрістің құрылымы мен жанрлық ерекшеліктерін талдайды Оқылым стратегияларын жүйелі қолданады Өлең, хат, әңгіме, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды</p>
---	---	--	---

	қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; 10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу); 10.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана білу	Қолдану Бағалау Қолдану	қолданады Негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазады
6. Қазіргі қоғам: әлеуметтік теңсіздік. Тілдік жүйе және стиль	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; 10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау 10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау 10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу; 10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, аргументативті эссе) 10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу	Білу Түсіну Талдау Талдау Жинақтау Талдау Түсіну Талдау Қолдану Бағалау	Мәтін бойынша болжам жасайды, тақырыпты жалғастырады Мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тілдік ерекшелігін салыстырады Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгідегі мәліметтерді талдайды Мәтіндегі деректерді салыстырады, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазады Өз ойын дәлелдеп эссе жазады Ауызша және жазбаша мәтіндерде синтаксистік нормаларды сақтайды
7. Сәулет өнері. Стильдік ерекшеліктер	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру; 10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу	Түсіну Қолдану	Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды Көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтайды, дұрыс сөйлейді

	<p>10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;</p> <p>10.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау</p> <p>10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, нұсқаулық жазу;</p> <p>10.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу;</p> <p>10.3.4.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)</p> <p>10.4.4.1 сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтай білу</p>	<p>Талдау</p> <p>Түсіну Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Талдау Жинақтау</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>Әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады</p> <p>Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, нұсқаулық жазады</p> <p>Мәтіндегі деректерді салыстырады, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазады</p> <p>Өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p> <p>Ауызша және жазбаша мәтіндерде сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды</p>
4-тоқсан			
<p>8. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер. Пунктуация</p>	<p>10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;</p> <p>10.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстыра білу, астарлы ойды анықтау</p> <p>10.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;</p> <p>10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу</p> <p>10.3.2.1 ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып,</p>	<p>Білу Түсіну</p> <p>Түсіну Қолдану</p> <p>Талдау</p> <p>Түсіну Бағалау</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>Мәтін бойынша болжам жасайды, тақырыпты жалғастырады</p> <p>Ақпараттағы астарлы ойды анықтайды</p> <p>Әртүрлі стильдегі мәтіндердің қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады</p> <p>Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, мәселені бағалайды</p> <p>Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтап, мақала жазады</p>

	мақала жазу; 10.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу) 10.4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу		Сөйлемде тыныс белгілерді дұрыс қолданады
9. Сөз мәдениеті және шешендік өнер. Пунктуация	10.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау; 10.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу; 10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу 10.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, хат, әңгіме, шығарма) ұсына білу; 10.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау 10.4.5.1 сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	Талдау Қолдану Түсіну Бағалау Жинақтау Қолдану Бағалау	Мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдайды Көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтайды, дұрыс сөйлейді Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, мәселені бағалайды Қосымша деректер жинайды, сілтеме жасауды біледі Өлең, хат, әңгіме, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады Жазба жұмысына логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды Сөйлемде тыныс белгілерді дұрыс қолданады

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 11-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейі	Бағалау критерийлері
1-тоқсан			
1. Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.3.1 мәтінде көтерілген мәселені	Білу Түсіну Талдау	Мәтінге болжам жасайды; Ақпаратты анықтай біледі.

<p>өткені мен келешегі. Шешендік сөздер</p>	<p>(қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен салыстыру; 11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация жазу; 11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау; 11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу</p>	<p>Білу Түсіну</p> <p>Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>Мәтіндегі мәселені талдайды; негізгі ойды анықтайды; салыстырады Ғылыми стильді танып біледі</p> <p>Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Тілдік құралдарды орынды қолданады; Тезис, аннотация жазады</p> <p>Жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады; Өз ойын дәлелдеп, шығармашылық жұмыстар жазады Өз ойын жүйелеп, жазба жұмысына түзету енгізеді, редакциялайды Орфографиялық нормаларды дұрыс қолданады Мәтін жазуда тыныс белгілерді сақтайды</p>
---	--	--	---

2-тоқсан

<p>2. Экология: ядролық және мұнай өндірістері. Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;</p>	<p>Талдау</p> <p>Түсіну Бағалау</p> <p>Білу Талдау</p> <p>Түсіну Талдау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды. Мәтін бойынша талқылау сұрақтарын құрастырады; сыни тұрғыда бағалайды. Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды. Стильдің түрлерін салыстырады; стильдердің құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырып талдайды Ақпарат көздерінен деректерді ала біледі; сілтеме жасайды;</p>
---	---	---	---

	<p>11.2.6.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу, дәйексөз келтіру;</p> <p>11.3.4.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудiң) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу;</p> <p>11.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу;</p> <p>11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)</p>	<p>Жинақтау Қолдану</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>дәйексөз келтіреді Түртіп жазудың жолдарын меңгереді; мәтіннен негізгі ақпаратты анықтайды</p> <p>Мәтінде көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады; шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) жазады Көркемдегіш құралдарды орынды пайдаланады</p>
3-тоқсан			
<p>3. Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция. Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;</p> <p>11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу;</p> <p>11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;</p> <p>11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазу;</p> <p>11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай</p>	<p>Түсіну Талдау</p> <p>Түсіну Бағалау</p> <p>Қолдану</p> <p>Талдау</p> <p>Білу Талдау Жинақтау</p> <p>Қолдану Бағалау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Мәтін бойынша талқылау сұрақтарын құрастырады; сыни тұрғыда бағалайды.</p> <p>Мәліметтерді салыстырады; негізгі үрдістерді анықтайды Интервью, мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біледі; жанрлық ерекшеліктерін талдайды. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; мәтінді толықтырады. Ғылыми стильдің тілдік құралдарын дұрыс қолданады; мақала, интервью жазады</p>

	<p>отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;</p> <p>11.3.6.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау);</p> <p>11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану</p>		<p>Өз ойын жүйелеп, жазба жұмысына түзету енгізеді, редакциялайды</p> <p>Сөйлеуде интонацияны дұрыс қолданады</p>
<p>4. Әлемді өзгерткен өнертабыстары</p> <p>Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;</p> <p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;</p> <p>11.3.1.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу;</p> <p>11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе);</p> <p>11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)</p>	<p>Білу</p> <p>Түсіну</p> <p>Талдау</p> <p>Жинақтау</p> <p>Қолдану</p> <p>Бағалау</p>	<p>Мәтінге божам жасайды; ақпаратты анықтайды</p> <p>Мәтінге қатысты терминдерді, тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды.</p> <p>Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;</p> <p>Мәтінді толықтырады</p> <p>Тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазады</p> <p>Өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p> <p>Мәтін құрастыруда нормаларды сақтайды</p>
4-тоқсан			
<p>5. Туризм: экотуризм.</p> <p>Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.1.5.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу;</p> <p>11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі</p>	<p>Талдау</p> <p>Жинақтау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Көпшілік алдында дұрыс, шешен сөйлейді</p> <p>Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі)</p>

	<p>(кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>11.3.2.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;</p> <p>11.3.3.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі);</p> <p>11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу</p>	<p>Қолдану Бағалау</p>	<p>мәліметтерді салыстырып талдайды</p> <p>Мәтіндегі деректерді салыстырады; Өзіндік тұжырым жасайды</p> <p>Өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p> <p>Мәтінде тыныс белгілерді дұрыс қолданады</p>
--	--	----------------------------	--

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 11-сыныптың «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту мақсаттары, ойлау дағдыларының деңгейлері және білім алушыларды бағалау критерийлері

Оқу бағдарлама сына сілтеме	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейі	Бағалау критерийлері
1-тоқсан			
<p>1. Қазақстан бейнесі. Қазақстанның өткені мен келешегі. Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу;</p> <p>11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау;</p> <p>11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы);</p> <p>11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру;</p> <p>11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу;</p> <p>11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе);</p>	<p>Білу Түсіну</p> <p>Түсіну Бағалау</p> <p>Білу Түсіну</p> <p>Талдау</p> <p>Жинақтау</p>	<p>Мәтінге болжам жасайды; Ақпаратты анықтай біледі. Мәтіндегі мәселені талқылады; сұрақтар құрастырады; сыни тұрғыда бағалайды</p> <p>Ғылыми стильді танып біледі Негізгі ойды анықтайды; мәтінді толықтырады Қосымша деректер ала біледі; сілтеме жасайды; дәйексөздер келтіреді</p> <p>Өз ойын дәлелдеп, эссе жазады</p> <p>Өз ойын жүйелеп, жазба жұмысына логикалық және стильдік түзету енгізеді, редакциялайды</p>

	11.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау); 11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	Қолдану Бағалау	Орфографиялық нормаларды дұрыс қолданады
2. Жастар мәдениеті және мәселесі. Шешендік сөздер	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу	Талдау Қолдану Талдау Талдау Жинақтау Қолдану Бағалау	Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилдерінің қызметін, тілдік ерекшелігін салыстырып талдайды Өлең, әңгіме, естелік, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады
2-тоқсан			
3. Қазіргі қоғам. Миграция. Зияткерлік миграция. Шешендік сөздер	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (интервью) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; 11.2.2.1 таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер,	Талдау Қолдану Білу Түсіну	Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды Көпшілік алдында дұрыс, шешен сөйлейді Ғылыми стильдің тілдік құралдарын біледі

	<p>ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы);</p> <p>11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;</p> <p>11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазу;</p> <p>11.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау;</p> <p>11.4.2.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану</p>	<p>Талдау Түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>Талдау Түсіну</p> <p>Қолдану</p>	<p>Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгідегі мәліметтерді салыстырып талдайды</p> <p>Тілдік құралдарды орынды қолданып, интервью жазады</p> <p>Әртүрлі мәтіндердегі деректерді салыстырады; маңызды тұстарын талдап жазады; өзіндік тұжырым жасайды</p> <p>Сөйлеуде интонацияны дұрыс қолданады</p>
<p>4. Әлемді өзгерткен өнертабыстар</p> <p>Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау;</p> <p>11.1.3.3 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты ғаламдық (отандық) мәселелермен байланыстыра білу, салыстыру, факті мен көзқарасты ажырата білу;</p> <p>11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі мақаланың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау;</p> <p>11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау;</p> <p>11.3.1.1 жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар);</p> <p>11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазу;</p> <p>11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)</p>	<p>Талдау</p> <p>Түсіну</p> <p>Білу Талдау</p> <p>Талдау Түсіну</p> <p>Қолдану</p> <p>Қолдану</p> <p>Бағалау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Факті мен көзқарасты ажырата біледі</p> <p>Ғылыми стильдің құрылымы мен рәсімделуін біледі; Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды</p> <p>Күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар құрады</p> <p>Ғылыми стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, мақала жазады</p> <p>Сөйлеуде және жазуда тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдаланады</p>

<p>5. Бейбітшілік, қауіпсіздік және жаһандық экономика. Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі баяндаманың құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.5.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтау, берілген мәліметтер мен пікірлерді өңдеу және толықтыру; 11.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; 11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе); 11.3.5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу; 11.4.3.1 белгілі бір тақырып аясында тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдалану: көркемдеу, айшықтау, дәлелдеу, сөздерді сұрыптай білу (образды-эстетикалық)</p>	<p>Түсіну Талдау</p> <p>Талдау Түсіну</p> <p>Білу Талдау</p> <p>Жинақтау Қолдану</p> <p>Қолдану Бағалау</p> <p>Жинақтау</p> <p>Қолдану Жинақтау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Автор позициясын талдайды; негізгі ойды анықтайды Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды; Мәтінді толықтырады Оқылым стратегияларын қолданады Өз ойын дәлелдеп эссе жазады</p> <p>Түртіп жазудың жолдарын меңгереді; Негізгі ақпаратты іріктейді</p> <p>Сөйлеуде және жазуда тілдегі көркемдік құралдарды орынды пайдаланады</p>
<p>6. Ұлттың тарихи жәдігерлерін сақтау. Шешендік сөздер</p>	<p>11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен сөйлеу; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.4.1 әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем әдебиет стилі) мәтіндердің тақырыбын, автор көзқарасын, мақсатты аудиторияға</p>	<p>Талдау</p> <p>Қолдану</p> <p>Білу Талдау</p> <p>Талдау</p>	<p>Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды</p> <p>Көпшілік алдында дұрыс, шешен сөйлейді</p> <p>Ғылыми стильдің құрылымы мен рәсімделуін біледі; Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Ғылыми, ресми ісқағаздар, публицистикалық, ауызекі сөйлеу, көркем</p>

	сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау; 11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация, рецензия жазу; 11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)	Қолдану Бағалау Қолдану Қолдану	әдебиет стилдерінің қызметін, тілдік ерекшелігін салыстырып талдайды Тілдік құралдарды орынды қолданып, тезис, аннотация, рецензия жазады Өлең, әңгіме, естелік, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады
7. Табиғат және экология. Шешендік сөздер	11.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу; 11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; 11.3.3.1 мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу, өзіндік тұжырым жасау; 11.3.6.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу; 11.4.4.1 мәтін нормаларын сақтап жазу (мәтін құрылымы, абзац, мәтін бөліктері, тақырып)	Түсіну Білу Бағалау Талдау Қолдану Талдау Қолдану Қолдану Қолдану	Мәтінге болжам жасайды; ақпаратты анықтайды Мәтіндегі мәселені талқылайды; сұрақтар құрастырады; сыни тұрғыда бағалайды Кесте, диаграмма, сызба, шартты белгідегі мәліметтерді салыстырып талдайды Әртүрлі мәтіндердегі деректерді салыстырады; маңызды тұстарын талдап жазады; өзіндік тұжырым жасайды Өлең, әңгіме, естелік, шығарма жазуда көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданады
4-тоқсан			
8. Жаңа әлемдегі театр мен киномотография. Шешендік сөздер	11.1.2.1 мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, бейнебаян) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдау; 11.1.6.1 коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, тыңдаушыларға ықпал ете білу, шешен	Талдау Қолдану	Арнайы мәтіндердегі терминдер мен ұғымдарды; тілдік оралымдарды талдайды Көпшілік алдында дұрыс, шешен сөйлейді

	сөйлеу; 11.2.3.1 таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық ерекшеліктерін талдау; 11.2.6.1 белгілі бір мақсат үшін оқылым стратегияларын жүйелі қолдана білу; 11.3.2.1 таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, рецензия жазу; 11.3.7.1 жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөлу, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізу, редакциялау); 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	Білу Талдау Қолдану Қолдану Бағалау Қолдану	Ғылыми стильдің құрылымы мен рәсімделуін біледі; Ғылыми стильдің жанрлық ерекшеліктерін талдайды Стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, рецензия жазады Жазба жұмыстарына стильдік түзету енгізеді; Мәтінді редакциялайды Ауызша және жазбаша мәтіндерде тыныс белгілерін қолданады
9. Еңбек нарығы және сұраныс. Шешендік сөздер	11.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені, автор позициясын (қоғамдық-саяси, ғылыми) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 11.1.5.1 мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, талқылау сұрақтарын құрастыру және сыни тұрғыда бағалау; 11.2.1.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 11.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала білу, сілтеме жасау, дәйексөз келтіру жолдарын білу; 11.3.1.1 жоспар түрлерін құру (күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспар); 11.3.4.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, аргументативті эссе); 11.4.5.1 мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу	Білу Бағалау Талдау Қолдану	Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды Мәтіндегі мәселені талқылайды; сұрақтар құрастырады; сыни тұрғыда бағалайды Әртүрлі еңбектерден деректерді ала біледі; Деректерге сілтеме жасайды Күрделі, тезистік, тірек-схема түріндегі жоспарлар құрады Өз ойын дәлелдеп эссе жазады Ауызша және жазбаша мәтіндерде тыныс белгілерін қолданады


Ұсынылып отырған бағалау критерийлері үлгі ретінде берілді. Сондықтан мұғалімдер білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере

отырып, тақырыпқа және оқу мақсаттарына сәйкес өздері бағалау критерийлерін әзірлеуге және үлгі ретінде берілген критерийлерге өзгеріс енгізуіне болады.

«Қазақ тілі» пәнінен оқу мақсаты бойынша құрылған бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес қалыптастырушы бағалау тапсырмалары құрастырылады. Тапсырмаларды орындау кезіндегі оқушылардың әрекетін көрсететін сипаттама дескрипторлар құрастырылады.

Бағалау кезінде мұғалімнің шешімі анық болу үшін тапсырмалардың *дескрипторлары* дәл, нақты болуы қажет. Дескрипторлар оқушыға тапсырманы орындаудың қай кезеңінде қиындық туғызғанын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылардың жетістіктерін қадағалауға, оларды ынталандыруға және оқушылар мен олардың ата-аналарына сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге жағдай жасайды.

Қалыптастырушы бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері 11-сызбада көрсетілген:



11-сызба. Қалыптастырушы бағалау бойынша әзірленетін тапсырмалардың түрлері

«Қазақ тілі» пәні бойынша тапсырмалардың аталған түрлеріне сәйкес әзірленген қалыптастырушы бағалау тапсырмалары үлгі ретінде берілді.

Жүйелі құрастырылған қалыптастырушы бағалау тапсырмалары оқушының өз жұмысын тиімді бағалауға, өзін-өзі дамытуға мүмкіндік береді. Қалыптастырушы бағалауды жүргізуде оқуды түзету үшін кері байланыс іске асырылады. Кері байланыс оқушының оқыту процесі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының соңында жүргізіледі. Қалыптастырушы

бағалаудың нәтижесі бойынша мұғалім оқу үдерісін дер кезінде түзетіп отырады, оқушылардың жиынтық бағалау жұмысын тапсырғанға дейінгі кемшіліктерінің алдын алады.

Сонымен пәнді оқыту процесінде өткізілетін *қалыптастырушы бағалау* – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалаудың әдістері

Күнделікті тәжірибеде білім алушылардың ілгерілеуін, меңгеру деңгейін өлшеу үшін қалыптастырушы бағалаудың түрлі әдістерін қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалау әдістерінің 3 түрі бар. Олар: *эмоционалдық, уәжді арттыратын және конструктивті*.

Эмоционалдық қалыптастырушы бағалауды бастауыш және негізгі орта деңгейде қолдануға қолайлы. Эмоционалдық қалыптастырушы бағалау әдістеріне: смайликтер, қол шапалақтау, көңіл-күй термометрі, қолмен белгі беру, сенім, қуаныш, табыс, мұңаю, қобалжу аралдары және т.б.

Уәжді арттыратын қалыптастырушы бағалау түрлерін бастауыш, орта және жоғары сыныптарда да қолданған дұрыс. Бірақ, жоғары сыныптағы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей уәжді арттыратын қалыптастырушы бағалау түрлерін ұсынамыз. Уәжді арттыратын қалыптастырушы бағалау әдістеріне: *«Парасатты диалог», «Жақсылық тамшысы», «Бір сөйлеммен түйіндеу», «Бір минуттық эссе», «Карусель», «Кері байланыс бутерброды», «Ауызша бағалау»,* т.б. жатады.

Конструктивтілік негізгі принциптерді алдыңғы кезекке шығарады: білім пассивті әдіспен берілмеуі керек, білім алушылар оқыту процесінде белсенді болуы тиіс. Сондықтан білім алушыларға, олардың жасына сәйкес оқыту процесіне белсенді қатысатындай дербестік берілу керек. *Конструктивті бағалаудың* әдістеріне: *«Табыс баспалдағы», «Графикалық организерлер», «Балл жинау әдісі», «Ойшыл қалпақтар», «Тест құрастыру», «Блоб азашы», дескрипторлар құрастыру, викториналар, сұрақтар* және т.б. жатады.

Қалыптастырушы бағалаудың аталған әдістерінің ішінде бірқатарына тоқталып өтуге болады.

Дескрипторлар арқылы бағалау тапсырманы орындау кезіндегі әр қадамның сипатын болжайды. Оқушының қиындықтарын анықтауға және кері байланыс ұсынуға мүмкіндік береді.

Тест құрастыру арқылы бағалау өтілген тақырып бойынша нені түсінгенін және нені түсінбегенін анықтау мақсатында жүргізіледі. Тест сұрақтары мен жауаптарын білім алушылардың өздері құрастырады.

«Балл жинау әдісі» арқылы бағалау. Мұғалім сабақ басында оқушыларға 20 балды:

- үй тапсырмасын орындағаны үшін;
- сабақтағы белсенділігі үшін;
- барлық тапсырмаларды орындағаны үшін;

- топпен, жұппен, жеке жұмыс жасай білгені үшін сыйлыққа береді.

Аталған тармақтардың біреуі орындалмаса, білім алушы 4 балынан айырылады.

«*Ойшыл қалпақтар*» әдісі. Ақ қалпақта сабақ бойынша фактілер мен цифрлар араласқан ойлар айтылады.

Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді.

Қара қалпақ бұл – сабақ бойынша сын-пікір, келесі сабаққа ұсыныс.

Сары қалпақ – бүгінгі сабақ тақырыбының өмірмен байланыстылығы, қажеттілігі.

Жасыл қалпақ – шығармашылық жұмыс, сабақтағы жаңа ұғымдар.

Көк қалпақ – барлық 6 қалпақтың пікірлерін тыңдай отырып, сабақ бойынша қорытынды ой.

«*Шығу билеті*» әдісі. Мұғалім дескрипторлары бар бірнеше тапсырма береді. Оқушылар оны орындайды және жұбымен тексереді. Барлық тапсырмаларды орындаған және тексерген жұбына шығу билеті табыс етіледі. Бағалаудың бұл түрі тайм менеджментті және жауапкершілікті дамытады, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады.

«*Блоб ағашы*» әдісі. Барлық тапсырманы орындап болғаннан кейін оқушы жұлдызшасын ағаштың әр бөлігіне орналастыру арқылы өз жұмысының нәтижесін көрсетеді. Оқушы өз жұлдызшасын неғұрлым жоғары орналастырып отырса, бұл оның оқу мақсатына жету үшін алға жылжығанын көрсетеді.

«*Жақсылық тамшысы*» әдісі. Әр бала тамшыға өзі жасаған жақсы істерін немесе өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін стикерге жазып жеткізеді. Іліп жатқанда әрқайсысы өзгелерге, айналасына өзі жасаған жақсылықтарын, қасиеттерін жария етеді.

«*Жетістік баспалдағы*» әдісі оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын және өткен материалды меңгеруге қай баспалдақта тұрғандығын анықтайды. Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында), балалар өздері орындаған жұмысты магниттермен немесе стикерлермен өздері қалаған баспалдаққа орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді.

«*Карусель*» әдісі. Ойын шарты: оқушылар екі топқа бөлініп, ішкі және сыртқы қосарлы шеңберге бір-біріне бетпе-бет қарап, екі шеңбер құрады. Ішкі шеңбер – қозғалмайтын шеңбер, шеңбер ортасына олар арқасын беріп тұрады. Сыртқы шеңбер – қозғалмалы, шеңбер ортасына бетін қаратып тұрады. Әрбір оқушы өзіне қарама-қарсы тұрған оқушыға бір сөйлем айтып, оңға қадам жасайды. Сөйлем қойылған мақсатқа байланысты болады. Мысалы, әріптесінің жағымды жақтарын көрсету үшін «Мен сен сияқты ақылды, ұстамды болғым келеді» деуге болады. Әрқайсысы жаңа әріптесі келген сайын оның қасиеттерін айтып отырады. Жаттығудың бұл түрі барлық оқушылардың белсенді жұмысқа тек өзінің таңдауымен ғана емес, әртүрлі серіктерімен бір мезгілде араласуына мүмкіндік береді.

«*Кері байланыс бутерброды*» Кері байланыс әртүрлі тәсілдермен берілуі мүмкін. Кері байланыс «бутерброды» дегеніміз бұл:

1) бірінші жағымды түсініктеме беріп, кейін құрылымды сын айтып, соңынан тағы да жағымды пікір білдіру;

2) Жағдаяттық мәлімдеме – *Маған ұнады, себебі Енді/келесі жолы*

.....



Қалыптастырушы бағалаудың бұндай әдістерін, оқу әрекеттерін ұйымдастырудың әр кезеңінде, тақырыпты түсіндіру, тапсырманы орындау, білім алушыларға кері байланыс беру кезінде қолдануға болады. Қалыптастырушы бағалаудың әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде де қолдануға болады.

Қалыптастырушы бағалаудың ажырамас элементі мұғалім тарапынан және білім алушылар арасында қойылатын сұрақтар (сауал, диалог, әңгімелесу және т.б.) болып табылады. Сондықтан сұрақтарды тиімді құрастыру техникасын меңгеруі, сыныпта диалогті қолдану мәдениетін дамытуы маңызды. Сұрақтардың түрлеріне қарай көптеген топтастырулар бар. Көбінесе қолданылатын сұрақтар тобы: ашық және жабық сұрақтар.

Ашық сұрақтар талдауды және бағалау ақпараттарын талап етеді, қиялдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ынталандырады.

Жабық сұрақтар қысқа жауапты қажет етеді, мысалы, деректің, оқиғаның кезеңін атау, түсінгенін анықтау және т.б.

Сұрақты дұрыс қойғанда өз ойын айтуға, ақпарат алмасуға, диалогтік оқуды дамытуға, маңызды кезеңдерге назар аудартуға, оқудағы бастамашылдығын қолдауға мүмкіндік беруі, қызықтыруы мүмкін.

Осылайша, сұрақ білім алушы қалайтындай, жауап бере алатындай немесе оқуда, жауап іздеуде қызықтыратындай берілуі қажет.

Қалыптастырушы бағалау әдістерін жеке, жұптық және топтық жұмыстарда қолдануға болады.

Жеке жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқу әрекеттері нәтижелерін ұғынуға бірден-бір мүмкіндік жасайды. Бұл олардың өз оқуын «күрушылар» ретінде жағдай жасауына мүмкіндік береді, алған нәтижелеріне деген жауапкершілігін арттырады.

Жеке жұмыс кезінде қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру үшін мұғалім білім алушылардың әрекеттерін жүйелі қадағалап және аралық нәтижелерді тіркеп отыруы қажет. Нәтижелерді тіркеу кезінде білім алушылар жұмысының күшті жағына да, әлсіз тұстарына да назар аударып отырған дұрыс.

Жеке жұмыс нәтижелерін талқылауды тікелей білім алушылармен бірге жүргізуді есте сақтау қажет. Сондай-ақ, білім алушылардың өз ойын айтуына мүмкіндік беру маңызды болып табылады. Жұмысты әрі қарай жоспарлау кезінде білім алушылардың мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін ескерген дұрыс.

Жұптық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Жұптық жұмыс қалыптастырушы бағалаудың тиімді формаларының бірі болып табылады. Жұптық жұмыста жалпы мұғалім, жұптар бір-бірін және жұп

ішінде бірін-бірі бағалауына болады. Мұндай өзара қарым-қатынас кезінде білім алушылардың дайындық деңгейіне қарамастан өзара көмегі, рефлексиясы, өзін-өзі реттеуі белсенді байқала бастайды.

Жұптық жұмыста қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау кезінде білім алушылар тапсырманы орындау, оның нәтижесіне бірдей жауапкершілікпен қарау қажет екенін түсінуі керек.

Сондықтан оларды өз әрекетімен келісуге, өзара әрекеттесуге, пікір алмасуға, сындарлы (конструктивті) кері байланыс беруге үйрету маңызды.

Топтық жұмыс кезіндегі қалыптастырушы бағалау

Қалыптастырушы бағалау кезінде мұғалім белгілі бір дағдыны бағалаудың тиімді тәсілі ретінде қолданып, топтық жұмысты ұйымдастыруына болады. Білім алушылар алдын ала бағалау критерийлерімен таныс болуы тиіс. Топтық жұмыс кезінде мұғалім әр топтағы білім алушылардың талқылауын тыңдайды, қадағалайды: кейбір білім алушылар оқу мақсатына жетуді бағалау критерийлеріне сәйкес тез көрсете алуы мүмкін.

Әрі қарай мұғалім білім алушыларға қосымша қолдау көрсетуге қажетті сұрақтар қояды, бақылайды, мысалы:

- *Бұл туралы сіз не ойлайсыз?*

- *Сіздің тобыңызда қандай талқылау болғанын айтып бере аласыз ба?*

Егер білім алушылар тәжірибелік тапсырмалар орындайтын болса, онда осы тапсырмаға қатысты сұрақтар болуы мүмкін, мысалы:

- *Сіз қазір не істеп жатырсыз?*

- *Сіз қалай ойлайсыз, әрі қарай не болады?*

- *Осы тапсырмада ерекше бір нәрсе байқадыңыз ба?*

Топтық жұмыс кезінде мұғалім барлық топтың және әр жеке білім алушының жұмыстарын бақылауы қажет. Топтарды бақылауды тапсырма орындау кезінде қатысып, бірлесе жүргізуге де болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

- жаңа идеяны тұжырымдауды;
- екі (одан да көп) идеяларды салыстыруды;
- идеяларды бағалауды;
- топтық талқылау негізінде пікір білдіруді;
- сұрақтарға жауап беруді ұсынуға болады.

Жоғарыда аталған бөлімдер белгілі оқу мақсатына жетудің дәлелін көрсетеді.

Кері байланыс беру

Кері байланыс білім алушылардың жетістіктерін қадағалау, ынталандыру үшін қолданылады.

Кері байланыс сабақтың әр кезеңінде қолданылады, мұғалімнің білім алушылармен үздіксіз өзара әрекет етуін жүзеге асыруға, нәтижесінде оқу үдерісін түзетіп, сабақты әрі қарай жоспарлауына мүмкіндік береді.

Кері байланыс беру кезінде мұғалімдерге:

- білім алушылардың жақсы жақтарын ескеруі;
- тапсырманың дұрыс орындалмағанын нақты түсіндірмей тұрып, «олай емес», «дұрыс емес» деген сөздерді қолданбауы;

- білім алушылардың жұмысын жетілдіру немесе кемшілік тұстарын жөндеудің жолдарына ұсыныс беруі;
- кері әсер ететін сөздерді, білім алушыларды кекету, келемеждеуге қатысты, мысалы, «орынсыз жауап», «осыны ойлауға ақылың қалай жетті» деген сияқты сөздерді мүлдем қолданбауы ұсынылады.

Кері байланыс беру кезінде мұғалім де, білім алушы да 4-кестеде ұсынылған сұрақтарды негізге алғаны дұрыс. Аталған сұрақтарға толық жауап беру кері байланыстың тиімділігін көрсетеді.

Қажет болған жағдайда кері байланыс ауызша, жазбаша, графикалық немесе кез келген басқа түрде берілуі мүмкін. Аталған үдеріс құжаттаманы қажет етпейді.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Мұғалім оқу мәнмәтінің, өз білім алушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тапсырмаларды іріктеп алады немесе құрастырады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Қазақ тілі» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес тиімді жоспарлау үшін мұғалім оның түрін, мазмұнын, жиілігін, сондай-ақ құралдарын өз бетінше анықтайды.

Осыған орай, қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру келесі қадамдар арқылы іске асырылады:

- оқу бағдарламасымен және оқу жоспарымен танысу, оқу мақсаттарына талдау жасау;
- оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырма құрастыру кезінде саралау (дифференциялау) тәсілін қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне бөлу;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар құрастыру;
- әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескрипторлар құрастыру [35].

Сонымен қалыптастырушы бағалау сабақ барысында іске асырылады, сондықтан сабақтағы қалыптастырушы бағалау тікелей сабақты жоспарлаумен байланысты.

Критериалды бағалау құралдары

Мұғалімнің ауызша бағалауы белгілі бір нәтижелерге қол жеткізу үшін көтермелеумен байланысты болуы керек. Баланың бүгінгі жетістіктерін оның кешегі болған жетістіктерімен салыстыру қажет.

Теріс (негативті) баға білім алушының ынтасына, жауапкершілігіне, табандылығына ғана қатысты болуы мүмкін. Мұғалімге классикалық сөздермен

тоқтап қалмай, сөздік бағалау қорын толықтыру қажет. Бұл ретте білім алушының оқу жетістігіне қарап, эмоционалдық қатынасты, білім алушының табыстары бойынша қобалжуы-алаңдауын көрсетуі қажет. «Бүгін сенде кешегіге қарағанда, өте жақсы шықты», «Сенің бұл алгоритмді түсінгеніңе қуаныштымын», «Сенің пікірің қызықты» (болжам, жорамал), «Қандай керемет идея, оқулық авторы бұл туралы ойлаған да емес», «Тапсырманы орындау өте қиын болды, бірақ сен алғашқы екі іс-әрекетті орындап шықтың», «Сен тапсырмалардың жартысын дұрыс орындадың, келесі жолы барлығын өзің жасай аласың», «Сен өте тырыстың және сенде барлығы міндетті түрде орындалады, осылай жалғастыра бер».

Мұғалім келесі қағидаларды басшылыққа алуы мүмкін:

- білім алушыны бірден мақтаңыз, тіпті болмашы нәтижеге қол жеткізгеннен кейін де мақтаған жөн;

- білім алушының жеке қасиеттерін емес, оның оқу жетістіктерін мақтаңыз;

- оның қол жеткізген нәтижесіне риза екеніңізді, сізге оның жетістігі жағымды екенін айтыңыз.

Баланы шын мәнінде не үшін мақтауға болатынын атап өту маңызды, содан кейін жаңа міндет қоюға болады.

Мұғалім білім алушының кемшіліктерін оң мақсаттарға қайта пайымдауды үйренуі керек.

Білім алушы коррекциялық міндетті өзі құрастырғаны жақсы.

Мұғалім білім алушыларға өзара әрекеттестіктің, конструктивті қарым-қатынастың және оң/жағымды бағалаудың үлгісін көрсетуі керек.

Жазбаша кері байланыс, рубрика білім алушының белгілі бір кезеңдегі жетістіктерінің нәтижелеріне сипаттама болып табылады. Мұғалім онда білім алушының табыстарын сипаттайды, қажетті ұсыныстар береді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына (2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № 272 бұйрығы) сәйкес:

✓ қалыптастырушы бағалау білім алушылардың оқыту мақсатына жету мониторингін жүргізу және орындалған үй жұмысы мен педагогтің жазбаша түрдегі (дәптерге немесе күнделікке) немесе ауызша ұсынымдамаларының қорытындысын ескере отырып сараланған жұмыстарды одан әрі теңестіру үшін жүргізіледі;

✓ қалыптастырушы бағалау кезінде педагог білім алушылардың санын және кері байланысты беру жиілігін дербес анықтайды;

✓ қалыптастырушы бағалау нәтижелері басып шығару мен одан әрі сақтауды талап етпейді;

✓ қалыптастырушы бағалау нәтижелерін қою бағаланатын жұмыс орындалған дәптерлерінде жүзеге асырылады.

Аталған толықтырулар мұғалімдердің оқу процесінде «Қазақ тілі» пәні бойынша қалыптастырушы бағалауды тиімді іске асыруына мүмкіндік береді.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды бөлім, тоқсан аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау жүргізіледі.

Жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау үдерісі білім алушының белгілі бір бөлімді/ортақ тақырыпты аяқтауы бойынша жинақтаған білімі мен дағды деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Аталған бағалау түрінің мақсаты бөлім тақырыбы/ортақ тақырыптар бойынша жіберілген кемшіліктердің дер кезінде алдын алу болып табылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау мен білім берудің белгілі бір деңгейіндегі жиынтық бағалау оқу бағдарламасын меңгеру деңгейін анықтау үшін жүргізіледі. Мұндай жиынтық бағалаудың мазмұнына оқудағы күтілетін нәтижелердің ішіндегі репрезентативті таңдау жатады.

Оқу мақсаттарына дифференциалдық қарым-қатынас жасау бақылауға және бағалау рәсімдерінде қолданылған нәтижелерге талдау жасауға мүмкіндік береді. Қажет емес салдарларға жол бермеген дұрыс, яғни баға оқудағы есте сақтау, материалды түсінбеу, қолданбай жаттап алу сияқты жат әдеттерге дағдыландырмауы қажет.

Жиынтық бағалауда жоғары нәтижелерге қол жеткізу білім алушылар үшін де, мұғалімдер үшін де өте маңызды. Бұдан басқа оқу үдерісін тек қана жиынтық бағалау талаптарына шоғырландыру және «атүсті дайындау» сияқты қатері де бар. Бұл оқу бағдарламасын толықтай меңгеруге кедергі жасауы мүмкін, себебі кез келген жиынтық бағалау оқу бағдарламасының тек белгілі бір бөлігін ғана қамтиды.

Мұғалім мақсаттардағы айырмашылықтарды, оны бағалау нәтижелерінде қолдануды анық түсінуі қажет. Сыныпта өткізілген бағалау күнделікті тиімді оқуды қамтамасыз етуі керек. Егер мұндай бағалау тиімді болса, онда емтиханда да оң нәтижелерге оңай жетуге болады.

Жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау, рефлексия және жеке оқыту тәжірибесін жақсарту үшін пайдаланады. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері 12-сызбада көрсетілген.



12-сызба. Бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдері

Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді мұғалім өткен бағдарлама материалының мазмұны мен күрделілік деңгейін ескере отырып жүзеге асырады. Жиынтық бағалау тапсырмалары оқыту мақсаттарына, бағалау критерийлеріне және ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес әзірленеді. Сонымен қатар, бөлім бойынша жиынтық бағалауды іске асыруда тапсырмалардың әрбір орындалу қадамын сипаттайтындай дескрипторлар құрастыруға назар аудару ұсынылады. Өйткені дескриптор арқылы тапсырманы орындаудың әр кезеңін сипаттау оқушыларда қиындық туындататын дағдылар мен біліктерді мұғалімнің анықтауына, сондай-ақ, оқу үдерісін одан әрі жоспарлауға және түзетуге мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізу нормаларын белгілейтін білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы, 2018 жылғы 09 ақпандағы № 47 бұйрығымен толықтырулар енгізілген) үлгілік қағидаларына сәйкес:

- бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі - БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады;

- БЖБ үшін максималды бал, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағы және БЖБ орындау уақыты реттелмейді;

- аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ тоқсанда екі реттен артық емес жүргізіледі;

– бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына үш және одан да көп бөлімдерді оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі;

– пәндердің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үш тоқсандық жиынтық бағалау жүргізуге болады. Олар тоқсан аяқталатын соңғы күні жүргізілмейді;

– жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және оқу бағдарламасына сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

Оқу бағдарламасына сәйкес 10-11-сыныптар бойынша оқу жылына пәндерден бөлім бойынша жиынтық бағалау саны «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта берілген.

Оқу пәнінен әр тоқсан сайын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімінің нақты санын және әр тоқсан сайын 1 рет тоқсандық жиынтық бағалау (ТЖБ) өткізу қарастырылған. Төменде оқу пәнінен бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) рәсімдерінің нақты саны көрсетілген.

3.4-кесте – «Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

Сынып	Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау рәсімдерінің саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
10-сынып	2	2	2	2
11-сынып	2	2	2	2

Ескертпе: Тілдік пәндерде бөлім бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу қызметінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 қарашадағы № 509 бұйрығымен «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Аталған бұйрықтың 14-4-тармағында:

«Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады» делінген. Яғни жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнінен әр тоқсанда екі БЖБ алынады, ТЖБ алынбайды. Қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

Жоғарыда көрсетілген ұсынымдарға сәйкес мұғалімге бағалау құралдарын өз бетінше әзірлеуге мүмкіндік беріледі. Бұл үшін мұғалімге келесі алгоритм ұсынылады:

1) оқу бағдарламасы, бөлім бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;

2) жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

3) ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;

4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

5) білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).

Осыған орай, төменде жалпы білім беретін мектептер мұғалімдеріне осы алгоритм негізінде әзірленген бөлім бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары үлгі ретінде ұсынылды.

Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

1-ТАПСЫРМА.

«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.2.1 Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдау.

10.3.4.1 Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазады.

Бағалау критерийі

Білім алушы:

Арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған кірме сөздер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды, білімге қатысты сөздерді ажыратады.

Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазады.

Ойлау дағдыларының деңгейі. Жоғары деңгей дағдылары

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз

25-қарасөз

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық

секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік керек. Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері - дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар - ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол - мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең - оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?

Абай

1. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған кірме сөздер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды, білімге қатысты сөздерді теріп жазыңыз.

Кірме сөздер	Ұғымдар	Фразеологиялық оралымдар	Жаңа қолданыстағы сөздер
--------------	---------	--------------------------	--------------------------

2. Бұл кірме сөздер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды автор не үшін қолданды?

3. Тыңдалым мәтініндегі негізгі ақпаратты іріктеңіз.

4. Тәуелсіздік алғанмен көптеген қазақ баласы орысша білім алып жатыр. Өзінің ана тілін білмей өсіп келе жатқан балалардың тағдыры бәрімізді алаңдатады. Осы мәселелер шешімін табуы үшін мәтіндегі негізгі ойды арқау ете отырып, «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген тақырыпта қысқаша конспект құрастырып жазыңыз.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>
Арнайы мәтіндердегі (дәріс, интервью, пікірталас, мақала) мақсатты аудиторияға арналған кірме сөздер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды, білімге қатысты сөздерді ажыратады.	1-3	Кірме сөздер мен ұғымдарды, фразеологиялық оралымдарды теріп жазады.	1
		Білімге қатысты сөздерді ажыратады.	1
		Автордың тілдік оралымдарды қолданудағы мақсатын айқындайды	1
Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктей отырып, түртіп жазу (конспектілеу)	4-7	Көтерілген мәселені ажыратады.	1
		Тыңдалым мәтіні бойынша негізгі ақпаратты іріктейді.	1
		Берілген ақпаратты жүйелейді.	1
		Тақырып бойынша конспекті құрастырады.	1
<i>Барлығы</i>			7

2-ТАПСЫРМА.

«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.3.1 Мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және

ғаламдық мәселелермен байланыстыру.

10.4.2.1 Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

Көтерілген мәселенің (қоғамдық-саяси) негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады;

Интонация: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

(сынып деңгейіне қарай)

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Елбасы: «Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды»

«Ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Жергілікті ақын Нармахан Бегалыұлы ұлттық салт-дәстүріміз бен тілімізді жаңғырта дамытуға үндейтін, іргелі бағдарламалық құжаттың мән-маңызы жайлы өз ойымен бөлісті.

Ақынның айтуынша, Елбасы қаламынан шыққан жазба елдің рухани, мәдени өсуінің бағдары, бағдаршамы іспетті. Әр сөйлемде сұрыпталған сөз, іріктелген тіркес бар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - ең алдымен, еліміздің Біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керек, нені негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет. Маңызды мақала осыны меңзейді. Елбасымыз таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі және негізгісі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын біртіндеп бастау керектігін нақтылайды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастаған бұл мәселенің қазір шешілетін сәті келгендей. Әлеуметтік желілердегі кешелі-бүгінді жазылып жатқан пікірлер легін саралау да, көпшіліктің бұл реформаны қолдайтынын аңғартады. Қазақ жазуының өткен тарихы қиын. Қазақ еліне өз өктемдігі мен өкімдігін жүргізгісі келгендердің барлығы оның рухани болмысына жасайтын шабуылын, ең алдымен, жазуды өшіруден бастаған. Ақын осыны ерекше екшеді. Тіл мен ділдің сақталуын басты назарға алу қажеттігін айтты.

Саттар Есімбеков

Тапсырма

1. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпараттан негізгі, астарлы ойды және көтерілген басты мәселені анықтаңыз. Ғаламдық мәселелерді жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелдеңіз.
2. «Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» деген тақырыпта өз пікіріңізді білдіріңіз. Ойыңызды жазбаша 3-4 сөйлеммен білдіріңіз.

3. «Қазақ өркениеті» ұғымын қалай түсінесіз? деген сұраққа өз пікіріңізді білдіріңіз. Сөйлеу барысында интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>
Көтерілген мәселенің (қоғамдық-саяси) негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады	1	Білім алушы	
		Көтерілген мәселедегі негізгі ойды көрсетеді	1
		Қоғамдық-саяси негізгі ойын көрсетеді	1
Пікірдегі негізгі ойды түсінеді.	2	Бұрынғы және қазіргі ғаламдық мәселені байланыстырады	1
		Мысалдар арқылы түсіндіреді	1
Интонация: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады	3	Пікірге қатысты өз ойын 3-4 сөйлеммен білдіреді	1
		сұраққа жауап береді	1
		әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.	1
<i>Барлығы</i>			8

3-ТАПСЫРМА.

Оқу мақсаты

10.1.3.1 Мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру

10.4.2.1 Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

Көтерілген мәселенің (қоғамдық-саяси) негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады;

Интонация: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану

Орындау уақыты 15-20 минут

Тапсырма
Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Рухани жаңғыру болашаққа бағдар

Бұл жаңғыру – өрге бастау Ұлтымды,
Бұл жаңғыру – төрге бастау Ғұрпымды.
Ұлттық дәстүр – менің ұлттық құлпым,
Кім көрінген қолды етпесін кілтімді.
Бұл жаңғыру – ұлыларды ұлықтау,
Ұлы Абайдың даналығын ұмытпау.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Әрі осы жаңа дәуірдегі ұлттың рухани жаңғыру жолының алты бағдарын ұсынған.

Елбасының мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту. Мемлекет басшысы қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар»

қағидасын мықтап ұстануға шақырады: «Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі – ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі – алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек». Мемлекет басшысы нұсқап отырған ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, заман ағымына қарай оның сипаттарын өзгерту, «білім культін» қалыптастыру, мемлекет пен қоғамды революциялық емес, эволюциялық жолмен дамыту, ең бастысы, сананың ашықтығын, яғни әлемдік озық жаңалықтарға, ғылым-білімге құшақты айқара ашу идеялары ұлттың рухани-мәдени қалыбы болмақ. Әрі жаңа дәуір сынақтарын бәсекелік қабілеті ерекше ел ғана еңсере алады. Осы тұрғыда Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері рухани саладағы түбегейлі реформалардың бастауына айналарына күмән жоқ.

1. Елбасының мемлекет пен қоғам алдына қойып отырған нақты міндеттері қандай? деген сұраққа «ЭСӘТ талдау» әдісі арқылы жауап беріңіз.


Э (экономикалық)

С (саяси)

Ә (әлеуметтік)

Т (технологиялық)

2. Мәтіннің негізгі идеясын білдіретін тірек сөздерді сызба түрінде құрылымдап көрсетіңіз.



3. Мақалада Елбасы Қазақстан үшін қайта түлеудің айрықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, біртұтас ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары

айқын көрініс тапқан деген пікірмен келісесіз бе? Ойыңызды жазбаша 3-4 сөйлеммен білдіріңіз.

4. Қазақтың ежелгі «дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» деген қағидасына өз пікіріңізді білдіріңіз. Сөйлеу барысында интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор Білім алушы</i>	<i>Балл</i>
Көтерілген мәселенің (қоғамдық-саяси) негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады	1	экономикалық мәселені анықтайды;	1
		саяси мәселені анықтайды;	1
		әлеуметтік мәселені анықтайды;	1
		технологиялық мәселені анықтайды;	1
Интонация: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады	2	қажетті тірек сөздерді анықтайды;	1
		негізгі ойды көрсетеді;	1
	3	пікірге қатысты өз ойын білдіреді;	1
	4	сұраққа жауап береді;	1
		әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.	1
<i>Барлығы</i>			9

4-ТАПСЫРМА.

Оқу мақсаты 10.2.2.1 Ғылыми-көпшілік стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері)
10.3.3.1 Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі)

Бағалау критерийі *Білім алушы*
• Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын анықтайды
Клишелер мен тілдік құралдарды қолданып, эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі)

Ойлау дағдыларының Жоғары деңгей дағдылары

деңгейі

Орындау уақыты

15-20 минут

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқыңыз.

Мәдениет ұғымы

Мәдениет — адам өмірінің іргетасы. Ол адаммен бірге пайда болады және дамиды. Ны зерттеу мен ұғынуға деген қызығушылық бертін пайда болды.

«Мәдениет» сөзі ежелгі Римде пайда болды, онда ол ең алдымен агрокультураны білдіреді, яғни, жерді өңдеу, өсіру. Бұл бастапқы мағынасы одан әрі адамның жеке қасиеттері мен кемелділігіне байланысты басқа орынға жол береді. XVIII ғ. тарихқа ағарту дәуірі ретінде енген мәдениет ұғымы бір ғана рухани мәдениетпен шектеледі. Дәл осы мағынада «мәдениет» термині алғаш рет кеңінен таралған. Онда ең бастысы-адамның білім алуы, білімі мен тәрбиелілігі. Бұл ретте шешуші рөл білім алады, дегенмен осы кезеңде білім беру Мәдени болу үшін қажетті, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылатыны анық болды. Сонымен қатар, мәдениет әлі жан-жақты зерттеу объектісі болған жоқ.

Тек XX ғ. ғана мәдениетті зерттеуге қызығушылық күрт өседі, бұл туралы Мәдениет анықтамалары санының өсуі куәландырады. Зерттеушілердің есептеуінше, XX ғ. басында мұндай анықтамалар шамамен 10 болды. Ғасырдың ортасына қарай, американдық ғалымдар А.Кребер мен К.Клакхон көрсеткеніндей, олардың саны 150-ден асты. Бүгінгі күні мәдениет анықтамаларының саны 500-ден асып кетті.

Ең кең мағынада мәдениет дегеніміз адамның жасаған барлық жетістіктері, адамзаттың барлық жетістіктері. Мәдениет адамның өзі құрған және жабайы табиғатқа қарағанда адам әлемін құрайтын «екінші табиғат» ретінде көрінеді. Бұл жағдайда мәдениет әдетте материалдық және рухани болып бөлінеді. Мұндай бөлу Цицеронға айналады, ол бірінші болып жерді өсіруді білдіретін мәдениетпен қатар, сондай-ақ «жан өсіру» дегенді білдіретін Мәдениет бар екенін атап өтті.

Рухани мәдениет рухани өндіріс саласы мен оның нәтижелерін: дін, философия, мораль, өнер, ғылым және т.б. қамтиды. Ғылым, өз кезегінде, зияткерлік, ғылыми-техникалық мәдениеттің негізі ретінде қарастырылады.

Материалдық және рухани мәдениет арасында терең бірлік бар. Олардың екеуі де адамзат қызметінің нәтижесі болып табылады, оның бастауында рухани басы — адамның материалдық формада жүзеге асыратын идеялары, жобалары мен ойлары бар.

1. Мәтін кітаби тілдің қай стилінде жазылған? Дәлелдеңіз.

2. Мәтінде ғылыми стильге тән қандай сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер бар? Стильге тән тілдік құралдарын топтастырыңыз.



3. Берілген кестені толтырыңыз

Негізгі мағынада термин сөздер жұмсалған сөздер	ғылыми ұғымдар	дәл, нақты мәліметтер
---	----------------	-----------------------

4. Сіздің замандасыңыздың сөйлеу тілі бұрмаланып, шетелдің жаргондарымен лайланып, өз ойларын әдемі жеткізе алмайтын дәрежеге жеткен. Қалай ойлайсыз, бүгінгі жастардың тіл жұтандығының себептері неде? Сіздің пікіріңізді растайтын аргументтер мен дәлелдер келтіре отырып, эссе жазыңыз. Эссе жазу барысында төмендегі клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданыңыз _____

1-абзац

Кіріспе сөз тіркестері / фразалар/.

-Бұл халық арасында саналады...

-Адамдар жиі бекітеді, ..

-Көп адамдар ойлайды, ..

-Кейбір адамдар қарсы...

2-абзац

Өз көзқарасыңды білдіретін фразалар

- Бұл жағдайда мен өз көзқарасымды түсіндірсем деп едім
 - Бұл мәселе бойынша мен өз ойымды білдірсем деп едім
- Талқыланған мәселенің артықшылығын білдіретін фразалар
- Айтылғандай, мен соның пайдасына ... бірнеше себептерге
 - Соның пайдасына айтылатын көптеген заттар бар...
 - Ең жақсы. Ол..туралы..табылады...

Көзқарасты санамалап шығу фразалары

- Біріншіден, ең әуелі
- Бірінші кезекте
- Содан бастайық
- Екіншіден, үшіншіден, ақырында
- Соңғы кезекте емес

Жаңа аргументтер қосатын фразалар

- Бұдан басқа
- Сондай ақ
- Бұдан басқа,..сондай ақ
- Тек қана емес
- Бұдан өзгеше
- Ол туралы сөйлемей ақ, ...

3-абзац

- Кейбір адамдар ойлайды, ...
- Алайда олар түсінбейді, ...
- Олар есепке алмайды,..
- Олар ұмытады,...
- Кейбір адамдар сендіреді,...
- Мен онымен келісе алмаймын, өйткені...
- Мен бұл пікірмен келісе алмаймын, өйткені...

4-абзац

Қорытынды фразалар

- Толықтай алғанда
- Қорытындысында
- Қорытындылай келе
- Барлық жағдайларды ескере отыра
- Соңында
- Барлығын ескере отыра

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>
Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын анықтайды	1	Ғылыми стильдің ерекшелігін біледі; нақты мысалдар келтіре отырып дәлелдейді;	1
	2	Стильге тән сөздерді, сөз тіркестері мен сөйлемдерді ажыратады;	1

	3	тілдік құралдарды топтастырады; ғылыми ұғымдарды анықтайды; негізгі мағынада жұмсалған сөздерді табады; термин сөздерді ажыратады; дәл, нақты мәліметтерді атайды;	1 1 1 1 1
Клишелер мен тілдік құралдарды қолданып, эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі)	4	эссенің құрылымын сақтайды; қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданады; көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады.	1 1 1

Барлығы

11

«Қазақ тілі» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалауда орындалған тапсырмалар білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі білім алуға ынталандыруы қажет. Бөлім бойынша жиынтық бағалауда кері байланыс беру міндеттелмесе де, мұғалім оны ұсынудың (мысалы, рубрика) оқытуды ілгерілетуге әсер ететіндігін түсінуі тиіс.

Сонымен кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттарды қамтиды. Білім алушылар мен олардың ата-аналарын ақпараттандыру үлгісін мұғалім өз бетінше анықтайды. Аталған ақпараттарды рубрика түрінде беру ұсынылады. Рубрика бөлім бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен білім алушыларды таныстыру кезінде оған оның жиынтық жұмысын және оқу жетістігі деңгейі көрсетілген рубриканы ұсынуға болады. Рубрика үлгісі төменде көрсетілген.


«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет» бөлімі бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіне қатысты ата-аналарға арналған ақпарат (рубрика).

Білім алушының аты-жөні _____

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Оқу жетістігі деңгейі</i>		
	<i>Төмен</i>	<i>Орта</i>	<i>Жоғары</i>
Көтерілген мәселенің (қоғамдық-саяси) негізгі ойын анықтап, ғаламдық мәселелермен байланыстырады	Мәтіндегі қоғамдық-саяси мәселелерді анықтап, көтерілген мәселені талдауда, тірек сөздер арқылы негізгі ойды табуда, ғаламдық	Мәтіндегі қоғамдық-саяси мәселелерді анықтап, көтерілген мәселені талдауда, тірек сөздер арқылы негізгі ойды табуда, ғаламдық мәселелермен байланыстырып өз	Мәтіндегі қоғамдық-саяси мәселелерді анықтап, көтерілген мәселені талдайды, тірек сөздер арқылы

Интонация: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады	Логикалық екпін, әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, өз пікірін білдіруде	Логикалық екпін, әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, өз пікірін білдіруде қателеседі.	Логикалық екпін, әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, өз пікірін білдіреді.
---	--	---	--

«Қазақ тілі» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, оқушылардың тоқсан барысында меңгерген білім, білік және дағдыларды анықтауға бағытталады. Тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру және жоспарлау оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы, жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсыныстары негізінде іске асырылады. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері 12-сызбада көрсетілген.



12-сызба. Тоқсандық жиынтық бағалау рәсімдері

Жиынтық бағалаудың құрылымы: Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: көп таңдауы бар сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа көп таңдауы бар, толық және қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 4 тапсырмадан тұрады. Көп таңдауы бар сұрақтарда білім алушылар ұсынылған жауап нұсқаларының дұрысын таңдайды. Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар сөздер немесе

сөйлемдер түрінде жауап береді. Толық жауапты қажет ететін сұрақтарға білім алушылар жаратылыстану саласы бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасайды.

3.5-кесте – Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары сипаттамасының үлгісі.

*10-сыныптың «Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсан бойынша жиынтық
бағалау тапсырмаларының үлгісі*

«Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті» бөлімі

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, негізгі ойды анықтаңыз және ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңыз. Сөйлеу барысында әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдануды ескеріңіз.

2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

1-мәтін

Құндылық деген не?

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы адамгершілік, тұлғалық немесе кісілік құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері болды. Адам мен адамгершілік мәселелері қазақтың ақын-жырауларын да, би-шешендерін де, абыз-әулиелерін де, қараша халықтан бастап ханға дейінгі ақсүйек игі жақсыларын тегіс толғандырған. Батыстағыдай кәсіби философия болмаса да, қазақты тумысынан философ-халық деп бағалауға болады. Оның философиясындағы негізгі тақырып

– адам философиясы, кісілік қалыптың өлшемі, не жақсы не жаман төңірегіндегі этикалық мәселелер. Сондықтан қалт айтпайтын халық «жақсылардың кеудесі алтын сандық», «білімді туған жақсылар аз да болса, көппен тең», «жақсыменен өткізген бір күнім, мың күніме татиды» деп жырлайды. Қазақтың кім екені оның философиясы мен дүниетанымынан, тілі мен дінінен, ділі мен дәстүрінен, мәдениеті мен өнерінен, күнделікті өмірқамы мен әдет-ғұрпынан, мінген аты мен тартқан домбырасынан көрінеді.

Бүгінгі біздің қоғамда ата-бабаларымыз берік ұстанған бұл кісілік құндылықтардың көмескілене бастағаны байқалады. Оны күнделікті отбасының тұрмысынан да, қоғам өмірінен де аңғарып жүрміз. Батыстық бұқаралық мәдениеттің тегеурінді ықпалы интернетте де, теледидарда да, басқа ақпарат құралдардарында да қарқынды жүргізілуде. Әрине, поэзия мен ән-күй өнерінде қазақы қоңыр үн мен ырғақ, бояу мен нақыш сақталып отыр, оған да шүкір дейсің, әйтпесе дүниеге келген нәрестеге не тындатып, не көргізеріңді білмей дал боласың. Дегенмен, жалаң еліктеушілік, «өзгенің асылын малшылау» басым, оған тоғышарлық, көзбояушылық, науқаншылдық, ұраншылдық, әсірекұмарлық, шенқұмарлық, даңғазалық, мақтаншақтық сияқты антиқұндылықтар қосылып отыр. Ол күнделікті тіршіліктен де, ғылым, әдебиет, өнер тәрізді «рухани» мәдениет салаларынан да анық байқалады. Мұндай келеңсіз құбылыстарда құндылық қайдан болсын, рух қайдан болсын?

2-мәтін

Қазіргі заман ғылым мен технологияның қарыштап дамып, өте жоғары деңгейге жеткен шағы десек болады. Соған сай сана өркениеті өрістеп, биіктеп барады. Бір анығы, адамның санасы, дүниетанымы жоғарылаған сайын қоғам да өзгереді. Мысалы, интернет жүйесі 1969 жылы 2 қыркүйекте пайда болып, қоғамға енгенде оны ең жас пайдаланушылар жасы 20-25 жастан асқан, ересек адамдар болса, қазіргі таңда интернетке 5-6 жастағы бала да әуес. Бұл ақпараттық технологияның тым кеңінен қанат жаюының да салдары болар. Алайда осындай құбылыстар орын алған қоғамымызда ұстанатын тек екі қағида бар: бірі – жандүниенің рухани тазалығы болса, бірі – сананың сергектігі. Біріншісіне жүрек, екіншісіне ақыл керек. Осыларды ұғып, білуге қайрат керек. Әйгілі жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөзінде сан алуан астар бар. Кемеңгеріміздің бұл жерде «бесігіңді түзе» деген сөзді «ұрпағыңды түзе» деген сөздің баламасы ретінде қолданып отыр. Демек ұрпақтың дүниетанымы мен рухани байлығы үлкен жауапкершіліктің жүгі екені айқын. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің халыққа Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деп атап өткен болатын. Жалпы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі қазақстандық патриотизмге, төзушілікке, биік мәдениетке, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге тәрбиелеу болып табылады. Қазіргі күндегі Қазақстанның дербестікке жетуі халықтардың ұлттық дүниетанымының өсуіне жағдай жасады. Бұл бүгінде байсалдылық, табандылық, батылдылық, батырлық, қайсарлық туралы білім ғана емес, өнегелік, тәрбиелік көрсету қажет болып отырған уақытта аса маңызды.

Оқылым

Тапсырма

Мәтінді оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

[10]

Отбасы – Отанымыздың ошағы

Мәдениет ұғымын тереңірек түсіну үшін, оған мағыналық жақындығы бар кейбір басқа ұғымдармен арақатынасын қарастырып көреміз. Осы сипатта біздің зердемізге бірінші түсетін ұғым — өркениет. Өркениет (цивилизация) семантикалық жағынан алғанда (латын тілінің — «civilis» сөзі) азаматтық дегенді білдіреді. Римдіктер бұл ұғымды «варварлықтар» деп өздері атаған, басқа халықтар мен мемлекеттерден айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданған. Яғни «өркениет» олардың түсініктері бойынша азаматтық қоғамы, қалалық мәдениеті, заңға негізделген басқару тәртібі бар Рим империясының даму дәрежесін білдіреді. Ғасырлар бойы қалыптасқан осы екі ұғымның мағыналарын төмендегідей топтастыруға болады:

1. Мәдениет пен өркениет бір. Олар – синонимдер (И. Гердер, Э.Б. Тайлор)
2. Өркениет – мәдениеттің ақыры, оның кәрілік шағы, руханилықтың антиподы (Ж.Ж. Руссо, Ш. Фурье, О. Шпенглер)
3. Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашаққа бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі (Ф. Вольтер, Д. Белл)

4. Өркениет – тағылық пен варварлықтан кейінгі тарихи-мәдени саты (Л.Морган).

5. Өркениет – этностар мен мемлекеттерге тән мәдениеттің оқшау түрі (А.Тойнби, Н.Я. Данилевский және т.б.)

6. Өркениет мәдениеттің техникалық даму деңгейі, оның материалдық жағы. Бұдан көретініміз, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар екендігі. Осылардың қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, гумандылық және тағы басқалары.

1. Мәтін қай стильде жазылған?

- A. Ауызекі сөйлеу стилінде
- B. Көркем әдебиет стилінде
- C. Ғылыми-көпшілік стильде
- D. Ресми іс қағаздар стилінде

[1]

2. Оны қандай сөздік қолданыстармен дәлелдейсіз?

[2]

3. Мәтінде өзге де стиль элементтері кездесе ме? Кездесе, қай стильдің элементтері бар?

[2]

4. Мәтіндегі 2 терминдік атауға түсінік беріңіз.

Терминдер	Мағынасы
1.	1.
2.	2.

[2]

5. Мәтінге қатысты ой-тұжырымыңызды 3-4 сөйлеммен жазыңыз.

[3]

Жазылым

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазыңыз. Жазылым жұмысында қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойыңызды дәлелдеңіз, орфографиялық нормаға сай жазыңыз.

1. «Өркениет пен мәдениет – егіз ұғым» дегенге келісесіз бе?
2. «Мәдениетті адам – мәдениетті қоғам кепілі» балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

№	Балл	матика мен лексиканы дұрыс қолдануы	рақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті
	9-10	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді.	Тақырыпты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады.
2	7-8	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді.	Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді.
	5-6	Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды.	Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді.
	3-4	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады.	Тақырыпты түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды.
	1-2	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі.	Тақырыпты түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады.

Оқылым

№	Жауап	Балл
1	С	1
2	Семантикалық жағы, мәдениеттің антиподы т.б.	2

3	Ауызекі сөйлеу стилі кездеседі. Жеке сөйлеушінің пікірі көрінеді, яғни «бұдан көретініміз», «біз ойлаймыз» деген сияқты тұжырымдарға құрылады. Сөйлемдердің синтаксистік құрылымы сақталмайды. Мысалы, «Бұдан көретініміз, мәдениет пен өркениет бір-бірімен байланысты ұғымдар екендігі».	2
4	<i>Біқтимал жауап:</i> Цивилизация – мәдениеттің техникалық даму деңгейі, өсу, даму. Антипод – қарама-қайшылық.	2
5	Мәдениет пен өркениетті егіз ұғымдар ретінде қарастыруға болады. Мәдениеттің шарықтау шегі өркениетке алып келеді. Олар қоғамдағы мән-мағынасы тұрғысынан бірін-бірі толықтырады.	3
<i>Барлығы</i>		<i>10</i>

Жазылым

<i>№</i>	<i>Балл</i>	<i>Сипаттамасы</i>
1	9-10	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді.
	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.
	3-4	Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама – қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Жиынтық бағалаудың қорытындылары білім алушыларға, ата-аналарға немесе баланың заңды өкіліне қағаз/электронды форматта ұсынылады.

Мұғалімнің бағалау қызметі – бағалау критерийлерін іріктеу, әзірлеу және қолдану, бақылау мен бағалау тәсілдері.

Білім алушының бағалау қызметі үшін:

- үнемі әртүрлі бағалау түрлерін қолдану (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау);
- білім алушылардың оқу жетістіктерінің бағалау критерийлерін өз бетінше дайындау және таңдап алу;
- бақылау әдістері мен түрлерін әзірлеу және іріктеп алу;
- кері байланысты үнемі қамтамасыз ету қажет.

Мұғалім:

- 1) бағалау үшін оқыту мақсаттарының тізбесін анықтауы;
- 2) бағалау деңгейлерін анықтауы (Блум таксономиясына сәйкес);
- 3) бағалау критерийлерін әзірлеуі (оқыту мақсаттарына сәйкес) немесе «НЗМ» ДББҰ әзірлеген критерийлерді қолдануы;
- 4) білім алушылардың санын және кері байланыс беру жиілігін анықтауы;
- 5) үйде оқитын білім алушылар үшін үйде оқыту жүктемесін және оқытылған оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлеуі;
- 6) сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолдану, сондай-ақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізуі;
- 7) жиынтық бағалаудың нәтижелері бойынша ата-аналар жиналыстары барысында кері байланыс немесе рубрикалар түрінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы ақпарат беруі қажет.

Мұғалім білім алушылардың бөлім/тоқсан бойынша жиынтық бағалау жұмыстарын тексеруде және қорытынды балдарын қоюда, соның ішінде оқу тапсырмаларының шарттарын белгілеуде түзетілген жерлерді ескеруге болмайтынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау жүйесінің үлкен артықшылығы білім алушыға түсетін күйзеліс жүктемесінің төмендеуі болып табылады. Бірлескен ынтымақтастықта өзіндік, жұптық, топтық жұмыс дағдыларын иелену процесі белгісінен, маңызды әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға өзгереді.

Бағалау барысында мұғалімге бірқатар негізгі нұсқауларды ескерген жөн:

1. Білім алушылар бағалау процесіне белсенді қатысады, соның ішінде, үнемі өзін-өзі бағалау жұмыстарын өткізеді.
2. Білім алушының жеке тұлғасы емес, жұмысы ғана бағаланады;
3. Білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, тек жақсы орындалған жұмыс үлгісімен салыстырылады.
4. тапсырмалардың әртүрлі формалары мен түрлері қолданылады және мінсіз орындаған тапсырмалардың нақты және айқын сипаттамалары әзірленеді;
5. Бағалау критерийлері білім алушыларға алдын ала белгілі болады;
6. Өзін-өзі бағалау білім алушылардың тұлғасын дамытудың міндетті шарты ретіндегі білім алушылардың рефлексиясын да көрсетеді;

7. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін БЖБ және ТЖБ оқу тапсырмаларына өтілген (менгерілген) оқу мақсаттары енгізілуі тиіс. Оқыту критерийлері оқыту мақсаттарына сай болуы тиіс.

Оқыту мақсаттарының құрылымында білім алушылардың іс-әрекеттері көрсетілген: байқау, талдау жасау, салыстыру, маңызды белгілерді бөлу, тану, анықтау, үлгілеу, түсіндіру және т.б.

Нәтижелерді бағалау критерийлері білім алушыларға дайындық деңгейінің мұғалім ұсынған талаптарына сәйкес екендігін белгілеуге, мұғалімге оқыту процесіне түзетулер енгізуге, жұмыс күрделілігінің деңгейін дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

8. Оқу жетістіктерін тексеру немесе өздігінен тексеруге арналған критерийлерді білім алушылармен бірлесіп әзірлеуге болады.

9. Сабақ барысында білім алушылардың оқу жетістіктерін өздері бағалауын ұйымдастыруды ойластыру және оқу тапсырмаларын таңдау маңызды.

10. Мұғалімге сабақта білім алушылардың өздерінің бағалауларын салыстыру үшін мүмкіндік беру, өз қателіктерінің себебін табу үшін рефлексия ұйымдастыру ұсынылады.

Жиынтық бағалаудың тапсырмалары үлгі ретінде қосымшада ұсынылды.

Жазба жұмыстарын бағалау бойынша ұсыныстар

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқу бағдарламасының мазмұнын толық меңгерту үшін жазба жұмыстарын өткізуді мұғалім қолданыстағы нормативтік және нұсқаулық құжаттарға сәйкес өздігінен жоспарлай алады.

Жазба жұмыстарын бағалауды сөйлеу әрекетінің «Жазылым» түрі бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау аясында төмендегі критерийлер мен дескрипторларды қолдана отырып, өткізу ұсынылады.

Бағалау критерийі: *білім алушы*

• Жазба жұмыстарын орындау барысында каллиграфиялық, пунктуациялық, орфографиялық заңдылықтарды қолданады.

• Тұтас жазбаша пікір қалыптастыру үшін бөлімдерді қиыстырып қамтиды.

• Мәтіннің құрылымын сақтайды (басы, оқиғаның дамуы, шарықтау шегі, соңы).

• Грамматикалық нормаларды сақтайды.

• Материалдың құрылу логикасын сақтайды (мазмұндама, шығарма).

3.6-кесте – Жазба жұмыстарын бағалау дескрипторлары

Жұмыс түрлері	Дескрипторы
Диктант	- сөздерді жазу барысында орфографиялық ережелерді сақтайды; - мәтіндегі сөздерді қатесіз жазады және әріптерді дұрыс жазады; - мәтіндегі сөздерді өзгертпей жазады; - үндестік заңына бағынбайтын сөздерді дұрыс жазады; - айтылуы мен жазылуы әртүрлі сөздерді дұрыс жазады; - тыныс белгілерін дұрыс қояды (оқу бағдарламасы аясында); - грамматикалық тапсырмаларды дұрыс орындайды
Көшіріп жазу диктанты	- мәтінді каллиграфиялық ережелерді сақтай отырып, ұқыпты көшіріп жазады;

Мазмұндама
Шығарма

- сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырмай және сөздерді қалдырмай көшіріп жазады
- тақырыпты жақсы түсінгендігін көрсетіп, мазмұнын ашып жазады;
- берілген мәтіннің негізгі ойын анықтайды;
- мәтін бойынша қарапайым жоспар құрады;
- мәтіннің мазмұнын жоспарға сәйкес жазады;
- мәтіннің мазмұнын автордың ойын және логикалық жүйесін сақтай отырып жеткізеді;
- жазба жұмысының графикалық рәсімделу нормаларын сақтайды;
- мәтіннің бастапқы стилін сақтайды (мазмұндама үшін);
- орфографиялық және тілдік қателіктерді жібермей жазады;
- сөздік қорының бай екенін көрсетеді;
- сөздерді мағынасына сәйкес қолданады

Оқушының жұмысына жазбаша баға беруге арналған ұсынымдар

Оқушы үшін сіздің жазған пікіріңіз маңызды. Ол дәптерін ашқан кезде, әуелі қателігін емес, соңында жазылған сіздің пікіріңізді оқиды. Пән мұғалімінің әдеттегі жазбалары мынадай: «Жазуыңды түзе!», «Сауатсыз жазылған», «Қателіктер өте көп», «Барлық жерде «н» әрпін тастап кеткенсің», «Салмақты ой айтылмаған», т.б.. Мұндай пікір баланың жанын жаралайтыны сөзсіз. Бұдан соң оның жазба жұмысын жазуға деген ниеті болмайды. Ол бірден дәптерді жауып тастайды. Оның орнына, мейлі жұмыс қателікке толы болсын, бір жақсы тұсын тауып алып, соған жақсы пікір білдіріп, оған ақылдасқандай кейіп танытсаңыз, оқушының сізге деген реніші болмайды. Қайта ол сол қателіктерді түзеуге кіріседі. Мәселен, «*Марат, жазуың моншақтай тізіліп тұр, менімен сырыңды бөліскеніңе үлкен рахмет*»- дей келіп, «*қорытындыға тағы бір ойлар қоссаң қайтеді; мүмкін салыстырмалы түрде тағы бір мысал алсаң қалай болар екен*» деген сынайлы пікірлер балаға қанат бітіреді. Содан соң жазба жұмысын қызыл қаламнан гөрі өзге түсті қаламмен тексерген жөн болар еді. Әлемдік тәжірибеде қызыл түс адамға кері әсерін тигізетінін айтады.

Көбінесе, оқушылардың бойында жаза алмаймын деген қорқыныш болады. Осы қорқынышты жеңу үшін жазудың барлық адамның қолынан келетіндігін ұғындыра келе, сыныбы туралы жазуға, соңғы оқыған кітабы туралы, болмаса, атасы мен әжесінің өмірбаянын жазуды, не өзі құрметтейтін адамнан сұхбат алып, соны жазуға кеңес берген дұрыс. Жазба жұмысын бастамас бұрын әр мұғалім кейбір ұйымдастыру жұмыстарына баса назар аударғаны жөн. Мәселен, жазба жұмысында қарындашты пайдалану өте маңызды. Олай дейтініміз, қарындаш оқушының қателігін өзі түзетуіне мүмкіндік береді. Сабақ басында жазуда сәттілік тілеп, қарындаштарды сыйға тартсаңыз, шығармашылығын арттыруға тағы бір қадам жасар едіңіз. Жай ғана сыйға тартпай, «қарындаш маған гүлдің жұпар исін, ағаштың самалын есіме салады. Сіздердің жазған жұмыстарыңыз да табиғаттың осы бір ғажайыптарындай әдемі болады деп сенемін», - десеңіз тіптен әсерлі болары сөзсіз.

Сондай-ақ, әр оқушының жеке артықшылығын құрметтеу; барлық оқушыға сенім артумен бірге, реалистік тұрғыдан артықшылығын біліп, қателіктерін қабылдай білуге, әрі қарай өсуге итермелеу; жеткен жетістікті ретін тауып атап

өту; жазуды күнделікті дағдыға айналдыру – осының бәрі мұғалімнің шеберлігінде.

Жазылым белсенді іс-әрекеттерсіз атқарылатын дағды болғандықтан, оған жаңа бір леп беріп, оқушы шығармашылығын арттыру үшін мұғалімге көмекке келетін жолдар бар. Оның қатарына комикстерді алуымызға болады. Біріншіден, бала комикстердің айналасындағы сөз бұлттарын қызыға толтырады, екіншіден жалықтырмайды. Дайын комикстерді табу қиындық тудырады. Оны жеңілдетудің бір жолы суреттердің қасына өзіңіз сөз бұлттарын жасап, нақты тақырып беруіңізге болады.

Қазақ тілінде қыстырма сөздер көркем әдеби тіл нормасында қолданылмай келді. Алайда, эссе жазуда адамның пікірі жазылатындықтан, бұл сөздер ойды байланыстырушы болып келеді. Сондықтан, қыстырма сөзді орнымен қолдануды үйреткен жөн.

Жоғарыда аталған жиынтық бағалау тапсырмалары барлық оқушыларға бағалаудың тең мүмкіндіктерін беруді ескере отырып әзірленеді.

Мұғалімдер сабаққа дайындалуда қосымша материалдар алу үшін төменде аталған дереккөздерді басшылыққа алады:

1. <http://nao.kz> - Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;
2. <http://ustazuni.kz> - мұғалімдерге арналған сайт;
3. <https://infourok.ru/> - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабақтар сайты;
4. <http://mugalimder.kz> - республикалық сайт;
5. <http://bilimland.kz> – ұстаздар мен білім алушыларға арналған сайт;
6. <http://abai.kz>- ақпараттық-танымдық сайт;
7. <http://bilimger.kz>- білім порталы;
8. <http://ustaz.kz> - ашық сабақтар сайты;
9. <http://sabak>- сайт творческих учителей Казахстана;
10. <http://sabaqtar.kz/kazaksh/> - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;
11. <http://bilimsite.kz/ustaz> - білімділер сайты;
12. <http://ped.kz> - ұстаздардың әлеуметтік порталы;
13. <http://oqu-zaman.kz> - ұстаздар мен білім алушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
14. <http://tarbie.org> - ұстаздар сайты;
15. <http://kazbilim-edu.kz>- оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану.

Оқу бағдарламасымен қатар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы (сілтеме: smk.edu.kz) мұғалімдерге ұсыным ретінде «Қазақ тілі» пәні бойынша орта мерзімді оқу жоспары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар құрастырған. Оқу жоспарында әр оқу мақсатын жүзеге асыру бойынша мұғалімге арналған ұсыныстар, түсініктемелер берілген.

Қорытынды

Жаңа оқу бағдарламасының ерекшелігі – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында, яғни ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту; адам, табиғат және қоғам туралы олардың бастапқы білім қорларын қалыптастыру (әлемнің біртұтас бейнесі); рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту.

Жаңартылған білім берудің маңызы – оқушы тұлғасына үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғыдан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі.

Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жазылған.

«Білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Қазақ тілі» оқу пәнін (10-11-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар»: кіріспе, негізгі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

Жұмыстың бірінші тарауында «Қазақ тілі» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері туралы жазылды. Бұнда оқу пәнін зерделеудің мақсаты мен міндеттері, «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі, бөлім мен бөлімшелер және оқу пәнінің 10-11-сыныптардағы базалық мазмұны, бөлім бойынша әр сыныпқа берілген оқыту мақсаттарының жүйесі туралы айтылған.

Екінші тарау «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері» деп берілді, мұнда «Қазақ тілі» сабағында мұғалімнің сабақты тиімді жүргізуіне арналған әдіс-тәсілдер ұсынылды.

«Қазақ тілі» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар» деген үшінші тарауында мұғалімдерге қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалау бойынша ұсынымдар берілген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. — Астана: Таным, 2008. — 162 б.
4. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. — Ақтөбе, 2010. — 144 б.
5. Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жолдары. Электрондық ресурс: <http://gazeta.ipksko.kz>
6. Сабаққа дайындалу және оған қойылатын талаптар, сабақты ұйымдастыру жолдары. Қазақ тілі оқулығы. Электрондық ресурс: <http://melimde.com>
7. Функционалдық сауаттылық- тұлға қалыптастырудың негізі. Электрондық ресурс: <http://oqu-zaman.kz>
8. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы
9. Н.Ж.Құрман. Қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамыту негіздері. Вестник Карагандинского университета. № 3(79)/2015
10. Мектептегі оқытуды ұйымдастыру. Электрондық ресурс: <https://baribar.kz>
11. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің маңызы. Электрондық ресурс: <https://infourok.ru>
12. Мұғалімге арналған нұсқаулық - Ұлттық тестілеу орталығы. Электрондық ресурс: testcenter.kz > dlya-skachivaniya
13. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану. Электрондық ресурс: <http://www.zkoipk.kz>
14. *Оқытуды ұйымдастырудың формаларының мәні, мазмұны және түрлері. Электрондық ресурс: www.diplomkaz.kz
15. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы, 2005.
16. Г. Н. Губайдуллина «Педагогиканы оқыту әдістемесі» - Алматы, 2011ж.
17. Семинар-сабақ. Электрондық ресурс: <https://baribar.kz>
18. Қазақ әдебиеті пәні бойынша өткізілетін сабақ түрлері. Электрондық ресурс: <https://articlekz.com/kk>
19. Семинар-сабақ. Электрондық ресурс: <https://baribar.kz/student/16869/seminar-sabaq/>
20. Уикипедия. Электрондық ресурс: <https://kk.wikipedia.org/wiki>
21. Абдраманова Г. Б., Примбетова А. И. Білім алушылардың өзіндік жұмысы оқыту формасының тиімді әдісі ретінде // Молодой ученый. — 2015. — №8.2. — С. 12-13. — URL <https://moluch.ru/archive/88/17457/>
22. Пресс-конференция сабағы. Электрондық ресурс: <https://baribar.kz>

23. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің кейбір өзекті мәселелері. Электрондық ресурс: <https://articlekz.com/kk>
24. Қазақ тілі және әдебиет сабақтарында акт (ақпараттық-коммуникативтік технологияларды) қолдану арқылы оқушылардың сауатты жазу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Электрондық ресурс: <http://informznaika.ru>
25. Жаңа әдіс-тәсілдер. <https://www.metod-kopilka.ru>
26. Модульдік оқытудың әдіс-тәсілдерінің болашақ мамандарды өндірістік қатынастарға даярлаудағы тиімділігі. Электрондық ресурс: <http://internet-konkursy.com>
27. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдері. Электрондық ресурс: <https://infourok.ru>
28. Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу сабақтарында инновациялық технологияларды қолдану жолдары. Электрондық ресурс: <http://gazeta.ipksko.kz>
29. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту. Электрондық ресурс: <https://bilim-all.kz>
30. Жүсіпбек Аймауытов: Ана тілін қалай оқыту керек. Жаңа мектеп, 1925, №2.
31. Қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана. ҰБА. 2014.
32. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.
33. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал./ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова. – Астана: «НЗМ» ДББҰ 2016. – 12-33б.
34. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектеп деңгейлерінің оқыту тілдеріне қарай оқу нормативтері бойынша әдістемелік ұсынымдар, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 2017.
35. Тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастырушы бағалау құралдары – Астана, 2017.
36. Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал./ О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденова. – Астана: «НЗМ» ДББҰ 2016. – 12-33б.
37. Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы, 2012.
38. Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі – Алматы, 2005.
39. А.Қ. Әлімов. «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ. ПШО. Астана, 2014
40. Қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша «Мұғалімге арналған нұсқаулық». – Астана, 2017.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№34 орта мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Динара Амангельдыевна Тайлакбаеваның іс-тәжірибесінен

Сабақ:	
Мектеп:	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№34 орта мектеп» КММ
Күні:	
Мұғалімнің аты:	Тайлакбаева Динара Амангельдыевна
Сынып:	10-сынып
Қатысқандар/қатыспағандар:	
Пәні:	Қазақ тілі
Сабақтың тақырыбы:	1.4. Алаш арыстары – тіл туралы
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру 10.4.1.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу
Бағалау критерийлері:	1. Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды; 2. Өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 3. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады.
Тілдік мақсат:	Тілдік бірліктер, орфографиялық норма
Құндылықтарға баулу:	Зайырлы қоғам және жоғары руханият Өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық
<i>Алдыңғы оқу</i>	
<i>Пәнаралық байланыс</i>	Әдебиет, тарих

<i>Уақыты</i>	<i>Кезеңд ері</i>	<i>Тапсырма</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Бағалау</i>
мин	Басы	«Галереяны шарлау» әдісі бойынша оқушылар қабырғада Алаш арыстарының тіл туралы жазған ойларын оқып шығады. Өздеріне қажеттісін түртіп алады. «Түртіп алу стратегиясы»	Мәтін үзінділеріне болжам жасау	<i>Серіктесіңнен сұра</i> Оқушылар жұптары мен серіктестерінің жұмыстарын талқылауды, пікір айтуды ауызша жүргізеді, яғни бағалайды.
мин	Ортасы	Топтық жұмыс Берілген мәтін бойынша «Болжау кестесін» толтырады. Мәтін Не Қандай бөлікт болд мәселе ері ы? көтеріл	Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру; мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді	« <i>Редакторлық кеңес</i> » Бағалау критерийі: Мәтін үзінділері бойынша болжам жасау,

		еді?	орфографиялық	өз біліміне
1	2	2	нормаға сай жазу	сүйеніп
бөлігі	сөйле	сөйлем		тақырыпты
	мнен	нен		жалғастырады,
	кем	кем		мәнмәтін
	емес	емес		бойынша тілдік
	ақпар	болжау		бірліктерді
	ат			орфографиялық
				нормаға сай
				жазады
				Дескриптор:
				1.2 сөйлемнен
				кем емес ақпарат
				2. 2 сөйлемнен
				кем емес болжау

мин		<i>Жеке жұмыс</i>							
		<i>«Төрт сөйлем» әдісімен түйіндеу</i>							<i>«Мені толықтыр» әдісі</i>
мин	Соңы	Алаш арыстарының тіл туралы басқа да ойларын тауып келу							
	Үй тапсырмасы								
		<i>«Өзіме хат»</i>							
мин	Кері байланыс	Хатта қатысушылар мына 2 сұрақты қарастыру керек: 1) сабақтан үйренгені; 2) осы тақырып бойынша мысалдары.							
<i>Ұзақ мерзімді жоспар тарауы: Ғылым мен технология</i>					<i>Мектеп:</i>				
<i>Күні:</i>					<i>Мұғалімнің аты-</i>				
<i>жәні:</i>									
<i>Сынып:</i>					<i>Қатысқандар:</i>				
<i>Пәні:</i>					<i>қазақ тілі</i>				
<i>Сабақтың тақырыбы:</i>					<i>Жидебайға саяхат</i>				
<i>Оқу мақсаты(оқу бағдарламасына сәйкес):</i>					Коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру				
<i>Тілдік мақсат:</i>					қыстырма, қаратпа, одағай, диалог				
<i>Пәнаралық байланыс:</i>					Өзін-өзі тану, әдебиет, тарих, музыка, география.				
<i>Құндылықтарға баулу:</i>					Рухани жаңғыру, мәңгілік ел, туған елге тағзым				
<i>Алдыңғы білім:</i>					Абайдың туған жері				
<i>Уақыты</i>	<i>Кезеңдері</i>	<i>Тапсырма</i>	<i>Мақсаты</i>	<i>Бағалау</i>	<i>Ресурстар</i>				
2 мин	<i>Сабақтың басы</i>								
	<u><i>Ұйымда</i></u>	Көңілді әуенмен ойын арқылы сәлемдесу.				Смайликтер			

стыру

7 мин *Болжау Тыңдалым алды тапсырмасы*



Өткен сабақпен байланыстырып болжау «1 минут қана»

Видеожазбадан кең, жазық, селеулі далада Жидебайға қарай жүйткіп, зымырап бара жатқан көлік туралы қысқа ғана үзінді көрсету. - Пай-пай, шіркін! Неткен дала! Неткен ғажап! Қараңдаршы, аппақ селеуге оранған жазық дала зырылдап жүріп бара жатқан көліктен сырғып түсіп қалып бара жатқандай...

Дауыс ырғақтарымен қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді қолдану арқылы эмоционалды сөздерді еркін қолданады.

Ауызша бағалау (шапалақ)

Ғаламтор

Иллюстрациялы суреттер



Сонау алыстан мұнартып, ақ найзаның ұшындай болып кесененің қос ұшар басы көрінеді (фонда Абай әуені).

- Балалар, қалай ойлайсыңдар? Бұл көліктегілер қайда барады?

- Ендеше осы көліктегілермен бүгінгі сабағымызда біз де Жидебайға саяхаттап шықсақ қалай қарайсыңдар? Онда көліктегілер ішіне өзімізді қойып көрейік...

Даярлықсыз диалог құрастырып, сөйлеу мәдениетін дамытады (Т/А6).

Ауызша бағалау (жарайсың, тамаша!)

8 мин

Сабақтың ортасы

Айтылым тапсырмасы

Көлік Жидебайға келіп тоқтағаннан кейін:

Жұппен жұмыс

- Ал, балалар, мұражайға кірмес

«Даярлықсыз

бұрын жұптасып, эмоция арқылы

5 мин

диалог және қатысу»

қыстырма, қаратпа, одағай сөздері бар сөйлемдермен диалог құрастырыңдар.

Жазылым дағдысы арқылы өз пікірлерін еркін жеткізуді қалыптастырады.

Өзін-өзі бағалау (тау суретіне деңгейіңе қарай туларды іледі)

Түрлі-түсті қағаздар

12 мин

Жеке жұмыс «Кіру билеті»

Жазылым тапсырмасы



Топтастыру Топпен

жұмыс
«Суретке
презентация»

Слайд арқылы топтарға суреттер көрсету

Жұмыс бөлмесі

Ас



Топтық
ынтымақтастықты
сақтайды,
коммуникативтік
жағдаятқа сай
эмоционалды
сөздерді
қолданады.

Таныс
тырылы
м
ды
тыңдай
отырып,
үздік
танысты
рылымд
ы
анықтай
ды.

Слайд

Әйгерімнің бөлмесі



Суреттегі бөлмелерді қалай таныстырар едіңдер?

- Егер мен... гид болсам... деп таныстырылым мәтінін әзірлейді.

Оқушылар бүгінгі саяхаттан көргендерін жазып, алған әсерлерімен бөліседі.

3 мин

1 мин


Сабақтың соңы

Кері байланыс

2 мин

«Шығу билеті»

Үйге тапсырма



Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді қатыстыра отырып, «Қазақстанға саяхат» тақырыбына әңгіме жазу

- Балалар, енді саяхатымызды Абай әнімен аяқтайық










Қаратпа, қыстырма, одағай сөздерді қатыстырады, жазылым дағдысын қалыптастырады.

Көтеріңкі көңіл-күй қалыптастырады.

Түрлі-түсті қағаз Дар

1. Жазба жұмысының құрылымын сақтайды;
2. Алған әсерлерін түрлендіреді.

Ұзақ мерзімді жоспар тарауы:		Мектеп:			
Күні:		Мұғалімнің аты-жөні:			
Сынып:		Қатысқандар:		Қатыспағандар:	
Пәні:		Қазақ тілі			
Сабақтың тақырыбы:		Киіз үйдің түрлері			
Оқу мақсаты(оқу бағдарламасына сәйкес):		10.1.1.1.Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау			
Тілдік мақсат:		Тірек сөздер: қара шаңырақ, киіз үй, көп қабатты үй			
Пәнаралық байланыс:		Өзін-өзі тану, бейнелеу өнері,технология			
Құндылықтарға баулу:		Отбасы құндылықтары			
Алдыңғы білім:		Отбасы,шаңырақ,киіз үй жабдықтары			
Уақыты	Кезеңдері	Сабақта жоспарланған жаттығу түрлері	мақсаты	Бағалау	Ресурстар
1 мин	Сабақтың басы Ұйымдастыру кезеңі	«Шаттық шеңберін» жасау, бір-бірлеріне сәттілік тілеу	Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, жақсы көңіл-күй туғызады		
1 мин	Топқа бөлу	Қазақтың киіз үйлерінің бөліктері Шаңырақ Кереге Туырлық	Қазақтың салт-дәстүрлерін біледі	Жарайсың!	
3 мин	Өткен сабақпен байланыс	"Асыл тастардың қасиеттері" тақырыбында жазған ойтолғауларын оқиды	Өткен сабақты еске түсіреді	ҚБ. Мадақ сөздер арқылы бағалау. (Жарайсың, тамаша, өте жақсы)	
5 мин		"Болжау" әдісі бойынша болжау, «Қазақтың шаңырағы» видео тыңдату ББУ әдісі бойынша білетіндерін, білгісі келетіндерін қоржынға жазып жабыстыру	Тыңдатылған аудио арқылы жаңа тақырыпты болжайды; Қоржынға сабақтан не күтетінін стикерлерге жазып жабыстырады		Интербелсенді тақта, суреттер https://.kz.tan.kz Қоржын
3 минут	Сабақтың ортасы Жұппен жұмыс	«Орнын тап» әдісі бойынша тірек сөздерді суретке сай орналастырып,сөйлем құрату.	Сурет арқылы тірек сөздерді анықтайды,оларды суретке сай	Бағалау критерийі: - Тірек сөздерді анықтайды,ола	Интербелсенді тақта

			орналастырады, қатыстырып сөйлем құрайды.	рды суретке сай орналастырады, мағынасын ашады, қатыстырып сөйлем құрай алады. <i>Дескриптор:</i> -тірек сөздерді орнына дұрыс қоя алады; -тірек сөздердің мағынасын толық ашады; оларды қатыстырып сөйлем құрайды									
10 минут	<i>Топпен жұмыс</i>	«Көрме» әдісі бойынша Заманауи киіз үй моделін жасап, көрмеге ұсыну және жарнамалау киіз үй, көп қабатты үй	Киіз үй моделін жасап, тірек сөздерді қолдана отырып жарнама жасайды	<i>ҚБ</i> Оқушылар бір-біріне ауызша кері байланыс береді	Интербел-сенді тақта, түрлі түсті қағаз, маркер								
10 минут	Жеке тапсырма	«Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша <i>Тапсырма:</i> Әр суретке қатысты бірнеше тірек сөздер жазыңыз. Тірек сөздер мен суреттерге ортақ тақырып қойыңыз. Суретті сөйлет (суретке жан бітіріп әңгіме құрастыр)	Суретке қарап тірек сөздерді жазады, тірек сөздер мен суреттерге ортақ тақырып қояды, суретті жан бітіре сөйлетеді.	Бағалау критерийі: -Суретке қатысты тірек сөздер жазады; -ортақ тақырып қояды; - тақырып негізінде әңгіме құрастырады <i>Дескриптор:</i> - әр суретке қатысты 3 тірек сөз жазады; - барлық суреттерге ортақ тақырып ұсынады; - суретке қарап әңгімелейді	Интербел =сенді тақта								
		<table border="1"> <thead> <tr> <th><i>Сурет</i></th> <th><i>Тірек сөздер</i></th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>  </td> <td></td> </tr> <tr> <td>  </td> <td></td> </tr> <tr> <td><i>Ортақ тақырып</i></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	<i>Сурет</i>	<i>Тірек сөздер</i>					<i>Ортақ тақырып</i>				
<i>Сурет</i>	<i>Тірек сөздер</i>												
													
													
<i>Ортақ тақырып</i>													

1 мин.	Үй тапсырма-сы	"Қасиетті қара шаңырақ" тыйым сөздерді біліп келу	Сабақтан алған білімдерін қорытындылай алады		
3 мин.	Рефлексия. Кері байланыс	Сабақтан алған әсерлерін жазу	Сабақтан алған әсерлерін жазып, қоржынға жабыстырады		Стикер, қоржын

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Мектеп:

Мұғалімнің аты-жөні:

Күні:

Пән/Сынып:

Қазақ тілі

Қатысқаны/қатыспағаны:

Тарау немесе бөлім атауы:

Спорт. Белгілі спорт жұлдыздары

Сабақтың тақырыбы:

Белгілі спорт жұлдыздары

Оқу мақсаты:

Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу

Бағалау критерийі:

- тақырып бойынша мінездеме құрастыра алады.

-стильдік ерекшелігін сақтап өмірбаян құрастырады.

- мінездеме, өмірбаян түрлеріне байланысты графикалық диктант жазады

Тілдік мақсаты:

Мінездеме- белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік тұрғыдан жазбаша сипаттау.

Өмірбаян- жеке адамның өмір жолы хронологиялық тәртіпте қысқаша жасалған ресми құжат.

Стиль- сөзі латын тілінен аударғанда «жазу мәнері» деген мағынаны білдіреді

Құндылықтарға баулу:

Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы

Тақырып бойынша алдыңғы білім:

6.3.1.1 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, қарапайым жоспар құру

Уақыты

Кезеңдері

Тапсырма

Мақсаты

Ресурстар

3 мин

Ұйымдастыру кезеңі

1. Сабаққа қатысуын тексеру.
2. Топтастыру. Суреттер құрастыру арқылы топтастыру «Мозайка» әдісі бойынша

Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру

Әртүрлі спорт түріне арналған суретті қима қағаздар

1 мин	Сабақтың мақсаты мен таныстыру	Белгілі спорт жұлдыздары тақырыбы бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу	Мақсатқа бағдарланған іс –әрекетті ұйымдастыру		Мақсатты экранға шығару
15 мин 10,5	Топтық жұмыс «Іздену» әдісі	Тапсырма. «Белгілі спорт жұлдыздары» тақырыбында берілген мәтіннен стиль, мінездеме, өмірбаян түрлерін анықтайды. Топта талқылап, постермен қорғайды. 1-топ. Өмірбаян, оның түрлері 2-топ. Мінездеме, оның түрлері 3-топ. Стиль, оның түрлері	Берілген тақырыпты саралай отырып, стиль, мінездеме, өмірбаян түрлерін түсіну	Топтар бірін-бірі бағалайды (дескриптор бойынша топтар бір-біріне кері байланыс береді)	Интернеттен ақпарат көздерін алады. https://sabaqtar.kz https://stud.kz
8 мин	Жұптық жұмыс «Суреттер сөйлейді»	<i>Тапсырма.</i> <i>Мәтінмен жұмыс.</i> (Спорт жұлдызының суреті және мәлімет) Алған мәліметі бойынша кейіпкерге өмірбаян немесе мінездеме жазу	Жаңа ұғымды, білімді практикалық тұрғыдан қолдану. Тақырыпты тереңірек игеру	Критерий арқылы бағалау (қосымшада)	Спорт жұлдыздарының суреттері
8 мин	Жеке жұмыс	Тапсырма. Графикалық диктант 1. Мемуар түрінде жазылады. (өмірбаян) 2. Кәсіптік шеберлігі жазылады. (қызмет. мінездеме) 3. Атқарып жүрген қызметіне лайық екені туралы жазылады. (аттест. мінездеме) 4. Қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес	Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме немесе өмірбаян түрлерін ажырату	Критерий арқылы бағалау (қосымшада)	https://stud.kz

		басқа біреулер тарапынан жазылады. (өмірбаян) 5.Белсенділігі жазылады. (жеке функ.мінездеме) 6. Мінез,қасиеттері туралы жазылады. (қызмет.мінездеме) 7.2004 жылы туылғаны жазылады. (өмірбаян) 8. Ерекше абыройға ие екені туралы жазылады. (аттест.мінездеме) 9.Мектептің патриоты туралы жазылады. (жеке функ.мінездеме)		
2 мин	Сабақтың мақсаты на оралу	Белгілі спорт жұлдыздары тақырыбы бойынша жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, мінездеме, өмірбаян құрастырып жазу	Мақсатқа жеткен – жетпегенін анықтау	Мақсатты экранға шығару
2 мин	Рефлексия	«Менің сөзім» әдісі арқылы сабаққа, өзіне баға беру	Рефлексия жасауға үйрену	
1 мин	Үйге тапсырма	Өз өмірбаянын немесе мінездеме жазу	Өмірбаян, мінездеме жазу формасын жетілдіру	https://stud.kz

Сабақтан кейінгі ойланатын сұрақтар:

Не сәтті болды?

Не сәтті болмады?

Нені жақсартуға болады?

Мен өз дағдыларымды нені дамыта алдым?

Нені өзгертуге болады?

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№34 орта мектеп» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ардақ Смаилованың іс-тәжірибесінен

Мектеп:

№ 34

Мұғалімнің аты-жөні: Смаилова Ардак
 Күні:
 Пән/Сынып: Қазақ тілі
 Қатысқаны/қатыспағаны:
 Тарау немесе бөлім атауы:
 Сабақтың тақырыбы: Су- тіршілік көзі
 Оқу мақсаты: Ұсынылған тақырып бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру
 Тілдік мақсаты: Тұжырым, ысырап, жұмырбасты пенде, су тапшылығы
 Құндылықтарға баулу: Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік
 Тақырып бойынша алдыңғы білім: 6.2.4.1 Ауызекі және ресми стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын, тілдік ерекшелігін салыстыру
 Саралап оқыту

Барлық оқушылар:	Көпшілік оқушылар:	Жекелеген оқушылар:
1. Мәтінмен жұмыс тапсырмасы	1. Деректер (мақал-мәтел, тыйым сөздер) жинақтау тапсырмасы	Кесте, диаграмма, жоба ұсыну тапсырмасы
2. Графиктік мәтін құрастыру тапсырмасы	2. Сызбаны толтыру тапсырмасы	
а) жалпы мазмұнын түсінеді	а) тақырып бойынша деректерді талдай алады	а) өңірлік мәселе төңірегінде графиктік мәтінде құрастырылған жоба ұсына алады
ә) тақырып бойынша деректер жинай алады	ә) деректер негізінде графиктік мәтін (диаграмма, кесте) құрастыра алады	
б) тақырып бойынша есімдіктерді таба алады	б) мәліметтерді өмірмен байланыстыра алады	

Уақыты	Кезеңдері	Тапсырма	Мақсаты	Бағалау	Ресурстар
3 мин	Ұйымдастыру 	Сабаққа қатысымды тексеру Топтастыру Сабаққа қызығушылығын ояту мақсатында үш жұлдызнаманың ортақ белгілерін табу  жұлдызнама	Сабақ барысында психологиялық ахуал қалыптастыру	 Оқушылардың ойын тыңдап, мадақтау арқылы қолдау жасау	Суреттер 
2 мин	Сабақ мақсаты мен таныстыру	«Су- тіршілік көзі» тақырыбы бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру	Мақсатқа бағдарланған іс – әрекетті ұйымдастыру		Мақсатты тақтаға шығару
9 мин	Топтық жұмыс «Графикалық органайзер» әдісі	1 тапсырма «Су- тіршілік көзі» мәтінінен тірек сөздерді пайдаланып, негізгі ақпараттарды графиктік сызба, кестеге түсіру	деректі кесте, сызбаға түсіріп үйрену	Критерий бойынша бағалау (косымша)	Арман ПВ1 тапсырма 99-бет А-4, маркер
7 мин	Үштік одақ	Балық қаңқасының басына есімдік қатысқан суға	Тапсырма арқылы «Мәңгілік Ел»	Әр үштік бір- біріне	Балық қаңқасы

«Балық қаңқасы» әдісі байланысты мақал- мәтел жазу, ортаңғы бөліміне есімдік қатысқан суға байланысты жұмбақ жасыру, ал соңғы бөлігіне есімдік қатысқан суға байланысты тыйым сөздерді жазғызу

идеясын сезіндіру, ұлттық мақал-мәтел, жұмбақ, тыйым сөздерді білу

ауызша кері байланыс беру.

суреті, маркер, мақал – мәтел дер жинағы



8 мин Жеке жұмыс

Бұқар жырау, М.Мақатаев, Т.Есімжанов өлеңдеріндегі есімдіктің қолданылуына сызба жасау

«Кестені мәтінге сәйкестендіру» әдісі

Судың біздер біле тұра маңызын..
Анау аспан, анау бақ
Бұл бұл үйрек бұл үйрек
Бұл үйректтей болыңыз

Есімдіктерді білу, оны сызбаға сәйкестендіре алу дағдысын дамыту



<https://www.zharar.com/tags//мукагали+макатаев+стихи>

5 мин Сабақтың мақсатына оралу

«Су- тіршілік көзі» тақырыбы бойынша деректер жинақтай отырып, графиктік мәтін (диаграмма, кесте, сызба) түрінде құрастыру

Жіктеу

Сілтеу Жал Оқушылардың мақсатқа толық жеткеніне қорытынды жасау

3 мин Қорытынды

Кері байланыс «Желкенді қайық» әдісі

рефлексия жасауға үйрену



3 мин Үйге тапсырма беру

Оқушы өз ізденісі арқылы су туралы ақпараттарды жинап, сызба сызу

Ақпаратты сызбаға түсіре білуге үйрену.

<https://www.youtube.com/теледидар>
т.б.

Сабақтан кейінгі ойланатын сұрақтар:

Не сәтті болды?
Не сәтті болмады?
Нені жақсартуға болады?
Мен өз дағдыларымды нені дамыта алдым?
Нені өзгертуге болады?

Мектеп:

Мұғалімнің аты-жөні:

Күні:

Пән/Сынып:

Қатысқаны/қатыспағаны:

Қазақ тілі

Тарау немесе бөлім атауы:
 Сабақтың тақырыбы:
 Оқу мақсаты:

Тілдік мақсаты:
 Құндылықтарға баулу:
 Тақырып бойынша алдыңғы білім:

Тарихи тұлғалар. Лексика
 Тарихи тұлғалар
 жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай
 құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу
 Өмірбаян, мемуар
 Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы
 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын
 ескере отырып, қарапайым жоспар құру

Уақыт	Кезең	Тапсырма	Мақсаты	Бағалау	Ресурстар
3 мин	Ұйымдастыру	1.Сабаққа қатысымды тексеру. 2.Ішкі, сыртқы шеңберде ой бөлісу /қай жылы, қай жерде дүниеге келдің? Алғаш рет мектеп табалдырығын қай жылы аттадың?/	Тақырып туралы ой қозғау	ҚБ: қолдау, қолпаштау	Сұрақтарды экранға шығару
2 мин	Сабақтың басы	Тарихи тұлғалар тақырыбында жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу	Мақсатқа бағдарланған іс-әрекетті ұйымдастыру		Мақсатты экранға шығару
8 мин	Сабақтың ортасы	Жетекші сұрақтар: Өмірбаян деген не? Оның қандай түрлерін білесіңдер? Ғабит Мүсірепов «Автобиографиялық әңгімеден» үзінді тыңдаймыз. Тыңдалатын мәтін кімнің атынан баяндалғанына назар аударайық. Өмірбаянның қандай түрі деп ойлайсыңдар?	Өмірбаянның түрлерін білу	Қ/Б Ауызша кері байланыс жүргізу	Ғ.Мүсірепов«Автобиографиялық әңгіме» -Ұстаз кз - tarbie.kz
8 мин	Үштік одақ	1-3-ке саналу арқылы топтасу 1- үштік одақ «Әлихан Бөкейхан – ұлт көсемі», 2- үштік одақ «Алаш қайраткері – Міржақып Дулатұлы» бойынша үш қадамды сұхбат жүргізу А – сұрақ қоюшы В- жауап беруші С- хатшы	Алаш қайраткерлерінің өмірі мен еңбек жолы бойынша сұхбат жүргізу	Қ/Б Өзара ауызша бағалау	

15 мин	Жеке жұмыс	Алаш қайраткерлерінің өмірі мен еңбек жолын негізге ала отырып, Әлихан Бөкейхан не Міржақып Дулатовтың өмірбаянын жазыңдар.	жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып өмірбаянын жазуға дағдылану	Критерий арқылы өзара бағалау
1 мин	Сабақтың соңы	Тарихи тұлғалар тақырыбында жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, өмірбаян құрастырып жазу	Білім алушылардың мақсатқа жеткен-жетпегенін Анықтау	Интерактивті тақта Мақсатты экранға шығару
2 мин		Рефлексия «Табыс баспалдағы»	Рефлексия жасауға үйрену	Интерактивті тақта «Табыс баспалдағы»
1 мин	Үйге тапсырма беру	өмірбаян жазудың өз нұсқасын қолдана отырып өмірбаян жазу	Өмірбаян жазу формасын жетілдіру	М.Мақатаев «Менің анкетам»

Сабақтан кейінгі ойланатын сұрақтар:

Не сәтті болды?

Не сәтті болмады?

Нені жақсартуға болады?

Мен өз дағдыларымды нені дамыта алдым?

Нені өзгертуге болады?

Нұр-Сұлтан қаласы № 79 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Лязат Қызырқанқызы Ақшолақованың тәжірибесінен

1-бөлім: Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті

1-сабақ

<i>Оқу мақсаттары</i>	10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру;
<i>Сабақ мақсаттары</i>	Оқушыға мәтін үзінділері мен суреттерді байланыстыра отырып, тақырыпқа болжам жасай білу дағдыларын жетілдіру; Ақпаратқа сүйене отырып пікірін білдіру және ой қорыта білуге үйрету.
<i>Құндылықтарды дарыту</i>	«Мәңгілік ел» құндылығы: тіл және мәдениет

Пәнаралық байланыс	Тарих, әдебиет
Тірек сөздер	Алаш идеясы, елшілдік ұраны,

Сабақтың жүргізілу барысы

1-тапсырма. Суреттерге назар аудар. Берілген сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыпқа болжам жасап көр.

XX ғасырдың басында ұлт эялылардың саяси-идеялық көзқарастарын «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті айқын білдірген болатын.

- «Айқап» журналы Мұхамеджан Сералиевтің редакторлығымен 1911-1915 жылдары шығып жүрді.
- «Айқап» журналы не бары 4 жыл ғұмір кешіп, 88 нөмірі жарық көрді. Осыған қарамастан Алаштың тарихында ошпес із қалдырды.
- Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі бойынша тұңғыш зерттеулерін осы «Айқап» журналында жариялаған.
- «Айқап» журналы отырықшы өмір салтын қалыптастыру, аграрлық мәселеге зор мән берді.
- Алайда қазақтың тұңғыш мәдени-ағартушы журналы болған «Айқапты» отаршыл әкімшілік күштеп жапты деген деректер бар.




1.«Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Газеті жоқ жұрт басқа газеті бар жұрттардың қасында құлағы жоқ керең, тілі жоқ мақау, көзі жоқ соқыр сықылды. Дүниеде не болып жатқанын көру жоқ, не сөйленіп жатқанын есту жоқ, өз пікірін айту жоқ» А. Байтұрсынұнов.

2. «...Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз».

- Суреттер мен дәйексөз қандай ақпарат береді?
- Неліктен автор газеттің қоғам, халық үшін маңыздылығына баса назар аударған деп ойлайсындар?
- Тіл мәселесін төртінші билік – БАҚ шеше ала ма?
- «Сөз мәдениеті» деген ұғымды қалай түсінесіздер?

2-тапсырма. Топтық жұмыс

- Мәтін мен суреттердің арасында қандай байланыс бар?
- Бұл мәселе қоғам, адам үшін қаншалықты маңызды?
- «Сөз түсініксіз болса, суретке мән беремін. Сурет түсініксіз болса, онда үнсіздікке риза боламын»
- Ансел Адамс
- Тұжырымға қатысты ойыңызды білдіріңіз.



Адамның өз көзқарасын, пікірін жеткізуі және жазбаша сауатты жаза білуді игеруі *сөз мәдениеті* деп аталады. Сөз мәдениеті *сөйлеу әдебі* деген сөзбен тығыз байланысты.

Сөз мәдениеті – адам мен қоғамның рухани мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігінің бірі. Себебі әрбір адам (әсіресе білімді) дұрыс және әдемі сөйлей білуі қажет. Атақты сөз зергері Ғабит Мүсірепов: «Адам мәдениетінің алғышарты – дұрыс сөйлей білу. Түсіне білгенге сөйлей білу де өнер. Тілін білмеген – түбін білмейді», – деп бекер айтпаған.

«Сөз мәдениеті» тіркесі қазіргі лингвистикада екі мағынада қолданылады:

Сөз мәдениеті – тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. Кейбір зерттеушілер тілдің көріктеу құралдарын, яғни стилистикалық заңдылықтарды дұрыс пайдалануды сөз мәдениетінің объектісі деп таниды.

Сөз мәдениеті –тілді нормалау мәселелерін жетілдіру мақсатында зерттейтін тіл білімінің саласы.

Сөз мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру. Сөз мәдениеті дегеніміз, қарапайым тілмен айтқанда, ең алдымен ана тіліміздің иелігіндегі барша дүниеліктерді – тілдің дыбыс жүйесін, оның ырғақ, әуездерін; сөзді оның мағыналық қырларын; сөздің тұлғалық құрылымдарын, оның жұрнақ, жалғауларын; сөз тіркесі мен сөйлем жүйелерін; тілдің стильдік құралдарын т.б. әдеби тілдің нормасына сай қолдана білу, дұрыс әрі бедерлі жұмсай білу деген ұғымды білдіреді. (Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. Алматы, 2004, 7-бет).

1-тапсырма. Мәтін бойынша сөз мәдениетіне қойылатын талаптарды көрсетіңіз.

2-тапсырма. Өзіңіздің сөйлеу тіліңізде кездесетін кемшілікті көрсетіңіз.

Біріншіден, _____

Екіншіден, _____

Үшіншіден, _____

Төртіншіден, _____

Бесіншіден, _____

Тыңдалымалды тапсырма.

3-тапсырма. Берілген сұрақтарға «ПОПС» формуласы негізінде жауап бер.

1. Алаш зиялылары – елшілдік пен Отанға адал қызмет етудің рәмізі. Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы.

2. «Алаш идеясы» – қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы. Өйткені Алаш — халқымызды бесігінде тербетіп, есейіп ат жалын тартып мінгенде бойына күш-қуат және сенім берген ұлттық идея.

3. Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш кайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

4. Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

- Берілген үзінділерді не байланыстырады?
- Қандай тақырыпты қозғайды?
- Алаш идеясы дегенді қалай түсінесің?
- Алаш идеяларына қатысты тұжырымдармен қаншалықты келісесіз? Неге?
- «Олар – барды көбейтуші, үзілгенді жалғастырушы, жоқты жасаушы». Кімдер жайында сөз қозғалуы мүмкін?
- Автордың «барды көбейтуші», «үзілгенді жалғастырушы», «жоқты жасаушы» деген пікірі оқырманды қандай ойға жетелейді?

Оқушылар өз пікірлерін ПОПС формуласы арқылы білдіре алады.

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... »
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім..»

Бағалау

Бағалау критерийі

10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады.

Дескриптор

Мәтін үзінділері негізінде тақырыпқа, мәтін мазмұнына болжам жасай алады.
Берілген сұраққа толық жауап береді.
Автордың «барды көбейтуші», «үзілгенді жалғастырушы», «жоқты жасаушы» деген пікіріне нақты аргумент келтіре алады.
Берілген үзінділерге қатысты өз көзқарасын білдіреді.
Пікір білдіру барысында сөз мәдениетінің талаптарын ұстанады.

Мәтінмен жұмыс кезеңі.

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Алаш арманы

Қазақ елінің бүгінгі территориялық тұтастығының заң жүзінде бекітілуінің өзі алашорда тарихынан бастау алады. Алаш зиялылары қазақ елінің ұраны «Алаш» екенін тұрақтандырып, адамзат тарихы мен руханиятына үлес қосатын топтық зияткерлік идея – алаш идеясын қалыптастырды.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеологиясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек» деп атап айтқан.

Қазақ елінің ел ұраны – қасиетті «Алаш» сөзі көне түркі тілінде «бауырластық» мағынасын білдірсе, қазақ тілінде «отан азаматы» деген мағынаны білдіреді. Ел ұранында ел арманы – алаш арманы жасырынып жатыр. Біз әлемде қай деңгейдеміз? Арманымыз бар, дәрменіміз жоқ деп келдік, шындығында арманы болғанның дәрмені де болады. Америка арманы АҚШ-ты әлемнің ең озық елі болуға жетелесе, Қытай арманы қытай елінің қарқынды дамуын жеделдетті. Алаш арманын санамызға сіңірсек, біз де алпауыт елдермен иық теңестіруге жетеміз. Сондықтан, алаш арманын айқындау яғни, қайда бара жатқанымызды білу тәуелсіз қазақ елі үшін бәрінен маңызды. Алаш арманы – мәңгілік ел идеологиясының арқауы, қазақ елінің болашаққа деген үлкен сенімі.

Сан ғасырлық тарлан тарихымызды қастерлеу сынды маңызды, ұлтты дамыту үшін аса қажет міндеттердің бәрі ел шаңырағы – Алаш арманына уық болып қадалуға тиісті. Алаш деп ұрандап, топтық зияткерлікпен алаш арманын іске асыру – алаш азаматтарының еншісінде. Франция бесінші республикасының тұңғыш президенті, француз халқының қалаулы ұлы Шарль Де Голль айтқандай: «Даму – тәуелсіздікті қорғаудың кепілі». Аллаға шүкір, 2015 жылы қазақ елінің елдігіне 550 жыл толса, 2016 жылы қазақ елінің егемендігіне 25 жыл толып, 2017 жылы ардақты Алаш орданың ғасырлық мерейін ЭКСПО көрмесімен бірге қарсы алдық. Мұндай шұғылалы шақтардың қатар келуі әсте тегін емес. Бұл алаш үшін алға шапқан боздақтардың қан терінің қастерленіп, алаш арманының бір-бірлеп орындалып келе жатқанының белгісі болса керек.

Ұлан БАҚЫТҰЛЫ, АҚШ, Монтана штаты

• Мәтін тақырыбы нені білдіреді? Тақырыпты ма әлде негізгі ойды ма?
• Мәтінде қандай мәселелер қарастырылған деп ойлайсың? Кем дегенде 3 мысал келтіріңіз.

- Автордың ойын нақтылайтын н аргументтерді табыңыз.
- Мәтін астарында қандай сұрақтар қарастырылған деп ойлайсыз?
- Сіздің ойыңызша, автор қандай мақсат қойды деп ойлайсыз?
- Автордың берген бағасымен келісесіз бе? Дәлел келтіріңіз.

Мәтіннен кейінгі кезең.

5-тапсырма.

• «Мәңгілік ел» идеясын қалай түсінесіз?

• Н.Ә. Назарбаев «Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеологиясын ту етіп көтеруді табыстап кетті. 1991 жылы құрылған Қазақстан Республикасы атты мемлекет – сол арыстардың асыл арманының жүзеге асуы. Біз осы мемлекетті көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек» деген ойының «Мәңгілік ел» идеясымен байланысын талқылаңыз.

• Үзіндідегі «тарлан тарих», «уық болып қадалу» «азаматтардың еншісінде», «көздің қарашығындай сақтау» сөз тіркестері мен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын түсіндір, синонимдер қатарын жазыңыз.

Алаш арманы – мәңгілік ел идеологиясының арқауы, қазақ елінің болашаққа деген үлкен сенімі. Сан ғасырлық тарлан тарихымызды қастерлеу сынды маңызды, ұлтты дамыту үшін аса қажет міндеттердің бәрі ел шаңырағы – Алаш арманына уық болып қадалуға тиісті. Алаш деп ұрандап, топтық зияткерлікпен алаш арманын іске асыру – алаш азаматтарының еншісінде

• «Алаш арманы және мен» тақырыбында 150 сөз көлемінде ойыңызды тұжырымдаңыз.

Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті

2-сабақ

<i>Оқу мақсаттары</i>	10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильді тілдік құралдар арқылы тану (терминдер, тілдік оралымдар, өзге стиль элементтері);
<i>Сабақ мақсаттары</i>	Публицистикалық стильдің белгілерін тілдік құралдар арқылы меңгерту; Лексикалық, морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктерін ұғындыру
<i>Құндылықтарды дарыту</i>	«Мәңгілік ел» құндылығы: тіл және мәдениет
<i>Пәнаралық байланыс</i>	Тарих, әдебиет
<i>Тірек сөздер</i>	<i>Экспрессивті сөздер, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер Тақырыпқа сай терминдер, неологизмдер Толымсыз сөйлемдер</i>

Сабақтың жүргізілу барысы

1-тапсырма. Стильдің белгілеріне қарап, қай стильге жататынын сәйкестендіріңіз. Себебін түсіндір.

Стиль белгілері

хабардың толыққанды жеткізілуі; баяндаудың: нақтылығы; фактографиялылығы; логикалылығы; ықшамдылығы; экспрессивті-эмоционалдылығы; қимыл-әрекетке итермелеуі.

Бейтарап және эмоционалды сөздер, диалектизмдер, дөрекі сөздер, қарапайым, тұрмыстық сөздер, варваризмдер, сөйлеу тілінің фразеологизмдері; -

Стиль түрі

көріктеу тәсілдері (метонимия, синекдоха, табу, эвфемизмдер) қолданылады.

Ғылыми ақпаратты жеткізу ғана емес, сол ақпараттың, көп жағдайда жаңалықтың ақиқаттығын дәлелдеу де; екіншісі – оқырманның немесе тыңдарманның логикалық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыру.

Логикалық жүйелі құрылған ой құрмалас сөйлемдер арқылы беріледі, ондағы сөздердің орын тәртібі қалыптасқан құрылымнан тұрады.

Ақиқат шындықты, өмірдегі зат, құбылыстарды суреттеу, бейнелеу арқылы оқырман сезіміне әсер ету.

Мәтіналды тапсырма

2-тапсырма

Ақын өлең жолдарында қандай төрт ана туралы сөз қозғағанын? Болжам жасап көріңіз.

Соңғы өлең жолдарындағы «бақ жұлдызының» жанбауына не әсер етеді? Кемінде 3 аргумент келтіріңіз.

*Демеп жүрер, жебеп жүрер арқада,
Болу керек құдіретті төрт ана...
Төрт анасын сыйламаған халықтың
Ешқашанда бақ жұлдызы жанбаған.*

М. Шаханов

Мәтінмен жұмыс кезеңі

3-тапсырма. Берілген аудиомәтінді тыңдап, төмендегі тапсырманы орындаңыз.

<https://www.youtube.com/watch?v=6nK60ew1neI>

Мағжан Жұмабаев "Қазақ тілі"

- Ақын көтерген мәселе қазіргі таңда маңызды ма? Иә/жоқ. Неліктен?
- «Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
- Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!» деген жолдарың мағынасын қалай түсінесіз?
- Ақынның жан күйінішіне себеп болған жағдайларды тарихпен байланыстыра талдаңыз.
- Мағжан Жұмабаев пен Мұхтар Шахановтың үндестігі неде?
- Берілген өлең жолдарынан тілге қатысты қолданған тіркестерді анықта және түсіндір.
- Тілдің құдіреттілігіне, қасиетілігіне баға берген автордың ойы қай жолда берілген?
- Автор қазіргі таңда қазақ тілі мәселесін қалай жырлайды деп ойлайсың?
- Өлеңнің сабақ мақсатымен байланысы бар ма? Неліктен?

4-тапсырма. Мәтінді оқып, берілген кесте бойынша талдаңыз.

Қазақ тілінің мұңы

Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім.

Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін... Енді, қайтемін? Бұл мұңымды кімге айтамын, кімге шағамын!...

Менің ойлап-ойлап тапқаным – Жалау жолдас, сен болдың. Сен өкімет басындағы ақсақалымыз едің. Сен нағыз қазақтың бел баласы едің.

Міржақып Дулатов (Мадияр - бүркеншік аты)
«Ауыл тілі», 27 июль, 1926 ж. №1.

Талдау реті

Себебі мен мақсатын детальді түрде түсіндіріп жазыңыз

Формасы

Түрі

Жанры

Көзделген аудиториясы

Мақсаты

Мазмұны

Стилі

Тілдік ерекшелігі лексикалық ерекшелігі
(лексикалық, морфологиялық,
синтаксистік)

Мәтіннен кейінгі кезең.

5-тапсырма

- Барлық мәтіндерді не байланыстырады?

- М. Дулатов «Қазақ тілінің мұңы» мақаласындағы мәселелер 21 ғасыр «мұңы» бола ала ма?
- Ұсынылған мәтіндер сізге қалай әсер етті?
- Ойды әсерлі жеткізуге себеп болған ақын қолданысындағы тілдік бірліктерді мысалдар арқылы түсіндіріңіз.
- Алаш зиялыларының тәуелсіз мемлекет құрудағы еңбегі қаншалықты ақталды?

Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті

3-сабақ

<i>Оқу мақсаттары</i>	10.1.4.1 мәтінде көтерілген мәселені (қоғамдық-саяси) талдай отырып, негізгі ойды анықтау және ғаламдық мәселелермен байланыстыру
<i>Сабақ мақсаттары</i>	Мәтіндегі көтерілген мәселеге қатысты өз тұжырымын ғаламдық мәселемен байланыстыра айту дағдыларын жетілдіру;
<i>Құндылықтарды дарыту</i>	«Мәңгілік ел» құндылығы: тіл және мәдениет
<i>Пәнаралық байланыс</i>	Тарих, әдебиет
<i>Тірек сөздер</i>	Алаш идеясы, елшілдік ұраны,

Сабақтың жүргізілу барысы

Мәтіналды тапсырма.

1-тапсырма.

- « Ұлттық код – ең алдымен, тілде» деген ұғыммен қаншалықты келісесің?
- Адамға екі-ақ нәрсе тіректегі, бірі –тіл, бірі - діл жүректегі. Ж. Баласағұн. Тіл мен ділдің байланысы неде? Олардың жүрекке бағыныштылығын немен түсіндіресіз?

Мәтінмен жұмыс кезеңі.

2-тапсырма. Берілген үзіндіні оқып, сұрақтарға жауап беріңіз.

- Берілген мақаланың үзіндісінде автор қандай мәселені талқылайды?
- Автор оқырманын толғандыра ала ма? Неліктен?
- Берілген үзіндіде қандай сұрақ қарастырылған және автор қандай жауапты ұсынады?
- Сөз адам өміріне қалай әсер етеді?

Тіл – адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында

ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз – ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы – адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат еш нәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.

3-тапсырма. Мәтін бойынша қос жазба күнделігін толтырыңыз.

<i>Мәтіннен үзінді</i>	<i>Түсіндірме</i>
<p>Ақынның тіл мен қазақ мінезін, болмысын байланыстырудағы мақсатына қатысты тұжырымыңды жаз. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр.»</p>	
<p>Егер 21-ғасырда алаш зиялысы Мағжан өмір сүрсе, ақынды қандай мәселе толғандыруы мүмкін деп ойлайсың? Өз ойыңды берілген тіркестер негізінде білдір. Менің ойымша, Мұндай қорытындыға келуімнің себебі... Біріншіден..., екіншіден..., үшіншіден.</p>	
<p>Берілген ойға қатысты тұжырымыңызды жазыңыз. «Жүрек, ар-ұят оянса, мінез-құлық түзелсе, мәдени, тарихи өрлеу басталады, ізгілік, руханият, бақыт келеді» дейді ұлы ойшылдар.</p>	

4-тапсырма. Теледидар хабарларынан келтірілген үзінділер негізінде сөйлеу стилі мен публицистикалық стильдің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп, салыстырмалы талдау жасаңыз.

«Қазақстан» арнасының тікелей эфирінде – Апта kz Бүгінгі көретіндеріңіз: Қазақстан Президенті ұсынған идеясы дағдарыспен күресуге қандай даралық

танытпақ? Астана экономикалық форумының берер салмағы қандай деңгейде? Елбасы шетел инвесторларына қандай тапсырма берді?. Неліктен Алаштың ардақтысын қорғай алмады? Тікелей эфирде «Қазақстан» телеарнасының қорытынды жаңалықтары. Студияда – Мен, Гүлназ Әлімгерей. Армысыздар, ардақты ағайын! Әдеттегідей, алдымен, бүгінгі күннің маңызды деген жаңалықтарына қысқаша тоқталып өтейік.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед бастаған қазақстандық делегация алдымен Құрманғазының кесенесіне тәу етіп, аруақтарға арнап Құран бағыштады, гүл дестесін қойды; Менің ойымша, бұл орталық тек қана мұражай ғана емес, Қазақстан және Ресей халықтарының, қала берді шетелдік меймандардың тәу етер қасиетті жері болмақ.

Сөйлеу стилі

Публицистикалық стиль

Мәтіннен кейінгі кезең.

5-тапсырма.

- Сөйлеу стилі дегеніміз не?
- Оның басқа стильден қандай айырмашылығы бар?
- Кітаби стильге қандай стиль түрлері жатады?
- Сөйлеу стилі неге кітаби стильге жатпайды? Нақты дәлел келтір?

Тіл және алаш идеясы. Сөз мәдениеті

4-сабақ

<i>Оқу мақсаттары</i>	10.2.7.1 БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректерді ала білу, сілтеме жасау жолдарын білу
<i>Сабақ мақсаттары</i>	Газеттен, энциклопедиядан және ғылыми-көпшілік әдебиеттен алынған деректерді қолдану; Деректерден алынған ақпараттарға сілтеме жасай білу.
<i>Құндылықтарды дарыту</i>	«Мәңгілік ел» құндылығы: тіл және мәдениет
<i>Пәнаралық байланыс</i>	Тарих, әдебиет
<i>Тірек сөздер</i>	Алаш идеясы, елшілдік ұраны,

Сабақтың жүргізілу барысы

Мәтіналды кезең

1-тапсырма.

1. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, пайымдау мәтінін құраңыз.
2. Мәтінге тақырып қойыңыз.
2. Құрастырылған мәтіннің жанрын, стилін анықтаңыз.
3. Қандай сөздер мен сөз тіркесін қолданыла алмадың? Себебін түсіндіріңіз.

Қолдануға тиісті сөздер мен сөз тіркестері: ең қуаттысы, жоғалады, күн кешу, тыныс, сыр ұғу, айбатым, дақ түсіру, дана тіл, таза, мінсіз, ұлт, күйініш, сүйініш, тарихымызды ұмыту, парыз, ұлттық код, болашақтан қол үзу, халық, басты белгі, ұлтымыздың анасы, ұлт деуге болмайды, мәртебе, діл мен тіл.

Мәтінмен жұмыс кезеңі

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- Алаш зиялылары ана тіліміздің өркендеуіне қандай үлес қосты?
- «Мәңгілік елдің» өзегі ұлттық, Алашшыл идеялар болуы керек, - деген ойға сенің айтар пікірің қандай?
- Берілген мәтінге сілтеме жасай отырып, «Жас ұрпақ Алаш зиялыларының көзімен» тақырыбында 180 сөзден тұратын мақала жазыңыз.

Біріншіден, Алаш азаматтары қазақ ғылымының төлбасы әрі арналы саласы ретінде ең алғаш болып тілтану ғылымының іргетасын қалады. Қандай ғылым болса да, әлбетте, белгілі бір қолданбалы, жүзелік сипаттан өрістейді. Осы тұрғыдан келгенде, Ахмет Байтұрсыновтың тіл саласындағы еңбектері, кейінірек жазылған Халел Досмұхамедұлының, Телжан Шонанұлының, Елдес Омарұлының еңбектері алдымен оқытуға, білім беруге арналған дүниелер болатын.

Екіншіден, Алаш қаламгерлері XIX ғасырдың ортасында алғашқы белгілері байқалған ұлттық жазба әдебиетімізді жанрлық жағынан да, стильдік тұрғыдан да қалыптастырды, анағұрлым байытты.

Үшіншіден, Алаш зиялылары XX ғасырдың басында ұлт тәуелсіздігі мәселесін көтере отырып, ұлттың рухани-мәдени өрлеуіндегі, саяси ұйысуындағы асыл қазынаның бірегейі тіл екендігін байыптады. Сөйтіп, олар тілді сақтау, дамыту, қолданыс аясын кеңейту міндеттерін көтере келе, қазақ тілінің саяси, қоғамдық, әлеуметтік мәртебесіне ерекше мән берді. Ресей отаршылдығының саяси, әскери қысымын ғана емес, рухани өктемдігін сезген, көрген Алаш зиялылары тілді, ұлтты сақтап қаларлық қуатты құрал деп қарады, бағалады, соған риясыз қызмет етті.

Алаш арыстарының ұлттық мемлекет құруды көздеп, елді бірлікке шақыруы – бүгінгі ең қажетті құндылық. Ол қазіргі тәуелсіз Қазақстанның мемлекетінің саясатымен үндесіп жатыр. Халқының азаттығы мен бақыты жолында жан сала күрескен, сол жолда құрбан болған Алаш ардақтыларының сан салалы асыл идеялары бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан жағдайында бірте-бірте жүзеге асуда. Кезінде Алаштың арыстары атанған ұлтымыздың ұлы перзенттерінің халқына жасаған ұшан-теңіз еңбектері, рухани асыл мұралары қазақ өз елінің иесі болып тұрғанда мәңгі жасай бермек. Тарих тағылымына терең бойлаған сайын біз бүгінгі тәуелсіз бейбіт күннің қаншалықты ауырлықпен келгенін түсінеміз. Еліміздегі еркіндік пен сөз, ой, ар – ождан бостандығының қоғамдағы тыныштық пен ұлттар арасындағы ынтымақтастықтың, береке мен бірліктің бағасына жетіп қоймай, өскелең ұрпақтың ойына азық, бойына қазық етіп сіндіру қажет.


Алаш идеясы – қазақ идеясы. Демек, «Керегеміз – ағаш, ұранымыз – Алаш» дейтін біз үшін ол әрқашан қазақ идеологиясының темірқазығы болып келді, бола береді де.

3-тапсырма.

1. «ҰЛТТЫ СҮЮ» мен «ҰЛТШЫЛДЫҚ» ұғымдарына қатысты пікіріңізді білдіріңіз.
2. ...Оңай сөз ғой «Отанды сүйем» деген, Іс тынбайды «жанамын, күйемменен»... деуінің астарында қандай мәселе жатыр?
3. «Сүйемін», «жанамын», «күйемін» деген ұғымдар ұлтты сүюдің критерийі бола ала ма? Иә/ЖОҚ. Неліктен? Дәлел келтіріңіз.

4-тапсырма. Берілген кесте негізінде тапсырманы орындаңыз.

Логикалық мағынаға негізделген эвристикалық жобалау технологиясы



Ұлтты сүю әртүрлі

Ақылы, сезімі ұстарған қазіргі мәдениеттің төрінде жүрген адам баласын алсақ, әр ұлт өзінің өскенін, өзгенің көркейгенін, жетілгенін, өзінің қожалығын көксеріп, жанын салып, қанын судай ағызып, дүние-мүлкін ортаға салып, алысып жатыр. Бұған қарағанда адам баласының өз *мешелділігі* мәдениет өрлеген сайын күшейіп келеді. «Өзіңе тілегенді біреуге де тіле», «Адам баласын бауыр тұт» деген көркем тілек далада қалып, тұрмыс күресі, қанішерлік майданда тұр. Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі.

Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін *елетіп* отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бос қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар – әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «ұлтым» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері.

Оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан *жиренбей*, жақын жүріп, сырласып, *мұң-мұқтажымен* таныс болып, өзі ұлтын сүйеге, халқын өзі сүйгізуге қызмет қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек.

Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша дегіш жылтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен *өгіздей* өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы - оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын.

Оқығандар! Бұл уақыт жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, *ауыр жүгі* жатыр.

(«Абай» журналы. 2 қазан. 1918 жыл)

Мәтіннен кейінгі кезең

5-тапсырма.

- Автордың ұлтты сүйеге қатысты көзқарасына пікіріңіз қандай?
- Автор бұл мақала арқылы оқырманға нені жеткізгісі келді? 2 дәлел келтіріңіз.
- Қарамен берілген сөздердің мағынасын анықтап, 2 синоним немесе тұрақты сөз тіркестерін жазыңыз.
- Автордың қарамен жазылған сөздер мен тіркестердің мәтіндегі қолданылу себебін анықтаңыз.

ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс» бөлімі

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтінде көтерілген мәселеге байланысты автордың негізгі ойын, мәтін арқылы оқырманға не айтқысы келгенін анықтап, сұрақтар құрастырыңыз, өз пікіріңізбен баға беріңіз.

2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

1-мәтін

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа индустрияландыру: қазақстандық барыстың қадамы» ұлттық телекөпірі барысында жоғары технологиялық бірқатар жаңа өндіріс ошағын іске қосады» деп хабарлайды Sputnik Қазақстан тілшісі.

Ұлттық телекөпір барысында бүкіл ел бойынша онлайн режимінде жана индустриалды-инновациялық, инфрақұрылымдық, энергетикалық, агроөнеркәсіптік жобалар іске қосылатын болады. Атап айтқанда, «Қазақалтын Технолоджи» компаниясы Ақсу ауылында алтын өндіру фабрикасын іске қосады. Ақтөбе облысында машина жасау және металл өңдеу секторында мұнай-газ жабдықтарын өндіру және құбырлар шығарумен айналысатын "Қазақстан мұнай жабдықтары зауыты" ЖШС зауыты ашылды. Ал Атырау облысында ("Жігермұнайсервис" ЖШС) роботты дәнекерлеу әдісімен металл құрастырмалары өндірісі іске қосылмақ. Тамақ өнеркәсібінде және ауылшаруашылық өнімдерін қайта өңдеуде Солтүстік Қазақстан облысындағы "Маслодел" ЖШС, "Тетра Пак" ЖШС жоғары технологиялық қондырғылармен жабдықталған сүт зауытын ашады. Шығыс Қазақстан облысында "Восток-Молоко" ЖШС жоғары технологиялық жабдықтары орнатылған сүт кешенін модернизациялаған. Бұдан бөлек, Батыс Қазақстан облысында жаңа құс фабрикасы іске қосылады.

Сондай-ақ телекөпір барысында Жамбыл облысында "Оргстрой" кәсіпорны гранит, мәрмәр және гипс өндіру, жарылғыш құрылғыларды өндірудің жаңа технологиясын өңдеу бойынша өндіріс ашуды жоспарлап отыр. Алматы облысында "Psi Stroy Industriya" ЖШС металл конструкцияларын шығаратын зауытты, Коринская ГЭС баламалы энергетикалық жобаны іске қоспақ. Ал Қарағанды облысында ескі көліктерді қайта өңдеумен айналысатын кәсіпорын жұмыс істей бастады. Кәсіпорын жылына тозығы жеткен автокөліктердің 50 мыңын қайта өңдеуге қауқарлы.

Бұған қоса, телекөпір барысында Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамыту және Еуразия құрлығындағы логистикалық торапты құру жобасын іске асыру мақсатында Мемлекет басшысы бірнеше нысандардың іске қосылатынын атап

өтті.

2-мәтін

Жалпы Ұлттық Өнім (ЖҰӨ) – макроэкономикалық жиынтық көрсеткіш. Бір адамға шаққанда нақты ЖҰӨ-нің өсімі халықтың тұрмыс деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады. ЖҰӨ бір елдің нарықтық баға бойынша есептелген, жыл бойы шығарған дайын өнімін құрайды. Басқа елдерде көптен бері кең қолданылып келе жатқанымен, отандық тәжірибеге 1988 жылдан енгізілген. Бір адамға шаққанда нақты ЖҰӨ-нің өсімі халықтың тұрмыс деңгейінің басты көрсеткіші болып табылады. ЖҰӨ бір елдің нарықтық баға бойынша есептелген, жыл бойы шығарған, дайын өнімін құрайды. Оған сол елде және сол елдің иелігіне жататын, шет елдерде шығарылған өнім құны да кіреді. ЖҰӨ-нің жалпы ұлттық табыстан айырмашылығы — оған өндірістік және өндірістік емес негізгі қорлардың амортизациясы және өндірістік емес жүйелер мен сыртқы экономикасы қызметтен түсетін табыстар да қосылады.

Сонымен қатар ЖҰӨ-ді есептеудің бірнеше әдістері қалыптасқан, соның ішінде, Қазақстандағы жалпы ұлттық өнім және оны есептеу әдістері де ерекше. Көптеген тауарлар және қызмет түрлері ЖҰӨ-де нарықтағы бағаларымен есептелінеді, ал кейбір тауарлар мен көрсетілген қызмет түрлері нарықта сипатталмайды, сол себепті нарықтық бағасы жоқ. Дегенмен, осы көрсетілген қызмет құны ЖҰӨ-ге енгізілуі керек, сол үшін біз оларды өлшеуіміз керек. Осындай бағалар шартты түрде есептелінген құн атауына ие болады. Мысалға, тұрғындарға әкімшілік, полиция және өрт сөндірушілер қызмет көрсетеді. Осы көрсетілген қызмет құнын бағалау қиын, себебі олар сатылмайды және нарық бағасын иемденбейді. ЖҰӨ құрамында осы мемлекеттік жұмысшылар өнімінің құнының көрсеткіші олардың жалақысы болып табылады.

Оқылым

Тапсырма

Графиктік мәтіндермен танысып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

[10]



1. Мәтіндерде қай жылдардың ішкі жалпы өнім көрсеткіштері берілген?

- A. 2015-2016
- B. 2016-2017
- C. 2017-2018
- D. 2014-2015

1]

2. Мәтіндердегі мәліметтер бойынша әр жылдағы өнеркәсіп табысының мөлшері қандай?

- A. 2016ж.-26,1% 2017ж.-4,2%
- B. 2016ж.-17,1%, 2017ж.-19,2%
- C. 2016ж.-25,2%, 2017ж.- 27%
- D. 2016ж.-12,5%, 2017ж.-21,7%

[1]

3. Мәтіндерден қандай үдерістерді байқауға болады?

[2]

4. Мәтінде қай салалардың өнім көрсеткіштері берілген?

2016 жыл	2017 жыл
-	-
-	-
-	-

[3]

5. Мәтіндердегі мәліметтерді салыстыра талдап, ойыңызды 3-4 сөйлеммен жазыңыз.

[3]

Жазылым

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Жазылым жұмысында абзац бен бөліктерге бөлуді, ойыңызды логикалық тұрғыдан жүйелі жеткізуді, жазылымға сай стильді ұстануды ескеріңіз. Сонымен қатар ұсынылған тақырып аясындағы сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданыңыз.

[10]

1. Қазақстандағы жалпы ішкі өнім жыл санап өсіп келе жатқандығын дәлелдеп аргументтік эссе жазыңыз.

2. «Ұлттық өндірістің әлеуметтік жағдайға әсері» тақырыбында шағын мақала жазыңыз.

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

№	Балл	матика мен лексиканы дұрыс қолдануы	рақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті
1	9-10	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді.	Тақырыпты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады.
2	7-8	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді.	Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді.
	5-6	Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды.	Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді.
	3-4	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады.	Тақырыпты түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды.
	1-2	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі.	Тақырыпты түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады.

Оқылым

№	Жауап	Балл
1	В	1
2	А	1
3	<i>Ықтимал жауап:</i> 2016 және 2017 жылдардағы еліміздегі ЖІӨ үлесі, оның қандай салаларға тиесілі екендігі салыстырмалы түрде көрсетіледі.	2
4	Өнеркәсіп, сауда, көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы	3
5	<i>Ықтимал жауап:</i> 2016 жылы еліміздегі ЖІӨ өндірістік салаларға тиесілі болса, 2017 жылы бұл көрсеткіш қызметтер саласына ауысқан. Бұл дегеніміз – жылдан жылға қызметтерге сұраныстың көбейіп, сәйкесінше осы саладағы сатылымының жоғары пайда әкелетіндігін көрсетеді.	3
Барлығы		10

Жазылым

№	Балл	Сипаттамасы
1	9-10	Ойын логикалық түрде жүйелі жеткізген. Стильге сай сөздер мен тілдік құрылымдарды орынды қолданады. Тақырыпты ашуда сөз оралымдарын күрделендіре, әсерлі жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді.
2	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, Бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.
	3-4	Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен карама – қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тілқұралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

3-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Тілдік жүйе және норма» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты 10.1.5.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу

Бағалау критерийі

Білім алушы

•Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып сөйлейді

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқыңыз.

Ғаламдық проблемаларды ерекше білім саласы — глобалистика зерттейді. Аталған ғаламдық проблемалар өзара тығыз байланысты және барлығы іс жүзінде жердегі экологиялық дағдарыстың даму процесімен қамтылады. Әрбір ғаламдық проблеманы міндетті түрде шешу қажет, өйтпесе оның дамуы апатқа — өркениеттің жойылуына дейін апарып соғады. Ғаламдық проблемаларды шешу үшін ғаламдық, аймақтық, ұлттық бағдарламалар жасалады, бірақ оларға келісушілік және үйлестірушілік жетіспейді. Ғаламдық проблемаларды шешуге жұмсалатын шығындардың жартысына жуығын экологиялық проблемаларды шешу шығындары құрайды. Өйткені басқа проблемалардың ішінде ғаламдық экологиялық проблемаларды ең артықтау проблема деп санайды. аламдық экологиялық проблемалар — ғаламдық, аймақтық және ұлттық деңгейлерде айқындалған экологиялық проблемалар кешені. Зор геосаяси проблеманың экологиялық қауіптілігінің мынадай көріністері бар: табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының жұқаруы, атмосфераның, Әлемдік мұхиттың ластануы, биологиялық әралуандылықтың азаюы және т.б. Олар тек қана барлық елдердің қатысуымен, БҰҰ-ның басқаруымен шешілуі мүмкін.

Ғаламдық мәселелерді шешу міндетті түрде адамзат дамуының тұрақты әрі тиімді жолын іздеп табу. Табиғатты интенсивті игерілуі, экономикалық-әлеуметтік қызметті арттыру, экологиялық, демографиялық процестерге және космосты игеру мәселелері адамзаттың ой парасатының қатаң бақылауында болуы қажет. Қазіргі адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету және оны қанағаттандыру, келешек ұрпақтың несібесінің есебінен болмауы керек. Қазір адамзаттың аман-сау қалу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік мол. Осы өзіндік рухани және практикалық тәжірибені табиғи ортаға икемдеп, адам мен әлемнің үндестігін табу; жаңа өмірге жаңа ғасыр дамуына сәйкес адамзат парасаттылығының күш жігерін тиімді тіршілік формаларын жұмсау, жоғары мәдениетті, жаңалыққа құштар, әлемнің тұтастығын, қоғамның даму бағытын түсінетін, ғылымды, озық техника мен технологияны игерген, білімді,

салауатты өмір салты мен рухани гумандық көзқарасы мол жаңа адам тәрбиелеп шығару.

Мектебіңізде «Ғаламдық мәселелер – ғасыр тағдыры» атты конференция өткелі жатыр. Бұл шара барысында ХХІ ғасырдың жаһандық мәселелері, оның ішінде бейбітшілікті сақтау, экология, табиғи ресурстардың таусылуы т.б. мәселелер талқыланады. Сіз өз бағытыңызды таңдап алып, осы ғаламдық мәселелерді шешу жолдарын көрсетіңіз.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор Білім алушы</i>	<i>Балл</i>
Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып сөйлейді	1	тақырыпты ашады;	1
		бір ғаламдық мәселеге толық тоқталады;	1
		мәселенің шешу жолдарын ұсынады;	1
		тыңдалым мәтініндегі ақпараттарды қолданады;	1
		көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін сақтайды;	1
		аудиториямен байланыс орнатады;	1
		әдеби тіл нормаларын сақтайды;	1
<i>Барлығы</i>			7

«Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты 10.2.4.1 Әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс-қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау

10.3.3.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе);

Бағалау критерийі

Білім алушы

- әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады
- клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, дискуссивті эссе жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі
Орындау уақыты

Қолдану
Жоғары деңгей дағдылары
15-20 минут

Тапсырма

Берілген екі мәтінді мұқият оқыңыз.

Ірі ғылыми оқиғалар, негізінен, астрономия, археология, биология және физика салаларында болған. Science журналы 2018 жылдың басты ғылыми жаңалықтарының тізімін жария етті.

Олар:

Гренландияда астероидтың құлауынан пайда болған кратердің табылуы. Кратердің көлемі Вашингтон мен Колумбия округінің аумағына тең. Диаметрі – 31 шақырым. Бұл – планетадағы ең ірі 25 кратердің бірі. Астероидтің Жерге қашан құлағаны белгісіз. Ғалымдардың есебінше, ол не шамамен 11 700 жыл бұрын, не 2,6 миллион жылдан астам уақыт бұрын пайда болған.

50 мың жыл бұрын өмір сүрген әйелдің қаңқа қалдықтарынан ДНҚ-ның анықталуы. Қаңқа 2012 жылы Сібірден табылған. Биыл одан анықталған [ДНҚ](#) үлгісі әйелдің шешесі неандертал, әкесі денистік екенін, яғни архаика адамының жойылып кеткен екі тобы арасында байланыс барын көрсетті. РНҚ молекуласының бастапқы құрылымын анықтаудың жаңа әдісі. Енді бұл процесті жасуша деңгейінде бақылауға болады. Ғалымдардың айтуынша, осы технология келешекте эмбриондардың жекелеген жасушаларының дамуын қадағалауға мүмкіндік бермек.

40 жыл бұрын болған кісі өлтіру қылмыстарының ашылуы. Сәуір айында АҚШ полициясы 70-80-жылдары Калифорнияда бірінен соң бірі болған зорлау және кісі өлтіру қылмыстарын жасады деген күдікпен бір адамның тұтқынға алынғанын хабарлады. Қылмыс орнынан табылған [ДНҚ](#) мәліметін ДНҚ мәліметтерінің жалпы базасына енгізген кезде полиция қылмыскердің қандай туыстары бар екенін білді. Дәл осы әдіспен 20-дан астам іс ашылған.

2018 жылдың ең маңызды ғылыми оқиғаларының қатарына аса жоғары энергиялар нейтриносы көзінің анықталуы, тарихта тұңғыш рет генді “өшіріп” тастай алатын дәрінің мақұлдануы, Жер бетіндегі ең алғашқы жануарлардың бірінің қаңқасының белгілі болуы және басқа жетістіктер еніп отыр.

ХИГГС БОЗОНЫ

Еуропа ядролық зерттеу ұйымының ғылыми орталығында (CERN) Хиггс бозонын (ядроның бөлшегі) зерттеумен айналысатын Джо Инкандела шілде айында орталық мамандарының "ғаламдық материал" тапқанын айтқан. «Бұл өте сирек кездесетін бөлшектерді іздестіруге арналған сынақ болды. Қолымызда әзірге, сынақтың алдын ала нәтижесі ғана. Бірақ ол өте күшті болады деп ойлаймыз. Біз ойлағаннан әлдеқайда қатқыл» деген Инкандела. Әдебиеттерде «Құдайдың бөлшегі» деп кекесінмен аталған Хиггс бозоны - ғаламдағы дене атаулыға салмақ беріп тұрған күш. Оны кейбір ғалымдар «ғаламның кірпішіне» теңейді. Оның табылуы физика тарихындағы ең айтулы оқиғалардың бірі болды. Бұл жаңалық «Біздің ғалам қалай пайда болған?» деген ең күрделі сұраққа жауап табуға жәрдемдесуі мүмкін. Әлем ғалымдары 45 жылдан бері оның бар екенін дәлелдеуге тырысып келеді. Оны анықтауға арналған ең ірі сынақ алаңы - коллайдер-туннель Швейцарияда орналасқан. 10

миллиард долларға салынған сынақ алаңында мамандар протондар шоғырын жарық жылдамдығымен тарқатып, бір-бірімен соғыстыру сияқты тәжірибелер жасап көрді. Хиггс бозоны "күңгірт материяның" болмысын түсіндіруге көмектесетін бөлшек болмай шықса да, бұл жаңалықты өткен ғасырдағы физиканың ұлы жетістіктерінің біріне қосуға болады.

1. Екі мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырыңыз.

1-мәтін

2-мәтін

Екі мәтіннің тақырыбы

Мақсаты

Аудиториясы

Құрылымы

Тілдік ерекшеліктері

2. Мәтін бойынша қажетті лексикалық құрылымдар мен клишелерді қолданып, «Ғаламдағы мәселелер мен мақтаулар қандай?» деген тақырыпқа өз көзқарасыңызды дәлелдеп, эссе жазыңыз.

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>№ тапсырма</i>	<i>Дескриптор Білім алушы</i>	<i>Балл</i>
Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады	1	мәтіндердің тақырыбын анықтайды;	1
		мақсатын салыстырады;	1
		көзделген аудиториясын табады;	1
		мәтіндердің құрылымын айқындайды;	1
		тілдік ерекшеліктерін талдайды;	1
Клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, дискуссивті эссе жазады	2	тақырыпты ашады;	1
		клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданады;	1
		өз көзқарасын білдіреді;	1
		көзқарасына аргументтер келтіреді	1
<i>Барлығы</i>			9

«Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау» бөлімдері бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді басшылыққа ала отырып, көпшілік алдында сөз сөйлеңіз. Ол үшін мәтінді мұқият оқып шығыңыз. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды, тақырыпқа қатысты қажетті сөздер мен тіркестерін мазмұндауда қолданыңыз. Өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелдеңіз.

2. Өз жұбыңызды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Жұбыңыздың мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

1-мәтін

Қазіргі кезде жаһандану мәселесіне ерекше назар аударылуда. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жаһандану үрдісінің жағымды және жағымсыз жақтарын зерделеп, методологиялық және танымдық, аксиологиялық тұрғыдан ой қорытуда. Жаһандану үрдісінің экономикалық, саяси, әлеуметтік, ақпараттық, мәдени астарлары терең зерделенуде. Бұндай қарқынды және жүйелі зерттеулер, әсіресе, ХХІ ғасырда кеңінен етек алып отырғанын атап өткен жөн.

Жаһандану, кейбір ғалымдардың айтуынша, әлемдік сипатта дамып, бүкіл адамзат қоғамында түбегейлі бұрын-сонды болмаған өзгерістер мен жаңғырулар әкелуде. Жаһанданудың басты типтік және сапалық көрсеткіштеріне транстерриториялық сипаттағы экономикалық-шаруашылық, сауда-қаражаттық, мәдени, ақпараттық байланыстармен өзара әрекеттердің интенсивті түрде дамуын, қаржы-экономикалық нарығының пайда болуы мен тауар, капитал, жұмыс күшінің интернационалдық сипат алуын, трансұлттық корпорациялардың пайда болуын жатқызуда.

Сонымен қатар қазіргі қоғамдық даму тенденциясына сай келетін белгілі бір сипаттағы идеологиялық ұстаным, нарықтық экономика, демократиялық сипаттағы әлеуметтік-саяси жүйе, дүниетанымдық плюрализм, конституциялық тұрғыда бекітілген адам құқын қамтамасыз ететін институциялық тетіктер, мемлекетаралық және мемлекеттен жоғары тұратын саяси және құқықтық институттар құруды жаһандану үдірісінің басты көрсеткіштері ретінде қарастыруда.

Жаһанданудың экономикалық, саяси көрсеткіштерімен қатар, мәдени көрсеткіштеріне де ерекше назар аударылуда. Кейбір ғалымдардың пікірінше, жаһанданудың мәдени бөлімі жоғарыда аталған көрсеткіштердің негізгісі және «локомотиві», басқа салаларды анықтаушы күш ретінде танылуда. Ю.М.Лотман бойынша «мәдениет — биосфера тәрізді құрылымның генераторы, осынысымен ол адамдар айналасында әлеуметтік саланы құрайды, өмір сүруге жағдай туғызады, бірақ ол органикалық емес, қоғамдық». Шындап қарасақ, жаһанданудың негізінде белгілі бір сипаттағы құндылықтар, мәдени ұстанымдардың жатқаны белгілі

2-мәтін

Жаһандану ХХІ ғасырда адамзат баласына бұрын-соңды болмаған көп жаңалық пен барлық салада алға ілгерілеу мүмкіндігін сыйлағанымен, жаңа қауіптерден де құралақан қалдырған жоқ. Өткен ғасырда бір-біріне қару кезену арқылы жүрген агрессиялық қарым- қатынастар ақпараттық, технологиялық санкциялардың көмегіне жүгінген соғыстарға ұласты. Әлемдік экономикада еленбей келген елдер ерекше өсім көрсетіп, бәсекелес күштердің жаңа толқыны қалыптасты. Әлемге ашық, көпвекторлы саясат ұстанатын Қазақстан бейбітшілік пен ортақ ымыраға келу туралы бастамаларын ұсына отырып, ұлттық экономикадағы басым бағыттарды анықтау үшін аталған сындарды ескермесе болмайды.

Сондықтан еліміз жаһандық мәселелердің қайсысын қаперіне алып, сыртқы қатынастарында нендей сыннан сүрінбеуі керектігін сарапшыдан сұрап көрдік.

Осы орайда Еуразиялық интеграция институты Әлеуметтік зерттеулер департаментінің басшысы Ботагөз Қабыкенқызының пікірін ұсынуды жөн көрдік.

Қазір «интеграция» сөзі жаңа сипатқа ие бола бастады. Бұрын экономика мен саясат саласындағы күш біріктіру мәселесі алдыңғы қатарда болса, қазір мемлекеттер технология, инфрақұрылым, энергетика, цифрлы даму бағыттарында бірлескен іс-қимылдарға ұмтылыс білдіріп отыр. Экология, миграция, ресурстар тапшылығы сияқты ортақ мәселелермен күреске бірлесе жұмылу тенденциясы да әлем үшін жаңалық емес. Мәселен, «Үлкен Еуразия» идеясы Қытайдың ежелгі Ұлы Жібек жолы бойындағы экономикалық белдеуді қайта жаңғыртып, өркениеттер арасындағы диалог пен келісімге негізделген көпполярлы әлем құру туралы бастамасын толықтыра түседі. 2016 жылдың маусым айында Санкт- Петерборда өткен экономикалық форумда Мемлекет басшысы Н.Назарбаев дезинтеграция мен оқшаулану бірде-бір мәселені шешпейтінін атап өтті. Шын мәнінде, дезинтеграциялық көңіл күйдің артуы геосаяси жағдайдың ушығуына, санкциялар соғысы мен екі жақты қарым- қатынастардың күрделенуіне әкелуі мүмкін.

1-мәтін

Әрбір адам өмірінің сақталуы – оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, мүмкіндіктерінің әлеуетін анықтайтын фактор. Халық денсаулығы жағдайының деңгейі өз кезегінде, елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын да айқындайды. Медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, көрсетілуін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз етуге қызмет ететін бірыңғай дамыған, әлеуметтік бағдарланған жүйесін білдіретін денсаулық сақтау саласы халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып табылады.

Халық денсаулығының қазіргі жағдайына және еліміздің денсаулық сақтау жүйесіне жүргізілген талдау негізінде «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының стратегиялық басым бағыттары және іске асыру тетіктері айқындалды.

Бағдарламаны іске асыруда медициналық қызмет көрсетудің шығыны аз нысандарына өту үшін жағдай жасау, саланың профилактикалық бағыттылығын қамтамасыз ету, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапа деңгейін арттыру арқылы денсаулық сақтау жүйесін қарқынды дамытуға мүмкіндік туады. Сол арқылы мақсатқа қол жеткізуге болады.

Бағдарламаны жүзеге асыру тек қана денсаулық сақтау саласының қызметкерлеріне жүктелген міндет емес, бұл аса маңызды іске барлық тиісті орындар атсалысуы керек. Бағдарлама аясында салауатты өмір салтын қалыптастыру және әлеуметтік аурулар деңгейін төмендету, дұрыс тамақтану, жасөспірімдер мен мектеп оқушыларының денсаулығы, төтенше жағдайлар кезінде шұғыл медициналық құтқару қызметін жолға қою секілді өзге де мәселелер қамтылады. Қазіргі кезде аймақтарда осы бағыттағы жұмыстарға баса назар аударылуда. Әсіресе, соңғы жылдары төтенше жағдайлар кезінде және де басқа да болуы мүмкін адам өлімінің себептері анықталып, болдырмау шаралары жасалуда.

2-мәтін

Еуропа елдерінде халықтың 98 пайызға жуығы сақтандыру компанияларына өмірін сақтандырып қойған. Ал статистикалық мәліметке сүйенсек, Қазақстанда өмірін сақтандырған адамдар саны 2 пайызды ғана құрайды. Бір қызығы, адамның өте сирек кездесетін, әсіресе, иесіне табыс әкелетін қабілетін сақтандыру қалыпты жағдайға айналып барады. Мысалы, спортшылар дене мүшесін, әншілер дауысын деген секілді.

Ал еліміздің қарапайым халқы өз өмірін сақтандырудың тиімділігі туралы біле ме? Өмірді сақтандыру компаниясының негізгі мақсаты – денсаулыққа зақым келген жағдайда оны емдетуге қаржылай көмек беру және сол адам кенет о дүниелік болып кетсе, табысына тәуелді адамдардың өмірін қаржылай қамтамасыз ету. Алайда заң бойынша өмірін сақтандыра алмайтын тұлғалар да бар. «Халық лайф» өмірді сақтандыру компаниясының операторларының сөзіне сенсек, зейнеткерлер, мүгедектер және нашақорлар мен алкагольді ішімдік тұтынатын тұлғалар, психологиялық аурумен ауыратын және бұрын қамауда болған қылмыскерлер өмірлерін сақтандыра алмайтын болып шықты. Олардың үлесі 0,29 пайызды құрайды.

Егер өміріңізді он миллион теңгеге сақтандырсаңыз, жылына жоғарыда айтқан пайызды, нақтырақ, 29 мың теңге төлейсіз. Алайда өміріңізді 10 миллионға сақтандырғаныңызбен, алдағы уақытта оқыс жағдай орын алғанда, ол соманың барлығы төленеді деген сөз емес. Өйткені, компания ең алдымен қандай жағдай болғанын анықтап, өздерінің белгіленген пайызымен бағалай келе, нотариус арқылы түзілген құжатпен отбасыңызға немесе туыстарыңызға сақтандыру сыйақысын төлейтін болады. Еліміздегі сақтандыру компанияларында 18-ден 63 жасқа дейінгі кез келген азамат өмірін 300 миллион теңгеге дейін сақтандыра алады.

Оқылым

Тапсырма

Мәтінді оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

А мәтіні

Жаһандандық байланыстар біздің елге де өз ықпалын тигізуде. Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол – «жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба?» деген сауал. Батыстың мәдениеті ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз батыстан нені алуымыз, нені алмауымыз керек? Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі – дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі – ғылыми–техникалық дамудан келіп шығатын мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Тіпті, ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ал батыстың дүниетанымынан келіп шыққан мәдениет бізге керек емес, себебі батыс дүниетанымы өмірдің қызығын бұрмалап, қоғамымызға түнгі клубтар, нашакорлық т.б. көріністерді енгізуде. Бұл, әсіресе, жас буынның санасын улап жатыр. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Егер жастарымыз осындай жеңіл түсінікке ұрынса, онда мемлекетіміздің болашағы не болмақ? Ұлтымыздың болмысына біткен асқар таудай биік, өмірдің бар асылына бергісіз, сан ғасырлық ғажайып, бірегей мәдениеті бар. Тіл – мәдениеттің құрылымдық элементі, мәдениеттің болу шарты әрі ең жоғары құндылығы. Қазір ғаламдық тіл санатына романдық тілдер тобы, нақтырақ айтсақ, ағылшын тілі сақадай сай дайын тұр. Ендеше, жөргегінде тұңшыққандай күйдегі біздің тіліміз – біздің мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі. Сондықтан тілімізге қамқор болу – мәдени мұрамызды түгендеудің тағы бір жолы. Тіл ұлт болып қалудың соңғы қамалы екені баршаға аян. Сол қамалды сақтап қалу - әрбір қазақтың қасиетті борышы. Біз қатарлы жастардың негізгі мақсаты – ана тілімізде сөйлеу арқылы оның өміршеңдігіне қол жеткізу. Сол арқылы келешекке біртұтас ұлт, рухы биік халық ретінде жол тарту.

Ә мәтіні

«Жаһандану» түсінігі ХХ ғ. аяғы мен ХХІ ғ. басындағы жер шары кеңістігінде өріс алған әлеуметтік өзгерістер мен шынайылықты насихаттаудың өзегі болып табылады. 60-70 жылдары пайда болып, жаһандану идеясы 80-жылдары академиялық мойындауға ие болды, «жаһандану» термині ғылыми айналымда бекітілді.

Осыған орай Н.Е. Покровский өзінің жаһандану құбылысын түсіндіруге әрекет ететін әртүрлі концепцияларының типологиясын ұсынды. ХХ ғ. 90 жылдары жаһандық мәдениет үлгісі кең қолданысқа ие болды. Бұл концепцияның басты тезисі адамзат күйінің жаңа бейнесі мәдениет болуында жатыр. Жаһандық өзгерісті көрсететін өзекті нүкте – әлемдік туризм, мәдени гибридтердің пайда болуы, постмодернистік мәдениет, тәжірибе қайта қалыптастырудың жаңа формасы. Маңызды фактор болып адамның ішкі уәжі, оның жаңа жағдайда өзін-өзі анықтау мәселесі қалыптастырылады. Осы үлгіге сай адамзаттық одақтың әртүрлі деңгейіндегі өзіндік сәйкестендірудің басты

серігі немесе жаһандану нәтижесі болып табылады.

Жаһанданудың негізгі мағынасы «халықаралық бірігу» дегенді білдіреді. Ол үрдіс ретінде де сипатталады. Бұл үрдіс – экономикалық, технологиялық, мәдени-әлеуметтік және саяси күштердің қиысуы. Жаһандану экономикалық, ақпараттық, саяси, экологиялық, мәдени және тағы басқа болуы мүмкін. Мәдени жаһандану дегеніміз мәдени байланыстардың дамуы.

«Жаһандық» сияқты мәдени кеңістікті біріктіретін, жаңа технологиялар мен әдістерді үйрене отырып, шет елдік өнімді қабылдап, идеясына ие болуға деген құштарлық және «әлемдік мәдениетке» қатысу сынды сананың жаңа категорияларының пайда болуы.

1. Мәтіндердің тақырыбы қандай?

- A. Бейбітшілік
- B. Жаһандану
- C. Табиғат
- D. Қауіпсіздік

2. Мәтіндердің мақсатты аудиторияларын салыстырыңыз.

[1]

A мәтінінің мақсатты аудиториясы- _____ Ә мәтінінің мақсатты аудиториясы - _____

[2]

3. Берілген мәтіндердің құрылымы мен тілдік ерекшеліктерін салыстырыңыз.

[2]

4. Мәтіндердегі автордың мақсатын анықтаңыз.

A мәтініндегі автордың мақсаты	Ә мәтініндегі автордың мақсаты

[2]

5. Мәтін бойынша 2 ашық сұрақ құрастырыңыз, 1 сөйлеммен мәтін мазмұнына баға беріңіз.

[3]

Жазылым

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, жазба жұмысын орындаңыз. Жазылым жұмысында тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды

ұтымды қолданып, сөздер мен сөйлемдердің қатесіз жазылуын ескеріңіз.

[10]

Қазіргі кезде жаһанданудың әсерінен салт-дәстүрімізді ұмытып бара жатырмыз деген қауіп жиі айтылып жүр. Сіздің ойыңызша, жаһандану біздің салт-дәстүрлерімізге кері әсерін тигізбес үшін не істеу керек? Салт-дәстүрлерімізді жаһанданудың құрбаны еткізбеудің жолдарын ұсына отырып, сыныптастарыңызға хат жазыңыз. Адам өмірін сақтау – қоғамдағы басты міндеттердің бірі. Адамның өмірін сақтау үшін түрлі сақтандыру қорлары да көптеп құрылуда. Олардың қазіргі уақыттағы жұмыстары адамдарды қаншалықты қанағаттандырып жүр? Осы турасында еліміздегі беделді сақтандыру компаниясының басшысынан интервью алыңыз. Интервью жазу барысында ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолдануды ескеріңіз.

*4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
«Сәулет өнері. Тілдік жүйе және норма» бөлімі*

Тыңдалым және айтылым

Тапсырма

1. Мәтінді оқып шығыңыз. Мәтіндегі ақпараттарға мұқият мән беру арқылы түртіп алып, мазмұндауда қолданыңыз, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеңіз. Өз көзқарасыңызды жан-жақты тұжырымдап, мысалдар арқылы дамытып, дәлелденізі.

2. Өз жұбынды мұқият тыңдауға тырысыңыз. Оның мәтіні бойынша маңызды деп санайтын 2 сұрақ қойыңыз. Оның мәтінінің басты идеясын анықтауға белсенді қатысып, пікіріңізді білдіріңіз.

[10]

1-мәтін

Тамыры тереңде жатқан сәулет өнерінің орта ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерінде де пайда болуы мәдениетіміздің озық үлгісі болып танылды. Орта ғасырда сәулет өнері дамыды. Төрт қабырғалы, өзіне тән ою-өрнектерімен безендірілді. Мысалы, Бабаджа хатун кесенесі («Айша Бибі» кесенесі Тараз қаласы маңында). Көшпенді халық өзіндік сәулет ағымын өмірге әкелген. IX–XIV ғ. ғажайып қала құрылысын жаппай өркендетті. Кезінде шартарапқа әйгілі болған Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн қалалары Жібек жолының бойында бой көтеріп, талай ел саяхатшыларының таңдайын қақтырған. Ірі мәдени орталықтары болған қазақ жері сәулет өнерімен де әлемге белгілі болып отыр. 1994 жылы 6 шілдеде астананы Алматыдан Ақмолаға көшіруге шешім қабылданды. 1997 жылдың 10 желтоқсанынан Ақмола Қазақстанның астанасы. 1998 жылы 6 мамырда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ақмола қаласын Астана деп атауға жарлық шығарды. 1998 жылдың 10 маусымында ресми түрде жаңа

астананың тұсаукесер тойы өтті.

2002 жылы Еуразияның кіндігі - Астананың төрінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясымен Елорданың символына айналған “Астана-Бәйтерек” монументі салынды. Бұл монумент қазақ елі тамырын мәуелі бәйтеректей тереңге жіберген ел екенінің дәлелі іспеттес. Монументтің биіктігі – 105 метр. Мұнда көркем галерея, үлкен аквариум, мейрамхана және 97 метр биіктікте қаланы жоғарыдан тамашалауға болатын обсерватория алаңы бар.

“Хан Шатыры” сауда ойын-сауық орталығы 2010 жылы шілденің 5-жұлдызында ашылды. Президент сарайынан бастау алған Бас қаланың ғажайып ғимараты Астана қаласының жана орталығының кіндігінде орналасқан. “Хан Шатыры” бірегей кешені жобасының авторы - танымал, ағылшын сәулетшісі Норман Фостер. Жобаның ерекшелігі оның ішкі климаты ғимараттағы қазіргі заманғы автоматикалық құралдар арқылы қадағаланатынында болып отыр.

2-мәтін

Сәулет өнерінің дамуына зор үлес қосқан, елдің бірі – Грекия. Көне грек архитектурасының ең күшті дамыған кезі – біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдағы Периклдың билік құрған тұсы. Алдымен Афина қаласының ең биік жеріндегі жартасқа Акрополь салынды. Римнің таңқаларлық құрылыстарының бірі – 80 мың адам сиятын Колизей амфитеатры, онда ордерлер жүйесі қолданылды. Еуропа елдерінде бес түрлі архитектуралық стиль бірінен соң бірі орын алмастырды. Олар: роман стилі, готика, ренессанс, барокко, классицизм. Роман стилінің дамуына Франция көп ықпал етті. Мұның басты ерекшелігі – қабырғалары сом соғылған бітеу, салмақты болып келеді. Терезелері еңсіз, тар, бекініске ұқсайды. Готика стилінің ерекшелігі – құрылыс композициясы жоғары созылып, салмақ көтеретін құрылыс қаңқасы күрделі болып келеді, терезелері сүйір етіп ойылады, күмбезі қиық болып келеді де қырлары бүріледі. Қиық күмбездің арқасында салмақ құрылыс қаңқасына түседі. Сырттағы тіреулер арқылы қабырғаға түсетін салмақ азаяды. Готиканың алғашқы туындысы – Париждегі Нотр-Дам соборы. Бір келгенде 9 мың адам сияды. Әрбір тетігінде готикаға тән ерекшеліктер сақталған. Готиканың гүлденген шағы – XIII ғасыр. 100 жыл бойы салынған Реймс соборы (1212–1311) соның дәлелі. Собордың бір де бір бос жері жоқ, бәріне мүсіндер қойылған. Терезелердегі түрлі-түсті витраждар көздің жауын алады. Ренессанс стилі XV ғасырда Италияда пайда болды, оны ежелгі дәуір өнерінің қайта жаңғыруы деп қарауға болады. Ренессанс дәуірінде архитектураның алатын орны ерекше болды. Бұнда құрылыс тым биіктетілмей, айнала кеңістікке етек жайды.

Оқылым

Тапсырма

Мәтінді оқып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

[10]

Әлемнің жеті кереметі. Ежелгі заманда даңқы жер жарған ғажап

құрылыстар мен мүсіндер осылай аталып келді. Адам баласының ақылы мен қолынан туған осынау тамаша ескерткіштердің, өкінішке қарай, біздің заманымызға тек біреуі ғана жеткен. Ол – пирамидалар, яғни ежелгі Египет патшалары – перғауындардың (фараондардың) тастан қаланған сағаналары (табытханалары). Египеттің астанасы Каирден оңтүстікке қарай қатарласа шөгіп жатқан ақшаңқан және сарғылт таулар көрінеді. Бұл төбесі сүйірленіп келген жасанды таулар, яғни пирамидалар. Ең үлкені Хеопс перғауынның пирамидасы, оның биіктігі 147 м, бұдан 5000 жылдай бұрын салынған. Хефрен пирамидасы бұдан 2 метрдей аласа. Бұл перғауынға таудай мазар жеткіліксіз болып көрінгенде, ол пирамиданы үлкен жартастан қашап жасалған тас мүсінге күзеттіріп қойындар деп жарлық еткен. Оның басы адам бейнесінде, денесі арыстан тұлғалы. Ол Сфинкс деп аталады. Адамдай данышпан, арыстандай айбатты Сфинкс бейнесі жоққа сенгіш ырымшыл жандардың зәресін алған, сондықтан жұрт оны «Үрей атасы» деп кеткен. Әлемнің ендігі бір кереметі – Семирамиданың аспалы бағы, ол ежелгі Шығыстың ең үлкен әрі дәулетті қаласы – Вавилонда болған. Ел аузындағы аңызға қарағанда бұл бақты патшайым Семирамида салдырса керек. Ал шындығында ол біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда II Навуходоносор патшаның жарлығы бойынша салынған. Ол өз сарайын алты қабат үйдің биіктігіндей етіп қолдан көтерілген жасанды алаң үстіне салдырады. Сарай алаңына көтерілетін алты тепкішек айнала кірпіштен өрілген аркалар тізбегімен (аркада) көркемделіп, топырақ төселген әр тепкішекке жайқалған бақ орнатылған. Толып жатқан қауға байлаған орасан зор шығырды күні-түні айналдырып, аспалы баққа Евфрат өзенінен су шығарған.

1. Мәтіннің құрылымын қанша бөлікке бөлуге болады?

- A. 1
- B. 2
- C. 3
- D. 4

[1]

2. Мәтінде Египеттің көшбасшылары қалай аталады? А. египеттіктер
B. патшайым C. перғауындар
D. ырымшыл жандар

[1]

3. Мәтіннің жанрлық ерекшелігін атаңыз.

[2]

4. Мәтіндегі 1 стильдік ерекшелігі мен 2 тілдік ерекшелігін анықтаңыз.

Стильдік 1 ерекшелігі	Тілдік ерекшелігіне 2 мысал
1.	1. 2.

[3]

5. Мәтінге қатысты ой-тұжырымыңызды 3-4 сөйлеммен жазыңыз.

[3]

Жазылым

Төменде берілген екі тақырыптың бірін таңдап, мақала жазыңыз. Жазылым жұмысында ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды пайдаланып, тыныс белгілерді қатесіз қолдануды ескеріңіз.

[10]

1. Қазақстанда әлемнің түрлі архитектуралық стилінде салынған ғимараттар мен үйлерді көруге болады. Осыған орай «Қазіргі уақытта еліміздің сәулет өнері қарқынды дамуда» тақырыбында мақала жазыңыз.

2. «Көне сәулет өнері тарихымыздың жәдігері» тақырыбында мақала жазыңыз.

Балл қою кестесі

Тыңдалым және айтылым

№	Балл	Грамматика мен лексиканы дұрыс қолдануы	Сұрақты түсіну мен толық жауап беру қабілеті
1	9-10	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда мардымсыз қателерді жібереді.	Тақырыпты өте жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабы тез әрі орынды. Талқылау кезінде өз ойын толық жеткізе алады.
2	7-8	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, анда-санда қателер жібереді.	Тақырыпты жақсы түсінеді. Күтпеген сұрақтарға жауабын ойланып, әрі орынды жеткізеді. Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді.

5-6	Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөз саптауы дұрыс, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды.	Тақырыптың негізгі тараптарын түсінеді, бірақ күрделі сұрақтарды талдауда едәуір қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, жауаптарын алдын ала дайындап келгендей көрінеді.
3-4	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті тудырады.	Тақырыпты түсінуде қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тақырыпты ашуды дамыта алмайды. Талқылау кезінде жақсы қолдаусыз өзін көрсете алмайды.
1-2	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі.	Тақырыпты түсінуде қатты қиналады. Күтпеген сұрақтарға жауап беруде қиналады, тіпті жауап бере алмайды. Талқылауға өте аз қатысады.

Оқылым

№	Жауап	Балл
1	В	1
2	С	1
3	Очерк, публицистикалық стильде жазылған	2
4	<i>Ықтимал жауап</i> Көлемі шағын, суреттеу очеркі; Аспалы бақ, «үрей атасы»	3
5	«Әр заманның өз кереметі болады. Бір кездері әлемге танылған бұл сәулет туындылары бүгінде жай ғана туристердің қызықтайтын орны болып қалған. Ештеңе мәңгілік емес» деген сияқты оқушының өз көзқарасын білдіретін жауаптар қабылданады	3
<i>Барлығы</i>		<i>10</i>

Жазылым

№	Балл	Сипаттамасы
1	9-10	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, техникалық

		қателерді жібермейді.
	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.
	3-4	Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен карама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Мазмұны

Кіріспе	3
1 «Қазақ тілі» пәні бойынша (10-11-сыныптарда) жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері	5
2 «Қазақ тілі» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері	22
3 «Қазақ тілі» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар	109
Қорытынды	190
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	191
Қосымша	193

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУ ПӘНІН
(10-11-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Басуға 16.03.2020 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 15